

19052

ЖАКАН
СЫЗДЫКОВ





ЖАКАН СЫЗДЫКОВ

ТАНДАМАЛЫ

өлеңдер
мен
поэмалар

«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ
Алматы — 1978

019052

C94 Сыздықов Жақан.
Таңдамалы. Өлеңдер мен поэмалар. Алматы, «Жазушы»,
1978
472 бет.

Қазақ совет әдебиетінің алғашқы өкілдерінің бірі, белгілі ақын Жақан Сыздықовтың бұл жинағына оның советтік дәүірдің әр кезеңінде жазылған таңдаулы өлеңдері мен поэмалары енгізілді.

Қаз2

С 70403—106
402(07)78 103—78

© «Жазушы», 1978



ДӘҮІРІНЕ ДАБЫЛШЫ БОЛҒАН

Қазақтың байырғы тарлан ақыны Жақан Сыздықовтың есімі сонау жиырмасыншы жылдарда хат таңып, өлең оқи бастаған менимен буындас жас өспірімнің құлағына ерте шалынды. Біздер мектепте Жақан өлеңдерін жаттап естік.

Ескіше Ақмола губерниясында туып ескен Жақанның әлеуметтік сана-сезімі, ақындық әуестігі ертерек оянса керек. Жас Жақан революциядан кейінгі шақтағы ауылдағы партия, совет қызметіне ертерек белсene араласады. Жиырмасыншы жылдардың бас кезінде Жақан Қызылжар қаласында шығатын «Бостандық туы» газетінде қызмет атқарып, өлең, мақалаларын жариялай бастады. Өлеңдерінің идеялық беріктігіне, мақаласының шындықты бүрмалаушыларға қарсы бағытталғанына қарағанда, Жақан Сыздықов өзі аға тұтқан революционер, ардагер ақын Сәкен Сейфуллиннің жолында, кейін Сабит Мұқановпен үндес болғанға үқсайды. Өзінің сол тұста жазған «Сынға мін» атты мақаласында («Бостандық туы», 1923 жылы) Сәкеннің «Асau тұллар» атты өлеңдер жинағын мұқтапы сынаған бір әдебиетшігө қарсы шығып, Сәкен өлеңдерін қызыбыштай қорғайды. Тап сол тұста «Қызыл Қазақстан» журналында Сабит Мұқановтың Сәкенді жақтаған «Сынға син» деген мақаласы жарияланған еді. Мұндағы айтпағым — коммунист Жақан ақын жастайынан әдебиетте ауа жайылуышыларға ымырашылдық жасамай, партиялық-идеялық дұрыс бағытта болған.

Қазақ Совет поэзиясының өркендеу жолына көз жіберсек, Сәкен, Сабит, Бейімбет, Ілияс-сынды тұлғалар алғы сапта тұрады. Сол қатарға іле-шала қосылған дарынды жастар — Асқар, Жақан, Гали, Тайыр болса керек. Біздің поэзиямыздың жиырмасыншы-отызыншы жылдардағы өркендеу бағытында бұл ақындардың келепі шығармалары аса елеулі қызмет атқарды. Бұлардың елгезек, өміршең жырларында — революция дауылының екпіні, ауылдағы тап тартысының ереуілді үндері, даланы жаңғыртқан жаңа құрылыштардың дабылды дүбірі — шежіре тізілгендей айқын сайрап тұрады. Біз, осылардың ізін басқан бір кездегі жас ақындар, сол жыршы ағалардан өмірді, дәүірді қалай жырлауды үйрендік.

Мен Жақан ағай творчествосын әрқашан қадыр тұтып келемін. Жақан — уақыт дабыстарына дәйім шапшаң үн қосқан елгезек, асер-паз ақын.

Жарты ғасырдан астам уақытта, өзінше тұтас дәуірдей ұлан-ғайыр мерзімде советтік заманының мәнді уақығаларын талмай жырлаған бұл тарлан ақынның өлең-жырларында — советтенген ауылдың, таптық майданға түсken ауылдың, қырына трактор келіп, белесіне заводтар орнаған даланың дүбірлі — әуендері еседі, заманымыздығы ұлы уақығалар — испаниядағы азамат соғысының, неміс фашистері-

нің басқыншылығына қарсы Ұлы Отан соғысының отты жалындары елес қағады.

Жақан Сыздықов кезінде дүние жүзіндегі саяси-әлеуметтік құбылыстарға көбірек зер салған ақын. Бұл тарапта Жақан жазған «Түркия түнегінде», «Лақтырылған бебек», «Ел бар сонау алыста», «Маймыл ертегісі» (мұны парсы ақыны Әбілқасым Лахутидан аударған) саяси-әлеуметтік мәнділігімен әлі де капиталистік елдерде, империализмнің сойқандық әрекеттері әлі де өршіп жатқан жерлердегі қаналған, азап шеккен ел жүрттық бишарапалық сиқын сезіну үшін қажетті шығармалар.

Жақанның тарихи ақыздарға негізделген жыр-дастандары да өзінше бірсала тартымды жырлар. Аударма саласындағы еңбегі де аз емес. Грузиннің халық жыры «Арсен», татардың ұлы ақыны Габдолла Тоқайдың таңдамалы өлеңдерін аударуы Жақанның әдебиетке қосқан жақсы үлесі болып табылады. Әсіресе, түрік тектес халықтардың ортақ ақызы жыры «Көрүғелі» дастаның қазақ тілінде жасап шығарғаны — майталман ақынның өте бағалы еңбегі.

Өзінің ұзақ ғұмырын халық мұратына, партия идеясына түгелдей арнаған еңбекші жүрттың бұл тарлан жыршысы жасы ұлғайса да, ұзақ сырқат шырмаса да, өз өмірін, өз жырын көңіліне дәйім медет тұтып еді.

Тудым үйде үңгіріндей суырдың,
Туғаннан-ақ іңгәладым, жыр құдым.
Орман, тоғай, жапан дала құлазып,
Мұны болған әнші көкек, бүлбүлдың...
Болса-дағы түстім ізге жалықпай,
Өз жолымды, өз бетімді анықтай.
Қанат қақтым, бала құстай талпындым,
Кейде биң, кейде төмен шарықтай,
Мен дауылда ауылменен сілкіндім,
Бұғалықты үзіп бірге бұлқындым.
Айбынды ту желбіреді алдымда,
Алқынбадым, алға тарта ұмтылдым!

Жақан ағайдың бұл жан сырына әбден сенеміз. Кеше ғана арамыздан кеткен тарлан ақын халқына, жас оқырмандарға сол өнегелі жырларымен дәйім қадырлы бола бермекші.

Қалижан Бекхожин

ΘΛΕΗΔΕΡ

ТРИБУНАДАН СӨЗ

Сөз берілді!

Сәйлеймін биікте мен.
Қанаттана шырқаймын биікке мен.
Мейрім кең досыма, жүргегім — жаз,
Мінезім бар жауыма илікпеген.

Сөз берілді!

Сейлеуге шарықтап бір,
Кілтін бұрап жүректен құйылып жыр.
Компартия деген сөз көңілге орнап,
Күннен күшті сәулелі құяды нұр.

Нұр төгілген Лениннің тұлғасынан,
Мен Ленин деп жаңғыртып,

құлаш ұрам!

Бір тұтас Коммунистер Армиясы,
Жол көрсеткен әлемге шың басынан.

Фасырларда болмаған бұдан бұрын,
Биіктердің бігі — менің шыңым.

Алуан сала мұхиттың тарауындей
Компартия Советтер Одағының
Мүшесіміз.

Даңқы зор көкке ұласқан,
Қайта жасап өмірді, қадам басқан,—
Коммунизм сәулелті сарайының
Салтанаты көз тартып құшады аспан.

Коммунистер деген сөз қуатты айдын,
Мен әлемнің көгіне қанат жайдым.
Жарқыраған жұлдыздай қатар тізіп,
Төбесінде жайнаймыз Гималайдың.

Айбарлана ұштасқан біздің күштің,
Қайта қырып, жасартқан жердің үстін.
Деген сөз: коммунистер партиясы,
Шыңында жарқырап тұр Эльбрустың.

Коммунистер!— деген сөз — эверстен,—
Биік сөз. Теңдесі жоқ беделі үстем.
Соққанда күркіреген толқынымен
Қара күштер күл болған ерегісken.

Балауса жаңа орман жапырағының,
Тыңдасаныз сылдырын, әсем үнін,
Коммунистер!— деген сөз күй тербейді,—
Таң жазында, желімен кешкіңдер.

Шағалалар шалықтап, бірде төніп,
Теніздердің толқыны өркештеніп,
Коммунистер!— деген сөз бетінде ойнап,
Құттықтайды күмістей інжі сеуіп.

Тулаған көктің толқып кемеріне,
Толықсып келгенінде кемеліне.
Коммунистер!— деген сөз жазылғандай,
Нұрланған ажары айдың бедеріне.

Мұндай жұлдыз туды ма көкте бұрын?
Білді ме жер, көк құшқан әлем шыңын.
Оқимыз біз туының бедерінен:
«Компартия Советтер Одағының!»

Сөз берілді: сейлеуге биікте мен.
Жауынгерлік басымды иіп төмен.
Арымменен ант берем партияға,
Досыма жаз, жауыма илікпеген.

Бір тұтас Компартия тұлғасына,
Аспан астын жаңғыртып құлаш ұра.
Біртіндеп басқышына шығамыз біз
Ең биік Коммунизм шың басына.

Бақыт десек — партия нұрлы күнін,
Тұлға десек — партия бірлігінін,
Туына
дақ түсірмей, өрлейміз біз,
Гүлдеуіне халықтың достығының.

Қанат қағып,
Саяңда батыр өстік,
Сен нұсқаған жолдарды өттік. Кештік.
Сеніменен соғады тыным алмай,
Мәлдір, таза жүргегім коммунистік!

ЖАРҚАЙЫҢ

Айдынды аңғардайын жалтыр мұзың,
Мен оның еледім бе мұзды-сызың.
Қар басқан жарқабақта жалғыз қайың,
Бауырында ойнатқандай үл мен қызың.

Келгендей жар бойынан тартып жарық,
Қайтқанда түнделете ойын соғып.
Қолымды Опа шешем уқалайтын,
«Қалқам-ау, қалыпсың,— деп,—
мұздап, тоңып...»

Айтатын шешем ертек ерінбей-ак,
Домбыққан екі қолдан жерінбей-ак.
Көзіме көрінетін үйдің іші.
Сәндектекен әсем сарай төріндей-ак.

Ііскейтін анам менің маңдайымнан,
Мен, сірә, табам ба енді ондай адам.
Сырларын салушы еді ол сандыққа орап,
Қайтқанда Атбасарға Жарқайыннан.

ЕСІНДЕ МЕ?

Кеше, қазақ, не көрмедің, көріп ең,
Не көрмедің құса болып, өліп ең.
Сымап едің еркін сайран далаңа.
Жауыз патша құрық салды, беріп ең.

Кеше, қазақ, қайғы түсті, шуладың,
Симап едің еркін сайран далаңа.
Ең даланың берекесін шайқалтып,
Есінде ме?... Қамағаны қалаға?..

Кеше, қазақ, қайғы түсті шуладың,
Құні кеше, зарлы мұнмен уладың.
Құндіз құлқі, тұнде үйқы көре алмай,
Есінде ме?.. Бетті жаспен жуғаның.

Кеше, қазақ, не көрмедің, көрдің ғой,
Жауыздардың тепкісінде өлдің ғой.
Болыс пен би, сары ала знак ауылнай,
Не сұраса даяр қылдың, бердің ғой?

Кеше, қазақ, еркің кетті, сабылдың.
Көзің жасты, жүрер жолдан жаңылдың.
Малың талан, құнің қаран жабырқап,
Есінде ме?.. Неге бұлай шабылдың?

Кеше, қазақ, азаматың айдалды.
Дәрменің жоқ, тіл күрмелді, байланды.
Айтсыз құні құрбан шалып, сыйынып,
Есінде ме?.. қан сасытқан майданды.

Кеше, қазақ, қарсы тұрдың, айдалдың,
Асты, кесті, әзірейілі байлардың.
Ең далада мейрімі жоқ пристав,
Аралады, жаралады, байландың.

Кеше, қазақ, не қылып ед жандарал.
Жандаралы, бүйрық жазды жан алар.
Сарыарқаға сары уайым төнгенде,
Ойлап па едің бастан қайғы таралар?!

Кеше, қазақ, жарық көрмей тарығып,
Бой қүйез боп, солғын тартып, жабығып.
Құдер үзіп дүниеден, мал-жаннан,
Арып, ашып, қайғы кернеп, қамығып.

Кеше, қазақ, көрдің түрмис азабын,
Алтын иық, төрелердің мазағын.
Төрт аяғы тастебенде ойнаған,
Есінде ме?.. Қара шаруа, қазағым!

Кеше, қазақ, қара бұлт тұндері,
Тоқтау салып кісендеді жігерді.
Көздің жасы, бетің жуған заманда,
Есінде ме?.. Сол жасынды кім көрді?..

Кім құрғатты сорғалаған жасынды?
Кім жеткізді, шын теңдікке басынды?..
Ұлы Октябрь,—

Бостандыққа жеткізіп,
Қара тұман, тұнық бұлт ашылды.

Ұмыттың ба, кешегі өткен күнінді;
Ұмыттың ба, қан жылаған үнінді,
— Ұмытқан жоқ,
Әлі есінде... Есімде...
Тарих сені бағаламақ бүгінгі.

Бүгін тарих бағалады сол күнді,
Қайғы, қапа, зары-мұқы, мол күнді,
Қазақ елі ұмытқан жоқ, есінде,
Мен де ұмытпай отырмын ғой ол күнді.

ШАЛҚӨДЕ СУРЕТИ

Былқылдақ, сазға біткен қара қиғақ,
Қымыздық, қыз саумалдық, жылан қияқ.
Кеудеде жаның болса ән қосасың,
Шайқалса ақ үкісі басын бұлғап.
Шетінен елік жортып, қабан шауып,
Ақ бекен, тау текесі аттай туласап.
Қызғалдақ, таң қурайы, ерменесі,—
Нақыштап Шалқөдені қойған сырлап.
Пұліштей мың құбылып, жұз түрленіп,
Көрікті алғандай-ақ айдан үрлап.

Отырсаң Шалқөденің аңғарында,
Еріксіз көз түседі жан-жағыңа.
Біресе екпін көңіл жоғары өрлең,
Өзінді үқсатасың қаңбағына.

Дардамбы бетегесін жазып тастап,
Қарлы асу, дөңес-дөңес, қырқас тастақ.
Тіп-тік бол екі тұстан ұштасқанда,
Шыққандай асау озып, ат ойқастап.
Күшті екпін,
екпін күшті.

Тұын алып,—

Күй тартып еңбек көші шықты бастап,
Жазықтың шымыр біткен қыртыс жері¹
Жатады бетегені басқа жастап....
Ақтасты тұзу-қисық екі бөлек,
Тұзуді кесіп түсіп сайға бөлеп.
Қисықтың қою орман қарағайы,
Жарасып әсемдеген нұлы түбек...
Жоғары жүрген сайын қысаң тартып,
Құзданған басы жартас, тастан түлеп.

Айғайтас Шалкөденің төресіндей,
Әмірін айғайменен беретіндей.
Ақкерді, Жайдақ, Кетпен, Дардамбыны,
Оқшия шекесімен көретіндей.
Аспанға ақ сұңқардай самғап барып,
Асаудай осқырынып тебетіндей.
Еркелеп ордаңдаған тау текесі,
Тәжім қып бөктерінде шөгетіндей.
Тентек су Шалкөдені шыр айналып,
Төсінен кәусер бұлақ төгетіндей.
Шалкөде — төсі жайлай.

Бауры құрақ.
Бұлағың жылтылдаған бейне сынап,
Кең бұлақ, Кетпен сұы, Қисық сұы,
Жарыса, етегіңнен шықты шұбап...
Бұлақтың қыз беліндей қысаң жері,
Әсем-ау, тастағандай белді қынап.
Сылдырап, мың бұралып, тоқсан толқып,
Сусынды қандырады мұзды бұлақ.

БАСА КӨРІКТІ!..

Баса көр, ұста,
көрікті!
Шоқ жайнасын желіңнен,
Демікпе, көрік, демікпе,
Гулесін екпін лебіңнен.
Азығың сенің көмірден,
Жемсауың құрыш темірден,
Баса бер, ұста,
көрікті,
Жасарып, жайнап өмірмен!
Баса бер, ұста!

Тез, самға!

Желдете лепті көрікті,
Софылып төске сом балға
Сом темір шоққа еріпті.
Өмірің жайнап көрікті,
Ерікті саған беріпті,
Гулесін екпін лебіңнен
Баса көр, ұста, көрікті!
Сақина,


жүзік

жез пышақ,
Бұл күнде сенен қаламас
Заманы өткен...

Тым ұсақ,
Кәдеге жүзік жарамас.
Суарылсын сом темір,
Соқсын екпін лебіңнен,
Азығың — от, шоқ көмір,
Гүйледеп қайрат желіңнен.
Софылсын балға,

соқ төсті,

Жырлайың бірге сенімен!



019052

БІР АУЫЛНАЙДЫҢ БАЯНДАМАСЫ

Мөріміз қалтада болды,
Аузымыз марқада болды.
Өздеріңе белгілі
Кеңсеміз Жаңқада болды.

Қағаздар дорбада болды,
Он-он бес жолдама болды.
Қолымыздан келгені
Әйтеуір, сол ғана болды.

Откен жаз, топалаң болды,
Шабынды Қопадан болды.
Білдіруге қол тимей,
Апалаң-топалаң болды.

Жұз малға қуәлік берілді,
Шабындық, егістік бөлінді.
Қол қойылып,
мәр басып,
«Сенеміз осыған...» делінді.

Он бестей ауыл қарайды,
Бәрі де бізден тараиды.
Халықта ренжіген жоқпыз,
Әйтеуір, «үлкенге» санайды.

Хатшымыз Қабай болды,
Шабарман Жабай болды.
Шарт қағаз жасаған
Бес-алты-ақ малай болды.
Шөп шықты,
жауын болды.

Бұ да бір тәуір болды.
Азырақ үй құлап,
Күздігүні дауыл болды.

Бәрін де жеткіздік,
Доклад еткіздік.
Бес жұз екі номердек
Кінегеден өткіздік.

Он-он бір қаулы да болды,
Қойғыздық қаулыға қолды.
Атекен мен Құтекен,
Азырақ даулы да болды.

Былтыр судья келді,
Хатшымыз қасына ерді.
Атекендең Балташтың
Еңбекақысын алып берді.

Фельдшер Миколай кепті,
Лауына екі сары ат жекті.
Екі әйелдің ішін қарап,
Он балаға шешек екті.

Сайлау да жақын қалды,
Мезгілі жақынадады.
Бір-екі жыл ауылнай болдық.
Кім біледі?..

ЖАҚЫН ҚАЛДЫ...

Парадан адал жүрдім
Байға қырын, жаман жүрдім.
Жалғыз-ақ Көшен отағасының
Кер атының майын міндім.

БИ-АҒАМА

(Б. Ж. Майлингे)

Көрейін деп күнде барып тұрамын,
«Дәл өзімнің меншікті бір тұрағым.
Әдет болып маған да бір қалар ма,
Сол қолыңмен қара шашты бұрауын...

Бәрінен де сұлу екен қаламың,
Қаламыңның мол сырына қанамын.
Менен көрме, ардақты аға, Би аға,
Бір барғанда «ұрланады» таяғың.

Еркелетіп, басындырған өзіңіз,
Ия!

Солай!..

Еркелейтін кезіміз.
Жүргегімнен орын алған ұялап,—
Ақылыңыз, тәрбиеніз, сөзіңіз...
Кішіпейіл.

Жомарт қолды ағамыз,
Қыс өтпестей, қадірменді арамыз,
Себебі не?

Ақылды аға!

Неге олай?—
Қалай болсын, сізді іздел табамыз?

Жазылышты қағаздарың, будақтап,
Әңгіме де, өлеңдер де шумақтап.
Күнде естімін, қуанамын, нансаңыз
Жалғыз мен бе?

Құллі жұртың түр мақтап!

Тұлға біткен сабырлықтың кеніндей,
Атағың бар Алатаудың өріндей.

Қырды басып сырға ұласып, сырласып,
Сөз дарқаны — Көкшетаудың көліндей.

Мақтануға әсте аяқ баспайтын,
Мінезің бар не абыржып, таспайтын.
Дарыныңды суреттемей тұра алман
Сөздің кілтін бұрап-бұрап тастайын.

Шын жүректен қуанатын үлгі алса,
Серпілетін, мадақтайтын жүлде алса.
Аршалы мен өзеніндегі Әйеттің
Толкитұғын тәтті жырлар толғанса...

Қызғануды, қысылууды білмейтін,
Көлдененді құлағына ілмейтін.
Кесаптың жүрт алдына әйгілеп,
«Ыбырайды... сұмырайды...» түйретін.

Кең алқаптың айдынындағ бейілің,
Мәуелеген мейіздейін мейірің.
Жаны құрдас қатардағы құрбыға,
Көргенім жоқ Би ағаңың қеюін

«Мақтадың» деп үрса көрме інінді,
Абайсызда айтып қалдым шынымды.
Дәл өзінде аға туса арман не?
Кешіріңіз!

Оқыңыз да жырымды.

Еркелетіп, мәпелеген өзіңіз.
Інілікпен еркелейтін кезіміз.
Оралымды ой, өрнек тілдің ұстасы,
Тағы кешір!
Ағат болса сөзіміз.

ШҮҮ, ҚАРАГЕР, ЖАНУАР!

Бораған от көк түтін,
Ажал аран ашқанда...
Жалынды леп, ызбары үн,
От лауылдап, шашқанда.
— Шүү, қарагер, шүү,— деді,
Қарагер қыза, гуледі.

— Көктен төніп қара құс,
Жарылғанда миналар,
Қарагерім, құстай ұш
Кезің бір келді сыналар.
— Шүү, қарагер, шүү — деді,
Қарагер қызды, гуледі.

Қыйқылжыды құландаі,
Пәрменімен қаракер.
Желден жүйрік бұландаі,
Сауырынан ақты тер.
— Шүү, қарагер, шүү — деді,
Шапқан сайын гуледі.

Екіленіп қызғанда,
Тұяғы жерге тимеді
Оргып жардан, сыздан да,
Саз балышқтай иледі
— Шүү, қарагер, шүү,— деді,
Қызды жануар, гуледі.

Құлте құйрық, тоқпақ жал,
Ауыздығын шайнады.
Қызғаннан соң жануар
Шырақтай көзі жайнады.

— Шүү, қарагер, шүү,— деді,
Қаракер қыза, гуледі.
Ор қояндай бұкшиіп,
Ағындағы қарагер.
Қамыс құлақ тікшиіп,
Кебік атты қызу тер.
— Шүү, қарагер, шүү,— деді,
Қаракер қыза, гуледі.

Қарагермен гуледі,
Ер жауынгер Сәулебай,
— Шүү, жануар, шүү,— деді
Ерге жолдас аты сай.
— Шүү, жануар, қарагер,
Бәйге алдында қыза бер!

Сайды өрлей, құлдырап,
Асып кетті белесті өр.
Сағымдай бол бұлдырап,
Бұлақ қақты қарагер.
— Шүү, жануар, жан атым,
Шүү, қарагер, қанатым.

ІНІМ ЕДІҢ

Ия, сен көңіл ашар інім едің,
Тынысым, таймас тағам, тыным едің.
Сусағанда шөлімді қандыратын,
Кей кезде қанаттанар жырым едің.

Көрмегелі көп болды дидарыңды,
Бұлдай көрме, қызғаншак, жиғаныңды.
Елемеймін, сірә дә, айта көрме,
Мен үшін өз «жаныңды қиғаныңды».

Қоңырайып, кей кезде, салқындайсың,
Көлгірсисің, біресе жарқылдайсың.
Төрт жылда төбенді бір көре алмаймын,
Кез боп қалсақ аңқаусып, аңқылдайсың.

Таймас тағам, тынысым, тыным едің,
Осындай бір жұмбақ інім едің.
Әссалау мағалайкүм!

Амандық па!
Айналайын, әйтепеүір, тірі ме едің?..

ЖЕТІ ШАТЫР

Тұп-тұйық,
 ымырт мезгіл,
 Ертіс көлбеп,
 Ақ көбік жылжып қана жарға өрлеп.
 Ирендең сұр жыланша суман қағып,
 Жүгіріп баяу ғана шалқып, тербел.

Күйініп, мұңға батып алтын Алтай,
 Қабағын қарыс түйіп салқын Алтай,
 Толғанып, тоқсан толқып, томырайып,
 Түйгендей ішке сырын, даңқын Алтай.

Шыңында Шыңғыстаудың бүркіт ұшып,
 Оранып шымылдығын, бұлтын құшып,
 Ұзғарлы ақ көрпесін сілке тастап,
 Көк тайғақ, мұз бөленіп, қырау құсып.

Тәекаппар Тарбағатай тарғылданып,
 Соққан жел саласынан әнге салып,
 Жартасы бейне нардай тізе шөгіп,
 Сырымды біл дегендей маңызданып.

Таулардың арасында Арқадағы
 Атақты бір сұлуы Қарқаралы,
 Қаншама тәекаппарсып керілсе де,
 Жүректен бір қайғысы тарқамады.

Тұнжырап ақ кебінін қардан киіп,
 Елеуреп, бәктерінде орғып киік,
 Асқар тау бүйра жалды өркештеніп,
 Сырласып биік шыңды бұлт сүйіп.

Әлдекім сырын оның білмеді ме?
 Әлдекім аяқ басып жүрмеді ме?

Күрсініп, ішін тартып ыза шегіп,
Сағадан жел соқтырып гуледі ме?

Баянның қоңырлатып соққан желі,
Аңызақ, сардаланың салқын лебі,
Тау мұлгіп, тасы қалғып, сұзы жылжып,
Құлаққа бір тарихты күбірледі:

Ертеде ерке Ертістің жағасында,
Қысаң бел, қилюланған сағасында,
Жатыпты жеті аушы шатыр тігіп,
Ертістің шалқып аққан саласында.

Жеті аушы ен Ертіске салып қармақ,
Кім білсін, қонды ма әлде сусын талғап?
Керіліп кербезденген көлдің құсы,
Шалықтап ұшты ма екен көкке самғап?

Жеті аушы жеті шатыр құрып алып,
Ертіске жатыпты ғой қармақ салып,
Жеті аушы,

жеті шатыр —

Семипалат —

деген сөз,

Болған тарих, қалған анық.

Болғалы Семипалат жылдар өткен,
Талай тау қайғыланып нардай шөккен,
Зарлаған аясында әлдекімдер,
Шын жүрек махаббатты күткен көктен.

Шалықтап шың басында талай бүркіт,
Таба алмай қонар жерін кеткен үркіп,
Алтайың, Тарбағатай, Шыңғысыңың
Басынан жылап қана жаңбыр бүркіп.

Керілген кербез сұлу Қарқаралы,
Өксігі сұлу таудың тарқамады.
Баянның қоңыр желі күбірлетіп,
Қайдағы қайғыны айтып Арқадағы.

Жыл өтті, жыл артынан жылдар қуып,
Күн балқып шапақ атты таңы түып,
Шалықтап бүркіт ұшып,
шагала ойнап,
Сырылды үрке қашып ызғар, сүйк.

Алтайдың алтын тегіп көмірінен,
Мақтанып Тарбағатай бедерімен,
Жұпардай жібек желді бүрке тастап
Шыңғыстың асып түсті беделінен.

Ертістен бүйра жалды толқын қалқып,—
Есіліп, жарыса ойнап, тасып, шалқып.
Шомылып алтын шабақ асыр салып,
Атқанда күні шалқып, айы балқып.

Шалықтап шыңға бүркіт қақты қанат,
Шаттыққа бөленген жұрт, зор салтанат.
Ертеде жеті шатыр желбендеңесе,
Қазірде Социалистік Семипалат!

ӨМІР ТОЙЫ

Жаңғыртқан коммунизм ормандарын,
Естімін таң алдында бұлбұл әнін.
Ізі жоқ қайғы менен қасіреттің,
Құлпырып жасарады, менің жаңым.

Орнатып мұнарасын ғажайыптың,
Саялап, тыныс алар халайықтың
Жайқалған, жадыраған жазирасты
Кең өріс, шалқар дәүлет ғажайып тың.

Немерем сонда менің тұрса күліп,
Шеберем — талпынғанда қол ұсынып,
Бақыттан кеудесіне нұр ұялап,
Тотыдай жүз түрленіп, мың құлпырып.

Жетіліп, қанаттанып, бір ұядан
Ұшқанда қатар тізіп шың-қиядан,
Адамның иғілігі, адам үшін
Болады бәріне ие, бәріне адам...

Шаттықтан қуанамын, билеп бойым,
Программа алдымда: толғап ойым,
Жиырма жыл — жақын қалды, жақындады,
Көремін коммунизмнің өмір тойын.

АЛАТАУДЫҢ БАУЫРЫ

Мөлдір шыққа бөленіп,
Жетісудың сауыры;
Қойнауынан су жылжып,
Алатаудың бауыры.

Бесігінде найқалып
Күн шыққанда ұядан,
Раушан гүлдер жайқалып,
Бас иеді қиядан.

Әнші құстар сұңқылдалап,
Тау тағысы секірген,
Балқурайы теңселіп,
Ақ миясы жетілген.

Сауық-сайран, тамаша
Саяқтап жүргенің.
Шыңнан қыран сорғалап,
Тау текені ілгені.

Тау басында аршаның
Жұпар іісі аңқыған.
Ақ бас бура шыңдарын
Бұлт бүркеп, шарпыған.

Көрсөң сонда бір қызық
Алатаудың бауыры.
Таң сәріден бөленген,
Мөлдір шыққан сауыры.

КОЛХОЗ КҮНІ

Аспаннан нұр құйылып,
Жерге пүліш жапқандай.
Күміс бұлақ секіріп,
Жарысып сыйдыр қаққандай.
Көк көбігі лепіріп
Толқынданып аққандай,
Әсем біткен бүйра тал
Сәнді маржан таққандай.
Күн күлімдеп,
гүл жайнап,
Шаттық күйге батқандай.

Қошақандар секіріп,
Ойнақ салды, далада;
Көбелек ұшып,
бал теріп,
Ызыңдаған ара да
Торғай ұшып құттықтап,
Ән шырқады салада.
Құйқылжытып күйге сап,
Сай салада, далада,
Торсық шеке,
тас түлек
Масаттанған бала да.

Гүл, байшешек бөленген,
Масатыдай белес бел.
Кеудені ашып хош иіс
Сүйеді беттен жібек жел.
Жері — байлық,
белі — кең,
Ажары артық ардақты ел,
Мұлгіген құз, шың, қия,

Жаңғырыққа тау мен өр,
Масайрап жұртым жаңарып,
Қалған емес іште шер.

Жетпістегі бақташы,
Сөйледі бастан өткенін,
Нелер ауыр қасірет,
Не мұндарды шеккенін.
Тартыс пенен алыстан
Бүл тұрмысқа жеткенін.
Сағанақтан сәуле еніп,
Жадыраған көктемін.
Бір топ жастар тыңдайды
Қарт әңгіме шерткенін.

Шырқап әнді, салды қүй,
Біреулері малды айдал,
Балағын түріп балалар
Жаз дем алып, сайрандал,
Құрт, ірімшік, сұт, айран,
Мұрын жарып, май қайнап.
Әне, қойды қайырды.
Сабыр басып, «шәй-шәйлап».
Күбісінде ферманың
Кіршігі жоқ бал қаймақ.

Өзекті қаудан, жиектен,
Салды шалғы желдіріп,
Ерлік күштің білегі
Ен еңбекті өндіріп,
Ен даланы жүгендереп
Екпініне көндіріп.
Құрметтеді, мақтады,
Ердің ісін ел біліп.
Балқығандай әсерге,

Күн тамылжып, тау мұлгіп.
Шалқығандай нөсерге
Жаңғырығып, бас шұлғып,
Нұлы мұнар орманда
Толқын сырғып, су жылжып;
Сылдыр қаққан, сәнденген.
«Сыбдыр емес, тым жым-жырт...»

Әдемі өсем бақшада
Қызыл шашақ атты гүл.
Күн сәүлесі құшақтап,
Гүл жайнайды, септі нұр.
Қуанышпен тербеліп,
Шырқады әнді,
салды жыр.

КАВКАЗ

Биік шың, көкті сүйіп тұрған Кавказ,
Шешен тіл, ақындар жыр қылған Кавказ.
Тұлғалы ер, қарақат көз арулар да
Таңданып саған мойнын бұрған Кавказ.

Телегей терең теңіз салып ойнақ,
Бетінде күмістей боп кірпігі ойнап.
Бұйра жал таудың арғы бәктерінде
Сән бітіп, сансыз ағаш шыққан бойлап.

Сұлудай өсем қаққан қарағайы,
Жұпардай исін шашып тау маңайы.
Тау қалғып,
жел тамылжып,
шың ұзарып,
Нұр бөлеп қызыл шарқат күн арайы.

Тау Кавказ қанат жайып жер-жиһанға,
Күлдіреп, тыныс беріп барлық жанға.
Тұманын тау басынан серпе тастап,
Сырласып биік құзы алтын таңға.

Соза алмас ешбір жау да құлашын да,
(Тау Кавказ мәңгі-бақи тұрасың да).
Тауда ұшып, жел сыйдырған қанатымен,
Қырағы қыран бұркіт шың басында...

КАЗБЕК

Дариға, мен Кавказдың қыраны емен,
Сорғалап шүйілер ем көктен төмен.

Сүйемін, көкті құшқан Кавказ тауын,
Бұрқанған ағыны асau толқындарын.

Айбатты, тұрды Кавказ маған қарал,
Сездіріп даңқты өткен ғасыр санап...

Қосылған талай жырға асau Кавказ,
Казбек қолын артып қылады наз.

Аспаннан ұшқыр қыран шүйілгенде
Жырлаймын Кавказымның күйін мен де...

Бір шолып көкті сүйген Казбек шыңын,
Арнайды, Кавказ, саған ақын жырын!

ЕДІЛ БОЙЛАП

Күміс көбік Ақ Еділ,
Суынды сенің ішейін.
Құлаштап сермей қолымды,
Ескек қылып есейін.
Шомылайын,
жүзейін,
Дарияңды кешейін.

Өткенің де қамығып,
Мұңға батқан Еділ ең.
Жылжып қана жабығып,
Жылап аққан Еділ ең.
Тәтті кеусер суынды,
Айтшы, кімге беріп ең?..
Сырласуға сенімен
Келдім міне бүгін мен.

Сүйетін ем бұрыннан,
Еділдейін анамды.
Сол ананы көргенде,
Жүрек балқып ой өрлеп,
Бойға шаттық таралды.
Еділім — анам! Жырладым,
Тыңда! Ақын балаңды,
Құшағында Казанды,
Жырлайын сендей анамды.
Шаттық күйге бөлеген,

Шалқыған асыл ананың.
Сүйдіріп жібек желіне,
Сырластым да қарадым.
Бүгін, міне, нұрланған,
Еділім сенің алабың

Бұйра толқын, сұың бал,
Қою қалың орманың.
Көрдім міне Еділдің,
Нұр сәулеге толғанын.
Елінде шаттық,
қырында,
Алтын астық орғанын.
Қүйіне мен де қосылып,
Жырымды, міне, толғадым.

Самалыңда салқындал,
Бал сұыңды ішермін.
Еділ бойлап...
Ән салып,
Ескегімді есермін!

ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТИ

Сағынғандай қарай бердім,
Зәулім үйге жалтаң қағып.
Жанға жайлы самал желдің
Лебіменен қанаттанып.

Баяу ағып Қабанкөл де,
Меніменен қатарласып.
Жылжып қана шапшып өрге,
Тілдескендей сырын ашып.

Қабанкөлдің жағасында,
Зәулім үй тұр көкті құшып.
Кейде төніп мөлдір суға,
Көк көгершін ойнап, ұшып.

Көргенше үйді асығамын,
Медетіндей жүрегімнің,
Келетіндей құлаққа үн
Өресіндей тілегімнің.

Соқты жүрек жиірек тым,
Кірдім үйге
араладым.
Көз жіберіп,
қабырғасын,—
Коридорын,
байтақ залын.

Үцілгендей кітабына,
Отыр ма деп сол данышпан.
Қиял кезіп жер шарына
Мұхиттай ой аспан құшқан...

Осы үйде оның даусы,
Саңқылдады бойлап залды.
Келешекке болып жаршы,
Қарсы алмаққа нұрлы таңды.

Марксизм шыңына өрлең,
Осы үйден қанат қаққан.
Ойын толғап,
құлаш сермен,
Шалғын қанат дабылдатқан.

Басқан ізі қалды ма?— деп,
Қараймын, мен жүріп залда.
Әлде белгі салды ма?— деп,
Қабырғаға,
яки залға?...

Табы түсіп қалды ма екен?—
Бармағының,
партасына.
Нұрлы көзін салды ма екен,
Ілулі анау...
Картасына?—

Дегендей боп шықтым үйден,
Ойға түстім түпсіз терең.
Жүргегімнің түкпірінен
Тілдескендей
Володямен.

Ей, Россия!
Бақыттысың.
Қабанкөлі шалқы, нұрлан.
Ұшырдың сен бақыт құсын
Жаратылған асыл нұрдан.

Салтанатты үй,
көрдім сені
Араладым кең залыңды.
Сәуле тәкті сенде Ленин,
Сенен шырақ нұр жағылды.

Күн жаз еді.
Балқыды ай,
Қарай бердім жалтаң қағып,
Нұрлы Ленин отырғандай
Осы үйде қанаттанып!

МАЯКОВСКИЙ КЕЛЕДІ

Маяковский сөйлеп тұр,
Москваның төрінен.
Ауаны билеп тасқын жыр
Тыңдатты бізді лебімен.

Маяковский сөйлейді,
Шахтада, шыңда, құрлыста.
Асқақтап үні — өрлейді,
Өмірде, еңбек, тұрмыста.

Жалынды талант ақынның
Естіліп даусы бар елде,
Қиядан шалып дабылды үн,
Болғандай жаршы әлемге.

— Тыңда менің даусымды
Россияның төрінен.—
Дегендей, ақын бұл күні,
Москваның көгінен.

Тыңдалық жырын, жолдастар!
Келешек күннің таңы үшін.
Махаббат, ерлік, намыс, ар,
Мызғымас елдің заңы үшін.

Тыңда, ұрпақ, кел жастар!
Москваға қараңдар.
Аршындай басып,
із тастар,
«Маяковский алаң» бар.

Ақын сүйген сол алаң
Москваның төрі еді.

Дос,
азамат,
ұлы адам —
Маяковский келеді.

Ол — келеді...
Ол — тірі,
Өне ақын сөйлеп тұр.
Жауынгер жыры — ел үні,
Кел, жолдастар, сапқа тұр.

Жол берелік,
алға тарт.
Маяковский келеді.
Шыңдалып өскен зор талант,
Россияның бәбегі.

ШЫРҚАЙ ТҮС, ШҮРҚЫРАЙ ТҮС АЛАБЫМНАН...

Ахай, Борық!
Ахай, Борық!
Мен жатамын саяда
Малды қорып.

(Малшы өлеңінен)

Мал бақтым. Малмен өстім. Жамырадым.
Естідім қозы-лақтың маңырауын.
Желкілдеп, мал өріске жайылмаса
Алаңдап, ой бөлініп, сағынамын.

Іінге іле салып құрығымды,
Науалап, шығырлаттым құдығымды...
Жылытып жануардың жалын-буы,
Қақаған елемедім сұрығынды.

Жапырып, баса киіп тымағымды
Жаппадан жасап алып тұрағымды.
Үйірін қысырақтың бөліп алып,
Ақсиып талай бөрі тұра қуды.

Мен, сонда, беріп пе едім бір құлышын,
Мақтанар еңбегіме туды күнім.
Сүйемін дала таңын арайлаған,
Даланың өзім ерке бұлбұлымын.

Шілденің күн шыжытқан ақызында,
Саршаның сары белес тамызында.
Сыр беріп, сұрым қашып, шөлдедім бе,
Леккенде күннің шеті «Сары ұзынға...»

Тізеден қаптап киіп саптаманы,
Ыңғайлы елтірі тон қаптамалы.
Бақташы — бағы заман мұрасымен,
Біреулер «мал бақтым» деп мақтанады?!

Мал — маған иірілген, қайырылған.
Қайтқанда үйір-үйір жайылымнан,
«Мал-жаның аман ба?» деп сұрастырдым
Өзімнің өзегімдей зайдыбынан...

Мал — маған ақ үлпадай жұнін берген,
Борқылдақ, малма тері, іін берген.
Пысқырып, басын шұлғып, шұбай тартып
Шыбынданап, шалғын үзіп, үйірленген.

Елімнің — мал ырысы, малдың құты,
Жерімнің — мал дәулеті, малдың сүті.
Бектерін Қекше, Алатау ендеп кеткен,
Деген сөз, қалды адыра — «Малдың жұты»...

Шудасын Ойсылқара желкілдетіп,
Шұрқырап Қамбар ата келдің жетіп.
Естідім Шопан ата ертегісін,
Жүреді Зеңгі бабам — келіп-кетіп...

Ертеден мал бағыппын. Мал қуыппын.
Малыма сай келетін сән қуыппын.
Толғанда алты жасқа аттай мініп,
Ұстаппын сыйасынан тал құрықтың.

Қысымның тебіндісі, қар асуы,
Жазымда жайлау толып жарасуы.
Күзімде, құзегімде құс керуендереп,
Оқтаудай ақтанкердің таң асуы.

Көз ілмей талай таңды атырамын,
Төскейде ііндеңсіп жатыр малым.
«Атты алып,
жаяу шалып кетпесін», — деп,
Ойлаймын ойда жатып, малдың қамын.

Қақпалап, қайырамын қорығымнан,
Құба жон, қорысты өзек, борығымнан.
Алшаңдап, тымағымды жымырамын,
Қайтқандай қалың дулы жорығымнан.

Дегенге:

«Ахай, Борық!

Ахай, Борық!

Жатамын, мен саяда малды қорып...»
Аңдыма, жар астынан түлкі, бөрі,
Малымды ала алмайсың, текке торып.

Күшіген, қарабайыр, құзғын, қарға,
Дәме етіп, «Өлекседен» сен де айналма.
Сойдиған сала алмайсың тұяғынды,
Күзет сақ.

Малшы мықты бүгін таңда.

Мал десем өнбойымды билейді екпін,
Өмірге арқау етіп, малды жектім.
Топ жазбай алқақотан үйірілді,
Дауысы шырқалғандай Манаrbектің.

ҰМЫТЫЛМАЙТЫН ТҰЛҒА

Еділдің арқыраған толқынындай,
Жайықтың кейде тулас толқуындай.
Тебініп ақ боз атын терге малып,
Жапырып, жаудың қанын кешті судай.

Қылышы суырыла қынабынан,
Ақбоз ат от ұшқындан тұяғынан.
Қорынған қорқауларды қалтыратада,
Іркілмей желге қарсы ұшты қыран.

Аспаннан самғай қағып шүйілгенде,
Кілегей бұлтты жара түйілгенде.
Сүйінді ел батырының айбатына,
Жау тобын бір қауызға үйіргенде.

Тұрса да қарсы алдында жалын шашып,
От пен оқ, оқ пен допқа араласып.
Талқандап тас қамалды көкке ұшырған,
Самсаған қалың жаудан қайраты асып.

Жырланды ол ақындардың үнінде де,
Ананың аңыз болды тілінде де.
Бейнесі бедерленді кестеленіп,
Кілемнің әшекейлі түрінде де...

Үрпағың атағынды кетті жайып,
Үлгі алған батырлар бар таңғажайып.
Тұлғаң тұр ел төрінің тұғырында,
Мәңгігө ұмытылмас ер Чапаев!

ДОЛОРЕС

От қайрат, жалындаған өткір тілді,
Тұманның серпілтуге қара тұнді.
Алмастай жарқылдаған қайтпас жігер,
Дабылдап, қарсы тұрып шырқады үнді.

«Жеңеміз!

Жауыздықты қарсы тұрып,
Иілу дұрыс емес, тізе бүгіп.
Жігерлі, қайсар қайрат қамал бұзып,
Жарық таң атқызамыз, таңды түріп...»—

Деп салды, ерлікпенен күшті ұранын,
Аттанды. Алды қолға ту, құралын.
Жеңуге, құлатуға, өшіруге,
Фашистың ұлы тұнек, тұман таңын.

Долорес — ер келбетті жарқылдаған.
Долорес — өткір алмас жалтылдаған.
Өр қайрат, құлаш жігер, жалынды ұшқыр,
Қамалға қарсы тұрып тартынбаған.

Бел байлап шын күреске, ұлы жолға,
Қарысып, қарсы тұрып, қамал, торға.
Ер жүрек, батыр тұлға Долорестің,
Дауылпаз, жеңілмейтін туы қолда.

ЖҰЛДЫЗДЫ МОСКВА

Сарайлар болған әлемде
Шаһарлар алуан салынған.
Жұлдыздар жанып өзінше
Шырақтар талай жағылған;

Бәрінен де солардың
Москва артық жарапған.
Айбыны асқар қамалдың
Іргесі берік қаланған.

Москваны мен сүйсем,
Жанындау сүйген елім де.
Москва — мені бөлеген
Жаңадары рақат өмірге.

Москваны күн сүйіп,
Жұлдыздан шоғын қадаған,
Әлемге бақыт жолдары
Москвадан тараған.

Соғады күйлі сағаты,
Айтылып совет ұраны.
Кремль қадап жұлдызын
Жағыла нұрдың шырағы;
Өмірдің асқар шыңында,
Жұлдыздың балқып нұрында,
Москва жайнап тұрады.

ТУҒАН КҮН

— Папа!

Тұған күнім ғой,
Қуанамын мен бүгін.

— Білем, жаным, есімде
Ойна қалқам,

құлышым!
Тасыған соң бұлақтай,
Еділім,— деп атағам.

— Уа, солай ма?

— Ие, жаным.

— Қуанамын, папажан!

— Талдан иіп бесікті,
Аяллтым, тербеттім.
Өтіп кетті он бір жыл,
Енді міне,

ережеттің!
«Тұған күннің» атымен,—
Еділім, айтар сөзім бар;
«Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқып қал!»

— Папа,
саған серт етем,
Жақсы оқуға биыл да,
Ықыласпен оқыса,
Озат болу қыын ба?..
Қай уақытта болса да,
Сені ұятқа қалдырман.
Жігіт болып жеткенде
Топтан торай шалдырман.
«Тұған күннің» атымен.
Папа!

Саған серт етем.
Советтік ел баласы

Атағымен ержетем!—
Дегенінде папасы
Маңдайдан сүйіп Еділін:
— Ержет, ұлым, жігіт бол,
Жайна, қалқам Еділім!
Сен есейіп, ержетсен,
Мен бұлақтай тасармын.
Жайнаған жаз күніңің
Аясында жасармын.
«Туған күнге» тартуым
Қомсынбай ал, Еділжан!
Бала мен әке сүйісті
Мейірлене, тасты қан.

Еділ гүлге оранып,
Туған күнін тойлады.
Достарымен серікtes,
Ән шырқады, ойнады.
Кешкі салқын самалда
Бақшада құс ән сайрап.
Қарт әже де сыйлады
Май, бауырсақ,
бал қаймақ.

— Папа!
Туған күніме
Қуанамын мен бүгін
— Қуан, қалқам Еділім,
Қуан, ұлым, құлныым!

ПУШКИН ЖАСАЙДЫ

Тәңірі, мұза,
Таңғы аврора,
жебрейілді жендің сен.

Өрелі өмір,
Сүр тұрмыстың
«Евгений» бердің сен.

Асыл қазына
гауһарыңның
інжісінен тердің сен.

Қара өмірге
қарғыс айттып,
алыстың да, өлдің сен...

Өлген жоқсың,
Атың мәңгі,
тек, денеңді көмдің, сен!

ГҮЛ ҚАДАДЫМ

Орыстың ұлы ақыны
М. Ю. Лермонтовқа

Жалынмен жанын суарып,
Жүлдышдай ағып түсті ол.
«Көз жұмып алтын кеседен»,
Шарабын тәтті ішті ол.

Кавказдың заңғар, қиясын,
Өткір көзбен бір шолып.
Тастүлек, сұңқар ұясын.
(Байқаған, білген, кім торып?..)
«Тазармаған Ресейден»,
Қайғыланды, налыды.
«Мундирлі мырза», кербезге
Атылды жырдан жалыны.

Таптаған арды аяққа,
Сотына берді елінің.
Сүйді жаны, сүйсінді,
Топырағы жерінің.

Тереңнен тартып тербетіп,
Тепкіні тіл шанышты.
Мұзбалақ шыңда ержетіп
Дауылмен дүлей алысты.

Махаббат, өршіл, шіркін жан
Бұлтқа сермей құлашын.
Сақтады таза жүрекке
Адамдық асыл мұрасын.

«Орыстан туған ұлмын» деп,
Отанын сүйді ұшқыр жан.

«Жарқырап гауһар түбінде,
Жай отынан жаралған».

Өмірдің шыңы,
Ұзақ жол.
Жалғыздық көріп бұлқынған
Асқақтап аспан қиялы.
Жүйріктей жаны ұмтылған.

«Дариға, өтсе өмірім,
Тыныштық пенен рақатта»—
Деп, көкседі өмірін
Күңірене аулақта.

Жанынды сенің ұғынбай,
Ластанған өңшең кірлі аяқ.
Кейінгі әulet,
 ұрпақтан
Қамыттың киді лағнат.

Жалынмен жанын суарған,
Халықтан туған адад ұл.
Алтынды кесе жырыңнан,
Ішейін мен де айттып жыр.

Музаның тасқын бұлағы,
Жырыңнан маржан тағамын.
Аяулы қабір, мұрдене,
Әшекей гүлді қададым!

САЯНДАҒЫ ҚАЛАШЫҚ

Биік Саян бектері
Шүше деген қалашық.
Қыстың қысып өктемі
Қалашықты мұң басып,

Қалашықта тұрғын ел,
Жандай сүйді дананы.
Жарқын бейне, кемеңгер,
Бөлеп нұрға қаланы.

Жабыққандар сұрап жөн,
Талыққандар тынықты.
Қамыққандар алып дем,
Мұңды шерін ұмытты.

Тау Саянның бектері
Жарқырады нұрынан.
Туса Саян көктемі
Жадырады жырынан...

Тау бүркіті жар салып,
Мұхит та тең келмеген.
Қара бұлтты қақ жарып
Дауылда қанат сермеген,—

Тұрғанынан дана адам,
Әлде неше жыл өтті.
Кемеңгер ойлар тараған,—
Үйді. Саян күзетті.

Боран, желден қалқалап,
Бектерінде тау Саян.
Ізгі үйді алқалап,
Күзетеді паң Саян.

Аңыз етіп аталар,
Жыр шертеді аналар.
«Лениндейін ата бар!»—
Деп шырқайды балалар.

Кейде Саян тым асқак,
Ұлы адамды көргенге
Бораны да толастап,
Қолынан дәм бергенде,

Тарихынан Лениннің,
Саян,—
Баян етеді.

Тербеліп жел Сибирьден
Калифорнияға жетеді...

ИСА АҒАҒА

Құйқылжып, әнді өрлетіп, шарықтатып,
Қанатын өлең-жырдың қалықтатып.
Иса аға, сағынғанда келіп қалдың,
Несерлеп, төгілдіріп, шалықтатып.

Тым ерке домбыраң да саңғырлаған
Үйретіп «Желдірмедей» әнді маған.
Аңқылдан сол мінезің — өр мінезің,
Жұлдені басқа ақынға алдырмаған.

Асай жыр, асқақ өлең үйірілді.
Алыстан орай шалдың қырыныңды.
Ардақтап аға деймін, бағалаймын,
Қиыннан қисын тапқан қиюыңды.

Қанатын ақындықтың қалықтатып,
Өрледің алатауға шарықтатып.
Сағынып отырғанда келіп қалдың,
Құлаштап, несер соғып, шалықтатып.

САМОЛЕТТЕГІ АҒАТАЙ

(Баланың ойы)

Самолеттегі ағатай,
Сөйлесейін сенімен.
Жолдас ұшқыш, кел бері,
Әңгімелес менімен!

Уа, ұшқышым, қасыңа
Отырғызшы мені де!
Сүйемін, мен құмармын
Елдің ұшқын еріне.

Мен де ұшып аралап,
Танысайын көкпенен.
Көкте де ел бар ма екен,
Не зат екен көк деген?

Бұлтты түріп, көкке асып,
Айды да бір көрейін.
Көктегі әсем жұлдызды
Көгендейін, тереін.

— Уа, ұшқышым, қасыңа ал,
Мен де ұшқыш болайын.
Аспанда ұшып шарықтап,
Москва барып қонаїын.

Сәлемімді айтайын,
Самолеттен асыра
Мен де ұшқым келеді;
Алшы мені қасыңа!

Үйде отырған анам да
Мені көріп қуансын,
«Балам ұшқыш болды» деп,
Сүйсінсін де жұбансын.

ЖЫЛ ҚҰСЫ

Туды көктем.

Сайдан бұлақ;
Заңғар таудан
төмен құлап.
Құлыншақтар ойнақ салып,
Секіреді әне ақ лақ.
Қозы маңырап,
Ботақандар —
керіледі, аунап-құнап.

* * *

Жылды жүзбен жайнақ қағып,
Күннің көзі шуақтанып,
Көктем желі бетке желпе
Сені сүйген құшаққа алып.
Терезеден кірген сәүле
Үйге енгендей
шырақ жағып,
Көңілденіп жан-жануар,
Ен далада асыр салып.

* * *

Туды көктем.

Бірге келді
Жыл құсы да шырқап әнін.
Таң сәріден оятқандай,
Естігенде шырқағанын.
Амандастып, сағынғандай
Ұя салған тау заңғарын.
Қанат қағып,
қонып талға,

Аралайды ну орманын.
Құттықтайды көктем менен
Жібек желді бақыт таңын.

* * *

Сағыныпты жыл құсы да
Балаларды мектептегі.
О да бірге үн қосады,
Соққанында көктем желі.
Оттан ыстық,
күннен көркем —

ұя салған,
өскен жері.

Сағымданды күнге балқып,
Ен даланың қыр мен өрі.
Тыңда әне,
қонып талға
Құттықтайды құс та сени!

* * *

Шаттығын біз үғынамыз
Білмесек те құстың тілін.
Тыңда оны, білеміз біз,
Сеземіз біз құстың үнін.
Ерте келіп, еркелейді,
Шырқатуға шаттық жырын.
Көмекейден құйылтады,
Көктем құсы әсем үнін.

* * *

Қандай әсем,
қандай көркем,

Атқанында көктем таңы.
Көктем таңын тамашалап,
Біздің мектеп балалары,
Жазды күткен,
сағымданды,—
Ен даланың бүйра жалы.
Тыңдағанда қандай қызық,
Жыл құсының шырқағаны!

ҚЫС ЖҰЛДЫЗЫ

Тұсті, міне, қалың қар,
Сықырлайды басқанда.
Боран ойнап түтейді.
Алатаудан асқанда...

Қыс ызғарлы сүйкпен
Ел есігін ашады.
Беттен сүйіп шымырлап,
«Боран тойын» жасады.

Балалар да қуанып,
Қарсы алады танысып,
Көк мұздақта құлдилап,
Шанаменен жарысып.

Шаңғы теуіп дұлаған
Күліп ойнап топ бала.
Алдында тұр қарсы алып
Қолдан соққан аққала.

Кел, балалар, ойналық!
Шаңғы теуіп, ән салып!
Беттен сүйген қыс күнін
Сүйсінеміз қарсы алып.

Тізеден кеп омбы қар,
Көз шағылар жалтылдал.
Еркелейді қыс-тағы
Сырғыма жел аңқылдал.

Қыстың желін қарсы ала,
Асыр салып сүйіне,
Жарасымды ән салып,
Қыс күнінің күйіне.

Сықыр-сықыр басқанда,
Жылтылдайды ақша қар.
Ақша қарға аунайды
Сағынғандай балалар.

Шымырлаған таза ауа
Бет сүйдіріп аязға.
Шаңғы тепкен тым қызық,
Сықырлаған аязда.

Қарға түскен таңбадай
Жайлап басқан аңшы ізі.
Атты, әне, жарқ етіп
Қыстың таныс жұлдызы!

Қыс жұлдызы жымындал,
Балаларды қарсы алған.
Шаңғы теуіп топ бала
Қуанысқан, ән салған.

Тұсті міне омбы қар,
Сықыр-сықыр басқанда.
Аяз сүйіп баланы
Аққаладан асқанда...

МОСКВА

Жарқыраған алтын шамың,
Гүл бөлеген Москва.

Сәуле бердің, жарқырадың;
Нұр бөлеген Москва.

Талай ғалым, данышпандар
Сенде туды Москва.

Сом білекті еліне айбар
Ер де туды Москва.

Неше ғасыр, заманының
Айғағысың Москва.

Қызықты өмір берген заңың,
Айбарысың Москва.

Зәулім үйлер, болат қорған
Салтанатты Москва.

Шадыманды ұлы думан
Мархаббатты Москва.

Сенде кесем Ленин үні,
Санқылдаған Москва.

Бар әлемге Ленин нұры
Жарқылдаған Москва.

Сенде ақынның тасқын жыры
Тасқын атқан Москва.

Махаббаттың шаттық сирі
Толқып ақтан Москва.

Берік қолда алтын қақпан,
Аялаған Москва.

Барлық елге таң боп атқан,
Сая — панам Москва!

ТОЙ ТАРҚАР

(Халық ақындарының республикалық айттысы жабылар алдында оқыған өлең)

Терен толғап қарасам,
Тәтті күй мен жырымның,
Арнасы тасып құйылды.
Күй дауылын соқтырып,
Жырдан нөсер тектіріп,
Сонау Каспий шенінен,
Сырдың құмдақ өрінен,
Жем, Сағыздан, Ойылдан,
Топтан озған тарландар,
Астанаға жиылды.
Жез қақтаған нақысты
Домбыраны қолға ала,
Ақ иықтай сампылдап
Отыр жырау толғана,
Безелген зәулім ордада.
Шашекең мен Орынбай,
Құшақтасып сүйісіп,
Қостанайдың Нұрқаны,
Кекшетаумен түйісіп.
Нартай менен Нұрлыбек
Әзілдесе тиісіп,
Кенекең мен Қуат қарт
Қаршығадай ілісіп.
Ағайынды әзілмен,
Елдің жайын білісіп.
Жәкең бастап тойымды,
Құйылды жыр жаңбырдай,
Қазанқап пен Майасар
Түйілді қыран алғырдай.
Омар шықты бір жақтан

Топқа торай шалдырмай,
Көкшеден келген Ғалия,
Жыры бір жатқан дария...
Балауса біткен балдырдай.
Жүректің түбін тербеткен,
Құлашты қекке серметкен.
Қояр емес тасқын жыр
Құмарымды қандырмай!
Партияға арнаған
Сөздің кілті ашылды.
Домбыраның пернесі
Тоқсан толғай басылды.
Естіді қарттар үнінді
Сәнді колхоз ауылың.
Сыр жайланағайын,
Арқадағы бауырың.
Бұлбұлдай тілді жайнатқан,
Советтік ұлы дәуірің:
Біріккен тұтас қауымым.
Шебер сөзбен, жырменен
Соғалық женіс дабылын.
Қарт жыраулар!

Ақындар!

Жүректен шыққан жырымды
Қомсынбастан қабыл ал.
Атам қазақ мақалы:
«Алуан-алуан жүйрік бар,
Әліне қарай жүгірер;
Жүйе-жүйе құлкі бар
Күйіне қарай құлдірер»—
Дегендейін, бұл жырым,
Қалы кілем, атаным,
Үстіңе жапқан шапаным,
Жырымнан шашқан шашуым.

СЕНИҢ ТҮЛҒАН

(С. М. Кировке)

Ленинград граниттей
Қамал болып отырған шақта,
Жауды жайпап

Бет қаратпай
Тұмсығынан үрған шақта,
Зеңбіректер гүрсіл атып,
Нажағайлар ойнағанда,
Қиғыр қылыш сурырылып,
Көк сұңгілер бойлағанда,
Қалың орман қақ айрылып,
Нұлы тоғай түнергенде,
Қос-қосынан самолетті
Қара бүлттай жібергенде,
Құн шатырлап, көкті жарып,
Жер дірілдеп тенселгенде,
Ежелгі жау майдандасып,
Жүргін жеп жұлқынғанда,—
Ленинград алынбайтын
Берік қамал болды қақпа.
Осы шақта

Сенің түлған,
Жүрді бірге алғы сапта!
Әр жауынгер жүрегінде
Сенің атың қуат беріп,
Соқты жауды,
талқандады,
Ер жауынгер төсін көріп,
Жағаластық сонда жаумен
Жолатпадық қалаға біз.
Сумаңдаған сүр жыланды
Кіргізбедік араға біз.
Сонда сенің даңқыңменен

Ту көтере аттандық біз.
Сонда сенің салтың менен,
Қатар түзеп сапталдық біз
Сонда сенің өмір сүрген
Өситетінді ақтадық біз.
Ойран салып, жауды қуа
Ойсырата тастадық біз.
Жеңіс туын көтердік біз,
Шалдырмадық ешбір даққа
Әрқашанда сенің даңқың
Сенің тұлғаң — алғы сапта!

КӨКШЕНИҢ КҮМБЕЗІ

Тал бесігім ырғалып,
Тербетілген өлеңмен.
Қылаң құйрық қосаяқ,
Қудым талай белеңнен.
Қалың жыныс, бүйра тал,
Қек майсалы шалғында,
Көл түбінде теңселген
Құмар едік балдырға.
Асығушы ек біз күтіп,
Ел жайлауға қонғанда...
Аралаушы ек әндептіп
Қарағаштың орманын.
Саялы жер,

самал жел,
Сарыарқаның сауыры.
Қалы кілем түріндей
Сұлу Қекше бауыры,
Ақбас бура, көк шатыр,
Аспан тіреп, бір өзі,
Қекті құшып көз тартқан
Кербез Қекше күмбезі.
Теңіздей терең сыры бар,
Сері Ақанның мекені —
Қекшеде күй ағылған
Қай тау бұған жетеді.
Қырандай көкке самғаған
Асқақты әні

Біржанның.
Қекше сұлу ордасы
Күй мен өлең, жыр, әннің.
Қекшені көріп лепірген
Мейірбанды әжем жүрегі,
Желкілдеген Қекшеде

Сұлұ жардың желегі.
Көкше сонау көрінген
Бесігі батыр Мәліктің
Көз тартады кербез тау
Қамалындай халықтың.
Желкілдейді көк торғын,
Сүйсө аялап күн көзі,
Досына, ту жауға айбат,
Айбынды Көкше күмбезі.
Жұпар желі аңқыған
Сарыарқаның сауыры.
Ақынды жырмен тербеткен
Сұлу Көкше бауыры!..

ТАҢ БҰЛБҰЛЫ

(Күләшқа арнаймын)

Таң бұлбұлы сайрағанда,
Сайрағанда әнімен.
Бар табиғат жайнағанда,
Жайнағанда сәнімен.
Таң алдында шырқағанда,
Шырқағанда күйіне.
Сұлу мұсін жұз құбылып,
Жұз құбылып биіне.
Жібек қанат мың құлпырып,
Мың құлпырып түрленіп.
Әдемі, әсем, бір сүйкімді,
Бір сүйкімді түрге еніп.

Таң бұлбұлы талға қонып,
Талға қонып жырласа,
Маужыраса, бар табиғат,
Бар табиғат тыңдаса...
Әсем соққан қоңыр желден,
Қоңыр желден тамылжып.
Таң бұлбұлы сайрады, әне!
Сайрады, әне тілін үқ!

Таң мезгілі.
Таң бұлбұлы сайрады.
Таң бұлбұлы,—
Таңның гүлі,
Таңның гүлі жайнады.

Бұлбұл жыры, бұлбұл үні,
Бұлбұл үні бойды алып,

Бал тамылжып тәтті күйі,
Тәтті күйі ойды алып...

Таудан аққан күміс бұлақ
Күміс бұлақ сылдырап.
Еркелене балғын құрақ,
Балғын құрақ былдырап.

Заңғар таудың торғын белі,
Торғын белін жел сүйіп.
Таң бұлбұлын тыңдады, әне,
Тыңдады әне, ел сүйіп.

Қуанышты бақыт жырын,
Бақыт жырын сайдады.
Тоты қанат мың құлпырып,
Мың құлпырып жайнады.

Мысал үшін таң бұлбұлын,
Таң бұлбұлын алғаным.
Тамылжытып таң алдында,
Тәтті күйді салғанын.

Ел — көрікті.
Ер — сүйікті.
Жер шұрайлы, көлің нұ.
Таң әдемі,
желі жібек,—
Көтерілген күміс бу.

Қою орман, қойыны алтын,
Күміс төккен кемері.
Сағым бөлеп

Жайнаң қаққан
Жер қырмызы бедері.

Әсерлетіп, әсемдетіп,
Бас, бақыттың биіне!
Алқаңызға жарастықты,
Шырқа шаттық күйіне!

ӘЛІ ТАЛАЙ ҰШАРМЫН

Қаршығадай аспандап,
Көтерілді самолет.
Көрінеді көзіңе,
Тостағандай жер мен кек.

Кек көрпесін түргендей,
Зуылдайды қос қанат.
Жер әлемін шарладық,
Тамашалап біз қарап.

Бұлаң қағып заңғар тау
Қала берді маңқып.
Ирендеңен шатқалаң,
Ол да қалды қалқып.

Ә дегенше келдік біз,
Қарағанды жеріне.
Тау-тау болып үйілген
Алып көмір кеніне.

Көктен төмен қарасан,
Бір тамаша қала екен.
Кек тіреген биік үй
Айтқандай-ақ бар екен.

Иығына асынған
Жұмысшылар қайласын.
Көтеріле тағы ұшасың,
Деп — «Ақмола қайдасың?..»

Ақмолаға келгенде,
Малға толған өңірі.
Рахаттана ұшасың,
Салқын самал лебіне.

Атбасардың алабы
Бетегелі бел екен;
Көкмайсасы тәңселген,
Мақтарлықтай жер екен.

Балдырғаны білектей,
Ылди-ылди өр екен,
Алтын кесе сияқты
Ойдым-ойдым жер екен.

Есілді өтіп...
Көкте ойнап,
Қостанайға ұштық біз.
Бір де қалқып,
Бір де шалқып,
Көк бүлтyn құштық біз.
Обағанның ұстінен
Өрлей өтіп тағы астық,
Бейне теңіз шалқыған,
Жердің беті бәрі астық.

Конақ досы, мейман жай
Қостанайға келдік біз.
Көкте нелер ғажапты,
Саяхаттап көрдік біз.

Алты айшылық алысқа
Алты сағат ішінде
Жеткізіп-ақ тастады.
Өңім бе, әлде түсім бе?

Қызық екен, ағатай,
Самолетпен көкке ұшу!

Жаздың жайлы күнінде
Ғажап екен көк құшу.

Сағымданып бүйра жал,
Сағынғандай қарсы алып.
Аспан астын тойлармын,
Әлі талай ән салып!

ЖАУЫНГЕР ЖОЛДАС

Елің бір сүйіп алқалап,
Тұлғаңа көзі тоймаған,
Қырыссыз, байтақ шартарап
Қамынды сенің ойлаған,
Мәпелер сені біздің ел,
Батырым, жолдас жауынгер!

Тояттап құздан ұшырып,
Бектерлей таудың қиясын:
Топшыдан теуіп түсіріп,
Талқандап жаудың ұясын,
Мақтаныш еткен біздің ел.
Қыраным, жолдас жауынгер!

Самаладай самсаған,
Қарсы қолды өктедің.
Қалтырап жауың қақсаған
Жасылдай түсіп өктемің,
Арыстан сынды батыр ер,
Батырым, жолдас жауынгер!

Теңдесі жоқ әлемде,
Құдіретті Армия,
Құрметті атың бар елге,
Белестен асқан сан қия.
Ел ұланы батыр ер,
Жүректі жолдас жауынгер!

Жарасып бойға шинелің
Досына — ажар, жауға — айбын
Еліңде артық беделің,
Қүйіме қосып жырлаймын!
Батырым, маған қолың бер!
Бауырым, інім, жауынгер!

АНА АТТАНДЫ

Ыңалы қайрат кернеген,
Жалынды жігер тербекен,
Тербекен сыйын өрлеген
Қарсыласып майданда
Қарулы қолын сермеген.
Қайратты ана аттанды.

Жауға қарсы ашынып,
Жауға құрал асынып,
Жау үстінен асырып,—
Оқ жаудырып, доп тастап,
Беттескенді қашырып,
Айбатты ана аттанды.

Жаудың қамал тобына,
Жау жаудырған оғына,
Түйіліп жау сорына,
Шүйіле тартып, кектеніп,
Түсірмекке орына,
Кекті ана аттанды.

Топ-тобымен күнбе-күн,
Жоқ қылмаққа күндерін;
Тәбеттердің үргенін,
Фашистердің, зұлымнын,

Өшірмекке үндерін,
Кетті ана майданға,
Кекті ана аттанды!

«ДАЛА АРУЫ»

Жайқалып еркелейсің «дала аруы»,
Тұлғаның қандай әсем жаралуы.
Бойында бір мінің жоқ талша ырғалып,
Нәр алған күн көзінен дала нұы.

Күн сүйген құмарланған мәңдайыңнан.
Балауса, балың тамған таңдайыңнан.
Сөн бітіп, сары алтыннан шапан киіп,
Төгілсе ақ шашағың шалғайыңнан.

Кейбіреу сені «ару» деп түсінбеген,
Бал ашып, сандырақтап түсіменен...
Даламды дүр еткізген дарқанымсың,
Жатсынып,
жатырқайды «кісі nedен?..»

Жаңа ырғақ Тың өлкенің өріміндей,
Қосылған қалың тоғай серігіндей,
Тоқмейіл, толықсыған, топ түбірсің,
Шалғынды, шалқар жайлау тебініндей.

Шапағын шашырата дала ұсынды
Еркелеп егіз емген бала-сынды,—
Керіліп, кербездене жайқаласың,
Кигенде сәүкеленеді жарасымды.

Мен сенің алқабыңды араладым,
Теңселіп, қандай әсем қарағаның,
Айдарлап, еркелетіп, «Дала аруын»,
Жайқалған жайлауыңды жағаладым.

Әдейі аттан түсіп өзім сүйдім,
Сылдырын жүргегіме сый қып түйдім.

Жүруші ем көптен бері кездесе алмай,
Көркі еken біздің күйдің, біздің үйдің...

Еңсеріп, ен далама көрік берген,
Алқабы аруымдай көріктенген.
Жемістің желкілдеген жайдарысың,
Ырыстың жетегіне еріп келген.

Еркө дән баданадай моншақтарың,
Шабықтап өз қолыммен қолпаштадым.
Жадырап далада өскен «Дала аруы»,
Таранып, көкке бойлай алшақтадың.

Жаралған жаз еркесі молығудан,
Қатарлап, қоныс тепкен қорығынан
Тойынып тыңда қозы, қырда құлышин,
Сүмедей бал сорғалап собығыңан.

Жатырқап, жүргегімді теппе сыртқа,
Байқай біл балғынымның сырын үқ та.
Бар, сұра, аруымның алқасынан,
Жол түсіп, жолықсаңыз Жаппаровқа.

Жүгері — түлік досы, олжа-жүлде,
Сылаңдап сырын шешіп, келсе тілге...
Таусылмас хикаясы таң атқанша,
Кез болсаң, тың батыры Брагинге.

Аруым алқа тағып таңда туған,
Белесті, жайлау, бүйра жалда туған.
Одағы топта озған шамшырағы —
Сұлудың сүйген досы

Ман Гым Хван.

Толғауы, түйіндісі ақыл-мидың,
(Сыңғырлап бұрағандай кілтін күйдің)

Сырласып сеніменен таң алдында,
Тұр екен өзі келіп Любa Лидің.

Жүгері — жайраңдаған ел аруы,
Ынтызар «ғашық жыры»— ер алыбы.
Қиялдап жоқ аруды несіне айтам,
Бәрінен сұлу екен жер аруы.

«Ару» дел ат қойғамыз еркелетіп,
Алқаңды аялаған жел тербетіп,
Ал бүгін үлбіреген айдарыңды
Түбінде тұр ғой айдын көл тербетіп.

«Ендеше, неге өлеңнен құр қаласың?
Ерке наз жайқаласың, ырғаласың,
Кербезім, сәукелеңді қырын киіп,
Көлендеп, көркейте бер тың даласың!

ҚАҢАРМАН ТҰЛҒА — БАТЫР ҰЛҒА

«Мәлік елге келді!»— деп,
Естігенде елеңдеп,
Кербез сұлу Қекшетау
Көз алдымда көлеңдеп,
Қараша көлде қоңыр қаз
Мамырлап ұшып, төмендеп.
Жас қарағай сыйбырлап,
Зереңдіде тебендеп,
Оқжетпестің қиясы
Көк торғыны желеңдеп,
Кемпірқосақ, көкжиек,
Жұпар жауын себем, деп,
Құніренді Қексөңгір
«Ұлыма сәлем менен!»— деп,
Қуанып бала жүгірді
«Ағама сәлем берем»,— деп.
Құшағын жайды қарт ана:
«Қаңарман ұлды көрем»,— деп,
Талай күйлер толғанар,
Талай әндер айтылар,
Талай ақын қиялы
Аспанды өрлей шарқ ұрап.
Талай шешен домбыра
Саған арнап тартылар,
Телегей теңіз толғанып,
Тентек толқын арқырап,
Алышын сүйер, алқалар,
Ежелден елдің салты бар,
Жау жеңіп қайтқан батырым,
Атағың тудай жарқырап!

ҚҰРБАН ҚЫЗ

1

Қандай ана өсірді екен,
Сұлу мүсін тұлғаны?
Қайда екен
тұрақ меке,
Қандай әнді жырлағ і?
Толғады екен қандай күйді,
Не қызықтар етті еі ән?
Биледі екен қандай биді,
Нені жырлап кетті екен!
Оқыды екен қай кі апты
Әлсін-әлсін ақтары ?
Айтты ма екен хиншатты
Кітап сөзін жатқа лып?
Әлде Пушкин Александр,
Лермонтов пен

Толстой,
Әлде Тарас,
Әлде Оголь —
Салды ма екен ған ой?
Ну тоғайдың ар сында
Сылаң қағып е гі ме?
Әлде колхоз діласында
Алтын бауды кешті ме?
Белгісіз ол бізге жұмбақ
Кім екені бұл қыздың,
Қарақшы тұн күннен үрлап
Сөнгендей жұлдыздың.
Сүйікті ару Украинада
Сылаң қағып бойжеткен,
Мейірбанды қадірлі ана
Тал бесігін тербеткен.

«БЕРШІ МАҒАН ЖҰЛДЫЗЫҢДЫ»

Үміт үзген дүниеден
Қарт Микало әлсіреген,
Қансыраған,
азап шеккен,
Қайғы-дерттен
Жанған өрттен,
Нұры қашқан,
сұры кеткен.
Қалжыраған...
катып, сөніп,
Жатыр еді бейне өлік,
Қарсы алдында тұрған келіп,
Жауынгерді сонда көріп:
«Уа, балам, сен құтқаруға,
Шалғай жерден тартып жорық,
Келдің мұнда, құшағыма
Қысып сені аймалайын.
Жарқыраған маңдайында
Жұлдызыңнан айналайын!»
«Уа, келдік, қарт, шалғай жерден,
Асу-асу қанды белден,
Азап шеккен жарандарды,
Қапастағы адамдарды
Құтқаруға, қуантуға,
Құлдіруге, жұбантуға
Келдік, қартым.
Құтқардың біз, қолыңды бер!»—
Дегенінде, қарт Микало:
«Естіп едік даңқынызды,
Құдіретінен сілкінген жер,
Айбарыңнан тасқынды сел
Құркіреген,
уа, жауынгер.

Жарқыраған маңдайдағы
Белгі үшін жұлдызды бер!
Күндей кіріп құшағыма,
Жұлдызыңнан төгілсін нұр».
Құлді сонда жауынгер де,
Құлімдеді қарт та бірге
Құшақтады, сүйді беттен:
«Алып шыққан жалынды өрттен,
Енді жол жоқ сүм өлімге,
Енді орын жоқ дажалдарға,
Енді азап жоқ бұл өмірде,
Сен тудырған таң жұлдызы
Жарқырайды ел көгінде.
Тұтылу жоқ нұрлы күнге»
Деді де қарт, әлі кіріп,
Айтты алғыс жауынгерге.
Бұл оқиға болған еді
Азап шеккен чех елінде...
Әзірейілді отқа жаққан,
Залымдарды қалтыратқан,
Бұырқанса дабылдатқан,
Мейірленсе махаббаттан:
Сәуле төккен,

шамын жаққан.

Әлсіреген азап шеккен
Елдерді де азат еткен,
Біздің жарық жұлдызымыз,
Жер-жинаңға нұрын төккен;
Біздің батыр ұлдарымыз,
Беті қайтпай басқан өктем,
Біздің күшті Армиямыз
Құдіретті күннен,
Көктен!

ТОБЫЛ

Толқы, толқы, тобылым,
Толқыта тарт, ескегім,
Сырласайын сенімен
Есілте жырдың ескегін,
Шомылып, жүзіп, еркелеп,
Толқыныңды құшайын,
Жырдан қанат тағынып.
Айдынында ұшайын,
Дабылдатқан көксілдей,
Көкірегімді ашайын,
Күркіреген сұынца
Құмарымды басайын,
Телегей Тобыл толқыны
Толқытады жүректі.
Тербел Тобыл ұшырған
Мұзбалақ, қыран түлекті.
Қынама бел айдының,
Жасыл желең, қою жал,
Сәукелесін киінген,
Гүл шашақты бұйра тал.
Толғатады терең сыр,
Тұңғыиқ Тобыл шалқары.
Тобылға төніп қарасаң,
Ой кезеді арқаны...
Көлің шарбат сұындай,
Таңдайымнан кетпеген,
Сағымына мұнартқан.
Ат шаптырса жетпеген,
Алқабында ақ түйғын,
Аспандай ұшып шаңқылдал.
Жұздіріп күміс қанатын,
Қаз қонғанда қаңқылдал.
Жағалай біткен гүл майсан,

Жайнаң қағып, жайқалып.
Түбінде сұлу маржан тас,
Көз шағылып найқалып,
Қойнауында шие ағаш,
Қою орман жынысың.
Көтерілген кербез ну,
Ең дәүлетті ырысың.
Тербелгендे толқының,
Қарақат көзін қадаған,
Ақ жүзін айға сүйдіріп,
Қостанай шашын тараған.
Қолында алтын тарағы,
Талдай өріп бұрымын,
Тербете Тобыл толғатқан
Қостанайдай сұлуын.
Дүлдүліндегі арабтың,
Тудырған жүйрік, саңлағын.
Қантарда қарсы желге ұшқан
Нұржандай шайыр, тарланың.
Шарықтап шыңға тауды өрлең,
Қырандай тас ұяның,
Шеңбыртатқан ыбырайдың
Текей терең қиялышын.
Қүи баптап келтіріп,
Жал-құрығын сүздірген,
Аманкелді тұлпарын
Тұнығыңа жүздірген,
Желкілдеп желмен айдары,
Көтере туын, жалауын,
Қойнауында қол бастап,
Сағымға ілген садағын.
Аянда өсіп тербелген,
Сұлтандағы батыр жас ұлан,
Еркелеп аунап құмына,
Кеусеріне шомылған,

Тас түлегің ер Естай,
Суынды есіп, ойнаған.
Толқыныңды қақ жарып,
Көк сұңгідей бойлаған.
Айбының адам беттемес,
Жігіт желдің өртіндей,
Аяулың ару, ақ жүзі
Ақықтың асыл көркіндей,
Арқаның әсем аруы,
Қарақат көзін қадаған.
Сылдырлап, күліп, сан сұлу
Мақпал шашын тараған.
Толқы, толқы, Тобылым,
Толқыныңды құшайын.
Күйден алқа тағынып,
Кемеріңде ұшайын.

КЕЛДІҢ БЕ, ДОСТЫМ

Келдің бе достым?
Күшақ жай!
Сағынып сені күтіп ем.
Зулады күндер, зулады ай,
Өтті түндер жылмен тең.

Жылмен теңдес түндерде,
Сарғая сені еске алдым.
Сонау бір қызық күндерде,
Сайранын көксеп достардың.

Кеудене таққан қос жұлдыз
Көрінер ыстық бауырға,
Алыстан аңсан келдің сен
Өн салайық ауылда.

Келдің бе, достым?
Күшақ жай!
Сарғайып сені күтіп ем.
Сағындырдың, япыр-ай,
Өтті-ау күндер жылмен тең.

«АРАЛАЙЫҚ АРҚАНЫ!..»

Жүргенде жанып жалынға,
Қайыңнан иіп қалқаны,
Онда бір сөз жадымда,
Аralармыз Арқаны!..»—

Деп, жүрекке нәр етіп
Толғауши едік наизаны,
Тұрғанда кейде әл кетіп,
Түсетін ойға қайдағы...

Күңіреніп орман, жапырақ
Теңселе түсіп, сыбырлап.
Зәулім қайың қалтылдаپ,
Жер дүрсілдеп, оқ зулап,

Тоң сөгіліп, жел үйтқып,
Жатқанында шоқ жанып.
Тек екі сөз үміт бол
Жүрекке барып, тұтанып.

Күн шуағы жер бөлеп,
Гүлден тақты алқаны.
Жүйткі, поезд, бер гудок,
Аралайық Арқаны!

АБАЙҒА

Тұлпардай қызып,
Лашындаи сыйып,
Ой теңізін жүзгенде...
Тағыға шауып,
Асылын тауып,
Жыр маржанын тізгенде,
Толғандың, толқып ән салдың,
Шалқыдың, шырқап жар салдың.
Кестелеп жырды,
Дестелеп сырды,
Оюын ойдың қыындан.
Қайратты ақыл,
Сөзінчен нақыл,
Қиуаға шапқан қиқулап.
Алтын нақыс кемері,
Сымдай нәзік бедері.
Жырында базар,
Сөзінде ажар,
Бәйшешекке көмілген.
Бұлтты сырып,
Тұнекті түріп,
Таң рауаны көрінген,
Алғыр қиял,
Ұшқыр жан,
Алыстан тартып ұқтырған.
Еңбексіз ыржан,
Күлкішіл қылжан,
Еріншек, масыл, шағым, дау.
Жұмыссыз адам,
Санаасыз надан;
Саналы — саған болды жау.
Жырыңды тоқып өрмекке,
Шақырдың жүртты еңбекке.

Жақсаң да шырақ,
Ұқпады бірақ,
 Өсекшіл, ойсыз, сумандар,
«Атадан алтау»,
Ежелден жалқау,
 Ұятсыз, жебір, жылмандар,
Көрдің де соны күйіндің,
 Қырандай шалқып түйілдің.
Лағылдай қырлы,
Жұлдыздай нұрлы,
 Жыр жауһарын екшедін,
Жүректен ыстық,
Махаббат, достық,
 Әділетті көкседің.
«Толғауы тоқсан тілің» мен
 Самород алтын жырыңмен.
«Қадірлі басым,
Қайратты жасым
 Айғаймен өтті амал жоқ»—
Деп күйінген,
Дерт шүйілген,
 Енді ондай заман жоқ,
Рауандап атқан сұлу тан,
Әділет заман,
 Алтын заң.
Өшпейтін жырың,
Сөнбейтін нұрың,
 Самородный алтын зат,
Жырыңды жаттап,
Үніңді сақтап,
 Адалдық, достық, махаббат,
Туғанды дос ел туды,
Жігерлі қайрат ер туды.
Қызықты сайран,
Думанды майдан,

Тартуы — олжа, қолда — тү,
Ұйымшыл, еңбек,
Әділдік, өрнек,
Ағайын, бауыр, дос тату;
Бірі жолдас, бірі дос,
Бәрі сырлас, көңілдес.
Күлімдеп, шалқып,
Көгінде қалқып,
Нұрын сеуіп күн туды.
Аралап елді,
Жаңғыртып өрді,
Шаттықтан әсем үн туды,
Салтанат сәнді салтынан,
Бақытты қазақ халқынан.
Тұрленіп елім,
Гүлденіп жерім,
Қызыл арай күн туды.
Таңы да сұлу,
Заңы да сұлу
Асқарланған үн туды.
Елімде күнде мереке,
Қызықты думан,
береке.
Сымбатты тұлға,
Қияндап шыңға,
Аспанды алып, көк шалдың,
Жырыңды оқып,
Жүрекке тоқып,
Сусынадым, мен қандым.
Өлген жоқсың,
тірісің,
Халықтың сүйер ұлысың.
«Қиуадан шауып,
Қисының тауып»
Жыр жауһарын тіздің сен.

Жүйріктей қызып,
Лашындаі сызып,
Ой мұхитын жүздің сен.
Елді әнің аралай,
Кемеңгер ақын, дана Абай.

«КИЛІКПЕ КУБАҒА!»

(АҚШ желікпелеріне)

Соңса да дауыл, дүлей жел,
Адал перзент, келер ер —
Селдей ағын қан мен тер,
Куба, Куба — біздің жер,
Азаттық алған біздің ел!—
Қолдағы туын құлатпас,
Аралға дүшпан жолатпас!

Бирне.
Куба ақыны.

«Не Отан! Не өлім!»— деп антын берген,
Сұрқия сұрапылдың бәрін жеңген.
Айбатты айбыны зор Куба халқы,
Алысып алды азаттық қаммен, термен,

Қызығып шырын қанттың қамысына,
Белдесіп арыстанмен алысуға;
Қарақшы түн жамылып қоқыланды,
Тимек боп ер Кубаның намысына.

Бастырмас аяғыңды аралына,
Бастырмас Куба жерін табаныңа.
Желігіп арсалаңдай шаптығасың,
Өзінді өзің айдал ажалыңа.

Кубаның қолдан туын ала алмайсың,
Жолына қақпаныңды сала алмайсың.
Орыңа өзің қазған өзің түсіп,
Қайтарда елінді де таба алмайсың.

Күнде ме дос Кубаның ержеткенін;
Ұшырған нелер қыран перзенттерін,
Ұрандал ұрпағына Хосе Марти
Жалынды жырмен жүрек тебіренткенін.

Қашанда, жау дегенде қырағымын,
(Желіккен жауды жеңбей тынады кім!?)
Аңдап бас аяғынды, жарға соқпа,
Дос елі ол — біздің Совет Одағының.

«Не Отан! Не өлім!»— деп антын берген,
Орнатқан азаттықты қанмен, термен.
Көтермес қылжағынды, қоқандама,
Ойнама дос Кубадай батыр елмен!

ФЕЛИКС

«...Мен өмірді жаңадан бастар едім».
Дзержинский

Қара түн...

Дауыл күнде...

Дабылды ұрып,
Дұшпанын ойрандата сабылдырып,
Маузерін революция қолына ұстай
Айбынды тұлғасына табындырып.

Тайсалмас алмастайын түсті тіліп,
Тулата толқындарды қолмен бұрып.
Қол салып ескі дүние қолқасына,—
Өмірді жаңалауға қайта құрып.

Сампылдал шыңың ұшқан бүркітіндей,
(Түскен бе, түйілгенін бүркіт ілмей!),
Қамалға қалың топты қарсы шапты
Жалындарап, жаңын қия, бір де іркілмей.

Тапжылмай, таң қаларлық көрсетті ерлік
Жайнаған жаңа дүние,— деді мендік!
Тұрақтап тұлғасына қалыптасқан
Әділдік, алғыр сезім, кеменгерлік.

Тар кезең, тайғақ жолды кешуіне,—
Қарамай ысқырық жел есуіне
Тартқандай таразыға әділ өлшеп,
Ақылдың берген тізгін шешіміне...

Феликс,—

сүйді өмірдің жаңалығын.
Сүйді ол ұлы Ленин даналығын.
Қақ жарып қараңғыны қақты қанат,
Сырылды кілегей бұлт, қаралы күн.

Дауыл күн...

Қара тұнде...

Дабылды ұрған,

Дұшпаның дүркірете сабылдырған.

Революция батыры Феликсті

Еске алып,—

Гүл қоямыз жалын жырдан!

ЖЫРЛАП СІЗДІ НӘСІЛІҢІЗ

Елдің сүйген Абайы едің,
Өзбек сүйген — Навои болдың.
Украинаның Тарасы мен
Татар сүйген Тоқайы болдың.

Армян халқы — Туманяндай,
Жырыңды отыр жаттап алып.
Әзіrbайжан — Фаталидай,
Күйге қосып,
сазға шалып.

Белорус Якуб Коласындай
Шырқап сені орманында.
Әнің шалқып аралайды,
Кавказ тауы қойнауында.

Ұлы Пушкин «Татьянасын»,
Бізге әкеліп таныстырдын.
Лермонтовты шарықтата,
Тарттың түптен асыл жырын.

Белинский данышпанның
Даңқын жырлап...

Салдың ойды...

Өнеге еттің тартып бізге,
Щедрин мен Толстойды.

«Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та бар қалан!» деп.
Айттың өсінет ұрпағыңа,
Ғылым, өнер «Арқалан!» деп.

Міне, ұрпағың дүниенің
Бар тетігін қолына алып.

Бірлік, достық, махаббатпен
Қияға өрлең, күнді шалып.
Бейне Ертістің толқынындаЙ
Өрге шапшып, тасыдыңыз.
Атам Абай, ақын Абай!—
Деп жырлайды нәсіліңіз!

АҚЫННЫҢ СҮРЕТИНЕ ҚАРАП

Сүреті түр ақынның,
Үйімнің дәл төрінде.
Жүргіме жақын тым,
Сырласқандай тегінде...

Устелімде жайнаған
Текшеленген бір кітап,
Бейне бұлбұл сайраған,
Жыр кітабы — бұл кітап.

Сонда есіме түскенде,
Жасаған Жәкең ғасырды.
Кітапты алсам үстелде,
Бір-бірлеп беттер ашылды.

Суреттен көріп тұлғасын
Сырласқандай боламын
Дегендей маған:
«Тыңдашы,

Домбырам шертер жаңа үн»
Жәкеңнің үні өрлейді
Алатау, Кавказ шыңдарын,
Жәкеңнің күйі тербейді
Елімнің сәби ұлдарын.
Томдаған Жәкең жырлары
Миллиондардың қолында.
Шырқалған жырлар шынадады,
Дабылын қаға, жолында...

Тынық Дон, Волга бойларын
Аралап кетті жар салып.
Ақынның асыл ойларын
Сүйсінді халқы қарсы алып;

Өсем әні қырды өрлей,
Жаңғырды орман, бүйра тал,
Ұласып күшті үн керней,
Дүрілдеп кетті биік зал.

Шалықтап сұнқар шыңдағы,
Қияға қағып қанатын.
Миллиондар жырды тыңдады,
Шырқатып әнге салатын.

Үйімнің дәл тәрінде
Суретіне қараймын,
Есіме түсер менің де,
Жәкеңмен сырлас талай күн.

Қос қанатын сермейді
Асқақты күйдің лебізі.
Ақын мәңгі өлмейді
Жәкең — жырдың теңізі!

ЖҰЗ ЖАСАҒАН ДОМБЫРА

(Жыр ырғағымен)

|

Ойдырып алған домбыра,
Үйеңкінің түбінен,
Сағағынан үзілте
Күй ырғалып шегінен,
Төгілгендей тасқын жыр,
Тартылғандай терең сыр,
Бойды билеп үнімен:
Домбыраны қолға алып,
Сонда біраз толғанып,
Ойға тұстім тұңғиық;
«Қай орманды аралап,
Қай бұтақты саялап,
Қай безектің түбінен
Алған екен кім қылп?..»
Он саусағы жорғалап,
Қандай күйге салды екен?
Сүмбіл шашын толқытып,
Сүйрік саусақ, бал бармақ,
Бұрала басып сылқылдап,
Қандай ару қолына
Тартамын деп алды екен?
Қандай ақын асқақтап,
Аққу менен үн қосып
Домбыраны тартты екен?
Азу тістен айрылған,
Әлде күміс сақалды,
Қапсағай келген қарт па екен?
Тебіне мінген тұлпарын
Толғай сынды жас па екен?

Ер жігітке қосылып,
Ең далада шырқаған,
Әлде қолаң шаш па екен?
Ақ сүйекпен нақысталап,
Жез шегені қаусырып,
Қандай шебер қақты екен?
Қалампырлы, қалталы,
Ақ үкісін жайқалтып,
Он саусағы майысып,
Қандай сұлу тақты екен?
Әлде Арқаның ақыны
Домбыраны өңгеріп,
Төкті ме екен көз жасын
Үйеңкінің түбіне,
Жалтаң қағып,
Жалт беріп,
Қонды ма екен лашын?
Бұлдыр-бұлдыр заманда
Құлазыған даланың,
Бұлдыр күйін шертті ме?
Жарақтанған от шашқан
Дүлдүл күйін шертті ме?
Әлде мұқды сазбенен
Елжіретіп жүректі,
Бойды ерітіп, балқытып,—
Бұлбұл күйін шертті ме?
Қос шегінен күй шықпай,
Пернесінен жыр шықпай,
Тұрды ма екен тұншығып,
Жатты ма екен көміліп,
Басты ма екен табанға,
Салды ма екен аранға,
Аңызақ жел құйындал,
Жын ойнағы желігіп,
Кейде шалқып, дүркіреп,

«Боз інгенді» салды ма?
Он саусаққа оралып,
Жасыл қанат кәбелек
Паруана боп жанды ма?
Кейде нөсер соқтырып
Жел күйінің лебімен,
Шың шынарын шалды ма?
Тұн баяулап, маужырап,
Ұйқыға батқан тағы да,
Жел сүйрелеп сарынын
Сарғая тыңдал қалды ма?
Ойнады ма саусағы,
Құдері әлде Біржаннын,
Үкілеп тағып айдарын,
Бабына келіп ырғалған
Пернесі ме Нұржанның

||

Үйеңкінің түбінен
Ойдырып алған домбыра,
Домбыраны көргенде
Ой түскендей соңғыға.
Перне бойлап он саусақ
Сырын айтар домбыра.
Қос шегінен күй тегіп
Домбыраны оң бұра,
Оң бұрасаң домбыра,
Жырын айтар соңғыға:
«Бұлдыр-бұлдыр заманның,
Бұлаңынан өткемін,
Жүрек сырын жұмбақтап,
Тыңдаушыға шерткемін,
Жұртый жанған жалынға
Мен де бірге күйгемін,

Қолаң шашты арудың
Бұғағынан сүйгемін,
Жарақтанған жорықтың
Тобын жара кіргемін.
Жұз жасаған жасымда,
Мен халықпен біргемін!
Талықсыған кезеңде
Күнірене күй біткен.
Жабырқаған заманда
Жадырата тіл біткен»—
Дегендей боп, сырласты
Қос ішекті, жез тиек,—
Жұз жасаған домбыра;
Шадыманды күй ашты,
Үрпағына, соңғыға.
Сонда мен де тыңдадым,
Қарт ғомбыра сырласым,
Аңсағандай томсарып,
Ақын Абай құрдасын...

III

Үйенкінің түбінен
Ойдырып алған домбыра,
Пернесі күй шалқытсын
Қос құлағын он бұра.
Асқар-асқар тауларды
Аса бір асып жол қыла,
Мұнарланған сағымға
Елдің көшін қондыра,
Домбыраны көргенде,
Ой салады соңғыға,
Ал, қолыңа, он бұра!
Жаз жайлалаудың жайнатып,
Жадыраған заманның

Күйіне келіп қосыла
Жұз жасалған домбыра.
Болдыра көрме, болдыра;
Шашуыңды жырлап бер,
Ал, әлеумет, тыңдап көр!
Шертсін күйін домбыра,
Қалампырлы қос түйнек,
Ақ үкісін жайқалтып,
Бұлбұл үнін сызылта
Тел жорғадай тайпалтып
Сөз бабасы абыздай,
Қарт шежіре сұңғыла,
Күннен күшті беделі,
Өркендереген өрені,
Тартсын күйін домбыра
Мирасқоры соңғыға!

ЖАМБЫЛҒА

Сусындал қандым жырыңнан,
Суарып көздің жанарын.
Сарқылмас теңіз сырыңнан
Гауһәріңді аламын.
Сайрандал кездің бақшалы
Алатаудың алабын,
Жарқылдал думан бастадын.
Жырыңнан сарай қаладың.
Жүрекпен сүйіп еліңді,
Жұрт мейірін қандырдын.
Алғанша ақтық деміңді,
Асылын сөздің қалдырдын.
«Тобына жаудың сал қырғын!»—
Деп, майданға бастадың.
Дабылын қаға Жамбылдың
Соныңнан ерді жастарың.
Бақытты заман жыршысы,
Сайраған сөнді сарайда.
Дабыл қаққан үншісі,
Жайнаңдал алтын арайда.
Нақылың қалды үрпаққа,
«Өлді» деп, сені санай ма?
Домбыраң үні құлақта,
Естілер әлі талайға?

ЛЕНИН ӨЗІ СӘЙЛЕП ТҮР

Шың басында
шыңдарда,
Ғажайып бір тұлға түр.
Нұрын төгіл туларға,
Кеменгер Ленин — сәйлеп түр.

Құрылыста, алыпта,
Ырғақты бір үнді жыр.
Биік, зәулім заводта
Ленин нұсқап сәйлеп түр.

Сарайлы, сөнді қалаға
Салтанат бітіп жылма-жыл.
Алыста, қырда, далада
Данышпан Ленин — сәйлеп түр.

Тұлеткен өзі үрпағын
Алқалап.
Раушан текті нұр.
Атырып қолдан жыл таңын,
Лениннің өзі сәйлеп түр.

Бақыт балқып, күй кернеп,
Талай жұмбақ шешті сыр...
Ғажайып тұлға ой тербеп,
Саңқылдап Ленин — сәйлеп түр.

Тыңдады мұлгіп жер-жиһан,
Сейледі Ленин!
Құлақ түр!
Сейлесе Ленин ұқты жан,
Сейлейді Ленин!
Сәйлеп түр!

Әuletін ертіп соңына,
Кеменгер ойын тербел тұр.
Коммунизм жолына
Нұсқайды бізді
сөйлеп тұр.

Жөнеген бетін туралап,
Жылжиды алып корабль,
Жолына нұсқап, тұр қарап
Лениннің өзі сөйлеп тұр.

Асылы нұрдан жаралған,
Сипатына жетпес тіл.
Саңқылдап үні тараған
Данышпан Ленин — сөйлеп тұр.

Заңғар шында!..
Шындарда.
Тең табылmas тұлға тұр.
Толқытып нұрын тулар да,
Ленин!
Ленин — сөйлеп тұр!

ЕДІЛ-ДОН

...Сызылды карта тағы да,
Құшақтасты Еділ-Дон.
Елдің шаттық, бағына
Құлпрырып, гүлдей құба жон —
Сызылды карта.

Бақыттың
Ғажайып жолы ашылды.
Шалқыды көкте, ұласты үн,
Ақ Еділ ерке тасыды.
Кемеден керуен сап түзеп,
Бөлөнді міне сәuletке.
Астық, мақта,
жүк тиеп,
Кенелмек елім дәүлетке.
Қиял емес, шындықтың
Есігін аштық тағы да.
Нұрын шашты құміс құн
Коммунизм таңына.
Каналдан гүлдеп су тасып,
Көтеріле толқын шу...
Орман гулеп, дуласып,
Шалқымақ көкте бүйра ну.
Өмірде ойға сыймайтын,
Бұрадық кілтін ұлы істің.
Дәuletін елге сыйлайтын
Керемет шалқар құрылыштың.
Теңізді топшым қақ жарып.
Жүземін терең түпсізге.
Кемеде шалқып,
ән салып,
Үн беремін тілсізге.
Айдынды Дон,
ерке Еділ.

Тел өзен ең ертеден.
Екеуің тілек қосып бір —
Ел үшін шалқы,
еркелен!

Бойымды алып, көз тартып,
Картаның ғажап сыйығы.
Жұлдыз жағып, нұр балқып
Цимлян гидроузелі.
Дон жаяды құшағын,
Толқын жылжып Еділден,
Шалқып шүғла, ну, сағым,
Мен келемін Еділмен,
Қанатым толқын сабалап,
Тасыған күшім, жігерім.
Әлемді әнім аралап,
Өмірге сәуле беремін.
Асая толқын,

жынды жел,
Бас идің бізге, женілдің,
Қызығып жайлап көреді ел,
Бейбітшілік өмірдің.
Қайна, еңбектің бұлағы,
Сызылды карта тағы да,
Жиһанның нұрлы шырағы
Коммунизм таңына!
Еркеле Еділ!

Ел жайна.
Дон — құшақ жай, алқала.
Шырқа бұлбұл, ән сайра,
Көз салды елім картага.

УКРАИНА

Ежелден біз,
қазақ халқы,
Украинаны сүйетінбіз.
Бейне теңіз ұштасатын
Украинаға ниетіміз.

Ел аузында ертеғілі
Сенің жырың жатталатын.
Киев, Харьков ардақты аты
Жүргегінде сақталатын.

«Украина — сәулетті» деп,
Шар тараптан ағылатын.
«Сәулетке сай — дәүлетті» деп,
Жүрек сөзі жазылатын.

Суы шекер, шебі шүйгін,
Жұрты — жомарт, елі — маңғаз,
Мейірлене сылаң қағып
Келгенінде күлімдеп жаз.

Ұлың Даниил сенде туын
Айбынымен қадаған-ды.
Сенде Тарас мұхит жырын
Шырқап, жанға балаған-ды.

Батыр Богдан айбаттана,
Дұлығасын киген сенде.
Аттандырып ардақты ана,
Маңдайынан сүйген сенде.

Көркем ару,
батыр жігіт,

Тастұлектер өскен сенде,
Гүл тербеліп,
жұпар бүркіп,
Самалды жел ескен сенде.

Батыр халқым, батыр салтың,
Келе алмаған жауың беттеп.
Арпалыста,
жекпе-жекте,
Жапырдың сен, жауыңды өктеп.

Сұмандаған
талай жаудың
Салдырымадың шеңгелдерін.
Былғатпадың нас аяққа
Қасиетті елдің төрін.

Жүргегі бір Кремльмен
Қосылатын шаттық күйі,
Көзді тартып салтанатты
Киев, Харьков зәулім үйі.

Қазақ,
сені жүргегіндей
Ыстық көріп,
ардақтаған.
Ақын, шайыр шырқап сені,
Жазған жырын, арнап саған!

Кеше қазақ
топырағыңды
Қасиеттеп сүйген сенің.
Қорғап, сонда,
салған ұран,
Жауға бермей, туған елін!

Бұгін, міне, қосып әнге,
Әсем күймен жырландың сен,
Коммунизм шұғласымен
Күндей балқып нұрландың сен.

Салтанатты ұлы өмірді
Бақшасында,
жасап еркін.
Сүйіндірген жүргегімді
Жарқырайды сенің көркің.

Жаса, бауыр,
Украина!
Күнмен бірге жайнаң қағып.
Миллион сәлем!
Жолдаймыз біз,
Болсын саған:
мәңгі даңқ!

ГҮЛДЕНЕДІ ҚАРАҚҰМ

I

Шықпаған саған бір селеу.
Қу медиен Қарақұм.
«Ұлыған зарлы, бір бебеу...
Я, албасты

яки жын»—

Деп аңыз ғып жырлаған,
Жыршылар өткен күнінді.
Аяқ басты кім саған,
Кім қопарды құмынды?..
Құрысып жатты тамырың,
Құрдым тарттың,
Мелшиіп,
Аңызғақ болды — өмірін,
Қарақұлақ селтиіп,
Ертеде елдің арманы,
«Бұғалық салу» саған да.
«Құс қанаты талғаны,
Құралай соққан далаңда».

II

...Келеді толқын Жейхуннан,
Жылжыды өзен,
Қойнынды аш!
Арылдың құмнан,
Бер!— кезең,—
Тылды боран,
Мауқың бас!
Тамырың иіп гүлденіп,
Жайқалар мақтаң далада.
Зәулім үйлер түрленіп,

Жағаңа салған, қалада
Алабыңа мал толып,
Ән салар шопан шырқатып,
Жапаныңа сән толып,
Заводтар тұтін бұрқатып...
Алқызыл гүлдер теңселіп,
Бақшаңда сайрап сандуғаш.
Келеді толқын еңсеріп,
Шулама боран,

Мауқың бас!
Толқынды бұрып болат қол,
Шеңберлеп иді тұлатып,
Солқылдатып темір жол,
Жоныңан өтер зулатып,
Сылдырлап ағып бұлақтар,—
Суарар.

Шөлің қандырап.
Өлкеңе бітіп бүйра тал,
Жұлдыздан шамын жандырап.

III

Батыр қолды салдық біз,
Құм көрпесі түрілді.
Бізден басқа кім салды із,
Баса-көктеп құмынды?
Мейрімсіз, қатал табиғат,
Көндіреміз, біз сені.
Тілсіз дүлей от, апат;
Сөндіреміз, біз сені.
Ежелден Амудария
Береке біткен құт еді.
«Тезірек кел,— деп,— қария!»
Қарақұм сені күтеді.

БАҒАНАҒА СҮЙЕНГЕНДЕР

1

Тұнгі он бір шамасы,
Шет елдің бір қаласы.

Қаңырайған,

Тым бұйық.

Түссіз, тұрсіз,—

Ажарсыз,

Құнсыз нұрсыз, базарсыз,

Мұңға батқан тұңғиық.

Жері де тұрсіз секілді,

Көгі де құнсіз секілді,

Әйтеуір, бір мұң басқан.

Кейде ауыр күрсініп,

Кейде ызаға тұншығып,

Ыңырсыған үн басқан.

Толып жатқан бағана,

(одан әрі санама...)

Ұзын көше,

Зор алаң...

Дір-дір етіп иегі,

Бағанаға сүйеніп,

Зар илейді бір адам,

Жалтылдаған құймелер,

Жылтыраған түймелер,

Тіміскіп жүр ерінбей...

Қарғыс айтқан күбірлеп,

Жылап тұрған дірілдеп,

Жап-жас жігіт өрімдей,

— Жігіт,

Неге жылайсың?

— Жыламай қалай шыдайсың,

Кәсібім жоқ,

Жұмыс жоқ.

Бір тиын жоқ қалтада,

(түслегелі қалтаға...)

Нелер уақыт,

Болды көп...

Әлсіз бе, әлде

Күйсіз бе?

(Кім біледі үйсіз бе?..)

Жігіт жерге құлады.

Көзден жасы мөлтілдеп,

Жұмыссыз сорлы еңкілдеп.

Жер бауырлай жылады.

Құңғренген бір қала,

Толып жатқан бағана,

Бағанаға сүйеніп,

Бір жігіт тұр тағы да,

(Өткендерге жалына...)

Дір-дір етіп иегі.

— Жігіт неге жылайсың,

Неге қайыр сұрайсың,

Тіленшілік кесіп пе!

Тілеп алған түйір нан,

(әлде саған бұйырған)

Ежелден бір несіп пе?

— Сұрама оны, ағажан,

Әлім бітті.

Берші нан?

Таң сәріден нәр татпай.

Көзім кетті бұлдырап.

Қарауытып,

Тұнжырап,

Бір тілімдей нан таппай,—

Деді де сорлы сүрінді,

Әлде нені қарғады...

Сандалғандар қаңғырып,

Бағана сайын жаңғырып,
Үнін қоса сарнады.

11

Тұнгі он бір шамасы,
Шет елдің бір қаласы,
Күніренген,
Зор алаң.
Тіленші, ылғи зарлы адам,
Бағана сайын сарнаған,
Дейсің бейне есалаң.
Ақшасы жоқ,
Наны жоқ,
Үйсіз,
Күйсіз,
Әлі жоқ,
Бар кәсібі тіленген.
Аш, жалаңаш дірілдеп,
Қарғыс айтып
Күбірлеп,
Бағанаға сүйенген.
Ыңырсыған...
Сарнаған...
Күніренген...
Зарлаған...
Аз-ақ қалған өлімге,
Тұн.
Қараңғы,
Көңілсіз,
Сыйқы кеткен
Өмірсіз
Капиталдың елінде.

ТЕЛЕГЕЙ ТЕҢІЗ ДАРИЯ

Астық, астық!
Ұшан-теңіз білемін.
Астықтан да күш алады түлегім.
Астық деген өзегі ғой өмірдің,
Астық десе, талғам табар жүргегің.

Қуанышы қандай қызық Оралдың
Бәрекелді!
Топтан озып, жол алдың!
Ақ Жайықтың бұраң қаққан талына,
Қанат қағып,
қаршыға бол қонармын.

Гүл шоғынан шуақтаған Жамбылым,
Сыйлады елге астық толған «сандығын».
Күн-түн демей,
Тыным таппай диқандар,
Орындағы Ұлы Отанның жарлығын.

Сөз береміз, енді сұлу Қекшеге,
Арт астықты Алқабыңды кестеле!
Екі құрбың жүлде алғанда елінен,
(Үәделерің өзің берген есте ме?)
Уа, Қостанай!

Енді сенің кезегің.
Жалындаған жігерінді сеземін.
Кемерінен шаттық күймен шалқысын
Тобыл, Әйет — қос арналы өзенім.
Астық, астық!

Өзегі ғой өмірдің,
Астық, астық!
Берекесі елімнің.
Астық десе, асқақтайды өлеңім,
Жайқалатын жемісі ғой көңілдің.

Соқты жүрек,

Соқты жүрек, толғана,

Айбынды ту, қызыл туды қолға ала,

Мықты қолдар, сом білектер қосылсын,

Партияның өзі берді жолдама!

Толқы, дария!

Толқы, дария, тебірен!

Толқысын күш Қазақстан елінен.

Кең даланың, ен даланың ерлері

Орнынды ал

Ұлы Отанның төрінен!

ҚАРТ ЖЫРЫНАН

Ойламаймын сірө, мен,
Қартайдым деп бүгінде.

Алаңсыз-ақ жұртпен тең.
Келіп жеттім бүгінге.

Оқуын биыл бітіріп,
Оралды үйге Арыстан.
Қарсы алдым жылдай күтініп,
Құшағым жая алыстан.

Тынықшы жаным, біраз күн,
Еңбегің күтіп тұр алда.
Қалаймын сарай кірпішін,
«Мен қартпын...» деп тұрам ба!
Шал — деген сөз ескірген,
Ұлым, қызым, осыны ұқ.
Үнім қырдан естілген,
Жігерім мол.

Күшім нық.
Пенсиямды сана сам
Кейлегім көк,
Тамақ тоқ.
Терең ойлап қарасаң
«Шал» деудің де реті жоқ...
«Қарт ата!»— деп сыйланадар,
Алғыс айта жүремін.
Шалқар дәулет. Өмір — бал,
Алаңсыз-ақ күлемін.

КҮРІШ АЛҚАБЫНДА

Шаңқай тұс. Күн шыжыған.
Күріш тағы сарғайды.
Таң сәріден қарт адам,
Бүкшендейді, тынбайды.
Арам шөпті жұлдып жүр,
Күнге күйіп шал сорлы;
Тілімдеген білегі,
Сояу жыртқан қос қолды.
Жылдар бойы қарт жапон,
Тартып азап, бейнетті,
Қарғапты «әділ құдайын»,—
Әділеттік көрмепті...
Тер ағады бүршақтап,
Ауыр еңбек қинаған:
Ашы тері шықпаса,
Аш қалады үйлі жан.
Алым-салым көбейді
Жалдап алған жер үшін.
Көррі де белгісіз,
Еңбегінің жемісін?..
Өкімет соққан қатал зан,
Сорады қансыз сүлдесін.
Қаңқадай қатып қажыған
Төлемекші шал несін?..
Бірақ таяу, таң жақын —

Азаттық алып қарт әлі,
Бай-мырзасын дәл осы
Арамшөптей қырқады.
Емін-еркін өзі алар
Өнімін де күріштің...—
Естіледі дабылы
Ең соңғы ұлы күрестің.

ҚАНАТТАНДЫ ЖАҢА ЖЫЛ

Самғап ұшып жаңа жыл
Қанатын қақты көгімде.
Жырланады
Жырлар жыр
Жарқылдап елдің түрінде.

Ескі жыл өрен, қызықты,
Өткені алуан ғажайып.
Тапсырма жолын сыйзыпты;
«Кел, жаңа жыл жазайық!»—

Дегендей.
Досын құшақтап,
Төрінен берді орынды.
Жылды-жыл жылжып,
Күшаққа ап,
Аспаннан нұрлар себілді.

Тербеліп бейбіт өмірдің
Ырғалды ырғай бесігі.
Тасыды жарқын көңілдің,
Тасыды шалқар несібі.

Арайлы жиек жаңа жыл
Сарайы — қазына, ырыстан.
Шұғыла, сәуле төгіп нұр,
Шұрайлы шалғын қоныстан.

Күн шырайы аймалап,
Алқасы күміс ақ қайың.
Құледі көктен ай қарап,
Жылдың жүзі нарттайын.
Ескі жыл берді есебін,

Жаңа жыл сөзді...
Сүйінді:
«Сертіме жетем. Өсемін».
Айқара тонын киінді.

Тұлғасы ғажап, келбетті,
Кіршіксіз жүрек, ақ қанат.
Жаңа жыр шырқай, өрлетті,
Тыңдады әнін шартарап.
Тыңдадық біз де қосылдық,
Шарықтап кеткен үндерге.
Шарапты жылға ұсындық
Құндақтап қызыл гүлдерге.

Жел еседі аймалап,
Алқасы күміс аққайың.
Балқиды көктен ай қарап,
Дидары жылдың нарттайын.

Ырысты Отан төрінде,
Жайқала жылым, жайнанда.
Қақ қанатты көгімде,
Сайранда елде, сайранда!

ҚАЛАМ СЫРЫНАН

* * *

Зәулім, ғажап музейге,
Алыстан хош келіпсіз!
Бір қалам түр музейде
Көз тартады еріксіз.
Қарасаңыз.

Бұл қалам,
Сыры терең океан,
Көзін тігіп бар ғалам
Қуанғанда барлық жан
Таң атырған жиһанға
Октябрьмен бір туып.
Дәл сол күні...

Сол таңда,
Нұры шалқып күн туып.
Айбынды күй шырқалып,
Октябрь!— деп оркестр.
Тентек теңіз бұрқанып,
Толқыны ойнап,
қосты жыр.
Ойы терең.

Қаламның
Сызуында сыр жатыр.
Бақыты үшін адамның
Адаспайтын жол жатыр.
Сызды қалам жолдарын
Бақыт пенен өмірдің,
Сызды қалам жолдарын
Бұлтты ысыра,
женүдің!
Сол қаламмен атты таң,
Қол қойғанда:
Ульянов.

Тыныс алып бар жиһан,
Құйды сәуле, нұр жанып.
Бейбітшілік ұраны
Сол қаламнан тарапты.
Бар әлемнің күй-әні
Жаңғырықты жаңарды.

* * *

Москва.

Зәулім музейге
Көргө хош келіпсіз!
Сол қалам тұр музейде
Көз тартады еріксіз.
Қарапайым бір қалам,
Сыры терең океан,
Көрген оны барлық жан
Бейбітшілік!— деп ұран:
Жаңғыртады жиһанды,
Көтереді ұранды—
Көкке ұласқан туынан.

* * *

Москва.

Ленин музейі.
Көргө, жолдас, барыңыз!
Музейде қалам тұр еді,
Қаламға көз салыңыз!
Қатар қойған қаламмен,—
Бейбітшілік декретін,—
Оқимын.

Жаттап алам мен,
Бақытқа — жол,
Өмірге — үн!

ТҮРКИЯ ТҮНЕГІНДЕ

Балықесир (Түркия) қаласының адамы
Якуб Калкан өз қызын 200 лираға сатқан.
Қызы көнбекен соң, мылтықпен атып өлтірген.

(Газеттен)

1

Сағым да емес,
Бу да емес.
Себілгендей көктен у.
Көшеде қызған тәбелес,
Айнала зарлы, ызың-шу...

Сұрықсыз қала алаңы
Тұр түнекпен ұласқан.
Қақтығып қала адамы
Күбірлеп кіммен сырласқан!..

Тіленші де қақсайды,—
Суалған жағын көрсетіп.
Зарлы бір әнін бастайды,
Жанынан біреу кетсе өтіп.

Отырған сонау бір бала:
— Айрылдым кеше анамнан,—
Дейді, байғұс зарлана,
— Жетімге мендей қараңдар!

Сексенге келген селкілдеп,
Көшеде отыр бір кемпір.
— Не берсеңде еркін,— деп.
Ыңырси айтып мұңлы жыр...
Балықесир шаһарын,

Мұн,
қайғы,
шер кернеген.
Сұрықсыз қала адамын,
Қайғылы құйлер тербеген,

||

Якуб Калкан сұрланып,
У ма!..
Қан ба!..
Тамсанды.
Үйде жатқан бұралып,
Алақтап аш ит қарсы алды.
Шақырды қызын.
Біреуге
Айтпақшы боп сатқанын
Айтпасына қалды не?
(Оңай олжа тапқанын...)

Сөл жок, түсі бұзыла,
Түнеріп,
Қатқан қабағы.
Жүгіріп келген қызына,
Якуб Калкан қарады:

— Саттым!
— Қалай әкежан?
— Бағаң лира екі жұз.
Сауданың саған несі таң?
Сатылу үшін туған қыз!
— Сатылман!
— Әке, көнбеймін,
Мейлі байла, мейлі өлтір!
Жатқа күң боп ермеймін,
Ризамын өтсем болып тұл.

— Көнеспін, қызым... Көнбеске,
Әкең айтты не шара?
Сатылдың енді, ермеске
Амалың қанша, бишара?

Арада ашу сөз болды:
— Саттым!
— Сірә, сатылман!
Әкенің түсі өзгерді,
Кернеген бойын ашудан,
Қызыға қарсы ұмтылып,
Қатығез Калкан долданды.
Ілулі тұрған мылтығын
Оқтана кезеп,
Қолға алды.

III

...Атылды мылтық
Тиді оқ,
Будақтап түтін
Сарт етті.
Кінәсіз сорлы дөңгелеп,
Ah ұрып барып, жалп етті...

Атқан
Қатал мейірсіз,—
Әкенің қатқан қабағы.
«Бағасы: лира екі жұз...»
Өлікке сұсты қарады.

* * *

Көшенің, әрбір алаңның
Бұзылып сиқы.

У сепкен.
Қаладан — сиық, адамның
Ажарынан сұр кеткен.
Тұнжырап,
 Қатқан қабағы,
Якуб Калкан ызалы.
Басып тұр түнек қаланы,
Атылар талай қыз әлі...

КӨКШЕДЕГІ КӨК ШАТЫР

Көкше, Көкше, тағы сені аңсадым,
Сағындырды сексен көлің, кәусарың.
Өзінде ескен балғын кеңгі құндерді
Қалай жырлап, уа, достарым, таусармын!

Еркелеткен елің сені «Көкше!» деп,
Әтірдейін аңғарында ескен леп.
Жасыл күмбез,
төңкерілген шатырың,
Қалағандай сұлу қолмен текшелеп.

Әжем менің дарқан еді, жайдары,
Айтатұғын сырлы сөзді қайдағы...
«Сексен көлден сегіз тамшы су ішсөң
Балам, балам, саулығыңа пайдалы...»

Әже сөзі сіңген әбден құлаққа,
Аунап жаттым көк майсалы құраққа.
Сексен көлдің айнадайын айдыны,
Ұқсас еді жүз толқыған сынаққа.

Сексен көлде көк шатырлы қарағай,
Қатар тізген, көкке бойлап жағалай.
Қалың арша қою біткен тебендей,
Қолың созып әлдилеген баладай.

Айыр өркеш сұлу Көкше тауының
Әлсін-әлсін сеуіп меруерт жауынын;
Сілкіндіріп, кенелдіріп тастайын
Қойнауында қоныс еткен ауылым.

Ауыл қандай самаладай, тізілген,
Нәзік үндер орманында үзілген.

Сан құбылып, жалт-жұлт етіп,
жарқылдап.
Төгілгендей нұр сәулесі жүзінен.

Жанға сая, дертке шипа самалың,
Қайықпенен кездім Бура аралың.
Торайғырдың оқшау-текше шыңында
Бала бүркіт бар ма екен деп қарадым.

Талай ақын өткен сенің тұсындан,
Сонда Қекшем көк пердесін ысырған,
Қанаттанып Сәкен, Илияс саңқылдап,
Сен де Ыбырай «Гәкку» құсын ұшырған.

Таң сәріден сандықтауың бұлдырап,
Қараша көл Зереңдіден құлдырап,
Алқабында ән мен күйден үй тігіп.
Пернелерін тастағандай мың бұрап...

Артық емес, десем жердің еркесі,
Тау шоқтығы көкті құшқан өркеші.
Көріктенген салтанатың тамаша,
Ғажапсың-ая! Қазақстан өлкесі!

Көкше, Көкше! Тағы сені аңсадым,
Сағындырыды сылдыраған көусарың.
Өзінде өскен бала кезгі күндерді
Қалай жырлап, уа, достарым, таусармын!

ҮНДІСТАНДА БІР АҒАШ

Өседі бойлап, өседі,
Үндіде өрлең, бір ағаш.
Қолымнан еккен кешегі
Желкілдеп есті бұл ағаш.

Көмейден күйін сызылтып,
Қонады үнді бұлбұлды.
Баяулап, бірде үзілтіп,
Сыңғырлап, кейде жылжыды...

Тамылжып күнің шұғыласы,
Алқалап сәуле төгеді.
Мәлтілдеп меруерт құрмасы,
Желкілдеп жеміс желегі.

Талпынып көкке ұмтылған
Бүрлейді ағаш,
бүрледі.
Алқызыл, күрең құлпышған,
Жайқалған жапырақ, гүлдері.

Саясы қандай көлеңке,
Самалы ашқан кеудені.
Сылдырап сүйіп, жел ерке
Жасарды, жайнап өрледі.

Өрлесе ағаш, дос қарап:
Таңырқап түрді тұлғаңа.
Тоғысып бұлақ, шартарап,
Жадырап жаздай ырғала.

Шырқ айналып сыйтырын
Ұшады жасыл көбелек.

Өргендей ару бұрымын,
Сипатың қандай керемет!

Қолдан еккен ағаштан
Көремін достық айғағын.
Бір ағаш емес, жүз ағаш
Жайнатсын үнді аймағын!

СОҚ ӨЛЕҢНІҢ АСЫЛЫН

(Қасым Аманжоловтан хат алғанда)

Сау-сәламат жүрмісің,
Жаны жарқын, Қасымым!
Жыр шыңында тұрмысың,
Соғып өлең асылын.

Ақылыңды, сөзінді,
Қабыл алдым.
Тыңдадым.
Көргендей-ақ өзінді,
Қосылдым да жырладым.

Алалық жоқ көңілде,
Алаңдамай жүріңіз.
Жайнап келген өмірде,
Жабырқамай тұрыңыз.

Суарылған қылыштай,
Сыны кетпес асылым.
Тойтаратылмас құрыштай,
Жандай досым, Қасымым!

БАЙТОУШАН БИІГІНЕН

Байтоушан биік жанар тау,
Оны кімдер білмейді?..
Қиялай ағып бектерін
Туман-ганг өзен гүрлейді.
Біекте тұрып айбынмен
Түссе де көктен оқ пен жай.
Сөйлейді қызы Корейдің
Жалынды жүрек

Пак Ден Ай;

Берелік сөзді:

тыңдаңыз!

Жанар тау сірә сөнбейді.
Адал қызы Корейдің
Пак Ден Ай енді сөйлейді:
«...Әлемде, барлық адамзат,
Сұмдықты қара, қан төккен
Ананың тыңда, азабын,—
Арындан оқقا,

Зар шеккен,

Аспандап ұшып самолет,
Даусы қандай жексүрын.
Ажалын тасып, у сеуіп,
Қаптаған көkte күн нұрын.
Зәресі кетіп Ким Лидің,
Арқада таңған бебегі.
Өкпесі жанып, алқына
Жүгіріп ана келеді.
Өзі де білмей елеуреп,
Сасқаннан қайда баарын,
Сақтамақ болды тасалап,
Көзінің нұрлы жанарын,
Бір кездे көктен шүйіліп,
Самолет оқты тастады.

Жаңғырып кетті күнрене
Байтоушан шыңы, тастары.
Жалыны көкке будақтап,
Жанаң тау дір-дір сілкінді.
Бектерде жылжып Туман-ганг,
Мәлтілдей ақты тым мұнды...
Таңырқап таудың текесі,
Иолон — бәрі ұлыды.
Дегендей болды бәрі де:
— Бұл кімнің лаңы, сұмдығы?..
Жаңғырған осы дауыстар,
Қаһарлы қарғыс үні еді.
Арқаға таңған бәбегі,
Алқынып ана келеді.
Жүргегің сірә шыдамас,
Ананың зарын тыңдауға.
Жетер ме ақын тілі де
Сұмдықты мұндай жырлауға!..
Жүгіріп келсе үйіне,
Лауылдан жанған ол-дағы.
Тартпалы бесік, мұкамбал,
Бәбектің жылы құндағы...
Отыра кетті.
Тоқтады,
Ким Ли енді сасқаннан.
Шартылдан жатты бомбалар,
Зуылдан жерге аспаннан.
Азырақ демін алған соң,
Арқадан шешті бәбегін.
Ойына оның келмеген,
Бәбектің бұлай өлерін.
Баланың басын оқ жұлып
Кетіпти, алып, қараса.
Білмепті оны сорлы ана,
(Жүргенде жаны таласа...)

Ким Ли қалды панасыз,
Бебегі өлді.

Үй жанды.

Жүргегін кекке суарып,
Азалы ана долданды.
Көкргіне у толып,
Толғанғанмен не шара?
Сөндіруге жалынды
Бел байлады кекті ана.
Аймалап, қысып құшаққа,
Сүйді да ана бебегін,
Сертін айта, ант бере,
Шыңдады қайрат жігерін.
Қаруын сайлап, партизан
Отрядына қосылды.
Кекті анатың қолынан
Жаудың қаны жосылды...
Жиһанда барлық адап жан!
Бұл соғыстың сұмдығы.
Қанға құмар құныққан,
Айуандардың ындыны!
Бейбітшілік туын біз
Көтерелік жан-жақтан.
Осы ту — енді құтқармақ
Зардан, мұнан, апаттан!
Деді де, кекті айбынмен,
Түссе де көктен нажағай,
Тастады ұран жалынды,
Корей қызы

Пак Ден Ай.

Сеуледен түнек серпіліп,
Құшады көрін Ли Сын Ман.
Тиылып аққан селді қан,
Жарқырап атар нұрлы таң.
Янкилік өңшең жендеттер

Төбене жасыл тасталар.
Ертең бе, яки бүгін бе,
Әділет соты басталар!
Байтоушан биік жанаң тау,
Жалыны оның сөнбейді,
Үкімін айтып сендерге
Пак Ден Ай, әлі, сөйлейді!..

АЛАСЫНДАР МА?

Бұлдіршіндей төрт бала
Өңі қашқан дірілдеп,
Айналады сорлы ана
Әлде нені күбірлеп...
Күбірлейді үйлеп,
Елжірейді толғанып,
Іштен шыққан жалын леп,
Ызаланған долданып,
Қолдан келер дәрмен жоқ,
Долданғанмен не шара!
Төрт бебегін «күнім» деп,
Айналады бишара!
Төрт баланың алдында
Бір жазылған тақтай тұр.
— «Балаларды сатамын!

Бағасы арзан,

Тоқтай тұр!»—
Деп, тақтайға жазылған,
Мұнға батып ана тұр.
Өңі қашқан, бозарған,
Дірілдеген бала тұр.
«Сатамын!»— деп, жалынып,
Өткендерге қарайды.
Қайысқандай қамығып,
Әлде нені санайды.
Сатпасына сене алмай!
Құн көруден қалған соң,
Жүрек тіліп ащы зар,
Аш өзегі талған соң,

Деді дағы тым қымбат,
Өте шықты бір жуан,
— Қане аламын!

— Маған сат!
— Төртеуі де бір туған
Бала ма?— деп, әлгі сұм
Қарқ-қарқ етіп күледі,
Деген сөзі — «Қымбат тым»
Ана өзегін тіледі.
Бұлдірген бет төрт бала
Түсі кеткен дірілден.
Сорлы ана, бишара
Шырқ айнала күбірлеп...
Бұл уақиға,
 Бұл сұмдық
Америка елінде,
Бұдан асқан айуандық
Бар ма сірә, тегінде!
Асырауға әлі жоқ,
Ана сатқан баласын,
Қызығы жоқ,
 Сәні жоқ.
Сұмдық басқан қаласын.
Алма беті суалып,
Мұңға батқан аналар.
Дірілдеген қуарып,
Бақытсыз онда балалар.

ЛАҚТЫРЫЛҒАН БӨБЕК

«Тегеранда (Иран) Мәсүмө дәйтін
әйел аштан өлең болған соң, ез ба-
ласын өзі үйдің төбесінен лақтырып
жібереді».

(Газеттөн)

Бала — аш,
ана — жалаңаш,
Тұман басқан Тегеранды.
Сұрланды бөбек,
қиналды,
Ықылық атты, ыңранды...
Әлдилеп ана бөбекін,
Аймалап басын төсіне.
Бебеу қағып, қалтырап,
Ананың қалмай есі де,—
Қарғады қара өмірді,
Мейрімсіз аштық шеңгелі
Сай-сүйегін кемірді.
Бөбектің алма жүзіне
Өлімнен белгі шарпылған.
Сарғайған,
Бөбек алқынған.
Қиналды ана,
Дәрменсіз,
Қолдан келер не шара
Боз торғайдай безілдеп,
(Шырылдайды бейшара...)
Қолқасын у жегендей.
Қысылды Бөбек,
ыңранды.
Ыңранса бөбек,
буалдыр,
Басады тұман Тегеранды.

||

Көтеріп алып баланы,
Төбесіне шықты үйдің.
Сезеді ана сұмдығын,
Сұрқия, безер — бүл күйдің.
Тәңкөріліп кетті' ми.
Тілінді жүрек,

Алқынды.

— Аспаннан аққан жұлдыз,— деп,
Бебегін жерге лақтырды.
Қара өмірдің түнегін,
Түрге келмей шамасы.
Қара жерді құшақтап,
Өліп жатты баласы.

|||

...Жалғыз ғана бүл емес,
Талай бөбек ыңранды.
Бала — аш,
ана — жалаңаш,
Сұмдық басқан Тегеранды.
Айы — ажарсыз, күні — түн,
Зарлаған мұң жан-жағы.
Өшірген үнін бөбектің,
Аштықтың ажал қармағы.

«ҚАРАҒАШҚА» ХАТ

|

Бес түп ғана қарағаш
Болатын бала кезімде.
Ауылдың сиқы жалаңаш
Боранның дүлей көзінде...

Бәйдәulet, Бәжек зыр қағып,
Талдан істеп, ықтасын.
Мазасы кетіп, сұрланып,
«Аз ғана мал ықпасын»—

Деуші еді,
әлі ұмытпан,
Қымқыра киіп тымағын
Қаһарлы аяз сұыққа,
Шалдырган талай құлағын...

Балалар үйде жиылдып,
Сақылдаپ тісі дірілдеп.
Кәрі әжем көже сый қылдып,
Жаутаңдаپ көзі іріңдеп.

Бес түп қана қарағаш
«Беу-беу басып», ысқырып.
«Ақ дәңгіл» үсті жалаңаш,
«Ақ дәңгіл» үсті үскірік.

«Осы түрған қарағаш,
Орман болса жайқалып.
Көркіне әр ағаш,
Сыбдырласа найқалып.

Шөліркеген сар дала,
Лықсып толса егіске.
Көзді тартып айнала
Мал шұбырса өріске!

Бораныңды елемей
Жүретін бір күн туса.
Ұл да, қыз да бірегей
Ігі іске ұмтылса!

Аңырып жатқан «Ауыз тал»,
Таспадай бол тілінсе.
Бұрсаң қаққан балалар,
Мектебіне жүгірсе...»

Деген арман әркімнің
Жүргінде гүлдейтін.
Күйлерін шертіп зар күннің
Жел ғана тыста гүлейтін.

Бес түп қана қарағаш,
Орман бопты бұл күнде!
«Ақ дәңгіл» үсті сән, көрік,
Аңқиды исі гүлдің де.

Дір қаққан бала, әке жоқ.
Күлімдеп маған қарайды.
Еңбекке, жырға бөледі
Әр күнді өткен, әр айды...

Байшағыр тіпті көңілді
Өзіне салып әдемі үй.
Текшелеп көрпе төріне
Жарасыпты сәнді күй.

«Тапшыл», «Ортақ», «Октябрь»,
Ұстаса қолды жымдасты.
Есілді қызық бір сыйыр,
Бикен мен Жәпен сырласты.
Нұрқасым, Құнтас, Нұғымар
Ортаға салып еңбегін.
Кеңесіп отыр, сірә, олар,
Кімдердің алда келгенін.

Таумұрын, Ғалым, Кенжебай,
Қызық-ау, неге қүледі?
Өнімді еңбек, ісі сай,—
Екенін олар біледі.

Қарттардың жүзі ажарлы,
Азабы қашқан жым болып...
Мал күйлі,
жері құнарлы,
Әңгіме ылғи тың болып.

Іріңің көзде ізі жоқ,
Құлпыра әжем басады.
«Жегені — семіз,
кейлек көк»,
Сарғая берсін қашанғы...

Бес түп сида қарағаш,
Қараши, қазір ну орман.
Қарағаш емес жалаңаш,
Толықсып бүгін нұр толған.

Шимайла, шеңбер жол салып,
Колхозым — сайран,
сән-қызық.
Отырмын қарап толғанып
Жырымнан жолды мен сзып...

Достарым едің.

Мен көрген,
Ақыл да айтты дерсіңіз...
Озған ба, әлі сендерден,
«Пятилетка» көршіңіз?!

Мектепке кірген балаңыз
Әріпті дұрыс жаза ма?
Оған да бір сәт қараңыз,
Үйлерің жинақ, таза ма?

«Соғым семіз болды» деп,
Әлі де солай жүрмісің?
Сарымсақ,
картоп, •
жасыл-кек,
Бар ма ауылда үй құсың?

Жаямын құшақ Мәләжан,
Сүйдірші маған Гүлжанды.
Көргендер бір қалды таң,
Менгерді Гүлжан тыңдарды.

Меңетай бізге керекті
Қарт еді ғой, тілін ал!
Гүлбәдәндей бебекті,
Еркелетсін бұйра тал.

Маруся, сен де жүрмісің?
Киевте біз таныстық.
«Қарағашта» міне, енді
Тағы да қол алыстық!

Улгі болдың тың жерге,
Олексо, Иван, Деснягім...

Тың даланы — бұл жерді
Аудара түс, достарым!

«Басқармаң» қалай бастайтын,
Колхозшы оған ере ме?
Әлде бір зекіп тастайын,
Тебеден түскен төре ме?
Кекшениң жері сұлу-ақ
Сұлудан сұлу, бір нәрсе:
Астықты үй!
Малды бақ!
Сұлулық сонда әсјресе!

Әрине, «өзің бір келші»—
Дейсің ғой,— тез-ақ баaramын.
Барамын-ақ дегенше,
Аралап сені қарапын.

Сонда мен де сүйермін
Киевтен келген достарды.
«Қарағаш» сенен тілеймін,
Сен де шырқап,
қосшы әнді.

III

Бес сандыра қарағаш,
Болатын бала шағымда.
Сол ағаш емес жалаңаш,
Сайрайды бұлбұл таңында.

Май айының көкегі
Дауысына орман жаңғырған.
Құлағына жетеді
Асып әндер сан қырдан.

Сыйлығым тартқан бұл хатым,
Масатылы жеріңе.
Сүйсіндірген сымбатың,
Түрленген алқап, беліңе.

Кідірме, маған «Қарағаш»,
Артыңа қарап, алаң бол.
Жырламау маған жарамас,
Тұған соң сенің балаң бол!

№ 46 ҮЙ

...Бір үй тұр бау-бақшаның іргесінде,
Мол сырлы сеніменен тілдесуге.
Ескеріп, есіме алып, ескі достай
Кірдім мен самалды күн бір кешінде.

Кірдім де шолдым тағы өткендерін:
Сан-қия, жапырылған өткелдерін.
Шаңдатқан, бұрқан-талқан бүліншілік,
Қат-қабат дүрбелеңнің ескен желін.

Шықтым да ойға баттым сонда үйден,
Бақша да жаңғырықты дабыл күймен.
Бейне бір комиссармен дидарласып,
Өзіме дегендей бол — «...осыны үйрен!»

Осы үйде талай карта сызылыпты,
Андағай жаудың шебі бұзылыпты.
Кең ойлы комиссардың тұлғасына,
Дос түгіл дұшпаны да қызығыпты.

Осы үйде сол комиссар толғаныпты,
Қаруын, қаламын да қолға алыпты.
Кеңесіп, ақыл алып, жөнін сұрап,
Қалың ел қоршағандай Фурмановты.

Арайлап таңы атқанда Алматының,
Саяда сан құбылтқан алма түрін.
Бектері Алатаудың жаңғырыға,
Сілкінді естігенде оның үнін.

Ескірмес күн өтіпті дәл осында,
Терең ой, карта, дәптер бәрі осында...
Қайырып кейін қарай қалың шашын,
Фурманов отырғандай тағы осында.

Машина өтті зырлап үй алдынан,
«Комиссар отырмақ па, сірә бұған!?»—
Дегендей, ойға түстім мен де тағы:
«Бара ма, крепостқа енді жылдам...»

Артынан қуып жетті бір пар атты,
Қоңырау қең көшені даңғырлатты.
Қолына тежей ұстап делбекесін,
Жауынгер: «Әнене, есік қақты!..»

Сырланған, қандай әсем едені де,
Нақышпен оюланған кемері де.
Жалтақтап қайта-қайта қарай бердім,
Бір ізі түсті ме деп еденіне.

ТӨККЕН ҚАН БОСҚА КЕТКЕН ЖОҚ

Бірінші орыс революциясының
50 жылдығына.

Үскірік,
аязбен қарып,
Кектене соқты сұрапыл.
Түнере түсіп,
оқталып,
Бұрышта сұсту күзет тұр...
Соғады дауыл, соғады,
Үйіріп жел мен боранды.
Көтере түсті жоғары
Ұласқан дауыс ұранды.
Біз келеміз,
келеміз!
Толқынды, асау біздің күш!
— Біз жеңеміз,
жеңеміз!
— Көзіңді жоғалт!
— тақтан түс!
Көшеде,
Бұрыш,
алаңда,
Қасқая тартты қалың қол.
Кеүдені кере, басты алға,
Дегендей бүгін жауап сол;
Жаңбырдай жауып,
оқ зулап,
Сұрапыл толқын шайқалды.
Із салып қарға, жел гүлеп,
Сіміріп жатты пәк қанды,
Соғады дауыл,
айбарлы үн,

Күніренді шартарап.
Зәулім үй,
 заңғар шеркеудің,
Қабырғасын қалқалап
Атысып жатты
 атылды.
Қабырға қанға боялды,
Қаһарман жүрек қатулы,
Кектілер бүгін оянды.
Будақтап қағаз көкке ұшты,
Азаттық күнге шақырған.
Атысқан жендет жер құшты,
Жексүрын дауыс бақырған...
— Даусы болар ең соңғы!
Үзілер, көпкө ұзамас!
Жүрекке ыза, кек толды,
— Ілгері ұмтыл!
 — Тура бас!
Ұласты ұран, жел соқты,
Ұскірік,
 аяз бет қарып.
Тулады толқын, тым кекті,
Ыңғаша жүрек тұтанып.
Төгілген қандар,
 өшкен жан
/Кетсін неге тегінге/.
Сырылды түн.
 Атты таң.
Нұр ойнап елдің көгінде.
Толқында, теңіз, толқында,
Толқында, күшіп ел таңын.
Ұласа толқын толқынға
Арала, жырым, жер шарын!

«ЕЛ БАР СОНАУ АЛЫСТА»

«Бір кедей шаруа отаршылармен ұзак дауласып жүріп ақырында тулақтай ғана егін-дік жерінен айрылады. Үздіксіз азаптан құғын-сүргіннен, жазықсыз жазадан әбден қажыған соң, документтерін алады да, Тунис, Триполитания, Каир, Бағдатты басып ұзақ сапар шегеді. Сол кедей парсы Курдистан-ның бір аралында шалақансар жатқан күйінде табылған. Ол өзіне берілген сұрауга езілгендерді қорғайтын Совет еліне барып мұңымды шағайын деп шығып едім,— депті»

*/Алжир Компартиясының
КПСС XX съезіне құттықтауынан/*

...Жылайды шаруа, жылайды,
Қалжырап қатал өмірде.
Бір тілім нанды сұрайды,
Өзек болар өмірге.

Айрылған жерден ол сорлы,
Құғынның көрген азабын.
Лажы жоқ көтерді
«Тағдырдың» тартып мазағын.

Жазықсыз жанды жазалап,
Жарғандай аузын жараның.
Тепкілеп түйіп, табалап,
Ашады сұмдар аранын.

Шыжыған күн, ыстық леп,
Демін тартса күйдіріп.
Аңызақ жел түр гулеп,
Жер танабын идіріп.

Әлденелер секектеп,
Көз алдынан көшкендей.

Тұпсіз арман жетектеп,
Үміт кейде өшкендей.

Ұза кернеп, кек қайнап,
Соғады үлпіл жүргегі.
Шығаруға көкті айдал,
Алысқа құлақ түреді...

Қажыды сорлы әлсіреп,
Басады қасірет денесін
Болады енді кім тірек?
Көрер ме үміт елесін?

«Жоқ, жоқ! Енді шыдаман!
Шегейін сапар алысқа.
Жері бай, халқы шадыман,
Бір ел бар сонау алыста!»

Соны айтып сапар шегеді.
Өтеді талай шөлдерден,
Келеді шаруа, келеді.
Асады қия, белдерден.

Серігі боп көлеңке,
Таяғымен сырласты.
Әрі азат, әрі ерке
Ұшқан құспен мұндасты.

Шөліркеп ұзақ жолында,
Маңдайдан ыстық өтеді.
Үйіріп дала құмын да,
Жел де үйтқып кетеді.

Әлденелер ысқырып,
Ішін тартқан секілді.

Жолбарыстар жолығып,
Зәресін де кетірді.

Әлденелер мыңқылдаپ,
Қарсы алдынан шыққандай
Қаһарлана бүркүлдаپ,
Көрге қуып тыққандай.

Келеді шаруа, келеді,
Аңсаған елге бет алып.
Шалдығып сапар шегеді,
Жүректе кегі тұтандып.

Тунис, Каир, Бағдаттың
Бәрінен өтіп, аралап.
Қарағы, көзсіз болса түн,
Түнейтін жерін сағалап.

Шегеді сапар, шегеді,
Үміті алда елеңдеп.
Келеді шаруа, келеді
Жайнаған елді көрем деп.

Шексіз, шетсіз сахара,
Жапанда жалғыз бір өзі.
Жалғызға кейде бүрқанар
Тас табиғат міnezі.

Шаршаған ұзақ сапарда,
Үзілді шаруа, жығылды.
Рауандап таң атарда,
Өкпе ауызға тығылды.

Жүдеген, солған, қаусаған,
Қаңқадай боп құлады.

Жеткізбей арман аңсаған,
Біткендей болды құлағы.

Жол үстінде, аралда,
Шалажансар ол жатты.
Тауып алған адамға
Иегін қақты, тіл қатты:

— Шығып едім Алжирдан,
Бет алып Совет еліне.
Көңілде қайғы қалдырман,
Бассам қадам жеріне.

Іштегі шерді бір төгіп,
Айтуға шағып барымды.
Жүректен шертіп зарымды.
Арманымды, халімді...

Сол елге бір барайын,—
Дедім де, сапар мен шектім.
Мұңымды барып шағайын,
Жарасын жазар бұл дерптің.

Езілген елге панакер,
Қорғансыздың қамқоры,
Іздегенім — СССР,
Шығып ем көздең мен соны.

Амалсыз, әлсіз, жығылдым.
Қолтықтар енді мені кім?
Шешілер жері мұңымның,
Салтанат елі — Лениннің! —

Деді де, солай тіл қатты,
Тауып алған адамға.
Ессіз, түссіз ол жатты
Жол үстінде, аралда...

ЛЕНИНГРАД

Жүрекке ыстық сенің атың,
Ленинград — сүйген қалам.
Сүйген қала — салтанатым.
Сенде жалын дауылдаған.
Бесігінде дауылыңың
Тербетілген ұшқын жандар.
Төсінде ұлы дәуіріңің
Жарқырап атқан алтын таң бар.
Сенің таңың — Ленин таңы,
Сол таңда біз серпілгенбіз.
Халқымның шат болып жаны,
Шырқатылған еркін лебіз.
Көркің сенің көзді тартып,
Көркейесің төрімізде.
Нұрың ойнап, шұғылаң шалқып,
Сәуле төктің елімізге.
Сүйінеміз тарихына,
Жырды әктара жүректегі.
Көмкерілдің толқын туға,
Ленин нұры бөлеп сені!
Революция — айғағы ол,
Әрбір үйін, әрбір алаң.
Жаңғырды ұран, салынды жол,
Сенде тұңғыш, сүйген қалам!
Ленинград! Ленинград! —
Жүрекке ыстық айбынды атың!
Ленинград! Нұрыңды жақ!
Аса берсін салтанатың!

ЖҰЛДЫЗ ЖЫРЫ

Айға өрлеп

Жойқын еңбек,—

Балға — орақтың жолдасы.

Шыңға түссе із,

Қызыл жұлдыз,—

Жарқын өмір жол басы.

Қызыл жұлдыз,

Қызыл жұлдыз,

шлеміме қададым.

Ассам белен

жұлдызбенен

Жүрер жолды табамын.

Жаз, көктемде,

Тау, бектерде,

Жақты жұлдыз шырағын.

Жаңғырды күз,

Қызыл жұлдыз

Көкте қоныс, тұрағын.

Жұлдыз сәні,

Сәуле таңы

Бейбіт, шалқар өмірдің.

Жапа түзге,

Жұлдыз бізге

Нұрдан нұр бол төгілдің.

Орман, нуды, қызыл туды

Жарқырадың көмкере,

Ақын саған

Бағыштаған

Жұлдыз жыры еркеле.

Серік маған

Жарқылдаған,—

Жұлдыз.

Жұлдыз қададым.

Астым белең
Жұлдызбенен
Жүрер жолды табамын.
Құшыпты нұр,
Түсіпті бір,—
Кырда,
Тыңда,
Шыңда ізі.
Жайна, бағым
Карсы аламын,
Жаңа жылдың жүлдізы!

ОТАН АЯСЫНДА

Сөз алсам, Отаным! — деп ағындаимын:
Күш тасып жігерлене жалындаимын.
Шалқытқан шабытымды, қуатымды,
Шабыстан Отан десем, жаңылмаймын.

Сүйемін!

Отанымды сүйемін мен,
Жарайтын керегіне тиегің мен.
Тамылжып жарқыраған күн астында
Басымды тағзым ете иемін мен!

Мен сенің адап ұлың, азаматың,
Өзіңнен өзегіме нәр алатын.
Шың бойлап, ширақ аттап, кеттім
шырқап.

Әлемге қанат жайып қазақ атым.

Тыныштап самалыңың саясында,
Жарқылдап нұрлы күннің аясында,
Еркіндең, өрен шауып, іркілмедім,
Шықсам да қадам басып қай асуға.

Отаным, тура жолға өзің бүрдің,
Ғажайып кенін аштым нелер сырдың.
Телегей мархаббаттың теңізінде
Самғадым, салтанатқа құлаш үрдым.

Сарғайған сардаланы, сахналы,
Гүлдердің жайнаң қағып жапырағы,—
Кенеліп, кемеріне ырыс толып,
Елімнің құлпырады атырабы.

Отанның елі байтақ көлбендеңген,
Жері жоқ ебелегі ербеңдеңген.

Бірі — дос, бірі — бауыр, бірі — ағайын,
Садаға кетпейсің бе, елден ерен?

Көгіме сайран салып дүрілдеткен
Жеріме бақыт, еңбек гүлін еккен.
Марсқа жолын салып, Айды алқалап.
Жеріме коммунизм нұрын сепкен.

Отан! — деп, тілі шықты бал бөбегім.
Отан! — деп бөбегіме бал беремін.
Тербеткен гүлге бөлеп бесігіне,
Отанға жан беремін, ән беремін.

Ұшырып сан өнердің саңлақтарын,
Қондырып тұғырына, сен баптадың.
Қақ жарып: қанатыңмен қағып түстің
Зұлматтың қан шеңгелді тырнақтарын...

Нұсқасаң екі айтқызбай әмірінді,
Жаңғыртып қағамыз біз дабылыңды.
Шарықтап шың, басынан шырқатамыз,
Ардақтап мына ғажап дәүірімді.

Отанның ұрпағымыз, түлегіміз,
Отannан тыныс алған жүргегіміз.
Арналған ұлан-байтақ Отан үшін
Ар, намыс, қасиетті тілегіміз.

ДОСТЫҚ ЛЕНТАСЫ

Мавзолейге барғанда,
Көзің түсер бір гүлге.
Лентаға көз салғанда:
«Ұлы ұстаз Ленинге»—
Деп, жазылған, көз талып
Елестеген сәуледей.
Жүрекке нұр тұтанаңп.
Жарқырайды мавзолей.
Гүлге жетпес құшағың,
Лентада бір сыр бар.
Аялап әсем ұстазың
Құлім қағып құлпыраң.
Жұпар сеуіп түр гүлде,
Нұр шашырап, күн толған.
«Ұлы ұстаз Ленинге!
Бақыт құшып, түрлене.
Шексіз, шетсіз, байтақ жер,
Жасарады гүлдене.
Tau жаңғырып тасқынды үн.
Ел көгіне нұр жанды.
Жолыменен Лениннің
Көтереді тауларды.
Мавзолейге кіргенде,
Көз түседі сол гүлге.
Құрметпен бас игенде,
Ұлы ұстаз Ленинге.
Құйылып түр бүл гүлге,
Шың маҳаббат ынтасы.
Үзілмейді мәңгіге
Достық жүрек лентасы.

СУЭЦ СУРЕТИНЕН...

Көгілжім Ніл көтерілді,
толқыды.
Соқты келіп кемеріне толқыны.
Ішін тартқан, гүрілдеген дауыстан,
Мырқылдаған мырзалардың жортуылы.

Күтпеген-ді...
Олар мұндай толқуды,
Көрген де жоқ,
дәл осындаі толқынды.
Күйінішті, кекті ыза аралас,
Бастады олар сапырылған жортуды.

Қырық мың құлдар күшіменен қазылған,
Осылайша —
«қырық мың құлға — қазу заң» —
Деген бүйрық әлі есінен шыққан жоқ,
Суәктің қақпасына жазылған.

Қырық мың құлдың еңбегімен салынған,
Қырық мың дene шарпылғанды жалыннан.
«Ләхаяласын», «сұбханын» сыйырлап,
Тәңірісіне тағат ете, табынған.

Күн күйдіріп, маңдайында шалмасын.
Толтырғаны саз балшыққа арбасын.
Мойындарын,
білектерін сындырған,
Араб елі ұмытқан жоқ таңбасын.
Сонда араб
азап шеге зарлаған,
Жосылған-ды жүрген жолы
қан да қан.

Ауыр азап — теңізден...» деп телміре
Ніл бойында нала етіп, сарнаған.
Бел бүгіліп,

омыртқасы сөгілген,
Азабы ауыр,

ауыр азап — теңізден.
Қармағында сұм аштықтың тыптырлап,
Күніреніп аштық керней,

егілген.

Қолы сынған,
тобық тайған, ыңранып...

Аяды ай,
Есіркеді күн налып.

Топтырлаған топалаңнан түршіге,
Тебіренді Ніл толғанды да мұнданып.

Қайғы қоршап
уалаятын Мысырдың,
Тәңірінің дозағында қысылдың.
Сары алтынға Саид-паша сатылып,
Заң шығарған ұстемелі «ғұшырдың»
Араб елі,
Тарихыңды енді ақтар,
Тарихыңның батыр жолын сенде атқар.
Тіркеліп тұр, көз алдында тізіліп,
Жалба-жұлба, әлем-жәлем феллахтар

Тыр жалаңаш феллах жеген таяқты,
Ол «феллах» деп, қай тасбауыр аяпты.
Соққан дүре,
қорғасынды дойырдан,
Өнтек басқан есенгіреп аяқты.

Ғұшыр — салық.

Маңдайдан тер бүршақ атқан сорғалап,
Пәк денеңе әлденелер жорғалап...

Порт — руад,

Порт — тауфика,

Эль-кантар

өз мекенің,

өз үйінді қорғалап.

Қырық мың құлдар.

Қырық мың зеңгі қандары.

Қырық мыңның аш бүралған жандары.

Қырық мыңдаш ізі жатыр ойылып,

Көз жасының тамғаны да — таңбалы.

Денелерді шарпығанда дауылды от,
Көктен жауды зуылдаған жалынды оқ.

Ұмытпайды араб елі қасіретін,

Сахарада сарнаған бір эпизод:

«...Боздайды түйе, боздайды,

Боздаса шерді қозғайды,

Желден бетер оқ жүйрік,

Желмаям оқтан озбайды.

Тырналар көкте тыраулап,

Қайғысын елдің жыраулап,

Мысығым неге ышқындың,

Мияуың қалған «мыраулап».

Теңізім неге теріс ақтың,

Өсекші, жыбыр, жел сақ тым!

Кеміліп құмға қалғаны,

Әділет, ұят, ынсаптың.

Боздасан, түйем, боздашы,

Шеменді шерді қозғашы.

Жаңбырдай жауға жүйрік оқ,

Тоқташы желден озбашы!

Боздайды, түйем боздайды,

Боздаса шерді қозғайды.
Желден жүйрік желмаям,
Білмеймін...

Неге озбайды?..»

Тоқтады ма, оған түйе боздады,
Арабтың да кек, намысын қозғады.
Келер ме екен,—

жәнге, сірә, ендігі,
Дәмелене мырзаның қол созғаны.
«Адамзаттың қофамының жолы»— деп,
«Я болмаса, күллі арабтың соры»— деп.
Әшейінге,

әлде ойнап айтты ма?
Монтескье, Вольтерлер де мұны тек...
Жоқ!

Мырзаңдар, шаршамаңыз шалдығып,
Бота да жоқ енді боздар қаңғырып,
Алып кеме тұмсығымен су сүзіп,
Лоцмандар ұрандайды жаңғырып.

Араб елі,—

белі бекім, шынығып,
Қарар емес енді артына бұрылып.
Сахарада ақ шалмасын жел қағып,
Тұрмайды араб,

аяғыңа жығылып.

Араб елі,

толқын күйін жырлады,
Бар әлемге жайылды күй жырлары.
Жалман жеген,
алдаң келген ашылды:
«шартнамалар» сырлары.

Жұзді кеме.

Жұздең жүк тасылды,
Ойлайды олар құм бораны басылды.
Ніл жағалай саңқылдаған бір дауыс
Тыңдайды араб —

қайсар Гамаль Насырды!
Тыңдайды араб!

Өз Насырын,
бүйріғын;
Сенің кемең қайқаңдатар құйрығын.
Салқы түсті,

ку шекелі,
сүйір жақ,
Мінді араб Эбульфәрас¹ жүйрігін.
Намыс,

ардан,
әділеттен жаралған,
Үн қосады әлемдегі адап жан.
Толқындаі тұс!

Көгілжім Ніл толқында!
Жұз кемелер!

Қақтықпай өт қамалдан!
Қызыл теңіз құшағына ал,—
толқынды,

Есіне сал,
ең ақырғы толқуды.
Өз тізгіні дәл өзінде арабтың,
Тоқтат мырза!

Қараңғыда жортуды!
Сен жортты деп, басылар ма, толқындар!
Осы толқын, доп баса алмас толқулар.
Араб елі бірақ жауап береді:
Сені түпке батыратын толқын бар!

Эбульфәрас — жүйрік аттың атасы.

ЖОНҒАР ҚАҚПАСЫ

Жоталы асу,
Тас қақпа
Тәкаппар Жоңғар қиясы.
Алыста сонау, аулақта,
Ақ иық бүркіт ұясы.
Ақтоғой,
Сайхан
Сарықұмға
Жоңғар енді жол ашты.
Теңдеген олжа алдында,
Кездесе достар қыр асты...

Тас қақпадан жол қостық,
Асулы жота шегінді,
«Тамаша — ау,— деп,— бұл достық!»
Маңғаз Жоңғар керілді.

ШЫРҚАЛДЫ «ИНТЕРНАЦИОНАЛ»

Май десе көңіл албыртқан,
Май келді:
жыр басталар.
Аспан астын жаңғыртқан
Айтылды «Интернационал!»

Шақырды сені күреске!—
Деп,
ұрандар тасталар.
Мұхитта, қырда, белесте
Шырқалды «Интернационал!»

Толқыды тулар!
жоғары,—
Майдың да жыры басталар.
Күрес біткен жоқ, әлі!—
Айтылды «Интернационал!»
Желпітіп жібек желдерді,
Қайыңдар, талдар шаттанар...
Тулады толқын тебіренді,
Толқыды:
«Интернационал!»

Ұраным, менің тілегім,
Май десем жырым басталар.
Серпілте көктің түнегін
Шырқалды «Интернационал!»
Теңселе орман гүлденген,
Май келді.
Жырлар басталар.
Айбынды тасқын үн берген,
Шалқыды «Интернационал!»

Аспандап тулар,
құлпырды.
Жиһанда ұран тасталар!
Жүректе жігер бұлқынды,
Жаңғырды «Интернационал!»

Қарсы алдым, майым!
хош келдің!
Ұран да, жыр да басталар!
Тірегі көктің,
әлемнің,—
Айтылды «Интернационал!»

ЖАҢА ҮЙДЕ

Жағалай өскен бұйра тал,
Салынды зәулім жаңа үй.
Тыңдашы, әне,
құлақ сал
Жаңа үйде ойнап, жаңа күй.

Жырлайды әнін өрлете
Бақытты бейбіт өмірдің.
Асқақты қүйін тербете,
Тасыған мейір көңілдің.

Жаңа үйдің іші жайнаған,
Жараса біткен сәнімен.
Жаңа өмір төрде ойнаған,
Жаңғырта жанды әнімен.

Жазық бел,
Жапан. Тың жерде,
Шарықтап шықты жаңа күй.
Қатарын түзеп бұл жерде,
Салынған, міне, жаңа үй.

— Құтты болсын, үйіңіз!
— Жаңа үйде жайнап тұрмысың!
— Мінекей, біздің сыйымың:
Наташа, Дүйсен, Мұгұлсің!—

Деген, үндер, дауыстар
Күлкімен гулеп ұласты.
Теңселе бастап бұйра тал,
Жаңғырта түсіп, қыр асты...

Қызықты думан бұл үйде,
Жайылған жомарт дастарқан,

Билеген, күлгөн ән-күйге,
Жолдастар бәрі шат-дарқан.

Жасарып жазда бұйра тал.
Бөленер гүлге жаңа үй.
— Құтты болсын, жолдастар,
Жаңа үйден шыққан жаңа күй.

АЛТЫН АЙМАҚ

Жүгірді су...
Жүгірді су, жүгірді.
Жүгірді су.
Жайқалтады гүлінді.
Жайқалған гүл
жаңартады өмірді.
Жаңа өмір —
тым ғажайып көңілді!
Бетпақ дала, мылқау дала
жайнады,
Тебіренді. Жалпақ орман
«Жар» қалды.
Сайрайды құс, салады күй сандуғаш,
Қандай әсем,
бүл далада таң алды.
— Қайда Бетпақ?
— Ол алысқа сырылды.
Басты гүлдер,
тау-төбелі құмыңды.
Жүгірді су,
тасыды арық
бұлақтар,
Шапшыды да
құмға беттеп бұрылды...
«Жер сорғыштар»,
«су алғыштар»—
гүрілдеп,
Құм шегінді.
Таң да атты құлімдеп.
Шөліркеген, көні қатқан шөл дала,
Еміп жатыр бал бұлақты бірінде...
Шөл төрінде жымың қағып,
нұр жанды.

Шүғлаға бөледі де,
гүл, дәнді.

Сансыз алуан
салтанатпен сыйсыған.

Өңгеремін тонналаған олжамды.
Алабында қара құдық жабылды,
Сылдыр қаққан бал бұлаққа табынды.
Миуа, жеміс,

толған егіс жайқалып,
Жапырақтан жасыл шапан жамылды.
Зәулім үйлер,
ақ шатырлар берді сән.

Аспандаған,
әрі өргек,
әрі пан.

Шелегіне су толтырып сұлулар
Желлілдетіп қол жаулығын,
салды ән.

Естіледі әсем әні
Шырынның,
Әнге мен де құлақ сала бұрылдым.
Көз алдымда көркем Фархат түрғандай.
Бір белеске көрейін деп жүгірдім.
Өткен жылдар,
көшкен құмдар аңызы

Тұсті де еске
бұлағына жуындым.

Көрмеген шөл
адам ізін, қадамын.
«Гүлдесе,— деп,—
Сор апattyң алабын»,
Арман еткен Навои мен Низами,
Қолына ала көк қауырсын қаламын.
— Бетпақ дала!
— Қашанғы ол...

МИЛЛИАРДТАН СӨЗ

Кемпірқосақ құрылды, күн күркіреп,
Кек көрпесі түрілді, нұр сіркіреп.
Жер танабы игендей сағым сүйіп,
Тауда тоғай жаңғырды бір дүркіреп...
Жасыл алқа моншағын тағып орман,
Жұпар желі желпиді соғып оңнан.
Нақыштаған өрнек пе бір шытырман,
Шыңды аймақта тастулемек, қыран қонған.
Деген сөз:

«Жұр барапық... жұлде алалық»
Тоғысқандай түйісіп тыңға барып.
Ұзақ сапар жол тартқан керуендей,
Бұлт көшеді аспаңда шудаланып.
Алқапты кең өлкемнің аймағынан,
Жерде ойын, тауда той, ойда думан,
Көтерілген қыртыстың қырқасынан
Қатарласа қалың топ, қызыу қырман.
Миллиард — есеп емес шотқа қаққан,
Ол еңбек кең даламды дабылдатқан,
Салтанат, сән-аброй, дәulet пен бақ,
Жаралған төгілген тер жалын оттан.
Тұындасын бүгін сөз миллиардтан,
Дуылдасын қырмандар кең алқаптан.
Миллиард жүгін көтеріп алғы сапта,
Алшақ басам аяқты, етіп мақтан!
Септі меруерт шашуды күн күркіреп,
Кек көрпесі серпілді нұр сіркіреп.
Ақын, жыршы, ән күйші топқа аралас,
Үлесің қос миллиардқа, тұрма іркіліп.

ГОБИ САХАРАСЫНА

Тұңғиық, меңіреу, бір дала,
Жататын Гоби керіліп.
Түнеріп кейде айнала,
Софатын құмы желігіп.

Қиырсыз, 'шетсіз шөл жолы,
Тұспеген адам іздері.
Бөрінің ұлып керуені,
Шұбырып тамақ іздеді.

Меніреу Гоби тіл қатты,
Астынан бұлақ сауылдап.
Машина құмда зырлатты,
Аспанда ұшқын зауылдап.

Құм дала емес, гүл дала,
Сәнденді сахара серіліп.
Пионы¹ жайнап айнала
Алды демін керіліп.

¹ Пион — сирек өсетін жұпар гүлдер.

ТІЛШІМІН

/«Социалистік Қазақстан»
газетінің 10 000 номеріне/

Он мың орман ішінде,
Аралап жүрмін бұғін мен,
Бал бұлақтан ішуге,
Баладай мен де жүгірем.
Қолда қалам, қағазға
Толғанып бір құйдым жыр:
Бөлениеді гүл назға,
Жел тербелे сүйіп түр.
Қайда Сәбит, Қалмақан,
Асқар қайда жүр екен?
Рауандап,
атты таң,
Тайыр да кеп түр екен.
Ізі жатыр...

Таныдым.

Ғали, Ғабдол, Мәліктің,
Гүлмен қарсы алуым,
Мен де орманға барыппын.
Кел, достарым, шырқалық,
Жаз, қағазды.

Ал, қалам!
Орманында ән салып,
Жырым осы арнаған.
Бар дауысым жеткенше,
Тұрғанында күш, арым,
Ақтық демім біткенше,
Жазамын саған Тілшімін:
«Социалистік Қазақстаным!»—

ОТЫЗ БЕСКЕ ТОЛЫПСЫН,

«Лениншіл жас» газетінің
шығуына 35 жыл толғанда

Көремін: сенің қалпыңдан
Қалыпсың бүгін — ержетіп.
Ақылың, ойың артылған
Бұғанаң қатып, бел бекіп...

Білемін: оттан таймадың,
Тайсалмай өртті жалыннан.
Шынықтың, қару қайрадың;
Қаламнан.

Серттен. Арыңан.

«Лениншіл жастың» лебінен,
Жүректен жырым толғанған.
Сүйемін, жастар, сені мен,
Ұшқамын жастық ордаңнан.

Шырқадың биік шыңдардан,
Отыз бес асу, белестен.
Көремін: бүгін тұлғаңды
Арайлы таңмен тел өскен.

Тел естің.

Жеттің. Шыңдадың.
Желкілдеп жайнап, жетілдің.
Қолыңмен рульді бұрғаның
Ғылымның тауып тетігін.

Көңілді күйге толтырдың,
Отыз бес жасқа жеткенің.
Ақтарып, қарап отырмын.
«Лениншіл жастың» беттерін...

Аралап елді сен жүрсің,
Жастардан жаңа туады ән.
Қаламын алып қарт тілшің
Шын жүректен қуанған.

Аударып тыңның қыртысын,
Еңбектің туын құлпырттың.
Комбайында отырсың
Жігерін бастап жас жүрттың.

Кіршіксіз күндей сәби де
Кеңесіп отыр сенімен.
Есігін ашсаң жаңа үйдің
Аласың орын төрінен.

Иықта бұрым қос тарам,
Дейді де:
«Қашан жетеді?!»
Сағынып сені почтадан,
Ынтыға қыздар күтеді.

Жарқылдал жүзің жалындай,
Сен болдың — «Той бастары».
Сүйеді сені жанындай,
Елімнің жарқын жастары.

Қуанам, мен де шаттанам,
Беделің, аброй артқанға.
Атыңды сенің жаттаған
Алпыстан асқан қарттар да.

Құн санап күйді жаңғырта,
Тербенің ойды, тербеніз.
Үңіле қарап құмарта
Оқиды сені жеңгеңіз.

Тарихын тізсем таусылмас,
Телегей-түпсіз ол жатыр...
Адымда алға!
 Өрлей бас!
Өркенде, жаса, жас батыр!..

АСТАНА КӨКТЕМІ

Ерте ояндым,
ерте ойландым, мен бүгін.
Тұрді аспан шымылдығын, тұндігін.
Жадыраған, жаңға құйған шүғладай,
Аялайды тереземнен нұрлы күн.
Еркелейді сылаң қағып сағымы,
Алатаудың алқа тақсан аруы.
Жыл құсының саңқылдаған үнінен
Келгендей-ақ:
Кербез басып таң ұлы.
Таң ұлының кеудесінде гүлі бар,
Таң ұлының тауды құшқан үні бар,
Жадыратып, жерді шүйіп, жайнаған
Жарқылдаған, жымың қақсан күні бар.
Туды, міне, астананың көктемі,
Балқытады тұла бойды от лебі.
Қыс қысылды.
Бұлақ ойнап жотадан,—
Кемпірқосақ кең көгімде жеккені.
Қонды тауға жылдың құсы құлдырап,
Мәлдір кеусер бәктерімде былдырап,
Орман, тоғай шымылдығын ысырып,
Сылдырайды құздан құлап мың бұлақ.
Жылдың құсы сәлем бере келіпті,
Тал-терегім бүршік атқан көрікті.
Төсегіне жайып мамық көрпесін
Көгершіндер ұсына еніпті...
Әндетеңді таң сәріден бұлбұлым,
Кернегендей көкірегімді бұлбұл үн.
Бұлбұл әні, жердің сәні құлпырып
Неткен ғажап, неткен қызық,— күн бүгін.
Алатаудың, астананың бауыры,
Сіркірейді көктен маржан жауыны.

Мен қараймын қызығына таңданып,
Мен таң ұлы, мен де кербез тау ұлы.
Қуаныштан ерте ояндым мен бүгін.
Тербетеді жүргегімді нұрлы күн.
Тереземнен сығалайды еркелеп,
Тұрғенде аспан шымылдығын, тұндігін.
Асқар құшып еркелейді сағымы,
Алқа таққан Алатаудың аруы.
Таң алдында тау өрмелеп шыныққан
Мен келемін: таң бұлбұлы, тау ұлы.
Кең құшағын айқара ашып тастаған,
Елдің көшін ен өмірге бастаған,
Таң алдында, көктемінде шырқаймын:
Нұрлы Алматым, жырға толған астанам!

«КАШИРА» НҰРЫ

Теңселеді ақ қайың,
Тербеледі жапырақ.
Бұлбұл қағып таңдайын,
Маужыраған атырап.

Меруерттей таңғы шық,
Көктен жауын себелеп.
Гүлден-гүлге, гүлге ұшып,
Күрең қанат көбелек.

Ока өзені гүрілдеп,
Тебіренді де басылды.
Келді Ленин күлімдеп,
Көргө өзі Каширді,

«Келді! Келді Ильич!»
Шаруалар қуанған.
«Басталады құрылышы»—
Бүгін Кашир нұрланған,

Он екі мың киловатт,
Станция салынбақ,
Кең Россия жарқырап,
Ильич шамы жағылмақ,

Көсем көзі күлімдеп;
«Каширка» деп атады,
Кетті әлемге дүрілдеп,
«Кашираның» атағы...

Сандуғаштар сайдады,
Бұлбұл қағып таңдайын.
Бүршіктен гүл жайнады,
Көк желекті ақ қайың,

Сол бір өткен жылдарда,
Күн күлімдей қарады,
Жарқылдаған нұрлар да
«Каширадан» тарады...

Сап түзеген айдынды,
Салтанат солай басталар.
Жаңғырта көкті айбынды
Жырланды «Интернационал!»

Ока өзені ағады,
«Нұрын жағып берді!»— деп
Бұлбұл күйге салады,
«Ильич бізге келді!»,— деп.

Шағалалар шаңқылдал,
Ока өзенін сағалап.
Аққу, қазы қаңқылдал
Қос қанатын сабалап.

* * *

Жұмысшы табы — күрескер,
Шеру тартып барады.
Қазіргі алып ГРЭС-тер
«Каширадан» тарады...

МӘНШҮК МЕКТЕБІНДЕ

Мектептен шықты, ағыла
Саңқылдап өңшөң өрім қыз.
Бейнесі көзге шағыла
Жарқ етті жанып бір жүлдыш.

Бетінен сүйді топ қызды
Қызыулы құннің шүғласы.
Көремін, соナン, жүлдышды
Елестеп Мәншүк тұлғасы.

Сабырлы басқан, ақылды,
Алдында Мәншүк тұрғандай...
Көремін, ғажап, батырды,
Кезіне қайрат тұнғандай.

Аттанып осы ордадан,
Жарқылдап қүнге маңдайы.
Бұлғайды қолын ол маған,
Бүктеле шинель шалғайы.

Жамылып жасыл жапырақ,
Теңселип терек жайқалып.
Сыланған ағып тас-бұлақ,—
Соғады жарға найқалып.—

Мектептің маңы қызыл гүл,
Мәншүктің өзі еккен бе?
Бөленіп мөлдір шыққан бір.
Қолынан батыр сепкен бе?!

Алатая шынын жаңғыртып,
Шырқайды қыздар көк бетте.
Дидары дуласап, албыртып,
Кіргендей Мәншүк мектепке.

Көзінен сезем олардың,
Етеді мақтан Мәншүгін.
«Мәншүктей мен де болармын!»—
Дүрілдей кетті аршынды үн.

Жарқылдап көзге шағыла,
Жарқ етті жанып сан жұлдыз
Самбырлап шықты, ағыла
Саңқылдап сәнді өрім қызы!

ЖЕЛ ТУРАЛЫ ЖЫР

Ұлы қорған сыртында
Жел гуілдеп соғады.
Жел, жел...

Тентек, сұрапыл.
Жел басылған жоқ әлі...
Жел желігіп, желменен
Аспанға атты құмдарды.
Күн қорғалап бұлтқа,
Жел құшады шыңдарды,—
Жел, жел...

Асау, тентек жел,
Бұрқанды да дoldанды.
Жер бетінде жел өктем,
Желге шыдан кім тұrap!?
Жел соққанда теңізден
У-шу... Толқын... Үч шығар.
Мен де естімін сол үнді:
«Тоқта, тоқта!

Тентек жел!
Сұрапылың серпілсін,
Тоқта, асау жел!

Тізгін бер!»
«Көктегі бұлт тарқасын,
Біз күштіміз сенен де.
Диірмен қақсын қанатын,
Үлесінде бер елге...
Жел, жел...

Тентек емессін,
Еркелейсің далада,
Үліңе үн қосып,
Билейді ойнап бала да,
Жел, жел...
Жолдас, серіксін,

Майданда да күресте.
Саған алғыс айтады:
Ел де,
 Жер де,
 Белес те!
Жел, жел, тыңда!
 Жел, тыңда!
Біз ілгері көшеміз,
Жер бетінде жар салып,
Желдей болып есеміз.
Сыртында ұлы қорғанның,
Сұрапыл жел соғады.
Жел, жел...
 Тентек, жел ерке,
Жел — хабаршы болады.

ҰЛЫ ЖОЛДА

Шеру тартып ұлы жолда келеміз,
Өреміз кең.

Аспан асқан тәбеміз.
Толқуыңды, толқыныңды
тойтарып,

Біз келеміз.

Майдандарда жеңеміз.
Ғажапсың-ау, Ұлы Отаным,
көлбекен.

Зор құлашын алыптайын сермеген,
Елде дәulet, алып дәulet, сәңсәulet,
Сусыннады жер құнары шөлдеген.
Россияңмын!

Россия деп шалқыдым,
Шұғылалы нұр көзіліце балқыдым.
Тілегім де, жүргегім де бір соқты.
Желкендейін теңізіце қалқыдым.
Құн боп тудың,

Құн боп бізге қарадың,
Сол күнінен тынысымды аламын.
Ғажапсың-ау,

Ғажапсың-ау, Отаным.
Шексіз-шексіз сенің алуан тарауың!
Жұмыр жердің тұтқасындаі беріксің,
Байтақ әлем тұлғасына көріксің.
Керуеніміз кең адымдап көшеді,
Мейлі, тәбет арсылдасын, желіксін.
Мейлі олар бүркүлдатсын атомын,
Мейлі, тәксін алтын, күміс, бақырын.
Келешектің салтанаты, сәулеті
Құрамыз біз Коммунизм шатырын.
Ерікті Отан, еркін Отан самғады,
Ұшқыр қанат қияға өрлей талмады.

Байбаламдап, тамырынан үзілген,
Секектеп жүр капитализм қаңбағы,
«Ақ үйлері», «Сары үйлері» Қаңқайып,
Құлауға түр жерді құшып, жантайып
Ентелеген, есі кеткен есалан,
Қан шеңгелден,

Ұят намыс, ар тайып...
Сарайымыз сәнді мүсін жарасқан.
Бірі шыңмен, бір аспанмен

таласқан.

Ұлы жолда келеміз біз жолға асып,
Осы жолдан көзім жазып, адаспан.
Тенеу жетпес ұлы Отаным

тұлғаңа,

Шықтың өрлең қияға да.
Сағат сайын қаулап өсіп гиганттар,
Қолды салдық жұмбақ сырлы тыңға да.

Алдымыздың жетіжүйлдіқ желісі.
Еліміздің несібесі, жемісі.

Өз сайранын, өз қызығын тойлаған.
Халқымыздың өз қолында төл ісі.
Үстелімде жетіжүйлдіқ картасы,
Орнында түр сол картаның «әр тасы»,
Мыңғырлайды іші күйіп, ісініп,
Өгіз басты американ маңқасы
Өсиеті, тапсырғаны Лениннің
Бұл мұрасы — ұлан-байтақ елімнің.
Уа, данышпан!

Парасатты партия

Таңнан ғажап, күннен де артық көріндің,
Көрдім күннің шұғыласын төгүін.
Көрдім Серік көктің бұлтын сөгуін.
Бал жаласқан,

сән жарасқан,
мейірлі,

Бейбітшілік балбыраған өмірім,
Уа, партия!

Өзің баста. Өрлейік,
Бал өмірдің бақыт нұрын тербейік.
Сүйсіндіріп, сүйсіндіріп әлемді,
Тағы-тағы кең құлашты сермейік
Ұлы жолда.

Ұлы жолда келеміз.
Біз келеміз.
Шынығамыз, женеміз.
Бар жігерді, барша қуат, еңбекті
Ұлы Отаным саған арнап береміз!

АТБАСАР

Атбасар — жерің сәнді еді,
Алабың дұман, әнді еді —

Терісақан, Құйған, Қеңтүбек.
Тасөткел, Тастан, Қурайлы,
Жайлауың жасыл шұрайлы,
Саянда салқын жел гулеп.

Сайрандап Есіл жағасын,
Жетектеп сәби баласын.

Шырайлы ана, ажарлы.
Аққуың жүзіп көңілде,
Арқарың ойнап өрінде,
Жабайкөл мәңы базарлы...

Жігіт өрттей жалынды.
Айбыны жалын дауылда.

Белестен асып, өрлеген.
Арудың жүзі бұлдірген,
Алаңсыз жанды күлдірген,
Шарқаты желге көлбеген.
Ұмытпаймын...

Әлі есте:
Сол күнде туған нәресте,
Өнердің кілтін бұрапты.
Лайлатаң еңбек оттарын.
Өмірдің асып соқпағын,
Жүгендереп желді тулатты...
Шырқатып асқақ әндерін;
Алтын сабак дәндерін
Құнарлы жайға егілті.
Салып тыңға құрығын,
Еңбектің жүзіп тұнығын.
Сиқырлы тілін ел ұқты.
Жұмбағын шешіп қыирдың
Қоймасын ашып қынның.

Сом білек соқты балғасын.
Жолдар-жолдар — жол беріп,
Табиғат тілін меңгеріп.
Еңбектің идің арнасын.
Желбіреп қызыл тулары,
Алтынға толып қырманы
Береке белден шалқыды.
Тыңынан тауып қисынын,
Тойтарып желдің қырсығын.
Өрледі өрге қарқыны.
«Айдаһарлы-Арқарлы»,—
Алабыңды, алқаңды,
Қайыстай тілін қырқасын.
Елменен соғып тынысың.
Толықсып бүгін ырысың,
Жоғалды жұтың, бүркәсесын...
Арқаның сілкіп мұздағын,
Тойтарып долы ызғарын
Жүйткіді желмен қарауы.
Сылаңдал Есіл тарауы,—
Сыбыдырлап сұлу қамысың.
Тасөткел Тастан заңғарын,
Жаңғырып жапан аңғарын
Өңгердің асыл олжаны.
Елкен меруерт өткізген,
Еліне даңқын жеткізген,
Атбасар — қазына, олжалы.
Далада думан қыздырып
Есілге амалын жүздіріп:
Төбеде балқып ай күліп:
Тоғысқан қойың тола мал,
Бетеге біткен бүйра жал,
Сауран көк жылқың сәйгүлік.
Белден орып шалғыны,
Сүт тамызған балғыны,

Өрісі кең Қиманың.
Құшағынды мол жайып.
Қазынаңды ғажайып
Ерледің!..

Елге сыйладың.
Болмаған бұрын салтында,
Жолыңнан таңба, тартынба.
Үдете бер, шабысты.
Елді иғі қамына.
Толғана тұс, тағы да,—

Ақыл арды намысты,
Ұмытпан,

Менің есімде,
Сырласқаным Есілге.
Маған да қанат қақтырдың.
Шүйіле ұшып қиядан,
Шарықтап мамық ұядан,
Жүрекке жырды жақтырдың.
Бала күнді,
Сол күнді.
Жаңылмай жаттап сол жырды
Атбасар — саған арнадым.
Ұмытсам сенен кешірім,
Қалғаны болса осының,—
Шырқай бер өзің қалғаның?..

НЕМЕРЕМ КЕЛГЕНДЕ

Өмірдің боранында сақылдаған
Әзекең елең етпей лапылдаған;
Із салып қыыр-шиыр шырайына,
Токсанға Әзімбай карт жакындаған.

Жайланаңып кірістік біз әңгімеге,
Сұрағым келді қарттан әлденеге...
— Келгеншे осы жасқа

Есімде күйінгенім, жылағаным.
Әлі тұр көз алдында бүгінгідей
Көргенім нелер сабаз құлағанын.
Өткіздім дүлей жылдар
дауылдарын,
Дүркіреп құлақта тұр
дауылдағы үн:
Айтайын, балам, саған жасырмай-ақ
Өтті ғой дауыл да күн, ауыр да күн.

Білуге жұмбақ сырын қарттан
сұрап

Асықтым сонда мен де:

«Айтшы, айтшылап!..»

Бетінө қарай қалсам Әзекеңің,
Кеткендей әр қиялы орғып, тулап...
Білмеймін, қуанды ма, кектенді ме,
Әлде бір көз салды ма өткен күнге?
Жер жарып, көкті тіліп құңіренткен,
Көк түтін өрши жанған ертке

енди ме?

— Па шіркін! — деді Әзекең бір
мезетте,

Жеткенде қарияға сөз кезекке;
Қапсағай, сом денесі көтеріліп,
Нұрланып шырай кірді шимай бетке.
— Бір ғажап өмірімде қуанғаным,
Көрдім мен балалардың ту алғанын.
Алаңсыз қайтып келіп ауылыша,
Көрдім мен немеремнің оралғанын.
Өмірде естен кетпес қуанышым.

Жауынгер немерелер туғаны
үшін! —

Деді де,— Әзеке ата күлімдеді,
Сездім мен қарт көңілдің
тулағышын.

...Оралды Әзекеңнің немересі,
Жайқалып жатты алдында жер белесі,
Еңсере тың даланы думандатып,
Шалқыды ең еңбектің кенересі.

РЕВОЛЮЦИЯ ЖҮРЕГІ ЖАТЫР СОҒЫП

«Профессор Минц! Ильичтің пәтеріне! —
Тағы да аппаратты әкелуге
Керек болды. Тезірек, келіңіші,
Ильич көз ілген жоқ бүгін түнде».
Надежда, Бонч-Бруевич отыр бәрі,
Соғады әлсін-әлсін жүрек тағы.
Минцке «тезірек!»— деп хабарлаған
Свердлов отырды күтіп әлі...
Жиһанда теңгерсөң де не бір затты,
Лениннің өмірінен не қымбатты!?
Оймен орап әлемді дана Ленин,
Соқты жүрек секундте күлім қақты.
Минц келді. Дайындалап аппаратты.
Қызыл, күрең, көгілдір шамын жақты.
Өмірде өлмейтүғын Ильичтің
Тыныс алып, жүрегі соғып жатты.
Жүргегі жатыр оның әлі соғып,
Әлемді оймен орап, әрі шолып.
Әулетті ұрпақтары, сан қыраны
Көкке ұшты, құнді құшты, айға қонып,
Талай ел пүшпағынан таланатын,
Болды ма өз теңдігін ала алатын.
Ильичтен нұр төгіліп, күн шашырап,
Күлдірді сонау Монғол Ааратын.
Ел — дарқан. Жер — жазира. Дәulet қонып.
Заңғар шыңда Ильич отыр шолып.
Коммунизм кемесін өзі бастап
Революция жүргегі жатыр соғып.
Москва балқығанда әсем үнге,
Шоқтаған жұпар гүлін әкелуге,—
Әлемнің перзенттері ағылады
Лениннің нұр сәулелі пәтеріне!

АЛАТАУ ӘЛІ ЖАС

Неше жылдар. Не жылдар,
Тұлғасынан айнымас.
Бұлт құшып көк шыңдар,
Алатау біздің — әлі жас.

Бектерінде бұлағы
Ішсе кімдер қанбаған.
Басын иіп шынары,
Сыйлық тартты алмадан.

Күнде көрсөң құлпырып,
Жылда көрсөң жайнаған.
Талы көкке ұмтылып,
Әнші құсы сайраған.

Бала бүркіт қалықтап,
Бұлтты кетті қақ жарып.
Жүйрік қиял шарықтап,
Сен қараисың таңданып.

Қолмен қалап қойған ба,
Қатар тізген жартасын.
Қарап көзің тойған ба,
Талдың таққан алқасын.

Шынжыр балақ, жез қанат,
Шыңдан ұшқан түлегі.
Мекендерген ел қалап,
Жетісудың жүргегі.

Өрмелеген ақ қайың,
Бектеріне таласа.

Мөлтілдеген, дап-дайын
Мөлдір миуа тамаша...

Жетісүйм,— Жер-сүйің;
Балқаш біткен шұрайлы.
Күміс сағым — құт нұын,
Таңғы толқын тулайды.

Қынамадай күрең бел,
Қысың тартқан кезеңдер,
Салқын бұлақ, айдын көл,
Гүрілдеген өзендер.

Талай шықтым шың, бойлап,
Ілияспен ілесіп.
Бірде шалқып, бірде ойнап,
Өпті беттен жел есіп.

Ақын еді-ау Ілияс,
Непір-нессер жаудырған.
Мұрасы асыл — әлі жас,
Құмарынды. қандырған.

Құлашымды көрдім де,
Талай жүздім Ілені.
Маған таныс жерің де,
Сай-саласы, түбекі.

Жайған малы аралас,
Төскейде ұйғыр бауырым
Қаптаған қойы қоралас,
Түстікте қырғыз аулым.

Жапырағы жайқалған,
Кездім талай орманын.

Жанға жайлы тайпалған,
Тербеуімен әжорғаның...

||

Жылдар өтті. Жыл өтті.
Мен үшқанға Қекшеден.
Мені Алатау тұлетті
Елін көрдім өскелең....

Хантәңірі жаңғырып,
Дүр сілкінтіп құздарын.
Сусынымды қандырып,
Таттым балдай мұздағын.

Кім айтады мені де,
«Шалдуар — деп — шаршаған»,
Төсімді ашып желіне
Таң самалын қарсы алам.

Уа, Алатау! — Әлі жас,
Алқа таққан талы жас,
Күнде көрсөң құлпырған
Жылда көрсөң жайнаған
Тұлғасынан айнымас!

МЕДЕУ

Тау алқабы жарқабақ,
Жағалай біткен қарағай.
Тәкаппар шыңы мұзбалақ
Қырынан күліп қарады ай.

Таң қалып кеткен талайлар,
Тамаша Медеу көркінен.
Көгілдір, тұнық бұйра жал,
Бұлдырап сағым серпілген.

Қарасаң: тылсым, сиқырлы.
Тынысы соққан жүректің.
Көңілде толғап мың күйді,
Шарықтап қиял түлеттің...

Тентек-ая, шіркін, кей кездे
Кететін туласап, селдетіп.
Бұрқанып, кейде, лезде
Толқынын тербел, өрлетіп.

Сәукеле киіп мұзарттан,
Жағасы жыныс, қалың нұ.
Шымбұлақ тауға қол артқан,
Ағады жылжып Тұйықсу.

Балапан тастар тізіліп,
Қобыны кеткен қуалап.
Бедері қына сызылып,
Әтірдей аңқып нұ алап.

Мольбертпен шыққан суреткер,
Медеуді талай шарлаған.
Занғар шың, жасыл белесті өр,
Сұлудан сұлу таңдаған.

Аңғары әсем Алматым,
Сылаң қақты тау сүйіп.
Алмаймын «құдай жәннатын»,
Гүлдерім тұр-ау,
бас иіп.

Көңілге медет, дөртке ем,
Маңайы самал, шипалы.
Серпіліп, сергіп,
сезіп сен,
Балбырап атар күй тацы...

Бектерде қырғи суылдал,
Шыңында бүркіт шаңқылдал.
Жағалтай ұшқыр зуылдал,
Ән құсы тауда саңқылдал.

Барасың,
кейде шын өрлеп,
Бүркіті ұшса ұядан.
Алматым тұр көлеңдел
Қарасаң оқшау қиядан.

Тұнғандай көзің таң қалып,
Жарыса біткен құрақтан.
Сусындал іштім бір қанып
Tau жарып аққан бұлақтан.

Медеуім сылаң қағады,
Тулаған селден арылып.
Қыздырып күннің қарауы,
Жол берді шыңым жарылып.

Таңданып кеткен талайлар,
Тамаша Медеу көркінен.

Сылдырлап бұлақ сұы бал,
Көгілдір перде серпілген.

Тау аңғары жар қабақ,
Жағалай нұлы қарағай.
Шыңырау, шыңы мұзбалақ
Күлімдеп маған қарады ай.

АЙБЫНДЫ ҮНДЕР ҮЛАСТЫ

Дауылдатты, әлем қақты дабылды
Жоқ!
Болмайды өшіруге жалынды.
Есті желдер Греция төрінен
Кек дабылы көкті шалды, қағылды.

Тулар, тулар көтерілді қолда нық
Ұлы мұхит соқты бүгін долданып
Дақ түсірме пәк денеге жауыздар
Таң алдында қарақшыдай үрланып.

Тарт балтаңды! Кәрі жендет керілме!
Өлім көксеп қанға бөгіп елірме!
Дір қалтырап айбынды әлем алдында
Күнің таяу жауап берер сенің де!

Барша халық қаһарлы ұран шақырды
Елдің кегі оқтай борап атылды.
Жоқ!
Болмайды өшіруге жалынды
^сыл перзент Манолисті — батырды!

ЖҰМАҚ ДЕГЕН БОЛАДЫ ОСЫ

«...Егер жұмақ бар болса, осы болар!»
Зульфия.

Тамаша табиғаты Бурабайдың;
Сәулесі көлге сүңгіп туған айдың.
Сыңқылдап көк шатырда қыран құсы
Мөлдіреп мойыл көзі құралайдың.

Бетіңнен өбкеніңде жібек желі,
Көз тастап оқшау шыңға, ой өрледі.
«...Егер жұмақ бар болса, осы болар!»—
Дейді де,— өзбек қызы тебіренеді.

Құлпырған жасыл желең алқасынан,
Құбылып көк мұнары жартасынан,
Сандықтас оқшырая орын тепкен
Мөп-мөлдір айна көлдің ортасынан.

Таңданып өзбек бауыр тұрды қарап,
Күй мен ән алабына кетті тарап...
Жыр тасып Зульфияның жүргегінен
Ақындық асқақ қиял қақты қанат.

Сыңсыған қалың жыныс, қалың орман,
Маужырап мәуелене нұға толған,
Ғажап-ау, Бурабайдың әсемдігі,
Сәбиттің романына өзек болған.

Жасарып, жайнаң қағып жазы-қысы,
Бурабай — жер еркесі, жер тотысы.
Көргенде «Оқжетпесті» ой жетектеп,
Шыңына қондырады қиял құсы.

Сәулесі көлге сүңгіп туған айдың,
Ғажап-ау, сұлулығы Бурабайдың.

Сайраны көңіліңді сергітеді,
Мәлдіреп мойыл көзі құралайдың.

Көк торғын желбіреген мұнар көші,
/Менің де көз алдымда тұрды елесі/.
Көркінен көз алдырмай, таң қалдырған
Әрине, жұмақ деген болады осы!

АХАЛ-ТЕКЕ ЗУЛАСЫН

Көк сағыммен жарысып,
Құйында тулайды;
Ауыздықпен алысып,
Ахал-теке зулайды.

Орағытып алдынан,
Баса-көктеп қумайды.
Тіке жардан қарғыған
Ахал-теке зулайды.

Көлеңкелі дарақтың
Саясында салқындал.
Көксенгірлі қабақтың,
Қиясында жарқылдал:

Түркмен — туған бауырым,
Шырқайды шыңда ғазалын.
Есімде, сонау ауыр күн,
Союн² тартқан азабын...

Әсем сазы сыңғырлап,
Күн күледі.

Атты таң.
Бесігінде былдырлап,
Қол созады Нурижан.

Бағбан ел, бақытты ел,
Ай астында шалқыған.
Балғын, балуан Мередтер
Жүзінде нұр балқыған.

¹ Ахал-теке — әлемге әйгілі жылқының аса жүйрік тұқымы. Әрі бұл жылқыны өсірген Түркмен елінің ата тегі.

² Союн — түркмен халқының ауыз әдебиетіндегі қаһарман қызы.

Кер аты «Көрүғлұның»
Талқандаған Хункарды.
Хикая еттің сен, бүгін:
Зұлпұқар мен тұлпарды.

Ағайынбыз, дос елміз,
Құшағымыз қауышқан.
Түркмен, қазақ — қос елміз,
«Қостөбеде» табысқан.

Достық жыр мен ту алып,
Хош келіпсіз, бауырлар.
Құшақ жайып қуанып
Мейірленген ауыл бар.

Қос обалы қабақтың,
Қырқасында жарқылдап.
Көлеңкелі дарақтың
Салмалында салқындал.

Құйынданат жарысып,
Шаң бората тұласын.
Ауыздықпен алысып
Ахал-текең зұласын!

ӨМІРІМНІҢ ӨЗЕГІ

Нұрыңдан жүлдyz жарқырап,
Желкілдеп жасыл жапырақ,
Балбұлақ тасып, сарқырап,
Бөленді күйге атырап.

Тынысым кеңіп, дем алып,
Сайрандаш кеттім шарқ ұра.
Шұғыла көктен таралып,
Бәбектер құнгे талпына...

Білімнің кенін ақтардым,
Сусындаш қанды құмарым.
Шалқыды көзіл, шаттандым.
Бойлады көкке шынарам.

Саясы самал желліген,
Алқабы жайлай ел қонған.
Халқымның шырай, көркінен
Кеудесін керней нұр толған.

Жазылған алтын әріппен
Алуан мезгіл кезеңі.
Жарасқан жаңа тарихпен
Өмірдің мәңгі өзегі.

Еркіндеп елім нәр алып,
Тереңдеп жайған тамырын.
Қуаты бойға таралып,
Советтік Ұлы заңымның!

ТЫҢДАЙМЫЗ КРЕМЛЬДЕН ҒАЖАП ҮНДІ

Көгінің кілегейін түре білген,
Жауынгер отрядтар ілегінен:
Ғажап үн әлемді орай саңқылдады,
Нұр балқып салтанатты Кремльден.

Ғажап Ай, ғажап Құннің сағатынан
Бақыттың әр минутін ала туған,
Топ жарып, партияның бастауымен
Айбынды отрядтар жаратылған.

Халқымның қасиетті түлегінен,
Төгілген шаттық күйі жүргегінен,
Өңгерген Жерден табыс, Көктен олжа,—
Болаттай жұмысшы тап білегінен;

Бірігіп, берекелі қауымдастық,
Жол салып, нелер қия, тауыңды астық.
Әлемге шарықтаған ұраным бар:
Жолдастық, Бейбітшілік, Бауырластық!

Қаймықпай дауылышнан, нөсеріңнен,
Мұхитта корабльді есе білген.
Қалтырап қара түнде қалбалақтап,
Жаңылған сұмпайы жау есебінен...

Лениннің мирасқоры, топтарынан
Жағылған коммунизм оттарынан,
Адамзат қиял көздел, арман еткен
Ғажайып данышпан ой ақтарылған.

Арылтқан аспанымды түнегінен,
Лениннің мұрагері, түлегінен,
Тыңдаймыз саңқылдаған ғажап үнді.
Құн сайын Москвадан, Кремльден.

ӨМІР ЖЫРЫН ТЫҢДАҢЫЗ

Тастамаймын қаруды «жеңілдім» деп,
«Көтеруге қаруды еріндім» деп,
Мен тастаймын қолдағы қаруымды,
Таң шапағы — бақытты өмірім деп.
Мен тастаймын

қаруды балам үшін,
Достым Сәбит, Сәлидей анам
үшін.

Осылардың өмірі гүл-гүл жайнап,
Бейбіт өмір кірпішін қалау үшін.
Тыңдаңыздар!

Тастадым құралымды,
Жайдым, міне, құшақты,
ұранымды!

Тойтарамыз апattyң кесапатын,
Құлдіреміз балаңды, ұланыңды!
Мен күлемін.

Өмірге күліп тудым,
Келер күнді сездім де біліп тудым.
Махаббат, туысқандық, бауырмалдық
Қанатына жазылған біздің тудың.
Қанаттана Туменен жырлай

үштім,
Жарқыратып күндей бол әлем үстін.
Алқалаған өмірдің аясында
Тыныштықтың сәүлесі сени
құштым.

Өмір жырын тыңдаңыз!
Өмір жырын!
Қолға ұсталық жайнаған өмір гүлін!
Лениндік данышпандық, көрегендік,
Осы жолмен нұрлансын Айым,
Күнім!

ЖЫР КИТАБЫ ЖАЗЫЛАР

Сылаңдап, қолына алып алтын тарақ
Ай қызы тұрса-дағы бізге қарап.
Сұлудың ақ дидарын қызғанғандай
Әлдене күнгірт тартып, тұр тасалап.

Жылжып жыл айналғанда кіндігінен,
Жер мен көк қарағандай тұндігінен,
Саялап самал соққан көлеңкесін
Жарқ етіп Зүһра қыз күлді білем...

Шоқатты, нүкте-нүкте, көлеңкелі,
Пердесін ашты, бізге ай кеңескелі.
Бұлдырап тізбек теңіз, сақина тау
Бұраңдап көз алдыма елестеді.

Жер шары тыным таппай тартты зырлап,
Тұңғиық кетті ашылып, бұрын жұмбақ.
Жіберіп ракетаны сәлемдестік
Ай жүзді Зүһрамды кетсе де ұрлап..

Шешүсіз сырын ашып, қол алыстық,
Не зат бар тең келетін, одан ыстық.
Қақ жарып кеңістікті көктей өтіп,
Өнірден оза шауып, оралыстық.

Алаңсыз араладық алқаптарын,
Нұктелеп, сызып өтіп ай қатпарын.
Айдын, алаптарын сыр-сипатын
Біз шолдық, жол-жөнекей байқап бәрін.

Қилюлы кілтін тауып қыын жолдың,
Оралып орағытып айға қондым,
Таңырқап таң алдында тұrap еді
Өзі де елегізіп Ньютонның.

Жүк артып, сапар шектің айға да бір,
Ұшырып, жер бетінен беріп әмір.
Қайда жүр?

Өлді ме, әлде?

Жоғалды ма?

Мүйізді көк өгіздер, қайта тәңір?
Ежелден білсек-тағы айдың барын
Кім шешті бізден басқа ай жұмбағын?
«Советтік Державаға сәлем!»— деген,
Естідік Айдың берген сигналын.

Табылар талай-талай сырлар әлі,
Ашылар ай алқабы, айдың таңы.
Ең тұңғыш адамзаттың тарихында:
Жазылар ай дастаны.

Жыр кітабы.

ҰРПАҒЫМЫЗ МАРКСТЫҢ

Лондон.

Сент-Мартинс-Холла залы,
Дауысы ұлы адамның жаңғырады:
Ту болып көтерілді әрбір сөзі,
Буржуйдың жарылғандай жүрек қабы.

Әлемде жұмысшы тап құлақ салып,
Құшті ұран қара тұнді кетті жарып.
Оятып әр қыырдан езілгенді,
Кезеді қызыл елес күнді шалып.

Ұрандал:

Коммунизм күн шуағын,
Жиһанда жайнатуға бақыт таңын.
Биік шың ірге тасын өзі қалап
Бірлескен жұмысшы тап ынтымағын.

Саяси есуастар, талай ағым:
Қоғамның көзі көрмей даму заңын.
Құрғақ сөз, бос қиялды сандырақтап,
Өзінше көтермек болп «шаңырағын».

Әрине, шулады олар, туды тартыс,
Болса да нелер асу, нелер айтыс;
Қайырып, топшысынан қағып түсті
Қырандай дауылдатып Карл Маркс!

Азаттық, бостандықтың туын ұстап,
Бақыттың сәулесіне жолын нұсқап,
Әлемде езілгендер ұрандасты,
Болса да қыын кезең нелер қыспақ...

Дабылдап жұмысшы тап мұрадынан,
Ұласқан Октябрьдің ұранынан.

Кең байтақ Россияға нұр төгілді,
Сарқылмас коммунизм бұлағынан.

Данышпан Карл Маркс, Энгельстің
Ілімі, қағидасы — толқын күштің;
Мұраты, идеалы адамзаттың,
Көтерген жеңіс туы Ильичтің.

Жұмысшы табы болып туғалы біз,
Ежелден ер келбетті, тұлғалымыз.
Жиһанға шұғыла боп шашыраған,
Жол сілтер, лаулап жанған шырағымыз.

Ойрандап обырлықты жылдар өтті,
Найзағай жарқылдады, дүрілдettі...
Қандырып мұхитының мәлдіріне
Әлемге марксизм нұрын төкті.

Даусы ұлы кесем жаңғырады:
Буржуйдың жарылғандай жүрек қабы
Қаланған ірге тасы жұз жыл бұрын,
Лондонда.

Сент-Мартинс-Холла залы.

Сол залдан
 Әлем бойлап үн тарады.
Сол залдан таң атты да,
 күн қарады.
Құлдықтан қамыт киіп езілгендер
Кұмартты қайта-қайта тыңдағалы...

Сол күннен қызыл шапақ сәулеленіп,
Сол үнмен жалындағып, басып көрік.
Орнатып жаңа дүние салтанатын,
Атойлап, арпалыста шықтық жеңіп.

Тынған жоқ содан бері ұранымыз...
Жеңімпаз ленинизм құралымыз.
Қырандай сұрапылда қанаттанған,
Маркстің үрлағымыз — ұланымыз!

ТОҚСАН ТАРАУ ТОҒЫСҚАН

Орыстың ұлы мысалшысы
Иван Андреевич Крыловқа.

Өткенін елестетіп бір-бір санап,
Айнаға қарсы алдында тұрсақ қарап:
Құлақты тұндырады у-шұы мол
Жаңғырып, сағым құшқан орманды
алап.

Қыйкентай шықылыштаң тышқан аңдып
Құладың қалбаң қағып, жанамалап...

Қанды ауыз қасқыр-дағы араны ашқан,
Бас салып ала қойға араласқан.
Қу түлкі тау-жырадан қылаң етіп.
Жем тапса олжасына, ала қашқан.
Беймаза, кей мақұлық асыр салып,
Кейбірі жын бұрқылдап, көбік шашқан.
Сауысқан өсек тасып, шошаңдаған.
Ғайбатты өтірікке қосарлаған.

Ойда ұры,
Қырда бәрі,
Орманда аю
Бытырап, түзде басын қосалмаған.
Аңдысқан, алып соғып алқымдауға,
Тал түсте бірін-бірі қоса алдаған.
Өтіздің мүйізіне қонып алып,
Көк шыбын үймелеген ызың қағып...
Күшіген өлексе аңдып қодиядьы,
Базданған арам нәжіс мұрын жарып.
Есуас нелер долан, дүлейлер жүр
Орманның ортасында асыр салып.

Жапалақ жар басында жалбандайын,
Жарбиып қолапайсыз қалбандадаған.
Су жүрек, зымыраған байғұс қоян
Із тастап жолы бар ма шарланбаған...
Көр қазып таң алдында шүйі бөрі
Жалаңдап, кебін жыртып, жалмаңдаған.

Аспайтын өз құлқыны пайдасынан,
Арамы, ар аттаған айласынан.
Салқы ауыз, шеге тісті кәрі тәбет,
Қансырап Крыловтың наизасынан.
Қалған жоқ біреуі де көзге ілінбей
Көрініп мысалшының айнасынан.

Сайратып бір мезетте сандуғашты,
Құйылтып күй сандықтың кілтін ашты.
Маңайын мамырлатып, маужыратып,
Балқытып идіргендей қара тасты.
Бұрқылдан, бұлақ тасып кернеген күй
Шалқар күн шүғласына араласты.

Өткізген көз алдынан бір-бір санап,
Суретке дәл түсірген тұрсақ қарап:
Тоғысып, түйіндеңіп мысал жатыр,
Қыннан қиыстырған шебер қалап.
Сөзі ойлы;
 өзі жұмбақ Крыловтың
Тоқсан жол мысалынан кетті тарап.

Ол сүйген өз Отанын, тұған елін
Ол сүйген ұлы орысты,
 Ресей жерін.

Ардақтап кереметті кең даласын,
Тоғайын, қара орманын, айдын көлін.
Әрдайым мысалынан мысал алып
Сөзіне астарлаған ұлы Ленин.

Аңғартып, ардақ тұтып атам Абай,
Мысалдан кірпіш қалап, соқты сарай.
Қазақтың кең даласын аралатты,
Атқанда қызыл шапақ алтын арай.
Кейінгі үрпағына үлгі ұсынды,
Мысалдың бір шумағын мыңға балай...

Ұққандар үлгі, бәһра ала білген
Талғаусыз, түсінер ме шала білген?
Көруге өн-бойымды, әлпетімді,
Өзім де сол айнаға қарадым, мен.
Дағына, мән-сырына ой жүгіртіп,
Жаттадым құмарлана бала күннен.

Өткенді еlestete бір-бір санап,
Айнаға қарсы алдыңда тұрсаң қарап:
«Қызына айтып, келінде тыңдатқандай»
Жұмбақтап, іліп-қағып, жанамалап
Салмақты ой;
Сан тараулы саласынан
Тоқсан жол шар-тарапқа жатыр
тарап...

ЖАМБЫЛҒА

Сусындал қандым жырыңнан,
Суарып көздің жанарын.
Сарқылмас теңіз сырыңнан
Гауһерінді аламын.
Сайрандал кездің бақшалы
Алатаудың алабын,
Жарқылдап думан бастадың,
Жырыңнан сарай қаладың.
Жүреклен сүйіп елінді,
Жұрт мейірін қандырдың.
Алғанша ақтық демінді,
Асылын сөздің қалдырдың.
«Тобына жаудың сал қырғын!»—
Деп, майданға бастадың.
Дабылын қаға Жамбылдың
Соңыңнан ерді жастарың.
Бақытты заман жыршысы,
Сайраған сәнді сарайда.
Дабыл қаққан үншісі,
Жайрандал алтын арайда.
Нақыллың қалды үрпаққа,
«Өлді» деп, сені санай ма?
Домбыраң үні құлақта,
Естілер әлі талайға?

ПРЕЗИДЕНТ СӘТБАЕВ

Тұңғиық түпсіз,
телегей
Білімнен жолдар тараған.
Топтан озған бірегей
Туады алып — анадан.

Атыңа, Қаныш, қанықпыш,
Атағың кеткен ел-елге.
Ғылымның жолын тауып, сіз,
Жүзесіз шалқып тереңге.

Тас қашалып,
тау мұлгіп.
Дүрсілдеп жер сілкінді.
Бұрғы бойлап,
бел жылжып.
Медиен дала бұлқынды.

Өнердің асып белеңін,
Жалықпай таптың тетігін.
Еселеп елдің керегін
Қаладың кірпіш кетігін.

Ақынға ойды салғандай,
Тұлғаң да толы бір дастан.
Қиюдан сауып алғандай,
Аспаннан шалып;
Шыңға асқан.
Қорғасын балқып,
мыс шалқып
Бұлақтай сырғып ағылды.
Алтыннан қазына жұқ артып,
Көмірім күнге шағылды.

Іздедің. Таптың түйінін,
Жасырған жердің жұмбағын.
Қолыңмен қалай қиуын,
Баянның астық шыңдарын.

Аударып алқап қыртысын,
Сандығын аштың қойманың.
Еліңің дәүлөр, мұлкі үшін
Тереңнен толқып ойладың.

Кең жапан жатқан сарылып,
Жасарып, жайнап болды кент.
Қыннан қисын табылып,
Шешілді жұмбақ элемент.

Ғылымның басқан өріне,
Азаматты мақтайдык.
Қадірменді еліне
Президент Сәтбаев!

ҚАРҚАРА — ШАЛҚӨДЕ

Құзды қатпар шыңының,
Мұздан өріп бұрымының,
Сән жарасқан алқаңа,
Салқын, самал алабы,
Гүлден үкі тағады,
Асы жайлай Қарқара.
Шыңды, шалқар Шалқөде,
Сияды жырға, әнге де,
Бетеге белден оралып.
Шыңда бүркіт ұялы,
Иді басын қияғы
Таң қурайы бұралып.
Елге қоныс, ер құты,
Төскейінде Мыңжылқы,
Тау тағысы секірген
Бірге оянып таңынан
Бүгін туған бағылан
Таң сәріден жетілген,
Сазды, Қолтық, Батырша,
Таң көкегі шақырса
Ну сағымы бөлеген.
Хантәңірі мұз бүркіп,
Қара құйрық құзда ұркіп,
Жер тағысы көреген...
Жылқы жайған отарға,
Қойын «шәйлап!»— шопан да,
Жүзі нарттай албыртқан.
Шаншып құлақ құлан да,
Ақ жағалы қыран да,
Бел-бектерді жаңғыртқан.
Таңнан-таңға ұласып,
Тау тарланы қыр асып,
«Пыстақтайды!..» Құсбек қарт.

Аспан шалып үйірген,
Ауық-ауық түйілген,
Шатқал, шағыл, тау — мұзарт.
Мұз көрпелі Айғай тас,
Қар жамылғы аралас,
Мойнын бұрып қарады.
Шытырманды шыңынан
Шалқар сайран бір думан
Шалкөденің алабы
Алыста.
Әлдеқайдағы,
Желкілдеген айдары,
Жерге желек шашылған.
Құз-қияның төбесін,
Кез жіберсең көресің;
Ереуіл тәбе басынан.
Ереуіл тәбе — ер тәбе,
Сай-саласы кең тәбе,
Мұнда — ерлер сайысқан,
Ерлер, ерлер ер қосын,
Оққа төсеп қеудесін
Найза, қылыш майысқан.
Мұнда — мерген жауды атып,
Оқ нөсерін заулатып,
Жұрт жиылған алқана.
Сылаң қаққан сағым бел,
Қонысы кең, жомарт жер
Бектерінде Қарқара.
Қыста қыслай көсліп,
Жазда жайнап, есіліп,
Көзде көркі көлеңдеп.
Қойнауында маздатып,
Көктемде қой қоздатып,
Еңсереді ел еңбек.

Өзім білген елімнің,
Өзім көрген жерімнің
Шұрайлысы, маңғазы.
Жыр үқпайтын ел емес,
Саған берсем көп емес,
Өлеңімнен байғазы.
Шартарапты Жетісу,
Орман-тоғай, қалың ну,
Саған сиып тұрғандай,
Атырабың малға бай,
Ақ дидарың айнадай
Қара көзге тұнғандай;
Асуынан өткенде,
Бектеріңе жеткенде
Кездесіп-ең маған да.
Сонда жырды тыңдағам,
Сонда жырды шыңдағам
Сыйлық етіп саған да.
Құмар болып көруге,
Арнап сәлем берүге
Аттанғамын Арқадан.
Хантәнірі мұз түлеп,
«Қойнауында құз түлеп,
Құшақ жайған Қарқарам.
Белгे біткен шырмауық,
Мөлдіріңен бір қанып,
Тұз-дәмінді татқамын.
Тау сағасын жағалап,
Аңғаз сайын аралап,
Аңғарыңда жатқамын.
Желпілдеген көк мұнар,
Шашын жайып шоқ-шынар,
Шымылдығын ысырып.
Құйынданата құлжа үркіп,
Саңқылдаса бір бүркіт,

Балапанын ұшырып.
Жасыл мұзарт Жалаңаш,
Тал-қайыңды аралас.
Көк шымылдық белеңнен
Тесін бөлеп елеске,
Асыр салып белесте,
Құйын ойнап Кегеннен.
Шеңгел, шытыр, шырғанак,
Сыбырлақ жел сырғанап,
Дидарыңды өбеді,
Ақ думаны алқабын,
Мойыл көзді арқарың
Жартасыңа шөгеді.
Ереуіл тәбе — ер тәбе,
Ер аттанған кең тәбе
Құлпырады сәндени.
Бетегелі Қарқара
Көк мұздарғын айқара
Асуын асқан Шалкөде!..

ТАТАР ҚЫЗЫ РАШИДА

Даусы қандай сайраған,
Алыстан орап қайырған.
Калфагі інжү жайнаған
Шебер қол шегіп, майырған...

Мандалин қолда сыңғырлап
Тартылды, саусақ өрледі.
Сайраған әнші бұлбұл-нақ,
Жарқылдап «белдік» белдігі.

Өнері, тек емес ән,
Дәрігер екен шипалы.
Талайға құйып дәрі, қан
Шипалы қолмен сипады.

Әдепті мінез құлқына
Отырдым біраз таңданып.
Бауырым татар ұлтынан
Жарқылдап туған ән салып.

«Кірпігінен гүл тамған»,
Калфагі інжү жайнаған.
Құлпыра ұшып гүл, таңың
Сандуғашы сайраған.

Тыңдадым ықылас көңілмен,
Тыңдадым ғажап «Аққуды».
Сыңғырлап кетті мандалин,
Сызылта тартты «Гәккуді».

Жұз құбылтып сайдыған,
Тартылды қүй, тәтті жыр.
Інжү калфак жайнаған
Көз алдымда әлі тұр...

ТОҚАЙ — ҚАРАБА ПЫҚТА

Сағынып сәлем беруге
Келді де жомарт халыққа
Тоқай бүгін көңілді,
Тоқай — Қарабалықта.

— Шалқар көл, байтақ даланың,
Жұттайын таза ауасын.
Өкпеде шемен жараның,
Табармын бәлкім дауасын.

Қымыздан ішсем сауығып
Кетем бе, деген үміт қой...
Жұдеген арып, ауырып,
Қажыған шаршап тұла бой.

Көрді де қазақ ауылын,
Тулаған жүрек толғанды
Соқтырып өлең дауылын.
Қаламын Тоқай қолға алды:

Бұл — даала... бұл — «Уаллаһи!»
Несерлей соқты ғажап жыр...
Құйылды қымыз. Тігілді үй.
Пүліштей жайнап кетті қыр.

Келді,— деп,— ақын Қазаннан,—
Қуанып қалды жігіттер.
Домбыра шертті,
Айтылды ән,—
Аралап елді кетті жел...
Жаңғыртты Тоқай жырлары
Даласың Қарабалықтың.
Тоқай да әнін тыңдады

Сағынып келген халықтың.
Біледі Тоқай, біледі
Бір күні таңның атарын.
Қуана қарап құледі
Қазақтың «Алтыбақанын».
Сырқаты оның мәңдепті,
Шипасы тимей қымыздың,
«Сынды да қылыш...» ол кетті,
Досымыз еді ол біздің...
Тоқай гүлі солмайды
Мәңгі есінде халықтың,
Хикаяны толғайды
Қарттары Қарабалақтың.

БІЗДІҢ МҰХАҢ

Қуаты асқақ, ойы кең,
Аямай ақыл досынан,
Алаңсыз адал кеюмен
Дүшпанынан шошынған.
Оқытуға жастарды,
Үйретуге үлдарды,
Өрлеуге биік асқарды
Өрлетуге шыңдарды,—
Үйреткен ұстаз Мұхаңа
Мақтанам қазақ ұлы бол,
Тәгілем Абай жыры бол,
Қаңтарда қырау шалдырмай
Қыранның қайсар дүрі бол,
Шыңғыстың мұзарт шыңы бол,
Мұхаңа бауыр, іні бол
Жетпіске толған жасында,
Жырлаймын соның бірі бол!

ДАБЫЛ ҚАҚТЫ ДАЛАДА

Ыбырай Алтычсаринге.

Шаңдатып асау тұлпардай,
Орынбор, Торғай арасын.
Аспанға шырқап сұңқардай,
Жаңғыртты қазақ даласын.

Қанатын қақты көгімде,
Кілегей бұлттың қақ жарып.
Жаңғырды үні елімде
Дабылын соғып, жар салып.

Тебіренді кең дала,
Білімнің ашты бұлағын.
Теңсeltіp тыңды, өрді ала,—
Жайқалтты жасыл құрағын.

Серпілтіp тұман елесін,
Сілкіндірді алабын.
Айтты да ақыл, кеңесін,
Үйретті үлгі сабағын.

Жетілмей санам, ақылым,
Тұрпайы болып тұрған шақ.
Сусындал онан оқыдым,
Теңіздей терең «Мәктубат...»

Кеменгер бабам, мен — балаң
Ғибрат алған өзіңнен
Өмірге дәйім қолданам
Сан тараулы сөзіңнен.

Халықтың болып қамқоры,
Парасат көзбен қарадың.

Сайрап жатыр әр жолы,
Өзің жүрген даланың.

Дүрілдеп кетті жаңғырып,
Жайнады Торғай көктемі.
Алыстан ұстаз алдырып,
Әлі тұр ашқан мектебі.

Жетілдірдің, жеткіздің,
Жетелеп елдің бөбекін.
Алдыңда сыннан өткіздің
Қараңғы қазақ өренін...

Шұғыла шашты жарқылдалап
Арманың өзің көксеген
Талайлар ұшты саңқылдалап,
Ырғыз, Жайық, Көкшеден.

Алатау тұр күлімдеп,
Аясында балқыды ай.
Құлпырып кетті дүрілдеп,
Орал, Шымкент, Қостанай.

Тұңғиқ үлтты қақ жарып,
Ғылымның аштың бұлағын.
Далама өсті жайқалып,
Өзің еккен шынарың.

Қанатын күнге шалдырмай,
Тұңғыш ұшқан таң құсын;
Несерлеп жауған жаңбырдай,
Айтады қазақ алғысын.

Немересін құшақтап,
Кеменгер туған тұлға екен.
Бізді де солай құшаққа-ап,
Маңдайдан сүйді ыбекен!

САҒАН БЕРГЕН СӘҮКЕЛЕМ

Сақанға

Атбасарда, «Тар қамалда»,
Қол ұстасып, танысқан.
Зарлы үнмен, балды тілмен
Сүйіп ләzzат алысқан.
Менің сәнім, құй мен әнім.
Саған берген сәүкелем.
Жазып, сзызып, маржан тізіп
Тағы-тағы не берем?!

Ыстық көңіл. Қызықты өмір
Құшағына кірейін.
Келші жарым. менің жаным,
Ай жүзіңнен өбейін.
Саған айтқан осы сырым,
Тағы-тағы не берем?!

Сырым, шыным, осы жырым
Саған берген сәүкелем!

САҢҒЫЛ АТА СӨЙЛЕЙДІ

Мырзашөл ауданында тұратын
Саңғыл ата Базарбаев пен Нарбұби
шешей қосылғанына 75 жыл толған
гаяхар тойын тойласп өтті.

Саңғыл — ата, 97-де, Нарбұби қа-
зір 90-ға келеді.

Газеттен.

Ән шырқалған, жайнаған,
Әдемі күй, сәнді үй.
Жұзінде нұр ойнаған,
Саңғыл ата, Нарбұби.

Жұрт жиылған, той-топыр,
Сауығы мол тамаша.
Ата, ана төрде отыр,
Жайраңдайды балаша.

Отыз емес, қырық емес,
Тоқсан онай жас па екен.
Осы жаста бір егес
Болмағаны рас па екен?

Тойдағы жұрт сөз беріп,
Күй кернеді саңқылданап,
Сейлейтін бір кез келіп,
Сөйледі ата жарқылданап:

Өтті күндер, өтті елес,
Біз осылай... өтерміз...
Болған емес бір егес,
Қосылғалы екеуміз.

Жел сөдегей, жер өгей
Болған күнді көргеміз...

Өткелді өтіп телегей...
Осы жасқа келгенбіз.

Өссін ұрпақ, немере,
Ел сарайын қалассын.
Біздей болсын шөбере,
Біздей тату жарассын!

...Күй шырқалды, жайнады
Құлпырды әсем сәнді үй.
Әзілдесті, тойлады
Саңғыл ата, Нарбұби.

ЧУВАШИЯ

Еділдің бойы бүйра тал,
Кемемен қалқып келеміз,
Көнілде күйлі толқын бар,
Жұзеді жылжып кемеміз.
Еділ — ана, мен — бала,
Жаяды ана құшағын.
Еркелене, толғана,
Сүйеді беттен ну сағым.
Шомылған бабам Еділге,
Толқынымен жарысып,
Кеудемді кернеп, мені де,
Жырым мен ойым алысып...
Тоқтады кеме:

Біз тұстік,
Жағасына Еділдің,
Алқызыл, күрең гүл құштық,
Гүл шоғына көмілдім.
Пиди аван¹,
Пиди аван!
Деп, Лариса құледі.
Жан жадырап,
жайнаған
Самалды, жаз күні еді.
Чебоксарға жәнелдік,
Чувашия елінде
Мол қызыққа кенелдік.
Авани, аван порназа²
Жолықсаң айтар сөздері,
Жүргегі жылы, жан таза,

«Өте жақсы» — Чуваш тілінде.
Жақсысыз ба, жақсы тұрасыз ба?

Қандай жарқын жүздері.
Еділдің бойы бүйра тал,
Бөлениген нұрға белесі.
Чувашта шаттық толқын бар,
Жүзеді жойқын кемесі.

ИПТӘШЛӘР

Бала күннен сүйдім сені,
Қазанымды, еліңді.
Сүйдім сені — татар елі,
Сүйдім анам Еділді.

Жүргіме тоқығамын,
Насиридің ғибратын.
Әлі есімде оқығаным
«Жұләсәсін», «Желді атын...»

Жас кезімнен оқығамын,
Ұлы Тоқай жырларын.
Хикаясын, романдарын,—
Ғалимжанның сырларын...

Қайта-қайта оқып, жаттап
Әрбір сезін: «Таң алдын».
Көңіліме алдым сақтап
«Ақчарлағын» Камалдың.

Даламызда шырқап жырын,
Менің досым — Қавидің.
«Жазғы желдер» ашып гүлін
Төрінде түр әр үйдің.

«Келешекке жазып хатын»—
Қолмен қалап әр тасты,
Әрі жалын, әрі батыл,
Сүйдім бунтар Тақташты.

Даңқы кеткен әлемді алып,
Мұса! — деп, мен мақтанам.
Жүргіме от тұтандып,
Күнде — жырын ақтарам.

Сахнамызды безендірген,
Тинчуриннің — «Зәңгәр шәл»
Ерте кеткен бұл өмірден,
О, дариға,— «Бигрек жәл!»

«Орақшы қызы»,— «Галиябану»,
Біздің елде жаңғырды.
Шырқағанда талай ару,
Аралады сан-қырды...

Бауырларға жазсам өлең,
Құшағым бар кең тастар.
Құшақ жайып, сәлем берем —
Құрметпенен иптәшләр!

ЛИЧЖИ¹

Бәйтерек жасы бір мың жыл,
Береді личжи алмасын.

Аромат аңқып, нарттай гүл,
Құлпырды сұлу барғасын...

Үзеді алма сұлу қызы,
Майыса саусақ сүйріктей.
Сұлу қызы еркем, алманы үз,
Бәйтерек тұрмас илікпей.

Сыңқылдап сұлу күледі,
Желбіреп желмен желегі.
Бәйтерек алма береді,
Шөпілдеп толды шелегі.

Личжи — үлкендігі көгершін жұмыртқасындағы тәтті-мыс 'алма тәрізді'.

ӨНЕГЕҢ ОРТАҚ

Академик Нәйла Базановаға

Қолға алып отырғанда қаламымды;
Жырлауға жаңа жырды. Жаңа күнді.
Сап-етіп, сонда Нәйла түсті есіме,
Ойландым. Қандай сөзді табарымды?..

Жылдардың жетсе жазы. Өтсе күзі.
Қалдырып үлгі-өнеге басқан ізі.
Екі сөз: Ана, ұстаз — бір тоғысып,
Туса екен бәрі сендей қазақ қызы.

Елімнің ардақ қызы, қымбаттысы.
Ақ жарқын, кішіпейіл, қымбат кісі.
Жүйрік ой, парасатты жомарт жүрек,
Затына аты лайық сымбаттысы.

Еліңе, өзіңе де сенімді едің.
Шытырман қыындыққа жеңілмедің.
Бікке, шың-қияға қанат қағып,
Құлаштап, өрлей тартып, ерінбедің...

Мерейлі, мерекелі таңға жеттің.
Мейірбан ұстазы бол жас әулеттің.
Отырдың Кремльдің нұрлы үйінде,
Советтік Ұлы жынын парламенттің.

Ғылымның алуан асу тарауының
Шешуге жұмбақтарын, жаңалығын,
Өткізіп ұзақ түнді, таңды атырып,
Аймалап асыл қызын қарады күн.

Қоршаған табиғаттың өмірін де,
Дамуын, өркендеуін, өнуін де,

Тылсымды жаратылыс жұмбақ сыры,
Байқалған Нәйланың көруінде...

Шуақтап мейірбандық арайынан,
Үлгі алды сенен ұстаз,— талай ұлан
«Апа!»— деп шәкірттерін ардақтайды,
Ғылымның түлеп ұшқан сарайынан.

Әлемнің араладың шартарабын,
Арманың аналардың арқаладың.
Саңқылдан тұғырыңда, ел төрінде,
Жаңғырып Алатауда, арқадағы үн.

Ұштасып Ана деген атағыңа,
Жол шегіп бейбітшілік сапарына
Адалдық, адамшылық күйін шырқап,
Сен тұрдың алғы саптың қатарында.

Үйретіп шәкірттерін — ғалымдарын,
Қарсы алып, қуанышпен атқан таңын,
Жол сзызып, ертеңгіге ой жіберіп,
Көремін: Нәйламыздың отырғанын.

Қолға алып тебіренте қаламымды,
Ойланып отырғанда жазарымды
Елімнің аяулысы, қарындасым,
Арнадым бір өзіңе жаңа жырды!

АҚ ҚАНАТ
(Профессор Хадиша Мырзалиеваға)

«Хұлла киген періштені...» көрмедім.
Иланыңыз өзім оған сенбедім.
Жүгендеген асай желін көктің де,
Жердің қызы,— елдің қызы сенгенмін.
Арқа қызы аспанда ай боп көрінген.
Қырғыз қызы тауда тұллар тебінген,
Сырдың қызы сылаң қағып еңбекпен
Жаралғандай көктеменің желінен...
Толып жатыр бізде қыздар мақтарлық.
Сол қыздарға жыр сандығын ақтардық
Ойы шалқар, білімі мол, сабырлы
Қызды көрсек «па, шіркін!» деп мақтадық.
Тұып, өскен Сыр сағасын жағалап,
Көкжиденің көкше талын паналап.
Терең шалқар тацізінен білімнің
Сусындаған ақ қанатын сабалап,—
Ақ қанатты Хадишаны көремін,
Қарындасқа арналды бүл өлеңім.
Ақ халатпен тұрғандайсың алдыңда,
Ел қызының емши қолын өбемін.
Ақ түйғындағы қанат қағып, сампылдан,
Сен кіргенде палатаға саңқылдан,
Көне дерттен, сүле аурудан арылып,
Талай сырқат сауығады, жарқылдан.
«Кереметтің» өзің шешіп жұмбағын,
Өкпе сирін, жүрек қылын тыңдадың.
Ақ қанатты, ақ халатты Хадиша,
Мақтан етәр елің сендей қыздарын.
Өміріңнің белестері бір дастан,
Тауға өрмелеп, өрден өрлеп, шың асқан.
Әлі талай ғажайыптар алдында,
Өрлей берші, өрлей берші тынбастан.

«АШЫЛДЫ КӨЗІМ...»

«Менің көзімнің көруіне себеп болған
совет дәрігерлеріне қандай алғыс айтуымды
біле алмай отырмын... Шынында, қандайлық
алғыс айтсам да, тіпті, сөз таба алатын
емеспін».

Сириялық жас музықант
Маан Дандашидің сөзінен.

|

Анадан соқыр болып туды Маан,
Сәулені бір көре алмай жарқылдаған.
Сандалып Сирияны жүрді кезіп,
«Тұғаны осы екен,— деп,— ақыр заман...»

Қорғанып қимылдата көз жанарын,
Бар арман: «көрем бе?»— деп, жейді —
жанын —
Шықкан күн, атқан таңды, қызыл гүлді,
Сайраған әсем бақша бұлбұлдарын.

Толғанып, қолына ала музыкасын,
Зар — күйдің музыкада мұңы басым.
Майталман саусағынан күй төгілген
Асқақтап жыр жырласын, ән шырқасын.

«Тамаша бір дәрігер Бейруттағы,—
Жансызға — жан бітіріп... жан салады»—
Дегенге, іздең келді жас музықант
Көзсізді кезбе қылған үміт тағы.

Оливар — Америка дәрігері,
Қарады соқыр көзді әрі-бері.
«Көзіңен күдерінді үз... көре алмайсың»—
Деді де, қырсыға бір қол сілтеді.

Үзілді күдері де үміті онын,
Сандалды жоғалтқандай жүрер жолын.
«Тұғаны қаран құннің осы болды»,
Қармалап қараңғыда екі қолын.

|| .

...Сәт түсіп, Москваға сапар шекті,
Күй тасып музыкасы безілдетті.
Жеткенде астананың алаңына,
Сезбеді ол, қайғы-мұңы қайда кетті!?

Мейірлі Москвандың дәрігері,
Маанды қоршап алды... өзірледі.
Тұңғылған тұңғылған тұма соқыр,
Жарқ етті!
Көрді көзі дүниені.

Қосылып музыкаға асқақты әні,
Шықты құн, құлпырды гүл, атты таңы.
Талпынған сәбидейін анасына
Еркелеп дәрігерді құшақтады.

«Болайын мен садаға өнеріңнен.
Бұл күйді аспандата төгемін мен,
Арман жоқ. Алдым жарық. Ашылды көз,
Алаңсыз Москваға келемін мен!

Әлемнің көрдім, міне астанасын,—
Жолыма жұлдыз жаққан бас қаласын.
Көзді ашып, жанарыма жарық берген,
Жарқылдан енді өмірім басталасың.

Қырсыққан Америка Оливары,
Жүрдай боп сыпрылған ұят-ары.

Барғанда Сирияға не айтар екен?
Арсыздық ашылғанда сандырағы.

Ұмытпан, уа, Москва, мейірінді,
Меймандос, жарқылдаған бейілінді,
Таңғалып тамашаңа таңырқадым,
Қыынның сырын тапқан зейінінді.

Ұмытпан, жұлдыз жаққан жарығыңды,
Ұмытпан, сенде өткізген сауығымды.
Бетімнен сүйді-дағы ескен желің,
Көзімде Москваниң таңы күлді...

Көп сәлем, келелі елдің адамына!
Көп сәлем, жасы тұрғы жараныңа!
Көр көзді көре алмайтын соқыр емен,
Жасаңдар, жарастықты заманыңа!..»

III

Музыка күйді төге дүрілдettі:
Сарыны аралады жерді, көкті,
Нұр жайнап жанарынан жас музыкант,
Жарқылдал Сирияға келіп жетті...

ЕСЕДІ КӨКТЕМ ЖЕЛІНДЕЙ

Кави Нәжмігे

Көктем желі ескенде,
Жаның құлді бауырым.
Керуендей көшкенде
Көрдің қазақ ауылын.

Араладың ауылды,
Жырын ұқтың.
Ән салдың.
Аласапыран, дауылды
Осы ауылда қарсы алдың.

Есінде сені сақтайды,
Өзің көрген ауылың,
Жырларыңды жаттайды,
Тұғаның
Қазақ, бауырың.

«Айырдым»,— деме,—«тағдыр»,
Тосырайма шың-дағы.
Әтер күндер,
Әтсін жыл,
Кави — жырлап тұр, әлі!..

ҒАБДОЛЛА ТОҚАЙҒА

Қанаттанып, қанат қағып,
Жаратылған өлең-жырдан.
Шырайланып,
Гүл-гүл жанып,
Сүйіндірген әсем тұлғаң.

Ұлы ұстазым — Ғабдолланың
Жырларынан ұлғі алғамын.
Уа, дүние, жетім жаның,
Көре алмады атқан таңын.

Еділ, Жайық көрді бүгін,
Сен көксеген атар таңын.
Басып күйін,—«Зеләйлүгін»,
Сен ұстаған тал қармағың.

Толастады құм бораны,
Түье керуен ұмытылған.
Шарықтата шықты әні,
Алатаудай биік шыңнан.

Жылжып жатты жылдар, жылдар...
Түнеріп түн.

Етті ақыз...

Қатарласып айтып жырлар,
Қасымызда — Ғабдолламыз!..

«ҚЫЛЫШТАН ҚИФЫР, НАЙЗАДАН ӨТКІР»

Азияның белдеуін
Шеңберлей иіп,
шегендеп.

Африканың көлбеуін
Тоғыстыра, көгендер,—

Сылдырын қақты бұлақтар,
Санқылдап кетті алуан ой.
Жайқалып гүлдер, құрақтар
Құйқылжып өтті қызық той.

Дәңгелек үстел.
Ықылас.
Жаюлы жомарт дастарқан.
Төс қалтада қарындаш.
Тартылған керней. Дабылды ән.

Сусылдап қалам жорғалап,
Сыртылдап қағаз жазылды.
Сырларын бүкпей қорғалап,
Шырқалды дауыс — саз үнді.

Ташкенттің түрі құбылып,
Құлпыра сайрап, сән кірді.
Сарайдан перде түріліп,
Жаңғырды әлем.
Таң құлді.

Мерейлі жандар көрісіп,
Көтере құлді кең залды.
Жол жөнін сұрай білісіп,
Ақтарды жұмбақ арманды.

«Қарындаш — қиғыр қылыштан,
Қаламдар — өткір наизадан.
Көгершіндер көк құшқан
Бейбіт өмір жайнаған!»—

Ғажайып, терең теңеуді
Теніздей тербел селдettі.
Қалқиған қурап селеуді,
Құмдардан қуып, жел кетті.

Қисынын тапқан қаламның,
Талқандап «саҳра тамұғын...»
Көркіне құмар жааранның,
Келбетін көрдім. Таныдым.

Шынайы, жылы жүрекке,
Жанымдай құмар іңкәрмін.
Ғажайып ұлы тілекке,
Ұласты үні Мұхтардың.

Қаламдар қолда қаруы,
Қалтада толған қарындаш.
Жүректе жырдың жалыны,
Жарқылдай күлді бауырлас.

Жаюолы құшак, шырайлы
Көңілден шалқи қүлейік.
Достықтың таңы арайлы,
Көздесе, тағы жүрейік!

СӘЛЕМ, САҒАН!

Бағдат, Басар атыңа мен қанықпын,
Мен — ұлымың, сені сүйген халықтың.
Бала күннен:
«Мысыр, Бағдат, Шам, Басар...»
Деген әнге шырқата бір салыппын.

Тиһра, Ефрат өзендері жылжыды,
Жағасында құрма, миуа, інжірі.
Желің азынаپ, түйең боздап, қырсыққан
Бәдауиге қырын қарап күн нұры.

Көшіп жүрдің жерге тимей табаның.
Теріс ақты Шатт-эль-ғараб каналың,
Жалбарынып, амалсыздан жалтақтап,
Жалынышты жаутаң көзбен қарадың.

Ирак едің
Қирап еді мұнараң,
Феллахыңды әлде кімдер сабаған.
Елінде құт сабасынан шайқалып,
Жерінде жұт желі сарнап жалаған.

Қолға түспей өзің соққан қылышың
Шалқып жатқан мәлдір мұнай ырысың.
Уысында бандалардың, найсаптың,
Тұншықтың сен, тарылды тым тынысың.
Ғажап, бүгін, Ефраттың толқыны!
Шаттық хабар — дүйім елдің толқуы!
Көз алдына елестейді ақынның
Құыс іздеп Нұри Саид жортуы...
Құтты болсын!
Құтты болсын, қадамың!

Жарқылдасын, жайнаң қағып алабың.
Өзің татып жемісіңің ләzzетін,
Еркіндеп жүз, Тиһраның тарауын.

Жатсын олар өзі қазған құдыққа,
Түссін олар өзі салған құрыққа,
Осы жолдан бір адым да шегінбе
Енді ізінді Ирак елі сүйтпа!

Неше жылдар...
Қам көңілді тарыққан
Араб елін;
Шын жүректен жаны үққан.
Салтанатты елдігіңе тілекtes
Сәлем саған!
Сені сүйген халықтан!

АШЫЛДЫ ТАШКЕНТ ҚАҚПАСЫ

Мөлтілдеп жүзім, шапталы,
Кең майдан, баулы — гүлстан.
Дарбаза.—

Алтын қақпалы,
Құтеді мейман Шығыстан.

Ержүрек араб шалмалы,
Басады алшақ қадамын.
Ауған, үнді саңлағы,
Шираздың жұтқан шарабын.

Ираннан, Фарсы елінен,
Алуан жүйрік, сұңғыла.
Мінбәрдің сөйлеп төрінен
Достықты шырқап жыр қыла.

Ақыл-ой, сана, пікірдің
Бұлағы тасып, тоғысқан,
Мен-дағы көптен күтіндім,
Құтеді Ташкент — Гүлстан.

Келеді, әне:
Қатарда,
Тілекtes елдің боздағы.
Шығыпты ғажап сапарға,
Мейірбан қолын созғалы...

Мұхиттан, таудан, аралдан,
Қанатын самғай ұшыпты.
Карсы алып, достар-жарандар,
Құшақтап қолын қысыпты.

Көремін:
Бүгін достарым,

Күлімдеп күнге қараған.
Естимін!

Сазды қосқанын,
Тәбрик үндер тараған.

Данышпан ойлы Ұлықбек,
Жұгендеп аспан қырсығын,
Ибнъ-Сина берді леп,—
Шипадан ашып тылсымын.

Низами, Сағади саңқылдан,
Навои кезді бау — гүлді,
Рудаки,

Жами жарқылдан,
Сайратты сұлу бұлбұлды.

Фараби сазы шырқалып,
Музыка кетті дүрілден.
Толқындар соғып, бұрқанып,
Теніздер тулап, гүрілден.

Мағарри,
Имрель-қайс та,
Келгендей самған арабтан.
Жол ақынға алыс па?
Жолды өзі ақын жаратқан.

Мәшрик, Жәнуб, Шимал да.
Қосылды саңлақ бастары.
Шам, Басра, Ливан да,
Пердесін сілкіп тастанды.

Келіңдер мейман келіңдер!
Алуан шайыр саңлағым,
Ташкенттің гүлді төрін кер,
Ұласа көкке таңдағы үн.

Атады фонтан, атады,
Талқандап ескі керізді.
Атады әлем шапағы,
Тыңдайды достық лебізді.

Алша, анар, құрма, шапталы,
Жайылды кілем тақтасы.
Жарқылдал сарай оттары,
Ашылды Ташкент қақпасы!

МОСКВА ЖЫРЫНАН...

Демейміз көлемі тар тапшы
қала,
Демейміз Нью-Йорк жақсы қала,
Жасарып, күнде түлеп,
жаңғырықкан,
Па шіркін, қайдан жетсін
Москваға!
Москва — тұлғасы ғой
Державаның.
Москва — тамылжытқан өмір
таңын.
Шөліркеп, шөлдеп келіп, шөл
қаққанда,
Сузындаپ Москвадан нәр
алғанмын.
Қүйің бар — Москваға ұласатын,
Москва — шабыт берген жырласа ақын.
Бір соғып тынысымның
тиегіндей,
Жүргім Москвамен сырласатын.
Соғылған сом білекпен зәулім
сарай,
Жол шегіп Москваға бардым талай.
Сапарым сәтті болып,
ондан туып,
Қайтқамын қуанышпен елге қарай.
Баратын Москваға жалғыз
мен бе,
Кетеміз араласып мен де,
сен де.
Москва — кең бейілді, жұзі жылы,
Жол болды баратұғын барлық елге.
Алаңсыз ақ көңілді ержетілген,

Көнілді, көркем жанның
келбетінен,
Көз нұрың құндей құліп,
толықсисың.
Нәнілің жырға тола тербетілген.
Құн туса таңы сәулө арайынан,
Нұр балқып Москвандың
маңайынан.

Қыранның ақыығы сектіденіп
Ұшқамын салтанаттың сарайынан.
Асығып үйден аттаң кеткенімше,
Жолдардан жолдары асып
өткеніңше,
Көнілің алабұртып, алып ұшқан,
Қуанып Москваға жеткеніңше,
Алғандай Москвадан ен үлесіп,
Паналап езілгендер жиған есін.
Болса да теңіз сия,
қағаз жапырақ,
Тауса алман Москвандың шежіресін...
Сәлемін күнде беріп Алатауым,
Жайқалтып бөктерінде бақша бауын.
Жөнелтіп алмасынан сәлемдеме,
Сұрайды Москвандың есен-сауын.
Демеймін Нью-Йорк жақсы қала
Демеймін,— тар көлемді, тапшы қала.
Жүректің тыныс берген өзегіндей
Өзімнің
Қалай жетсін Москвама!

МОСКВАҒА ЖҮРЕМІН

Сирия ақыны Қадри Джаннан/

Былдырлаған бебек, сәби баланың,
Талпынғандай көкірегіне ананың.
Бейне хажі сапарына жүргуге,
Ынтығамын Москванды көруге..
Неге екенін сезбеймін мен өзім де,
Ойнайды жан, шашады нұр көзім де...
Аттанамын. Ұзақ жолға шықтым мен.
Бұл сапардың терең сырын ұқтым мен.
«Жүрер болсан, жолың болсын — ал егер:
Москвадан сәлем-сауқат ала кел!»—
Деп, тапсырып, қоршап алды бәрі де,
Аға-іні, бала-шаға, кәрі де.
Келдік, міне, пристаньға. Тоқтадық.
/Таза, әсем пароходқа сұқтанып.../
Пароходта әртүрлі ұлт, жүздеген,
Арабы да, черкесі де бізбенен:
Сөйлеседі досындағы сыр алысып,
Құшақтаса, ойнап, құліп, танысып:
Алудан елдің ардагері табылар...
Сан жетпейді курд, әрмендер бәрі бар.

Жігерлене алға таман ұмтылып.
Асығады әлде неге ынтығып.
Бәрінің де көксегені бір еді,—
Адал достық, бейбітшілік тілегі
Ғажап, қызық, тамашаға бөлендік.
Тұған жердей Москвага жөнелдік!
Ән шырқадық. Биледік біз. Құлістік.
Тұла бойға қан жүгірді тым ыстық.
Бортты кернеп, та-ра-рамдар жырланды.
Теңіздені балықтар да қызғанды.
Қуанғаннан мен де шырқап кеткенім...

Сезбей қалдым Дарданельге жеткемін.
Міне, Босфор...

Жұзіп келем толқында,
Қара теңіз бөлеп мені толқынға
Міне, Одесса!

Алыс жерден келдік біз.
Достардың да қарсы алғанын көрдік біз.
Көрдік мұнда: Шын мейірлі туғанды.
Көрдік мұнда: Мерекелі думанды.
Өтірік сөз, жалған өсек шашылды...
Өсектің де өтірігі ашылды!
Анасындағы қарсы алған баланы,
Шаттық үні көкті барып шалады.
Көзімізге жас та келді бір кезде,
Бөлендік біз, зор бақытқа лезде,
Ұран салдық жер жүзінде әр елге:
«Жаса достық!

Бейбітшілік әлемде!»
Ұранымыз: Біздің көкке ұласты.
Жаңғырды орман. Сілкінді жер. Қыр асты...
Биледік біз. Ән шырқадық. Құлістік.
Махаббатты қан жүгірді бір ыстық.
Достық пенен бейбітшілік әніміз.
Москваға!

Бет алдық біз!

Бәріміз!

Уа, Москва!

Шалқыған шат өмірге,
Түсімде емес, көрдім сені өңімде.
Қарсы алды анадайын Москва!
Келбетті ана, пана-жайым Москва!
Махаббатты, қан жүгірді тым ыстық.
Ән шырқадық.

Құшақтастық, құлістік!

«АБАЙ» ЖҰЗДІ ЕРТІСТЕ

Ертіс терең. Ертіс кең
Жүзіп келем Ертіспен...
/Халық өлеңі/

Алау-жалау бұлттардан алтын жиек,
Көтеріліп күн тауға артқанда иек.
Сан алуан сары алтын қазынасын
Қамдана сапарға «Абай» шықты тиеп.

Қара Ертіс толқындана жатыр көлбеп,
Бейне бір пароходты күймен тербел.
Палуба.

«Дойбы», «Тоғыз құмалақтар»,—
Ойланып, «Татьяна» кетеді өрлеп.

Домбыра, скрипка, сыйызғы үні,
Құлаштап көлде жүзіп «Абай» жыры.
Кернеген палубаны теңселдіріп,
Гармонның басылады алуан тілі.

«Бір қызық ісім екен әзім көрген...»
Қыруар қазна тиеп, олжа өңгерген.
Теңіздің тербетілген самал желі,
Жаныңа жайлы тиіп, лебіз берген.

Көгілжім сағым құшқан жер белесі.
Ойнаған жым-жым етіп көлде елесі.
Күлімдескен, күліскен, шарықтаған,
Абайдың немере мен шөбересі.

Кездесті «Белинский» қарсы алдынан,
Тіл қатты сәлемдесе «Абай» бұған.

¹ «Абай», «Белинский» — Ертістегі пароход аттары.

— Өткенде жүз жыл, енді кездестік біз,
Айналып кеткендеймін ұрпағымнан!

— Мызығымас мыңдал жылдар ұлы достық,
Сырластық, құшақтастық, көңіл қостық.
Салтымыз — той, мереке, табыс, ерлік,
Жоғалды — бейнет, азап, енжар бостиқ...

Әлемнің нұрын шашқан шырағымын.
Тұлғама қандай дүшпән тағады мін?
Бір тұтас монолиттей мызығымайтын
Даңқы зор Ұлы Совет Одағының! —
Дегендей,
«Абай» кетті шалқып, сүзіп,
Көл бетін алтын мүйіз жатты жүзіп,
Шырқалған, шырқатылған, асқақтаған,
Ән мен күй ұласты да кетті қызып.

Қоштасып, «Белинский» кете барды,
Қарсы алды көкжиектен атқан таңды.
Қақпасын горизонттың ашып тастап,
Балқытып шүғылалы нұрға малды.

Өркештенген ақ бүлттан әсем жиек,
Алтын күн асқар тауға артқанда иек.
Шомылып, шалқып «Абай» қазынасын
Бабымен ұлы жолға шықты тиеп.

ЕР ЖАСЫ

Жалындал жырдан жаралған,
Жарқыным, жолдас Тайырсың!
Нарыннан сонау нәр алған
Асқақты алғыр шайырсың.

Тіл қатып, күнгө қонақтап,
Самғата ұштың аспанға:
Тасқыннан-тасқын жол аттап,
Өзің бір теңеу дастанға...

Құмдарды кештің,
Кекшениң
Құлағы саған түрілген.
Үніңді елің көксеген
Жайдары жарқын жырыңмен.

Бекенниң ойнап лағындай
Жалтақсыз өстің Нарында.
Жырларың меруерт-лағылдай.
Ширадың, ақын, дауылда.

Жолдасым!
Досым, Тайырсың!
Жұлдыздан жырың жаралған.
Жыр құсын сендей қайырсың
Бектерден, алқап,
алаңнан.

Оңынан шалқып туған ай,
Сенің де, жолдас,
менің де.
Азырақ тоқтап,
шыдамай

Келіп те қалдың елуге.
Елуге келдің,—
 ер жасы,
Карсы алып таңның шапағын,
Жырыңың жандай құрдасы,
Қолыңды қысты
 Жақаның!

ЖАЛЫНДЫ АҚЫН

Жалынды ақын.

Дабылды ақын, арынды.

Жайып салып елге жайсаң жанынды,
Күрманғазы бабамыздың күйінен
Тарттың елге жұз құбылған сазынды,

Жарқылдаған жайдары ақын көңілді,
Міне, аттандың өмірде елу өрінді.

Кейде еркелеп,

кейде әзілдеп ойнаған

Кім сыйламас сыршыл, жыршыл өзінді...

Берші маған ерке-аяулы қолынды,
Білемін, мен жарқын даңғыл жолынды.
Серпілте бер,

сермей шырқа қияға,

Уа, Хамитым,

бол, лайымда, өмірлі!

ДАНЫШПАН АҚЫН

Пушкин мен Лермонтов — күн, нұрланатын,
Мен бір ай екеуінен нұр алатын.

F. Тоқай.

Самалды, саяда ескен таңың җелін;
Жұтамын мейірлене ішке лебін.
Кавказдың өр шыңынан тасқындаған,
Жырыңдан нұрланады көкірегім.

Көгімде күндей болып нұрланатын;
Ақындар шүғласынан нұр алатын,
Кейде күрт, кейде жым-жырт
маужыратып,
Дабылдап аспан астын жырлады ақын.

Сол жырың құні бүгін жүргегімде,
Жетелеп армандаған тілегіме.
Жарқылдап наизағайдың жай тасындаі
Атылдың Россияның түнегіне.

Көлеңкең қазақ елін аралады,
Шығыстың ақ иығы, томағалы
Әкетті ән-жырыңды аспандата,
Көкшенің сексен көлі шағалады.

Бебек те бесігіндеге сені тыңдал,
Ақын да өнегеңді соқты шыңдал...
Сексенде селкілдеген қарт сүйініп
Арулар әнін шырқап, кетті жырлап.

Арыңды кір тотына шалдырмадың,
Гүл өсіп, жайқалғанда балдырғаның,
Толқыған жағалауы жазирадай.
Мейірді бал бұлаққа қандырғаның.

Жас кезім. Ен далада жалпақ жатқан;
Мен сенің шарабыңың дәмін татқам.
Жырыңды жаным ұйып оқығанда,
Сарғайып сары белден таңым да атқан.

Ағындалап, ақтарылып, дана туған,
Терең ой, парасатты ала туған.
Тасқындал жыр мұхиты тебіренді,
Желпінген жұпар желді қанатыңан.

Сен айттың: Айтылмаған сөз асылын,
Ашылды тылсымданған сыр жасырын.
Құйылып, құздан құлап әр тарауы
Шалқыған Лермонтовтың мұрасының.

Нұр алдым. Нұрланады көкірегім.
Жұтамын құмарлана ішке лебін.
Жамылып тау елінің арқа гүлін.
Соқтырып түрғандайын таңың желін.

МЫРЗАШӨЛДЕН КЕЛЕМИН

Мырзашөлден,

Мырзашөлден келемін,

Мырза дала кесіліпті көлемің.

Гүл өсіріп, мамық, мақта жайқалтып,

Тегенелеп толқын суды төгемін.

Аршып тастап сұр даланың батпағын,

Ағыл-тегіл дөңбекшіп бір жатты ағын.

Сол даланың — сол даланың бетінде

Жағыла тұс, жарқырай тұс, оттарым.

Қандай ғажап, гүлжайнаған алқабым,

Сол алқапқа жолды мен де тартамын.

Өзендерден өлең-жырлар құйылар,

Қосылғандай Нұра, Ертісі арқаның.

Ғажап па екен, Сырға қосылса,

Есіл тасып, Сырға мойын ұсынса.

Ғажап па екен, Алатауды оралып,

Талғарымнан бөгеттерің тосылса...

Мен шөлімді,

мен шөлімді басамын,

Шөлдерімді көл етемін, тасамын.

Есер желдің, ескен желдің жолы жоқ,

Жөн сұрасаң жолымды мен ашамын.

Аштым жолды. Мырзашөлім шалқысын,

Қарсы аламын: таңдай қаққан таң құсын.

Миуаларың мәуеленіп, балбырап,

Аясында сұлу таңың балқысын.

Мырзашөлім, жаттың байтақ кесіліп,

Соқты желің жанға сая есіліп.

Қауыздарды, құбырларды қуалай,
Мен отырмын дәл төрінде шешініп.

Үкідейін жайқалады мамығым,
Жер иеді. Шөл иеді тамырын.
Мырзашөлім — мырзалиқпен керілсе,
Шөбереге тартар сый ғып балығын.

Мырзашөлім — шөберенің бірімін,
Шөл емеспін.

Шөлдің кілем түрімін.
Туғандарым қарсы алғанда алқалап,
Елімнің мен жайқалған бір гүлімін.

Осы гүлді таққанымда өнірге,
Шалқып жырым тасығандай менің де.
Кестелеп із,

бір құла тұз құлпырды,
Шақырғандай дабыл қағып өмірге.

Айтқан еді бір шайырлар, жыршылар,
Мырзашөлде
ертең — нарттай гүл шығар.
Қолмен бұрап табиғаттың дүлейін,
Тентек жел де, құмды шөл де тұншығар.

Бұлбұлдарың күтіп таңның атарын,
Қайда жытқан, қайда қашқан шақалың?..
Көп лепірме, көтеріліп жынды жел,
Жолың қысқа, тұсауладым, матадым.

Көремін мен.

Көрдім жердің ғажабын,
Сілкіндірген басып жатқан азабын.
Тоғыз тарау, тоқсан жолдан тоғысып,
Мырзашөлім құлпыртады ажарын.

ЖЫЛ ҚҰШАҒЫ

Жылды екен биыл келген жыл құшағы,
Бұл жылым: Нұр құшады. Күн құшады.
Асқар тау көк сенгірін серпе тастап,
Тербеліп жасыл шырша тұлымшағы.

Жылды екен:

Биылғы жыл думанымның
Жылды екен — бауырлардың, туғанымның.
Жарқырап маңдайынан күн туғандай,
Іңгәлап, бесігінде туған ұлдың.
Сыйлығын елге тартып жыл береді.
Сан ақын ақтарыла жыр төгеді.
Бебекті әлдилетіп, қартты сүйіп.—
Жыл келді, жылды қарсы ал! Жыл келеді.
Бұл жылым
Күнді, алқалап, нұр құшады
Теңселген қарағайдың тұлымшағы.
Елімді, достарды да жадыратсын,
Тербетіп аясында жыл құшағы.

ДОМБЫРАҢЫЗ СЫҢҒЫРЛАСЫН

Домбыра мен әннің қарт тарланы
досым Нұрғазы Кішкілдіқұлына

Нұреке, тартып жібер домбыраны,
Домбыраң жүрекке күй қондырады.
Байқаймын, басқалардың домбырасы
Кібіртік, әлде неге болдырады...

Нұреке, домбыраңыз сыңғырасын,
Шолпысы салған әннің сылдырасын,
Есілдің ерке талын бір ырғалтып,
Құйындаі нөпен-несер құлдырасын.

Он саусақ маймаң қағып сыртылдасын,
Салған ән шымшыласын былқылдасын.
Көмейден күйді төгіп, құйып жібер,
Алабы Атбасардың бір тыңдасын.

ПЕРНЕЛЕР

Жүрекке жылы,
Көңілдер сүйген,
Тізілді маржан термелер.
Басылды жырдан,
Басылды күйден.
Басылды толқын пернелер.
Басылды перне,
Толқыды терме,
Толқындай соқты жарға ұрып.
Жылжыды құндер,
Естілді ұндер,
Қағылды дабыл жаңғырып,
Қағылды қанат,
Серпілді құлаш,
Көтеріп туын өлеңнің.
Отырдым тыңдалап,
Жалықпай жырлап,—
Шаттығын
ескен өр елдің.
Жарқылдалап, жайнап,
Талыңда сайрап,
Телегей сырдың бұлбұлы.
Құз-қия текше
Жаңғырды Кекше,
Жаңғырып кетті қырда ұні.
Жарқылда жазбен,
Жалынды сазбен,
Қызығың әлі алдыңда.
Ұқылас көніл,
Тілеймін өмір,
Інішегім Әбділда!

ГҮЛДЕНЕ БЕР, КӨКТЕМІМ!

Көктем келді жайраң қағып дидары,
Көктем келді — тоғай гүлін сыйлады.
Балбұлақтар ағыл-тегіл құйылып,
Тәкаппар мұз таудан құлап тулады.

Ертіс, Есіл теңдеп артты мұздарын,
Алатау да түлетіпті құздарын.
Сырдың сұы сырги ағып, сыландарап,
Ерке тобыл сілкіп жатыр мұздағын.

Көктем туды,
күн де күліп туады.
Аспанды аялайды шуағы.
Теңселеді күйге балқып тұрғандай,
Қырдың гүлі, көлдің балғын құрағы.

Көктем келді.
Күлді күн.
Аялайды айқара ашып түндігін.
Нұрлы көктем жаңа гүлдер әкелді,
Алып келді еңбек, жігер бірлігін.

Гүлдеп көктем, өрле көктем төріме
Шарықтай түс, шашырат нұр көгіме,
Кеңпейілді дастарқанды жай, кәне,
Көркінді бер дархан менің еліме.

—

НЕМЕРЕМДІ ЖЕТЕЛЕП

Отыр едім толғанып,
Жазайын деп бір өлең.
Қаламымды қолға алып,
Толқығандай жырменен.

Өлеңімнің лезде
Бас шумағы тізілді.
Сол өлеңің бір кезде,
Қалған жолы үзілді.

Келді-дағы немерем,
Қаламымды ұстады.
Айтшы, ата,— деп — бір өлең,
Сол мезетте қыстады.

Еркелеген немерем,
Күн көзіндей көрінді.
Қайдан шықсын енді өлең,
Ой өрісі бөлінді.

— Ата!
ертең барамын,
Сабағыма мектепке.
Мен де қалам аламын,
Отырғанда мектепте.

Еркеледі немерем,
Еркелеттім мен-дағы.
Енді бітпей қалды өлең,
Үзілген жыр, кел-дағы...

Қалай шығар бұл өлең,
Қалай жазам мен енді?

Таңсәріден немерем
Мектебіне жөнелді.

Ерте тұрды ол-дағы,
Ала, көбе таң алды.
Бірге тұрып мен-дағы,
Жетеледім баламды.

Көтерді ол әрең,
Зілдей ауыр сумканы.
Ойға түстім сонда мен:
/Толар тағы сумка әлі.../

Сумка толған өлең бе,
Әлде толған сыр ма екен?
Қарап алған менен де,
Қаламымнан жыр ма екен? —

Дедім-дағы,
үзілген
Шумағымды іздедім.
Сол шумақтың ізімен
Осы өлеңді тізгенім.
Жазылышп бітті, міне, өлең,
Сүйіншіге не берем?
Мектебіне аттанды
Таңсәріден немерем!

ОБЛЫСЫМ = АЛМАТЫ

Алатау — айдын бәктері,
Сылаңдап сәнді көктемі.
Жазы да келді бетті өбе,
Қарқара, Асу аңғары,
Темірлік, Сымтас заңғары,
Бұлтты қүшіп көктегі.

Хантәңірі бүркіп мұз,
Көшкіні құлап,
түлеп құз,
Жадырап кетті кең дала,
Қалықтап қыран қиядан,
Шалықтап тас ұядан,
Ұшады бүркіт өрді ала...

Жайлауы — шалқар, дәүлетті,
Аңғары — алуан сәулетті.
Миуасы шырын мәлтілдеп.
Көркіне көзің тұнады,
Сынаптай жылжып бұлағы,
Алқызыл гүлдер желкілдеп.

Тойлаған елім думанын,
Қыздырып еңбек қырманын,
Жайқала жайнап алтын дән,
Ұласып қырға ойдағы үн,
Қайырып шопан қойларын,
Тартылған күй.

Салған ән.
Құйқылжып кетті шыңға өрлең,
Өрлеген еңбек тың тербел,
Зәулімдер қатар тізіліп,

Жаңаланған жайлайым,
Жаңадан қоныс сайладым.

Жаңарып карта сыйылып.
Жетісу жерің жемісті,
Жемісті жерің өрісті,
Өріске тіктім шатырды.
Жетісу жерің алмалы,
Балбырап балғын баулары,

Бақшамнан фонтан атылды...
Көз жіберсем сырғыңа,
Белесті жеті жылдыңа,
Жылдыңан жылдың өрлеңен.
Шұғыла құшып жерімді,
Жаңартып жылдар елімді,
Аршындаң құлаш сермеген.

Ақсу, Балқаш, Ілемнен
Жеріме жайсаң түр енген,
Шұрайлы шалғын,
 құнарлы,
Жайқалған жасыл құрағың,
Саяңда салқын бұлағың.
Қандырған сусын құмарды.

Алатай — айдын бектері,
Жылымның жазы бетті өбе.
Қарқара, Асу аңғары.
Сылаңдаң гүлді көктемі,
Жұлдызды құшып көктегі,
Темірлік, Сымтас заңғары.

Астанам менің көрікті,
Алматым нұрын төгіпті,

Айнала біткен шынарың,
Дәулеті шалқар, өрісті,
Ләzzәті шырын, жемісті,
Облысым, тұрағым!

СҮЙІНДІ ЕЛІҢ, СҮЙІНДІ

Сақылдап мұхит ызғары,
Соғады дүлей, соғады.
Телегей тасып мұздары,
Шапшиды толқын жоғары.

Жындана, жел ысқырып,
Сұрапыл сырын толғайды...
Қатыгез қаһар түшкіріп,
Алдынан тұман торлайды.

Опқыны жұтып кетердей
Арсылдап жатты ақырып.
Толқыны теуіп өтердей
Бұрқылдап көбік сапырып.

Ашады ажал аранын,
Секендең жемен желігіп.
Долдана түйіп қабагын
Ақ көбік жынға көміліп.

Тұнере тәнген үрейге
Сыр беріп, талмай, төртеуі,
Күлгендей келген дүлейге,
Гармоны құйін шертеді.

Отанын сүйген жүректер,
Шыңдалған болат ұранмен.
Қаһарман, қайсар түлектер
Тартысып тағы боранмен.

Жалынды жігер, жауынгер,
Сүйреді шаштан ажалды.
Мейлі апат, мейлі жел,
Жеңеді қалай адамды? —

Сөнбейтін мәңгі жарығы,
Болашақ, алда үміті.
Заманның самғар алыбы,
Жас ұлан, Совет жігіті.

Қайырып қаққан қыырды,
Алысқан алып ерлерге.
Сүйінді елің, сүйінді,
Сүйсінді Отан сендерге!

МӘПЕЛЕГЕН ПАРТИЯСЫ ЛЕНИННІҢ

Өмірімнің календарын ақтардым.
Аштым талай конверттерін
хаттардың.
Бірде мұздап, бірде сыздал,
толықсып,
Жүргімнен орын алғып сақталдың...
Тудым үйде үңгіріңдей суырдың,
Туғанымда-ақ іңгеладым,
жыр қудым.
Орман тоғай, жапан дала құлазып,
Мұңы болған әнші көкек,
бұлбұлдың.
Мен бала едім; талдан құрық кескемін.
Кең далада асыр салып өскемін.
Жаз шілдесі зымыстандай қалышылдап,
Ұмытпаспын, сырғанақ жел ескенін.
Бастым аяқ, апыл-тапыл жүгірдім,
Кейде жылап үңгір үйге тығылдым:
Жалындым ба, жасқандым ба,—
білмеймін,
Өткенін де аңғармадым күнімнің.
Ол бір кезең өтті-кетті құлдырап,
Көз алдымда әлі де түр бұлдырап.
Ішке бітіп беріштенген шемендей
Жүргімде запырандай тұнжырап.
Сонда: өлең — таянышым, серігім,
Сонда күйдің қыза бастым көрігін.
«Бәрі меруерт, бәрі маржан»...
демеймін,
Кейде шаптым, кейде аяңдап,
желідім,—
Болса-дағы түстім ізге жалықпай,
Өз жолымды, өз бетімді анықтай,

Қанат қақтым, бала құстай
талпындым,
Кейде биік, кейде төмен шарықтай.
Белді буып арпалыстым, күрестім,
Тұсіндім мен не екенін күрестің.
Сол бір кезде, сол бір кезде,
япырм-ай,
Тас тағдырым, неге сонша тірестің.
Қасарысқан тағдырға бас имедім,
Жеңілуді, желбендеуді сүймедім.

От қуатты ыстық қайрат тасқындал,
Жалын жігер желкілдете сүйредің.
Аттап өттім жастық шақтың жаздарын,
Анық білдім маған да атар таң барын.
Атылдым да нажағайдай күркіреп
Кездім жайлап заманымның
аңғарын.
Соқты дауыл, сілкінді ауыл,
сілкінді,

Құздан құлап сарқырама
жүлқынды.
Бұлан-талан қара түнек ыдырап,
Айықтырды кілегейлі бұлтыңды.
Мен дауылда ауылменен сілкіндім,
Бұғалықты бірге үзіп бұлқындым,
Айбынды ту желбіреді алдымда,
Алқынбадым, алға тарта ұмтылдым.
Мени Отаным жез қанат қып өсірген,
Ұштым сенің бәктеріңнен,
төсіңнен.

Өрге өрлесем қолтығымнан көтеріп
Аз сүрінсем кінәламай кешірген.
Өсті гүлдер балқаш, шиман жеріме.
Текті шұғыла талмау жатқан еліме.

Өрмеледі сағанақты күн көзі
Қырық құрау лашығымның төріне.
Шатырлы шағаладай үйімнің,
Екі-ақ елі шақырымы қыырдың,
Жыл жабынған кебенекті лақтырып,
Сағат сайын сәнді көйлек киіндім.
Күйдің кілтін қолыма ұстап
бұрадым,
Жеттім қуып арманымның тұрағын
Тілін біліп алдым тауып тетігін,
Соққан желдің жүрер жолын
сұрадым.
Немерелер, балдырғандар жүгірді.
Шөберелер түсінеді тілімді.
Еркелөп кеп мойыныма асылып,
Ол да күлді, мен де күлдім,
күн күлді.
Талға қонып қырық жылдай
сайрадым,
Қызыл тілдің ұстарасын қайрадым.
Аңыратып алпыс маған келсең де,
Көмекейде құйқылжыған
майдары үн.
Таяқ алып таянбаймын алпыста,
Айттар өкпем тағы да жоқ алпысқа.
Қаламымнан сызылған сез
сайрандал,
Жетсе болды кейінгіге әр нұсқа...
Мақтан емес, расым осы ақтарған,
Шындық менің жүргегімде
жатталған.
Көзге қораш тұрымтайдай тұлғама
Біткен емес асқақ мінез,
мақтанбан...
Өрмеле, жыр! Өрмеле, жыр, көгіме,

ҚҰРДАСЫМА

Қаратал ауданындағы «Қаратал»
совхозының аға шопаны, Социалистік
Еңбек Ері Дәuletияров Тұтінбайға арнаймын.

Елемей дүлей боранды,
Елемей құмның көшкенін.
Бұлыштырып, бұлдырып тұманды,
Ысқырып желдің ескенін.

Тұкірік түспес ызғарлы
Таңдарды талай атырдың.
Ерлігің сонда шыңдалды,
Атына лайық батырдың.

Алысып арлан бөрімен
Алқымдап соқтың күйретіп.
Жетіжалдың өрінен
Талайын тарттың сүйретіп...

Дәuletін елдің шығынсыз
Шығармай шашау баққаның.
Тұндерің өтті тынымсыз,
Меншігін көптің сақтадың.

Қаңтарда қарсы қасқайып,
Қабақтан түспей қырауың.
Жел жегіп,

Мұз жастанып
Өзінді сонда сынадың.

Қадірлі болдың еліңе,
Ардақтап өзі қалаған.
Еңбектің шыққан өріне,
Тұлғасы биік жаңа адам.

Қақаған ызғар боранды,
Елемей желдің ескенін.
Бұлыштыр, бұлтты, тұманды,
Елемей құмның көшкенін.

Таңдарды көзбен атырып,
Түкірік түспес ызғарлы
Елемей жүрдің, батырым,
Алты ай аяз, мұз-қарды.

Жұлдені алып бәйгеден,
Үмітін елдің ақтадың.
Өтсе де сынды әр кезең,
Абыроныңды сақтадың.

Шалмын деп үйде құрыспай,
Қырандай қырды шалғаның.
Жетілген жебең қылыштай,
/Әлі де бар ма арманың! /

Жігіттей өрен тұлғасың,
Ассаң да алпыс асуын.
Тетелес өскен құрдасым,
Қуаныш жырдан шашуым!

ҚАЗАҚСТАН МЕЙМАНЫ

Жұлдызы түшіп оқынан
Құтты болып сайраны,
Егіз батыр — қос ұлан,
Қонар жерін сайлады.

Жасырмады жұмбағын,
Кең әлемнің аймағы
Ақ күмістей ну сағым
Жер бетінде ойнады.

Сағынғандай жер ана,
Құшақ жайып, жайнады.
Ән шырқады толғана,
Орманда құс сайрады.

Беттен сүйіп жібек жел,
Қызығыңа тоймады:
Айдын шалқар мөлдір көл,—
Шағаласы тойлады.

Жазық дала жасыл бел,—
Ұланға орын сайлады...
Бәрекелді бүркіттер!
Қазақстан мейманы!

ҚЫНАПҚА САЛ ҚЫЛЫШТЫ!

Теңізінің кек толқыны тулаған,
Желмаясы, сайгұлігі зулаған.
Әндер толқып, мақам шалқып
көгінде,
Әль-маари ғазаларын жырлаған.
Араб елі,
нелер қыын шындардан
Асып өткен өркеш-өркеш
құмдардан.
Талай ару Гүлсімдері ұрланған,
Талай Зүhra еңіреген, тұл қалған,
Араб елі, ұмытпайды өткенін...
Бұралаң жол, бұлдыр тұман өткелін
Тас тағдырлар түйіліп ел көгіне
Жылдар,—
Жылдар қасіретті шеккенін.
Ей, жендеттер!
Сенде ненің желі бар?
Құтыратын, қай атаңың кегі бар?
Айбынды елдің бұза алмайсың
қорғанын,
Серті берік, ынтымақты елі бар!
Желін үрлеп,
желіктірді сені кім?
Есуастық желіккенге еруің,
Өзің қазған орға өзің құларсың
Қыын соғар өз үйіңе келуің?!
Сезесің бе, кім «айтаққа»
косқанын,
Кім көтерді сенің үшін тостарын?
Ақ үйінде ақша санап отырған
Сары албасты арқа сүйер
достарың.

Тоқтат дабыр, апат, ажал ұрысты,
Қан шенгелдеп кетірме елден
тынышты,
Ей, Израиль
соқтықпа араб еліне,
Сөндір өртті
Қынапқа сал, қылышты!

НҮР ШАШЫРАП

Бүгін, міне, нұр шашырап, таң атты.
Бүгін, елге таң шұғыласын таратты.
Бар әлемді құшағында балқытып,
Жан шуағы нұрдың желі тарапты.
Күн шуағы құйылып тұр көгімнен;
Жадыраған бейбітшілік өмірден.
Тыныс алып миллион жүрек соғады.
Таң рауандап, жерге сөule төгілген.
Гүлстанда көкті құшқан сарайым
Құлпырады, күннің сүйіп арайын,
Кең әлемнің, кең алқабын аралап,
Дабылдата қанатымды қағайын.
Көкжиектен күнім шалқып көрінген,
Жаңаланған жадыраған өмірден
Қуаттандым, қанаттандым,

күнге өрлең,

Өрге жүздім, өркенедім Лениннен.
Таң да атты. Бұлақ сылдыр қағады,
Tau өрмелеп, таң шапағы тарады.
Нұр құндақтап, жел сүйеді әлдидеп
Дидарынан бүгін туған баланы.
Бәйтеректер,

гүл — желеңтер ырғалған,

Қыран ұшты мұз айдарлы шыңдардан.
Көктің сирін, жер жұмбағын шешетін,
Біз —

Лениндік гвардия шыңды алған!

Біз —

Лениндік гвардия легіміз,
Алғы сапта шеруіміз, шебіміз.
Таңда туып,

таңмен бірге жайнаған

Мейірбанды, құдіретті еліміз.

Бар жиһанға таң сәулесін таратқан
Жолдарымыз тоғысады әр тараптан.
Тебіренді ұшан-ұлы теңіздер,
Ленин! — деді,—
Нұр шашырап, таң атқан!

ҒАШЫҚ ЖАР

Сүйгенім жанымда,
Жел кетті былдырап.
Самалды таңында
Қамыстар сылдырап.
Бейне ғұл — тым нәзік,
Тәтті тіл — жыл азық...
Таң біліп,

Ай құліп,—
Тұрғандай төбеде
Қиялдар құбылып,—
Желкенді кеме де,—
Жұзгендей теңізде,
Балқыдық лебізге...
Естілді сағаттың
Шықылдан үндері.
Жұпары алаптың
Ашылып ғұлдері.
Иіп тұр бастарын,
Жұлдыздар тізілді
Жайғандай шаштарын.
Көгімде жымындалп.
Бір жұлдыз үзілді
Кетті күмар жұлдызға.
Кім ғашық ол қызға!?

СӘЛЕМ САҒАН!

Миллиондаған армиясы айбынның,
Өркенімді, қанатымды жайғыздың,
Сәлем, саған!

Бас иемін Партия,
Сәлемін ал, аспандағы ай, күннің,
Сен бастадың.

Біз артыңнан ереміз,
Даңғыл жолда;
Ұлы жолда келеміз.

Уа, Отаным!

Миллиондаған табысты,
Саған ғана,
саған арнап береміз.
Көкірегімде, асу — қия, өрімде,
Жүргегімде, жазиралы жерімде.
Қуат алып, биіктерден шырқаймыз,
Күнде өзіміз дидарласып Ленинге.
Сеніменен суарылдым, шыңдалдым.
Сеніменен сан шайқаса бір бардым.
Солдатыңмын, сап түзеген қатарда,
Аясында алаулаған тулардың.
Қанат бердің, өркенімді

жайғыздың,
Сәлемін ал, көкте жұлдыз, ай, күннің,
Бас иемін!

Сәлем, саған Партия,—
Армиясы миллиондаған айбынның!

ШЫНАЙЫ, НӨЗІК ШЕБЕРЛЕР

/Алматы № 2 тігін фабрикасының
Коммунистік кәсіпорын атағын
алған колективіне арнаймын/.

Он саусақтан төгілген
Көз тартады өнерің.
Сырласайын сенімен,
Шынайы,
сергек шеберім.

Толғаулы өлең толқыған
Кейде асқақтап кетеді.
Фабрикада толқып ән
Тізбектеліп өтеді.

Нөзік бармақ бүгіліп,
Мінсіз қаю, мың ырғақ.
Серпінді қолдар жұғіріп,
Бір қызық үн сыйырлап...

Әдемі пальто қыналған,
Костюм қандай тамаша.
Сәнді көйлек сыланған,
Кетті бойға жараса.

Көңілдене ой тасып,
Килемін де шаттанам.
Тұлғама сән жарасып,
Жас баладай мақтанам.

Көремін үл мен қызыымнан,
Кейлекке көрік алқасын,
Өңірде жайнап сызылған
Фабриканың маркасын.

Сеземін, сонда:
шебердің,—
Зейін сала тіккенін.
Майысқан нәзік өнердің
Қиюын тауып бүккенін.

Тұын ұстап,
топ жарып,
Озып алды жүлдесін.
Құлім көзден нұр жанып,
Соғып еңбек іргесін.

Нәзік саусақ,
бал бармақ,
Мінсіз қаю, мың ырғақ,
Ұнағанын ал таңдал,
Киіп алмай кім тұрмақ?

Тігінші — деген бір сөздің,
Тігісі қалай, тым жатық,
Арнап саған өлеңді,
Жаздым-ау, әрең, тұн қатып.

Көркейе бер, жайнай бер,
Бөлен, үлде-бүлдеңе.
Елге олжаңды сайлай бер,
Біз де ортақпыз жүлдеңе!

«ЖАМБЫЛ» ГҮЛІ

Москвандың маңында,
Өскен сирень гүлдері.
Ырғалып әсем талы да
Сирень гүлдер гүлдеді.

Кеуде кернеп аромат
Иістері аңқиды.
Құмарта жұтып рахат
Бойыңды алып, балқиды.

Бейне мамық үлпілдек,
Ырғалады алуан гул.
Түйнек салған үлпілдеп,
Көгілжім, қоңыр, алқызыл.

Раушан, зеңгер, алжасыл,
Шымқай қызығылт,
көгілдір
Бақшаны түр бөлеп жыр,
Тартады көз түрлі гүл:

«Москва таңы», «Зоя», «Арман»,
«Киров», «Отан» гүлденген.
«Полина», «Павлов» жайқалған,
«Мичурин Иван» бүрленген.

Жұпарын сеуіп «Жамбыл» түр,—
Арасында бұлардың.
Сайрайды әнші күй бұлбұл,
Дегендей гүлге құмар кім?!

Сиреньдер өсіп бір түптен,
Теңселе сылаң қағады.
Тырнақтай ғана бүртіктен
Тамырлап нәр алады.

...Бақшаға кіріп тұрғанда,
Осы жыр мені биледі.
Жырмен бірге былғаңдал,
Қарсы алды «Жамбыл» сирені.

Бақшаның қонып талына,
Бұлбұлдың әнге салғаны;
Нұрланып отан таңына,
Шешілген Жамбыл арманы.

Москваның маңында
Өседі сирень гүлдері.
Жұпарын сеуіп тағы да
Жайқала «Жамбыл» гүлдеді.

ДОСЫМА

Қырық жыл бойы қаламды
Түйредік жауға, күрестік.
Қарсы алып таңды заманды,
Қатарға тұрдық. Бір естік.

Кеудені кере қаймықпай,
Қаламмен кірдік егеске.
Қыннан жүрек шайлышпай,
Киялай шықтым белеске.

Жайқалып келген өмірге,
Алаңсыз қүле, шаттандық.
Сақтамай кіршік көңілде,
Адалдан сырды актартық.

Әрине артқа қарасақ,
Соқпағын жолдың көреміз.
Дабылын қағып болашақ,
Ілгері жүзді кемеміз.

Үніміз шырқап әр тұста,
Орындаған елдің тілегін
Келіп те қалдық алпысқа,
Жайнаған жаздай жүрегін.

Жасыңды біраз оздырған,
«Қажыдым» деме,
Алпыс! — де,
Алпыс тонды тоздырған,
Алпысым менің талтус.— де!

Қырық жыл тұтас қаламды,
Қағаздан алмай күрестік.

Мерсизі, ғажап заманды
Қарсы алып, күліп, бір өс

Қиялы асып қырқадан
Қарқындаі тарттың ілгери.
Үніңе лайық шырқаған,
Еліңен алдың жүлдені.

Жылжып жылдар,
Ай зулар,
Алмасып өтер ұшқыр күн.
Бақытқа балқып көп жылдар,
Жасай бер, Сәбит!
Дос құрбым!

БАЛАМ ПАРТБИЛЕТ АЛАРДА

Кеше сен бала едің ғой іңгәлаған,
Деп тұрсын, бүгін балам:
жырла маған,
Теңселдім терең ойдың тенізінде
Айтам деп әкелік сөз қалай саған.

Толғанса табылмай ма сөз дегенің,
Осы еді сен туғанда-ақ көздегенім.
«Тәй — тәйлап» бесігінен тұрғаныңда,
Қолыңды атқан таңға мезгеп едің...

Жиылса құрбы-құрдаң мақтап еді,
Зілі жоқ, естігенің мақтау еді.
«Немерем келіп қалар үйіме» деп,
Қарт атаң «сарқытын» да сақтап еді.

Шешен де тербететін қолы талып,
Әкең де әлдилеген алдына алып.
Көңілі сен тұрғанда сelt етті ме,
Көктегі шолпан жұлдызы кетсе де ағып.

Әкеңнің білесің бе не көргенің,
Ағаңның сезесің бе неге өлгенің.
Сен сонда аңғардың ба, байқадың ба
Өмірдің нелер құлы кезеңдерін?!

Сездің бе, сол өмірдің дауылдарын,
Білдің бе, жаңа жарқын қауым барын.
Мәуесі бостандықтың шешек атып,
Жайнатқан сен туғанда ауыл маңын.

Біз онша бойымызды сыламадық,
Жақпадың бетке далап, қынаны алып.

Жайқалған жапырағы жасыл жазға,
Кірмедік есік ашып, тура барып.

Өткердік өртінді де жалыныңды,
Қайсар шақ қарымызға қару ілді.
Сол бір кез түсте емес, өңімізде,—
Білмедік

Сән — жібекке малынуды.

Толқында ұйқымызды төртке бөліп,
Сап түзеп, ұран салып,
әткен едік.
«Темірді қызында соғамыз!» деп,
Жыр құйдық, жаңа өмірге өктем еніп.

Ғафу ет!

Айтамын деп, кетсем қызып,
Сабыр ет!

Кетпе, жаным, сөзімді үзіп.
Оқисың, тек, кітаптан,
білемін мен,
Оқиға, цифр, жылдың күнін тізіп...

Бұл өмір оңайлықпен келгені жоқ,
Цифрдің бергенінен бермегі көп.
Жылдардың ауыр-ауыр апattary,
Тарихтың тербеуі көп.

Сом болат өздігінен соғылмаған,
Бермейді өмір аяп жолын саған.
Еңбектің, күрестің де бұра кілтін,
Қалмасын жерде бір дән орылмаған.

Жаныңды қасиетті шарпи ағын,
Тас-түйін түлегіндей қарт ұяның.

Қаһарман ұлы қолдың солдаты боп,
Кіріпсің қатарына партияның.

Лениннің таза сақтап қағидасын,
Кірлетпе, тот шалмасын жан пидасын;
Тар шеңбер,
өресіз ой өрлетпейді,
Шалқып жүз марксизм дариясын.

Аз жылдар балалықпен өтті, кетті,
Ақылға өлшеу табар мезгіл жетті.
Тура, әділ коммунишке өмір сүріп,
Кіршікіз таза сақта партбилетті!

ӨТЕЙІК ӨРДЕН, БЕЛЕСТЕН

Шудың қала атануына

Көп жылдар өтті: көрдім мен
Далада жалғыз бір үйді.
Жапанды жалап, гулеген
Бір үйді жынды жел сүйді.
Жел сүйді үйді,
 Құм сүйді,
Ұялап көзге шаңдағы.
Киырда жалғыз сол үйді
Қоршаған жапан қаңбағы.

Қуалай бүрқап шаң кетті
Танабын жердің қуыра.
Беймаза сарын әндettі
Даңғаза күйді
Шуыма.

Ол жылға өтті көп жылдар,
Қайталап несін айтамын.
Көшіпті құмдар сол құмдар,
Ноқталап желдің сайқалын.

Жазира жайнап, гүл өскен.
Құмайты, жайдақ, ту дала.
Жадағай үйден үн өшкен,
Саясы сайран — ну дала.

Кек сүйген зәулім үйлері,
/Тұрған жоқ тұнып,
 жабырқап/.
Шырқаған шаттық күйлері,
Дегендей:
 тыңда, ал, үрпақ!

Түрксіб жолы көсіліп,
Мойынты — Шуға қол артқан.
Жадырап желі есіліп,
Сәулеті қандай мұнартқан?

Сібірдің сонау алабын
Алқалап өскен ағаштар,
Тұрпайы, тілсіз даланың,
Тыңында піскен қалаштар.

Вагонға тиеп көмірін
Келіп тұр поезд тізіліп,
Көресің думан өмірін,
Кетесің балқып, қызығып...

Көмір.

Ағаш.

Астық, нан,—
Шуыма келіп түйіскен.
Дидары нарттай, шадыман,
Көрікті жандар сүйіскен.

Шу емес, енді, құлазыр,
Жазында жайнар желеңі.
Алдында, әне, тұр әзір,
Қантынан шәрбәт береді.

Қолыма алып қалашын,
Қантының дәмін аламын.
Текшелеп Сібір ағашын,
Үйіме ірге қаладым.

Жапаны жадау.

Шөл шуым,—
Жадағай, жүдеу дала екен.

Шулаған желі;
Сол Шұым;
Алабы асқар пана екен;

Өсіріп шалқар, малға бай,
Ананың беті алмадай,
Аңқылдап құлген бала екен.
Төбесі көкке тірекен.

Бір үйден туып,
 үй өскен,—
Думанды, тулы қала екен.
Машина, зула, зымыра,
Зымыра!
 Өрден өтейік.
Зуылда!
 Бүгін Шұымда
Төтелей тартып, жетейік!

Бұрылма!
 Жолдан бұрылма,—
Белгілі сағат өтеді.
Думанды қала Шұымда
Асығыс достар күтеді...

САҚТАЛҒАН ХАТТАРДАН

«...Атыстым майдан төрінде,
Алыстым обыр жыланмен,
Антымыз берген:

«шегінбе!»

Арыммен жанды жуам, мен!»

—«Ерлігім, аға кешегі:
Нажағай болып атылдым.
Қоқаңдап тәнді бесеуі,
Жайрата соқтым, жапырдым».

«Ағажан, өзің берік бол
Алаңдай көрме, мен үшін.
Болса да қылыш, қының жол,
Қайыспай өтем, ел үшін!»

«Тұтеген оқтан тайсалмай,
Тұншықпай кірдім тұтінге.
Қаһарман жауды қарсы алмай,
Ерлігі ердің бүтін бе?..»

«Асудан асып, шың құздан.
Алты күн болды көшкелі,
Гүлжан деген бір қыздан
Орамал алдым кестелі».

«Мақтады мені генерал:
«Жігітім,— деді — жарадың!»
Мұнан да асқан не болар?
Тағы да орден қададым».

«Майданда шыққан газетке,
Жыр жазасыз, разымыз.

Біздің үй қалай? Әлбетте,—
Келесі хатта жазыңыз!..

«Сағындым, сәулем, Құралай,
Сағынбай сені бола ма?
Асықпа, жақын тудады ай,
Қуана берші, қуана!..»

«Қатерлі қауіп төнгенде,
Көмегін берген ағамыз!
Оралып елге келгенде,
Боламын сіздің балаңыз».

«Ақ сүтің, анам, ақталды,
Қирата соқтық дүшпанды.
Оққа ұшты, жау тапталды,—
Отызы бүгін ұсталды».

«Шалғындаі орып, шабамыз,
Төбеден түстік түйіліп.
Тықсыра қуып барамыз,
Жемтігі жатыр үйіліп...»

«Жігіттер жақсы көңілді,
Жоламан, Сырбай, бәріміз.
Желіккен жау жеңілді,
Қуаныш хабар алыңыз!»

«Оқы да хатты, сүйінші,
Бұл хатым, ғажап жаңалық!
Сүйінші, аға сүйінші,
Жеңістің туын қададық!..»

Бетіне кіршік шалынбай,
Бұл хаттар менде сақталған.
Жазылған жырым: жалындаі,—
Майданнан келген хаттардан.

ОРМАН — ЕЛДІҢ СӨУЛЕТІ

Қалың орман, қара орман,
Жасыл орман құлпырған.
Аулақ болса сүм қолдан,
Көкке қайың ұмтылған.

Жапырақтар жайқалып,
Жұпар сеүіп қарағай,
Тал-терегі шайқалып,
Еркелеген баладай.

Шырқағанда сызылтып,
Бұлбұл қонып талына.
Кейде баю үзілтіп,
Арнағандай жарыңа.

Әнші торғай шырқатты,
Бармақтай-ау қарасы.
Құлпырды орман күй тартты,
Таңда тыңдап қараши...

Мәпелейік орманды,
Мәпелейік өсіріп.
Дүрілдете қойнауды,
Орман өссін көсіліп.

Қыз беліндей бұралып,
Тал-терегі жайқалсын.
Құміс сағым нуланып,
Ақ қайыңы шайқалсын.

Орман — елдің дәuletі,
Орман — елдің несібі.

Орман — жердің сәулеті,
Орман — ырыс бесігі.

Бала тerek, ақ қайын,
Кекке бойлай ұмтылсын.
Жыл емес-ау, күн сайын
Қалың орман құлпырсын!

САЛҚЫН КӨЛ

Суы мөлдір Салқын көл,
Саяңда сенің сайрандап
Сағымды бел, шалғын жер,
Ойнадым сенде жайрандап.

Балалық өтті, ер жеттім.
Есімді білдім, есейдім.
Көп жылдар болды, мен кеттім,
Белінен асып «Көшейдің».

Шомылған көлім, шыңрауым,
Толғанып, кейде жыладым.
Қызық еді-ау қырдағы үн,
Үнінді талай тыңдадым.

Оралдым тағы, Салқынкөл,
Суына тағы шомылдым.
Шалғынды жер, алтын бел,
Көзіме күндей көріндің.

Бұлбұлды тоғай жаңғыртып,
Сайрады қанат қағынып,
Жылдар күтіп, таң күтіп,
Қалған ба мені сағынып?

Тербеліп әсем ақ қайың,
Талпынып айға ұмтылған.
Ұрысқа толып өр, сайың,
Айдының қалай құлпырған.

Қуана сені жырладым,
Шомылған көлім, шыңрауым.
Бұлбұлдың жырын тыңдадым;
Тамаша-ау, шіркін, тыңдағы үн!

ШИЛІ ӨЗЕН

Ақ шиі қадап үкісін,
Бөдене ұшқан пырылдап.
Кім ұқсын тілін, кім білсін,
Бозторғай көкте шырылдап.

Шилі өзен беті айнадай
Жарқырап жатыр алыстан.
Өзенді орап, аймалай
Соғады самал қамыстан.

Жағалап өзен кемерін,
Қамысын алдым қалқаға.
Сұраса қандай керегін,
Шилі өзен берген Арқама.

Көркіне көзің тоймайды,
Белесте күміс нұларың...
Алқапта елім тойлайды
Толқыған дәулет думанын.

ТӨГІЛГЕН ҚҮЙ, ТОЛҚЫП ӘН

Жамал Омаровға

I

Бұлбұлдай үнің бұралған,
Жайқалған жаздың гүлсің,
Саңқылдан ұшқан шынардан
Сандуғаш қыздың бірісің.
Төгіліп қүйің,
 толқып ән,
Жаралған нәзік сыр үшін.
Арамызда толқыған
Аяулы қыздың бірісің.
Шығандай аспан шалатын,
Жаралған жаның жыр үшін.
Наздана қаққан қанатын
Қалаулы қыздың бірісің.
Сүйкімді туған еліне,
Өніңен алқа тағуың.
Сахнада сені көруге
Асыға күткен аруын.

II

Шырқата тұс әлі де,
Кестеле әннің өрнегін.
Еліннің ортақ бәріне
Несерлей соққан еңбегің.
Аралап Арқа алабын,
Сыр, Жайық, Атрау жағасын.
Шиманды Балқаш даланың,
Жаңғыртып Ертіс саласын.
Монғол елі сені де,
Сүйіне бір тыңдасын.
Украина елі де

Әніңді сенің тыңдасын.
Жаралған жаңың жыр үшін,
Тылсымды нәзік сыр үшін,
Жайқалған жаздың гүлісің,
Ел қызының бірісің!

ТАЙЫНША

Ыстық-ақ Тайынша маған бала жастан
Мен сенде бал өмірге аналасқам.
Айдынды алқабынан айлы түнде
Асыр сап ақсүйекті ала қашқам.

Тебініп, тепеңдетіп көк құнанды,
Қиялдап бала көңіл жоқты-барды...
Ойынның ермегіне еремін деп,
Мен сенде талай күттім атқан таңды.

Кесіліп, жалпақ жатқан дала едің ғой,
Мен онда ақыл-ойға шала едім ғой.
Қыс тұмак, жазда киіп жалбағайды,
Сүреткен талқұрықты бала едім ғой.

Қуырып аңызак жел жер танабын,
Кетіріп берекесін кең даланың,
Жел соқса азынатып аңғарынан,
Құй тартты көңірене мұңды алабың.

Кер кетіп, бірде күйреп, бірде күйрек,
Шықырлап кіrekешің шана сүйреп.
Тоңған ба, домбыққан ба, қарлыққан ба
«Үхілеп!..» үйіріле желмен билеп.

Сонда да: ыстық едің бала жастан,
Мен сенің сол күйіңе араласқам.
Аңқылдап, аңғарында асыр салдыым,
Әлекті азабыңа қарамастан.

Соқса да сұрапылды салқын желің,
Ой-қырың, қырқа, жота, белестерің:
Бәрі де маған ыстық, маған қызық,
Теңізге тәңемеуші-ем Тайынша көлін.

...Ол кезде, солай еді өткендерің,
Өткен күн, өткендерің-кеткендерің...
Азабың арылыпты аңғарыңнан,
Бақшасын өз қолымен еккенде елім.

Алтын жер, самалды жел, салқындадым.
Айдынды алқабында жарқылдадым.
Жадағай, жүдеу тартқан жапан емес,
Көремін сәулетіңің шарқ үрғанын.

Тайынша, сүюші едім бала жастан,
Көліце қараушы едім көбік шашқан.
Айдынды аңғарында таң күтетін,
Мен сенде бал өмірге араласқам.

АР МЕН АРАН

І

Жайнаң қаққан өмірді,
Таң руандап қарсы алды.
Анау шалқар егінді,
Еңбегімен ар салды.

Меруерт тері тамшылап,
Таңды атырып түн түріп.
Жерді тіліп, шаршылап
Алқалайды күн күліп.

Арға сеніп қараймын,
Ар ғана жол табады.
Сонау зәулім сарайдың
Кірпішін Ар қалады.

Құрыш, мырыш, темірді,
Жалынмен Ар балқытты
Тонналаған кемірді,
Теніздейін салқытты.

Аспанға атып жалындалап,
Заңғар таудың тастары.
Қайрат, жігер лапылдалап,
Ар — қопарып тастады...

Байтақ елдің несібі,
Ұласады тыңдағы үн.
Тербелді еңбек бесігі,
Шешті сырдың жұмбағын.

Жаңғырттырған шың, құзды
Ар абырой, атағым.

Алдыңдағы дәм-тұзды
Армен ғана татамын...

11

Арсаландап келді Аран,
Сығалады есіктен.
Жалап, жұтып жалмаған
Жүрт жинаған несіптен.

Салды қолды, үрлады,
Тіміскілеп тоймады.
Былықтырды,
былғады,
Күн де жиын, «тойлады»...

Ашылды Аран құлқыны,
Үрлады да дәндеді.
Жасырды да жымқырды,
Жатып ішті. Нан жеді.

Үйі де оның он бөлме,
Бөлме сайын шар айна.
Буылышты теңдер де
Жететүғын талайға.

Қос-қос кілем, қос кілем
Төрде жайнап, жайылған.
Тегін кілем, «бос кілем»
Келген бе өлде қайыннан...

«Аруағы қысқандай»—
Лепіреді мақтанып.
Егеу құйрық тышқандай,
Қойма қоймай ақтарып...

III

Желіккен Аран Арменен
Аласұрып алысты.
Талайды «жығып» дәндеген,
Белдесті де шалысты.

Алып соқты Ар оны
Ардан қалай құтылмақ!
Ұрлағанын, жегенін
Құсып жатты ыңқылдал...

Аран сасып, сенделді,
Арамзаны Ар жеңді.
Аранның сырғы ашылды.
Желігі оның басылды.

ТОЛСТОЙ ТЕҢІЗІНДЕ

Қанғанда Толстойдың бұлағынан;
Нұрланып тұрғандаймын шырағынан.
Ұшқанда ұшқыр қанат қиял құсы,
Көңілдің сая табар тұрағынан.

Жүземін теңізін Толстойдың,
Тербелген толқындата терең ойдың,
Әр сөзін жазылмастан жадыма алып,
Жүректің жазуындағы тізіп қойдым.

Сатысын, басқыштардың, баспалдағын
Шықтым да кекке шырқап аспандадым,
Қайырып, бектерлеген бидайықтай
Қия өрлеп, шыңға тартып, асқарладым...

Аралап бау-бақшасын, мұнарасын,
Жаңыңа жылы лебіз, нұр аласың.
Адал ой, адамшылық ұстазындағы
Керемет кеменгелрлік сыр аласың.

Шалқыдым, дабылдадым,
жалаңнададым,
Біресе қалықтадым, ағыннадым.
Жайлатаң жазираға жан самалын,
Теремін парасаттың лағылдарын.

Сілтеген бұлтты сөгіп өр қиялын,
Шалықтап ұшарында жас қияның.
Алмастың асылынан суарылған
Адамы, ақ перзенті Россияның.

Қалықтап ол ұшырған көңіл құсы,
Тіл кілті, ой шалқары, сөздің күші.

Он Памир қосылса да қатар келмес,
Қалаған әuletіне ескерткіші.

Өмірдің өлкесімен таныстырған,
Қиюлап асыл ойды қабыстырған.
Жұзсем де не телегей теңіздерді,
Ардагер Ұлы атама салыстырман!

АШАМЫЗ АЙДЫҢ ҚАҚПАСЫН

Тұңғиық сырмен тілдесіп,
Ұшады Серік ұшады.
Жеріме Серік ілесіп,
Аспанда нұрды құшады.

Жылжытып жылдың
тәулігін,
Сапары — ұзақ,
жол — алыс.
Қарсы алды досын сұлу Құн,
Қарсы алды күліп ай, Марс.

Айға да қадам басамыз.
Көреді Ай да Серікті.
Есігін Айдың ашамыз,
Бөлене нұрды көрікті.

Жеткізіп жерден сауқатты,
Кемерін Айдың құшаққа ап,
Газетті, журнал, кітапты
Апарам Айға құшақтан!

ТЫҢ ТОЛҒАУЫ

Жапан-тұз, құлазыған, құба дала,
Жел тұрса, қүйін қозар шырайнала.
Айшығын күнірене күнге қақтап,
Мұлгіген, үнсіз меңіреу тұрды мола.

Кәрі оқпан, ұялаған байғыз зорлы,
Кешкүрим әупілдетіп құба жонды.
Шұбалып түйе керуен кірекеші,
Жағалап, жапа тігіп, Қараөткелді.

Сол бір кез телі ойнағы, тере ойнағы,
Бел өрлеп, сайды кезіп, жел ойнады,
Үркердей алаңғасар асыр салып,
Ұлыған ен далада бәрі ойнады.

Откізіп ойранымен атқан таңды,
Қанжарын, сорғалата, қанға малды.
Тәуелді ел «тәңірім» деп, тағзым етіп,
Төреге тартқан екен «алдиярды!..»

Тоң мойын қыңырайып жер жадысы,
Қым-қуыт, берекесіз қолдағысы.
Тап болған арбауға да, алдауға да,
Жем болып желіккенге жолдағысы.

Айдын көл аңғарынан кемігенше,
Сарыарқа сары уайым тебіренсе.
Құлдилап қу қаңбағы құба жонда,
Тіzlіліп, құндер өтті керуенше...

Жырламан!
Керуенін желмен көшкен.
Жырламан!

Андызыдаған желін де ескен.
Тың дала, алтын аймақ, қазыналы
Жырлаймын жадыраған, елін өскен!

Тың түлеп, жері жайнап, сахараның,
Құлпыртқан қырмымызыдай атырабын.
Ақ жүрек, азаматтың арыменен,
Ұл-қызыым, сені тыңға шақырамын!

Жайнаған жер еркесі — Тың өлкесі,
Өлкенің жанға сая көлеңкесі.
Алқаптың аңғарынан самал соғып,
Алыстан сағым ойнап бел өркеші.

Тыңында күнде түлеп ел өседі;
Ел көріп, еңбегімен ер өседі.
Кенеліп, кереметпен құлаш ұрған
Ғажайып, Тың өлкемнің келешегі,

Желкілдеп қалың орман жапырағы,
Құй кернеп, кең даламның шалқып әні.
Арайлы алтын таңмен бірге оянып,
Сызылтып әнші көкек шақырады.

Бас қосқан шар тараптан жан-жақтағы,
Отанның өрге жүзген саңлақтары,
Сап түзеп, сарай салып, саңқылдаған
Елімнің еркін өскен ардақтары...

Құбажон құлпырасын, сілкінесін,
Па, шіркін, жер түлесе, тың түлесін.
Алыптай адымдаған жаңа көштен,
Қалайша, шегіншектеп іркілесің?!

Есілдің ырғалаңдаپ құба талы,
Сылдыры бөбөгімді жұбатады.

Ертісте иіріле бұйра толқын,
Тобылым сырын ашып, тіл қатады...

Сылаңдап сұлу Көкше,
Атбасарым.
Қол бұлғап шақырғандай сүйген жарын.
Ақтарып қазынасын сарайға үйіп,
Өткізген дәл осында ел думанын.

Мен-дағы сенде туып, сенде өскемін,
Жазыңның самалымен тілдескемін.
Әлдилеп беттен сүйіп, майдың желі,
Құлаштап, Есілде естім жыр ескегін.

Көңілді шарықтатып күнде өсірген;
Жүйріктер үlestіріп жүлдесінен.
Көрпесін көкжиектің серпе тастап,
Ұласты үн өрен елдің мінбесінен.

Сарайдан салтанатты соққанда леп,
Көз тігіп, құмарланғанда көп...
Ырысты Таң өлкесі — жер еркесін,
Ат қойдың:
Целиноград шаһары,— деп.

Құн кекте сәуле шашып,
тұрды құліп,
Бақ, ырыс, дүрілдеген дәулет тұнып.
Кеңескен шамшырақтар армиясын,
Тыңдады бүкіл әлем құлақ түріп.

Көктемнің аялаған желі еседі,
Көп, әлі, тыңыңың бізге берешегі.
Ғажайып, «Мың бір тұннің» аңызындаидай,
Тұрленген тың жерімнің келешегі.

Ой келер алдын орай толғаса ақын,
Жыл келер тал мен жыңғыл ымдасатын.
Ауысып, алма-кезек толқын ойнап,
Күн туар Сыр мен Ертіс сырласатын.

Отан деп, күй сандығын сан ақтардым,
Отан деп, жыр қамшылап, қанаттандым.
Келер күз мектебіне кірер жылы,
Тұңғышы, тың бебегі Таңатқанның.

Кешегі шаң бұрқаған құба жонның,
/Гүлденіп жасарғанын көзбен көрдім/.
Тыңдайды тыңның батыр түлектері,
Ән салса, өзі келіп Поль Робсонның.

Целиноград — шамшырағым, ел еркесі
Ағынға сая болған көлеңкесі.
Тыңды қолыңдағы шыңға қадап,
Қарыштап, зырылдай бер, Тың өлкесі!

ҰЛЫ БАСТАМА

Алда тұр Қазан вокзалы,
Әлемге жаршы астана.

Келеді адам абзалы,
Бастайтын ұлы бастама.

Паровоз,

депо алаңы

Халайық бүкіл тұр ұйып,

Естіліп басқан қадамы,

Келеді кесем, күн сүйіп.

Көрсетпек өзі өнеге,

Бастамақ өзі ұлы істі,

Көтерген өзі бәрене

Көреді халық Ильчті.

Күн жексенбі.

Болды кеш.

Бастама солай басталды.

Жиылған бір топ коммунист

Бастады көрі-жастарды.

Көтеріп зілдей бәрене

Ортада Ленин тұрды өзі,

Келеді кесем,

келеді.

Маңдайын сүйіп күн көзі.

Жаңғырды жүзі жер, көктің,

Ол жылдар —

жылжып өткелі.

Коммунистік еңбектің,

Басталды содан көктемі!

СӘКЕН КЕЛГЕНДЕ

I

«Жер бөліске келеді
Сәкен Қызылордадан,
Жерді бөліп береді,
«Саумалқөлден», «Тоңбадан»,

«Алабота» аңғарын,
Енді өзіміз аламыз.
«Шолақайың жайлауын
Біздікі, шебін шабамыз»,—

Деген сөздер жел қуып,
Кетті аралап ауылды.
Қуандырды бұл үміт,
Жарлы-жалшы қауымды.

II

Қоныс еткен біздің ел,
Қекшетаудың бауырын,
Әдейі арнап, барып көр
Қарағаштың ауылын.

«Ақ дөгілден» әрі асып
Аттамаған аяғын.
Шонжарлармен таласып,
Жеген соққы таяғын.

Қарағаштың тұрағын,
Аңызақ жел билеген
Қектем жауған шұғаның
Ұлтарағы тимеген.

III

«Сәкен келеді! Сәкен»— деп,
Ауыл у-шу. Бір қызық.
«Сүйіншінді өкел!»— деп,
Кәрі әжемді тұрғызып.

Жас келіншек, балғындар,
Білек-жеңін түрінді.
Кек орайлы шалғында,
Арнаулы үй тігілді.

IV

Арқаны кезіп терең ой,
Асқақ қиял өрлейді.
Күнде жұмыс. Тұн бойы,—
Жаққан шамы сөнбейді.

Айлы кеште күн сайын,
Аралайтын аңғарды.
Ну қарағай, ақ қайын,
Әсем бүйра талдарды.

Жанасады жалшымен,
Жолдасында сырлас бол.
Жылқышымен, малшымен
Жасы бірге құрдас бол.
Жырдың кілтін бұрайды
«Сыр сандығын» ақтарған.

Жазады да сұрайды,
Әңгімешіл қарттардан.
Анасындаи көреді,
Сексендегі әжемді.

Еркелетіп күледі,
Бес жастағы Бәженді.
Үні өшкен,
 үрейлі
Өңшең шонжар ақырған.

Жер бөледі кедейге,
Байға қоныс тақырдан.
«Жаңа аймақ» деп атады,
Сәкен өзі бұл жерді.

Құтты болып сапары,
Өткізді көп күндерді...
Сол «Жаңа аймақ»,— әлі аймақ.
Сұлу Қекше бауыры.

Күй шертеді,
 жыр-жырлап,
Қарағаштың ауылы.
Жаттайды олар Сәкеннің:
«Сым пернесін... жырласын».

Айтады олар Сәкеннің
Сыр-сипатын,
 тұлғасын.
Жібек желі тербелген
Қекшеде кек шатырын,
Сағынады көз көрген,
Ұмытпайды ақынын.

Тал,
 терегі аралас,
Сағымданған бауыры
Ұмытпайды Қарағаш
Ұмытпайды ауылы.

Өлең-жырдың ерінен,
Қанатымыз қомданған.
Өзі жазған қолымен,
Жоғалған жоқ жолдамам.
Ұстаз еді: ол — маған!

БУРАБАЙ ЖОЛЫНДА

Келемін, зымырап келемін
Көкшениң басып белдерін.
Көремін әне, көремін,
Толқынсыз айна көлдерін.

Өтіпті сенде балалық,
Балдырған шағым бал шағым.
Суыңдан жұттым мен қанып,
Шомылған көлім Шалқарым.

Келемін, жүйткіп келемін,
Көкшениң асып өрлерін.
Жүректе толқып өлеңім,
Шалықтай мені тербедің.

Құшағын жайды туған жер,
Құшақтап өпті бетімнен.
Шалқыған дәulet, шалқар ел,
Жасарып, жайнап, жетілген.

Ақ көбік толқын бұлқынған,
Қаңқылдап қаздың қонғаны.
Таласа көкке ұмтылған,
Ақ балтыр қайың орманы.

Әзінің туған бебегін
Тұрғандай бәрі аялап.
Тұған жерім, өзегім,
Ұшырдың мені саяңа ап.

Бесігіңе бөленіп,
Мейірін татқан анамның,
Жеріңе аунап, кенеліп,
Еркелеп өскен балаңмын.

Асқанда Көкше өрінен,
Алтын дән таудай үйілген.
Белінен соққан желінен,
Жасарып жаның сүйінген.

Откенде күмбез белінен,
Көрпесін жайып тастаған.
Кеңесіп, міне менімен,
Жанымда отыр жақсы адам.

Өмірі оның — үлкен жол,
Жігерін күрес шыңдаған.
Есейген жарқын жылмен ол,
Үлгі алар тыңдаған.

Келемін,
жүйткіп келемін,
Көкшениң асыл өрлерін.
Жырменен тарту беремін,
Көремін кәусер көлдерін.

Сандалдай біткен үмтұлып,
Қарағай сырды шертеді.
Құбылып, тоқсан құлпырып,
Толқыған жолда өртеңі.

Жағалай қоныс. Шатырлы үй,
Жағылған Ильич шамдары.
Тоғайда шалқып бұлбұл күй,
Сәулетті, сәнді аңғары.

Ерлерге сәлем бергенде,
Толқыды жүрек. Шалқыды ой.
Жайнаған пүліш белдерде,
Дуылдап жатты сабан той.

Желкілдей орман желегі,
Көмкерген сағым қыр басын.
Миығынан күледі
Құлтандай мениң құрдасым.

Кекшениң күмбез жарына,—
Көз қызын тастаған.
Әңгіме шертіп тағы да
Жанымда отыр жақсы адам.

Жер бетін айқыш бедерлеп,
Шеңберлей тартқан жолдары.
Күмбезді шатыр желеңдеп,
Көрікті Кекше орманы.

«Оқжетпестен» өткенде
Жүргім аттай тулады,
Бурабайға жеткенде
Үзілді өлең шумағы.

Тым-тырыс қалдым. Таңданым,
Балқыды көкте туған ай,
Тағы да жырды жалғармын,
Жер сұлуы — Бурабай.

Тау қиясы балбырап,
Шымылдық түріп тастаған.
Жанымда болсын жалғыз-ақ
Еңбекті сүйген жақсы адам.

ТУЫСҚАН ӨЗБЕК ХАЛҚЫНА

Қарақат, алмұрт, алмалы,
Сайраған бұлбұл бағының,
Жүректі тербеп, көкке өрлеп
Сыңғырлап үні сазының.

Хош иіс кернеп кеудені
Жайқалған гүлі лаланың.
Шынарда сайрап сандуғаш,
Соқтырып таңының самалың.

Мақамы қандай тамаша,
Саяда өскен сауықты ел.
Қызықты сайран — сан қала,
Аруы сұлуу, жігіті ер.

Шежіресін қолға алып,
Жасымнан мен де жаттағам.
Жанымдай ыстық жүрекке
Өзбек деген ат маған!

Бұралып қылы кернейдің
Шырқала түссін үніңіз.
Бұлбұлдар сайрап бағында
Жайқала өссін гүліңіз.

ТӘЖІК ТУЫСЫМА

Соғады самал. Соғады
Алқабынан Гиссардың,
Бұлбұл сайрап қонады
Дарағына бустаниң.

Оянған әнмен таңы да,
Қасида, ғазал елінде.
Сурнай, дойра, Нагора,—
Тартылған тәжік жерінде.

Ибн-Сина жүргізген
Аспанға да әмірін,
Жұлдызды да өргізген.
Жердің тауып тамырын.

Тетігін басып аспанның
Айналдырған ұршығын.
Сырын біліп тастардың,
Химияның тылсымын.

Алайдан асып келгенде:
Қолыңды қыстым. Қерістім.
Ынтызар едім сендерге
Әuletі Ахмад Доништың.

Қонысына сайлаған
Бабатағдың түбегін.
Бір тілекті ойлаған
Бірге соққан жүрегім.

Рудаки, Жами шарықтап
Елімді кеткен аралап.
Саф алтынын анықтап
Абай алған саралап.

Құмарымды қандырды,
Алуан тарау, қызық күй.
Әлемді таң қалдырды,
Зайн әд-Дин Махмуд Васифи.

Тұысым тәжік жайнады,
Карсы алып жазғы таңды атқан.
Мыңдаған өрен ойнады
Жаңғыртып сазын тавляктан.

Жаңғыртты панжюр, танбурлар,
Жаңғырды Гиссар алабы.
Гүл құмар, тәжік ән құмар,
Асудан асып барады...

Дауысын мыңға құбылтып
Сайрады бұлбұл гүл үшін.
Рубоб, Гиджак сызылтып
Табады жүрек тынысын.

Бобо Юнус,
Құрбанның
Бір айда бітпес дастаны.
Керемет кілті ғазалдың,
Ғажайып биік асқары.

Қалады қолдан негізін,
Еліне тартты ғажап сый.
Өмірдің жүзіп теңізін,
Садриддин Айни, Лахути.

Өнерді де өлеңді,
Кірпішін өзің шыңдадың.
Аралап жыры әлемді
Тұрсун-заде Мирзоның.

Икрамидің алдында:
«Духтари Оташ» романы.
Көзге елестеп сан тұлға,
Духтарлар маған қарады.

Құлпыра түсіп, күнде өскен
Жұрт көңілді. Үй сәнді.
Сағат сайын тілдескен
Алматы мен Душанбі.

Шаттық думан жаңғырған,
Құшағы кең елімнің.
Достық жолын салдырған
Партиясы Лениннің!

Самалы соқсын, жайнасын
Алқабы гүлдеп Гиссардың.
Бұлбұлдар қонсын, сайрасын
Дарағында бұстанның.

ЖОЛДАМАСЫ ИЛЬИЧТІҢ

Ей, көк аспан, көк аспан!
Қағамын қанат, қонамын.
Жолдама алдым, адаспан
Түтесе дүлей бораның.
Жалдамам — менің жолдамам.
Төтелей жүріп, мен табам
Тоғысқан жолдың тарауын...
Ойнатып әлек, сүреңін,
Торласа бұлт көгінді.
Адаспан;

өзім білемін
Аялдаپ қонар жерімді.
Тұңғиық орман, дауылдан
Дүркіреп дүлей шуласа,
Толқынын атып, шабынған
Телегей теңіз туласа,
Қиялы таудың шатқалын
Мылқау тілсіз кезерген
Болса да;

тауып аттадым.

Жол салып қын кезеңнен,
Нөсердің күтіп толасын,
Босаңсып, белді шешпедім.
Мекенге жайлап қонасын.
Жолдама болып ескегім.
Ей, көк аспан, көк аспан!
Еңкейер саған ер емен.
Жолдама қолда.

Адаспан.

Адасар кісің мен емен,
Жер зырылдаپ,
Жел зулап,
Астыңда тұрмын көк аспан.

Кетсе де толқып,
Жер тулап,
Жолдамам серік. Адаспан.
Кеменгер өзі қолынан
Жолдама берген маған да.
— Адаспа! — деп жолыңнан,
Жолдама сызған, саған да.
Ильич берген жолдамам,
Жеткізген арман, тілекке.
Бақытқа мені жолдаған
Қуатын құйып жүрекке.
Ей, көк аспан, көк аспан!
Тоғысқан тарау жолында
Шалдығып, шаршап, адаспан.
Жолдама менің қолымда,
Түлеп ұшқан сан қыран
Дауылды толқын солдаты.
Сені де,
мені баулыған
Ильич берген мандаты.
Төтелей жүріп табамын
Тоғысқан жолдың тарауын.
Шыңдарға шырқап барамын
Жолдама — туым,
жалауым!

ЖАҢА ҮРҮСҮМ

Жеріме сеүіп ырысын,
Жайқалтып тоғай — жынысын,
Жүректің төрбеп тынысын,
Құтты болсын:

Көкте күн,
Жылмен бірге күлісің!
Күлісің — менің ырысым.
Шырша тағып сырғаңды,
Бектерде талым ырғалды,
Қауыша сүйген шыңдарды,
Құтты болсын:

Жайнай бер,
Желіңмен желліп шынарды.
Аспандата көнілді,
Шарықтатып өмірді,
Сағым құшып белімді,
Нұрға бөлеп өрімді,
Нұрға малып жерімді
Себілсін жерге ырысың
Жүректер шертіп тынысын,
Құтты болып қадамың
Жадыра,
жайна,
Жаңа жыл —
Жаңа нұр,
Жаңа ырысым!

ӨРКЕНІҢ ӨССІН, ӨРЕНДЕР

Жұлдыз туды.

Жаңа жыл келді жайдары,
Жадырады елдің байтақ аймағы,
Құтты болсын!

Құтты болсын, достарым!
Гүл жайнасын жаңа жылдың жайлауы.

Жылмен жайнап жаңа еңбектер шындалсын.
Бұлбұл қонып, бүйра талдар ырғалсын.
Мың түрленіп, қанат қағып шарықтап,
Жаңа күйлер, жаңа өлеңдер жырлансын.

Балқысын ай, аялап күн шуағы,
Мәуелесін жаңа жылдың шынары.
Нұр төгіліп коммунизм көгінен
Шапақ атсын адамзаттың құмары.

Сай-салалы,
асқар таулы белеңдер,
Күміс сағым көз алдымда көлеңдер.
Мыңдар, мыңдар, мың керуендер ұштасып,
Өркенің өссін!

Өркенің өссін өрендер!

Жаңа жылдың жанға жайлыш желінен,
Жадыраған жанға сая лебінен,
Мол ырыстың мөлтілдеген шарабы
Сыңғырласын бақытты үйдің төрінен.

Ел көгінде бейбіт өмір ойнасын.
Ел жерінде өмір күнін тойласын.
Шаттық үні, өмір жыры жаңғырып.
Асқар таудың аңғарына бойласын...

Жыл келеді. Жылға есігің ашылсын.
Күй сандықтың сым пернесі басылсын.
Нұрдың шамы сылаң қағып, жағылып,
Жыл жұлдызы төріңе өрлей шашылсын.

Ай балқыды.

Жаңа жылым жайдары.

Жаңа жылдың жұлдыздары жайнада.

Сәлем, достар!

Құтты болып қадамы,—

Құлпырсын жер, шалқысын жыл жайлауы!

ҚҮЛШІ, ҚҮЛШІ, БӨБЕГІМ

Нұр жүзінді,

Жұлдызымыңды көремін:

Бар ма тағы маған айттар керегің
Жырыдың таңы.

Жылдың таңы атқанда
Құлші, құлші, құлімдеші бөбекім.
Бесігінде жыл сәулесі жайнаған,
Құндағыңда таң дидары ойнаған.
Папан,

Маман,

Ұстазың да мәпелеп,
Жарқын жүзбен жаңа жылды
тойлаған.

Сезесің ғой жылдың желі ескенін,
Торғын бұлт көк аспанда көшкенін.
Бал бармағы,

он саусағы майысып,
Құндағыңды алтын мамаң шешкенін.
Кекті сүйген шың басында тұрағың
Сайрандайсың бейбіт өмір шуағын.
Ақ төсінде бақыт нұры балбырап,
Жарқырайды жарық жүлдыйз.

шырағың.

Бар ма тағы бізден алар керегің.
Құлімдеші, құлші, құлші бөбекім,
Сәулеленіп жыл таңымен

балқыған,

Жұлдызымыңды, нұр жүзінді көремін.

ҚАРЫНДАСЫМ КҮЛІМЖАН

Аттандың майдан шебіне
Аттандың оттың өріне.
Үмітін елдің ақтадың.
Жортқанда жау желіге.

Ақтадың сүтін ананың,
Атқардың елдің талабын.
Аяулысы халқымның
Қарындастым, қарағым!

Қазақтың қызы өрімдей,
Жабырқап-жасып, жеңілмей
Әндеп қайттың еліңе
Жармасқан жаудан
шегінбей.

Жарқырап Қызыл
жұлдызының,
Маңдайда бақыт құндызының.
Сүйіндірдің еліңің
Өркені өскен ұл-қызын.

Таланттың құсын қайырдың.
Жауыңың белін майырдың.
Жаралы жанды жадыратып,
Ажалдан талай айырдың.

Өткен күнде белгі жоқ.
Зуылдады талай оқ.
Күркілдеді зенбірек
Лаулады талай жалынды от.

Күлуі үшін ананың
Өмірі үшін баланың.

Шалқытсын бақыт, ырысты
Бейбітшілік заманың.

Аса қарап қырымнан,
Қанат қағып шыңымнан,
Теңізін жүз ғылымның
Күндей күліп Күлімжан.

Мереке думан басталды
Күй кернеді аспанды;
Құтты болсын, тойыңыз:
Мен үшін сүйші Асқарды!

МАҒАН ҰСТАЗ ҮЙРЕТТИ

Маған ұстаз үйретті
Әліппесін өмірдің.
Жан-жүйемді билетті,
Күйі шалқып көңілдің.

Қиялымды кездірді,
Таптым ойдың тұрағын.
Маған ұстаз сездірді
Алдағы өмір шырағын.

Жол, торабын әр кездің,
Мағынасын сонда ұқтый.
Араладым, мен кездім,
Ну орманын шындықтың.

Қақтым қанат, сілкіндім,
Қия қонып, тауға асып.
Таңда жайнап құлпырдым,
Қызықты өмір жалғасып...

Кең жазира білімнің,
Жайлап жасыл құрағын.
Нұрын құштым күнімнің,
Бойлап еңбек шынарын.

Мені ұстаз баулыды,
Тәтті жыр мен
өлеңге.
Тәрбиемнің әр күні,
Тартты ілгері беленгеге...

Асыға дәптер ақтарған,
Дулатып мектеп алабын.

Жүргіме сақталған
Алғашқы алған сабағым.

Өмір күйі аңсаған,
Қандым мәлдір тұнықтан.
Шашты қырау шалса да,
Ұстазымды ұмытпан!

ТУҒАН ЖЕР

Дауыл тұрып,
Жел соғып,
Жауғанда нөсер бүршақты.
Кереге жайып, ел қонып,
Тұыппын сенде, Қылشاқты.

Секектеп сайда қаңбағын,
Малта тас жүзген құмсақты.
Айдын көл,
Көлбеп аңғарын,
Тұыппын сенде, Қылшақты.

Шөлдесем сусын қандырған,
Өзенім — менің өзегім.
Төскейде атын шалдырған,
Қондырып терге өз елін.

Қоңыр күз.
Қонған балықшы.
Жағалай жаппа, балаған.
Жел сүйіп қалың қамысты,
Сылдыр үн сыңсып тараған.

Тәңселе толқып, тербеліп,
Асқандай көлің шарадан...
Толқыса өзен желденіп,
Шалықтап ұшар шағалан,

Сырыңды түйіп жадыма,
Жарқылдап өстім жағаңнан.
Сүйгендей беттен сағына,
Құтесің үміт балаңнан.

Қақтырдың, қанат қомдадың,
Елімнің ігі жолына.
«Сайранда,— дедің — саңлағым!»—
Ризамын сенің соныңа...

Көлінде жүздім, көлбедім,
Көрікті жерім, шұрайым.
Бала күнімде ермегім
Қосаяқ, балпаң, құмайың.

Балшықтан соғып үй қалап,
Балағым сен де түрілген.
Айдыннан аса күн қарап,
«Айгөлек» ойнап, жүгіргем...

Аялап қызса ыстық күн,
Аңғарың жайдак, құмсақты.
Жүрекке сондай ыстықсың,
Тұыппын сенде, Қылشاқты.

БАЛАЛАР КЕГІ АЛЫНАР

Кішкене ғана Хуанке деревнясында бастауыш мектепке АҚШ қанішерлері бомба тастанап, 33 баланы өлтірген.

Газеттен.

I

Жел соғады долдана,
Ана отыр толғана.
Көктен ажал шүйіліп,
Сұлап жатты Тхи Ма.

Тхи Ма — ана жүрегі.
Тхи Ма — ана гүлі еді,
Кеше ғана күлімдеп,
Кеше ғана жүр еді.

Жау желікті. Құтырды
Жынды тәбет секілді
Мұңды ана толғана,
Қызын құшып отырды.
Кінәсі не ананың!
Жазығы не баланың!
Көктен төніп,
түйіліп,
Үздің алма сабағын.

Ей, зұлымдар! Зұлымдар!
Елдің атар таңы бар.
Таразыға тартылар,
Отыз үштің қаны бар.

Тхи Ма — ана жүргі,
Тхи Ма — ана гүлі еді.
Мектебінде ән салып,
Кеше ғана жүр еді.

Жүргі болған жаралы
Үкім етер аналар.
Қан ұрттаған сендерге
Үкім етер балалар.

Ей, қарақшы! Залымдар!
Өз жолыңды тауып ал,
Жеңіс күйін жырлайтын,
Елдің атар таңы бар.

Тоқтат! Топан дауылды.
Тоқтат! Жалын, жауыңды.
Желіксен де қен ұрттап,
Жене алмайсың бауырды.

Ей, жауыздар! Қаны қас!
Әділдікке жаны қас.
Әлемде адад адамдар:
Вьетнаммен тамырлас,
Вьетнаммен бауырлас!

«Бүлдірдің бейбіт қаланы,
Ортедің ғұлді даланы;

Жылаттың неге ананы!
Өлтірдің неге баланы!»—
Деп, қаһарман Вьетнам,
Отыз үш кегін алады.

Жаудырма! Жалын жауыңды.
Тоқтат! Дүлей дауылды.

Тайраңдама, тайып тұр.
Жеңе алмайсың бауырды.

Еліре, бүгін туладың,
Жығылар ертең туларың:
Таңба салар бетіңе,
Бұлдіршінді қырғаның.

Мойныңда ана зары бар,
Қолыңда бала қаны бар.
Ертең-ақ үнің тарылар,
Балалар кегі алынар!..

АФРИКА СІЛКІНДІ

Африка таң келеді. Таң келеді!
Таң келсе, Конго еліне жан береді.
‘Белдеуде шұғыла ойнап, сәүле төгіп,
Сәуледен «Азаттық! — деп, ән келеді.
Патрис Лумумба

Жамылған қайғы-қасірет жапырағын.
Мұң басқан Африка атрабын,
Бостандық, теңдік пенен бақыт үшін
Ереуіл, еркіндікке шақырады үн,
Нил, Нигер, Конго өзені ағып жатты,
Жиекте ел мұңындаі күні батты.
Арсыздар қан шенгелдеп алды түнде
Жұрт талап, ел дәuletін алып жатты.
Қорлады олар сенің нәсіліңді.
Таптады табаныңа асылыңды.
Отарлап, отаныңа ойран салды,
Гүл-екеш гүл де бұдан жасырынды...
Жын ойнап Африканың белесіне,
Халықтың жарапанды денесі де
Сұлатып нелер қыршын азаматты,
Айналды дала өліктің кемесіне.
Сүмдүкқа жан төзбейтін ел көне ме?
Айбынды, арлы азамат ер көне ме?
Сілтейді жendetтерге кек қылышын,
Африка сілкінбесің, енді неге?
Ұрандап: Африка елі кетті қызып,
Ғасырлар кете алмаған шынжырды үзіп.
Бостандық! Еркін өмір! Азаттық! — деп,—
Туының бедеріне қойды сызып.
Нәсердей тамтам күйін дүрілдетті,
Кекті жел жendetтерді қуып жетті...
Қосылып өзенге-өзен өрге шапшып,

Толқыны тасты атып гүрілдетті,
Қақ жарып қара тұнды таң келеді,
Таң келсе: Африкаға жан береді.
Ұраны аспанды алып, ту көтерген
Шырқалған «Азаттық!»— деп ән келеді.
Жамылған қайғы-қасіret жапырағын,
Африка! Сілкіндірді атрабын.
Шынжырын қан шеңгелдің қолмен үзіп,
Африка айбаттана шақырады үн.

СЕНТЯБРЬ СЕРУЕНІ

Алтын жапырақ, дарқан күз,
Шомылған нұрға төңірек.
Бадана шыққа түсіп із,
Күземде үшқан ебелек.

Томсарып таудың түрпаты,
Жаңбырға жонын жудырған,
Еркелеп, былдыр үн қатып.
Естілер ағын сылдырдан...

Балалар салып сайранды,
Бүлдірген беті дулаған.
Шәріпжан, Гүлжан, Қайбалды
Сөздіргендей сыр маған.

Ақылдалап ата қуанды,
Немере сүйіп, мәз болып.
Жүйрік арман жұбанды,
Үйрегі ұшып, қаз қонып...

Балдырған сында үш бала,
Бүлдіршін бетті көркемім.
Қарайды ата сұқтана,
Арнайды тіккен телпегін.

Қызық-ау қызық көңілдің
Мерейі өсіп, тасқаны.
Онан да қызық өмірдің,
Қақпасын барып ашқаны.

Мектептің маңы шарқ ұрып,
Тартылған керней, бір думан.
Бала қырға талпынып,
Сымбылдал үшқан жыңғылдан.

Тізілген топ қаз-қатар,
Балдырғандар керуені.
Ән кернеп, күй талғатар,
Сентябрьдің серуені.

Таң атқанша келмеді,
Гүлжанымның үйқысы.
Мектеп маңын кернеді,
Немерелер күлкісі.

Ата-анаңа болды сын,
Сүйіншіге не берем?
Партаға кеп отырсың,
Құтты болсын, немерем!

ПОЭМАЛАР

МАЙҚӨЛ ТАМЫ

Күздің желі көңілсіз бетке соғып,
Жасырынған тоғайға торғай тонып,
Ұяты жоқ сауысқан шықылықтап
Қайқаңдайды құйрығы талға қонып.

У-шу орман ың-жыңсыз басылғандай,
Салқын жел жердің көркін қасырғандай,
Сидиған жап-жалаңаш теректер тұр,
Пана жоқ ешнәрсені жасырғандай.

Әлденеге сып-сида сыйқы кеткен,
Бір жыр қылмай қоймайды өткен-кеткен,
Ел қонып, керуен көшіп ығыр қылып.
Әлде кімдер?.. Бұл жерді мекен еткен.

Қан жұтып, елді шапқан хандар ма екен?
Әлде қандай бір дүлей аңдар ма екен?
Бұғамас үкі тағып бұраңдаған
Желбуаз еңбегі жоқ салдар ма екен?..

Би ме екен билік айтып елін жеген;
Ел сорып тегін жеген, кебін жеген.
Дау, барымта, құн-жынды әдет қылып,
Бет сыптырып, күнде бет терін жеген.

Бай ма екен «дәүлетім...» деп ары кеткен,
Ар да жоқ, ұяты жоқ, қаны кепкен.
«Кессең бас, шапшаң қылыш даярмыз»—
деп,
Сорлаған кедей ме екен тәжім еткен.

Әлде бейбақ әйел ме жасын тәккен,
Өмір бойы зарланып, арманда өткен.

«Майкөл тамы» қасынан өткенінде,
Осы ойға шың қалады, өткен-кеткен.

«Майкөл тамы» биік жар жағасында,
Майкөл — май көл атанған о басында,
Майкөлдің ел аузында жыр болуы
Оқшau там салынған моласында.

Майкөл басы биік шың көкке тиіп,
Шың басын мұнар шалып, бұлт сүйіп.
Тамды мола жанында бір шоқ терек
Сыбдырлап тілдескендей басын иіп.

Жел болса, Майкөл басы зарлағандай,
Шоқ терек сыбыс беріп таңданғандай...
Біресе, жел ұйтқып, шаң көтеріп,
Біресе, тым тәқаппар, паңданғандай.

Қаратас мелшиіп түр сирін айтып,
Молда жатқан жанның жырын айтып.
Әлде қалай жазумен шимайлланған
Оқығанда кетеді бір мұңайтып.

«Мынау жатқан Айқабақ баласы» деп,
«Өз-өзінен болатты жаласы» деп,
«Өзін-өзі өлтірген надан адам,
Күпірлігін шіркіннің қарашиб!..»— деп.

Дәл осылай жазылған қара тасқа,
Енді әңгіме болмайды ойланбасқа...
Оқшau мола, күпірлік ат алғандай
Не болды екен білейік қыршын жасқа.

Қыршын жас неғып жанын қиған екен,
Не себептен дүниеге сыймады екен?

Өзін-өзі жаралап несі бар-ед,
Әлденеге өз бойын тимады екен?

Олай емес. Бір сыр бар мұнан өткен,
Ауыр сыр... Арманда өткен
қайғы-дертпен.

Әңгімені былай деп ел айтады,
«Майкөл тамы» атанған не себептен?..

Бай бопты дәулет асқан Қожакелді,
Құрдай ғып жорғалатқан қалың елді,
«Мыңқ...»— етіп, ешбір адам сөз
айтпайды.

Қарсы болсаң, бас алды, үрды, женді.

Сай болып төрт түлігі, болған малды,
Би мен бек Қожакеңнің тілін алды.
Мал буымен тепсінсе темір үзіп,
Қармағы Қожакеңнің болды қанды.

«Көшкенде қырық нарға жүгін артып,—
Дәулеті шарасынан асқан шалқып»,
Әңгімені осылай ел айтады:
«Өтті»— деп — «Қожакелді қанды
қарпып».

Лек-лек үйір, шұбырған толты жылқы,
Сыңсып үйге тірелген дүние-мұлкі.
Ешбір жанды бойына теңгермейді
Даңқойланған дауысы көтеріңкі.

Жалданған бір өзінде елу малай,
Малайлары теперіш көрген талай,
Қойшы-қолаң, жылқышы, отын-сушы,
Тағы-тағы жалшының бәрі де сай.

Бәйбішесі бір көрбез таңқы қара,
Өз алдына жеке би бү да дара.
Күл төгіп,
сү таситын бәрі даяр
Тік тұрады алдында жалшы бала.

Ол кездे елдің тіпті надан кезі,
Бай мен бидің шіренген сараң кезі.
Сарғая атқан сәулені көре алмаған
Жалшы, малшы күнінің қаран кезі.

Жесір дауы, қалың мал қаулаған кез,
Барымтаны сыптырып айдаған кез.
Қыыт етсе бастан сырық айырмастан
Кінәлі деп сорлыны байлаған кез.

Айсұлу — қарақат көз, қыпша белі,
Маржандай тізіледі сөздің лебі.
Алтын алқа, күміс моншақ, торқа кейлек,—
Екі-ақ елі тимейді жерге етегі.

Бұл — Айсұлу,— ерке қызы, байдың қызы,
Масатыдай құлпыраң қызыл жүзі.
«Құдай қосса бір байға берем» деген
Үміті, Қожакеңнің ойда сөзі.

Құндер өтті. Айсұлу бойға жетті...
Бой түзейтін әр түрлі ойға жетті.
«Айсұлуды айтсайшы, па, шіркін!» деп
Бозбаланың аузына, сөзге лекті.

Қызықпенен бой түзеп, құндер өтті...
Таңқалдырды кейпіне бейне көпті.
Құні-тұні сыйылыш әңгіме айтып
Жеңгелері «Айым!» деп еркелетті.

Жігіттердің бәрі де қызығады,
Толықсиды, көңілі бұзылады
Қызықпайтын қылық жоқ Айсұлуда
Сып-сыпайы, құлышты, сызылады.

Мергенбай да ел байы, дәuletі асқан,
Талайымен бақ сынап, тайталасқан.
Қожакелді екеуі бір тайпы елде
Ойнап, күліп өсіпті бала жастан.

Асқар таудай бір өзін балап көпке,
Қыз айттырмак баласы Нөгербекке
«Жан аяспас құдасы болайық» деп
Бір кісіні жіберді білдірмекке.

Екі бай құда болып алысты мал,
Қырық матап қырық жетінің жаласты бал.
Көз көрмеген Нөгербек Айсұлуға,
Сүйсін бе... сүймесін бе... болады жар.

Құда түсті, бір талай жылдар өтті.
Жылдар өтті. Айсұлу бойға жетті.
Тарту-шапан, таралғы, сәлемдеме
Екі құда көрсетті сый-құрметті...

Ру елге жайылды ел есегі.
«Күйеу нашар. Ақылсыз. Жын...»—
деседі.

Қожакелді шіркіндеге ұят бар ма?
Малдың құлы, мал жанды, мал есегі.

Айсұлу да естіген мәні-жайын,
Жүдегеді күн санап сары уайым,
Ойға түсті, ойланды, қапаланды,
Қайғы бұзды сұлудың бет-шырайын.

«Қаққы көрмей жасымнан ойға жеттім;
Ойға жеттім, бұралып бойға жеттім.
Ру елден қосылмай өз теңіме
Малдың күңі, мал болып текке кеттім...»

Бір шыққан сөз жата ма көтерілмей,
Шіркін сұлу сарғайды семген гүлдей.
«Негербек әрі жаман, әрі жынды!—
Мен, күндө ақыз қылды Көшей, Колдей¹

Күннен күнгө бұл сөзді алып қашты;
Оңашада Айсұлу текті жасты.
Әзілдесіп, қағысып, кездескенде
Бозбалалар бұл сөзді бетке басты.

Елдің жасы бәрі де қызығады.
«Айым»— десе, көңілі бұзылады.
«Айым десе,— Айым ғой, шіркін-ай!» деп,
Тастамайды аузынан, сөз қылады.

Күннен-күнге Айсұлу түсті көзге,
Сұлу да жоқ бұл елде мұнан өзге,
Сарғаяды қайғырып, қапаланып
Негербек жын есіне түскен кезде.

Аз ата, тәмен ата Көшей елі,
Талай-талай аздықпен таяқ жеді.
Қыс болса, қыстауы оның Бұрқасында²,
Жас болса, қан жайлайы Майкөл белі.

Майкөлді ен жағалай отырған ел,
Майкөл жазық жер емес, белес бен өр;

¹ Көшей, Колдей — ел аттары
² Бұрқасын — жердің аты.

Қақ жарып, Майкөл шыңын бүйраланып,
Бұрқанып асу толқын, ағады сел.

Көшейдің Айқабақ шал бір кедейі,
Кедей, кедей болғанда тым кедей.
Қара лашық, қырық тесік, қырық жамау,
Бейнетпен жан жалдаған сұр кедейі.

Азапсыз күн өткізген күні де жоқ,
Кешпеген бір басынан түні де жоқ.
Кемпір, шал басында зар илеген,
Сүйенер жалғыз ұлы... түгі де жоқ.

Жалғыз ұлы етікші Тоқсан деген,
Кемпір-шалды асырау қамын жеген.
Кемпір-шалдың ендігі бар үміті,
«Аман қыл»— деп баланы» тек, тілеген.

Тоқсан — әнші, толқытып салады өрнек,
Домбырасын толғайды, бойын кернеп.
Он саусақ пернені өрлей әнге салса,
Жел соққан толқындей боп кетеді өрлеп...

Тарқатып салады айғай іште шерді,
Еріксізден тыңдатып ру елді.
Домбыраны құбылтып әнде салса,
Он саусақ көз ілеспей аттай желді.

Әрі етікші қолынан өнер тамад,
Мұны көрген Айсұлу бірер қабат.
«Тоқсанның толқымасын» деген әні
Көптен-ақ айттылып жүр жүртқа тарап.

Тоқсан жалғыз бұл емес, сөзге шешен,
Қайда ойын, той болса, Тоқсан көсем.

Өнерімен атақты ел ішіне
Көп құлағы селт етер Тоқсан десең.

Жүзі жылды адамды тартып тұрад,
Тілі майда қорғасын балқып тұрад,
Жайнаңдап, жайдары боп құбылғанда
Ішке жылды тигендей кетеді ұнап.

Жиын, тойды бастаған Тоқсан талай,
Түп-түгел боп ер-тұрман Малай, Қанай¹
Қарабаста кемітер бір мұлтік жоқ,
Әттең-ғана, бітпеген шіркін мал-ай!

Қайда барса ертіп-ап кәрі-жасын,
Тоқсан жүрсе қызықтың түрі басым.
Он қолыңдан өнері бір төгілсе,
Екінші толқытады «Толқымасын».

Кескін, кейпі, келісті пішін — түрі,
Май ағызад сөйлесе қызыл тілі.
Толықсып «Толқымасын» салған күндер
Дәл жиырма үшке Тоқсанның келген
жылы.

Топ жиына айтысқан өлең мен жыр,
Бәрін айтып таусылмас мұндағы сыр...
«Қанайдағы Дүрияны ұзатады,
Үлкен той»— дәп, жайлауда күтініп тұр.

Күткен тойы ұзамай болып қалды,
Бала-шаға қалмастан бәрі барды.
Көптен бері күткен той, әй, не керек...
Сауықшылар тарқатты бір құмарды.

¹ Малай, Қанай — ел аттары

Кешке таман басталып ойын болды,
Қыз, бозбала жиналды, үйге толы.
Құйқылжытып бұлбұлдай дауыс тастап,
Тоқсан да отыр серпілтіп, сермей қолды.

Торғындай боп толықсып Дүрия да отыр,
Үкі тағып, қылымсып Дина да отыр.
Шырайлым мен Маржама күбір-күбір,
Сырықтай боп осында Дина да отыр.

Айсұлу да Дүрияның тойында отыр,
Бір жұмбақ сыр, әйтеуір, ойында отыр.
Мойыл көз төңкөріліп қарағанда
Дегендей менде де бар бір терең сыр...

Әрі-бері өткен соң ойын қызды,
Даяғашы қыздарды қаздай тізді.
Ретіменен жобалап, бөліп тастап,
Бір бозбала бір қыздан отырғызды.

Сыбыр-сыбыр, қыз, жігіт араласты,
Сыбыр-сыбыр... Әр жерде қосты басты.
Алыстан көз қараспен бүгін Тоқсан,
Айсұлудың сырының кілтін ашты.

Содан былай екеуі ғашық болды,
Талай сырды ақтарып, ашып болды...
Айсұлуға қол артып, сүйгеніне
Тоқсанның көңілі өсіп, тасып болды.

* * *

Түн еді... Жаздың жібек самал желі,
Жүректі сүйсіндіріп торғын лебі.
Жымында, кірпік қағып сансыз жұлдыз,
Аспанда ай сәулесімен күлімдеді.

Торғын леп, жібек желдің исі аңқып,
Жер беті сәулеленіп нұрға балқып.
Күміс ай шалқалайды төсін керіп
Жылжып қана ақырын ажары артып.

Екі жас құрақ шөптің саясында,
Жайқалған ақ үкінің аясында.
Сөйлесіп, сыйырласып, құліп, ойнап
Маужырап ен табиғат арасында.

Екі жас көңіл ашып, құлімдейді,
Бірсек сыйыр-сыйыр күбірлейді...
Майкөлдің шыңды жарған мөлдір сұы
Сылдырап, былдыր-былдыр дүрілдейді.

Екі жас қосылуға үәделесті,
Қол алды. Сөз берісті. «Үәде»— десті.
Іштегі көптен бері жұмбақ болған,
Көмескі әңгіменің бәрін шешті.

Міне, осылай қызықпен күндер өтті,
Әлденеше жібек жел түндер өтті.
«Ел құлағы елу ғой...» елеңдеген,
«Айсұлу Тоқсанменен»— деді —
«өсекті...»

* * *

Ел өсегі жайылды бірден-бірге,
Өсек шіркін құбылды неше тұрге.
Көптен бері екі жас қосыла алмай,
Екеуі де сарғайды, жүдеп мұлде.

Бұл өсекті естіп Қожакелді,
Ашуланып сыпырды маңдай терді.

«Бұзылған ит. Жалғыз ат. Қасқа — кедей»—
Деп, бүрқанып, жер теуіп, ашу керді.

Бәйбіше де «ойбай!» деп шошып кетті,
Әлде қалай естіпті бұл өсекті.
Айсұлуды жерден ап, жерге салып,
Долы шіркін бүрқылдаپ, тілдеп сөкті.

«Табайық!»— деп амалын күнде аңдыды,
Айсыз қара, тұманды түнде аңдыды.
«Мен берейін сазайын мұндардың...»— деп,
Қожакелді өзі де бірге аңдыды.

Бірақ, Тоқсан келмеді сөзден қашып,
Сонда-дағы қажыды, қайғы басып.
Тоқсан келсе өлгені ол белгілі,
Қалай келсін қорықпай аяқ басып.

Әйтсе-дағы шыдамай ғашығына,
Шапса-дағы бұл жұмыс насырына...
Бір күн кешке ойланды, ойға түсті:
«Барайын»— деп «Тәуекел ғашығыма!»

Мұздай болып денесі шымырлады,
Әлденеге еріні жыбырлады.
«Барсаң бар. Тезірек бар» дегендей-ақ,
Сансыз жұлдыз көз қысып жымындағы.

Асау жүрек асқынып, аттай туласап;
Аттай туласап денені кетеді улап.
Айсұлудың сәлемін жеткізгендей
Көңілсіз жел кетеді зулап-зуласап.

Жел зулады. Толқыды жас жүрегі,
Жүрек неге толқыды, кім біледі?!

Көптен бері сағынған ғашық жарға .
Көңілдегі сөзді айту бар тілегі.

Үйден шығып бет алды барайын деп,
Бір тілдесіп сұлумен қалайын, деп.
Айсұлудың тұсына жеткенінде,
Абайлады. Жан-жаққа қарайын, деп.

* * *

«Шап берді!..», Аңдушылар үстап алды.
Не қыларын білмеді, естен танды.
Қақ сойыл сатыр-сұтыр тәбесінен
Іле зде болмай үстіне қонып қалды.

Тұн еді. Тұнеріп тұр. Тұн қараңғы...
Қабағын қарсы жапқан тым қараңғы.
Қарайып қара көрпе жапқалы тұр
Ақылынан адасқан сорлы жанды.
Жалынды. Бірақ, оның сөзі өтпеді.
Жерге тимей аяғы безектеді.
«Жаныңа енді қош айтыс осы арада,
Бейбастақ, сорлы кедей, кезеп! — деді.

Қару қылар шама жоқ қарсы тұрып,
Қатырған ғой сілесін ұрып-ұрып.
Қара жүрек, қанды көз, сұм тілектер,
Пышақпен жығып салып жібеді орып.

Бітті жұмыс. Өлтірді. Енді тынды.
Өткір шышақ жұмысын тез бітірді.
Нақ қасына пышақты тастап кетті,
Деп айтуға: «Өзіне-өзі қылды...»

Арада бір екі күн өтіп кетті,
Тоқсан үйге келетін мезгіл жетті.

Кемпір, шалдың көзінен сорасы ағып,
Царқ ұрып, аласұрып, елді іздетті.

Іздесті «қайда екен?»— деп, жам ағайын,
Қорқысты мезгіл, уақыт өткен сайын.
«Неге бұлай болды?»— деп, күдіктеніп,
Сұрастырып қарады ел маңайын.

* * *

Айтып кепті бір күні қойшы бала:
Шыға келсе Майкөлге қойын жая,
«Үсті-басы қан болып біреу жатыр,
Майкөлдің теріскей жақ бетін ала».

Бұл хабарды естіді бәрі-дағы,
Қатарлас елдің бәрі жаңындағы,
«Майкөл жақты қарайық, не екен? — деп,
Бәрі шықты жас пенен кәрі-дағы.

Келсе, хабар айтудай екен анық,
Майкөлдің теріскей жақ бетін алып,—
Қыршын жас, арманды жас Тоқсан
жатыр,
Көрді-дағы кемпір, шал кетті талып.

Ес қалмады шешесі талып кетті,
Сөнген жүрек оттай бол жаңып кетті.
«Сорлы болдым. Сорладым»— деп әкесі,
Көрі бетін қанды жас жуып кетті.

Біреулер жүр: «қайтерсін құдай ісі;
Құдай салса адамның бар ма күші?»,
Біреулер: «жанын нағып қиды екен»— деп —
Бар ма екен біреуменен ерекесі...»

Жиылған жұрт жорықты талай саққа,
Таң-тамаша біреулер дейді — «сақта!»
«Бауыздалған осымен» дегендей боп,
Жұрттың көбі қарасты қан пышаққа.

Қолдан келер шара жоқ өткен іске,
Өткен іс оралмайды өкінішке.
Қайдағыны орғытып жаза бермей
Оралайық ендігі болған іске.

三

Молда-екеңдер естіп келіп қалды,
Молда-екеңнің мұндайда қолы қанды.
«Өзін-өзі өлтірген күпірлік» деп,
Шаригатка сүйеніп сөз шығарды.

«Ишан келді, ишан!» деп жұрттың бәрі,
Бала-шаға жыылды жас пен кәрі.
Көзін сүзіп, құркедей қоразданып
Былай деді иша-екен пәтұаны:

«Өзін-өзі өлтірген болды кәпір,
Мұндайларды шарығат дейді батыл.
Қай жерде өлсे, сол жерге көміледі,
Тас койылса басыңа тіпті мақұл.

Кейінгіге капірлік аты қалсын,
Тас қойылсын жазумен ажарлансын.

Өткен-кеткен басында тасты оқып,
Мұндай істен сақтансын. Ғибрат¹ алсын!

Басқалардан моласы бөлек болсын,
Оқшau тұрсын. Жүргендер көзі көрсін.
Кәпірлерге молада шайтан жолдас,
Бөлек мола, оқшau там жынғa толсын!..»

Естіген жұрт жағасын бір үстады,
«Дұрыс, дұрыс, дұрыс!»— деп,
дұрыстады.

Молда айтса құп,
бай айтса жұп болады,
Айтқанынша орындан тыныштады.

• • •

Белгілі ол дүшпандар ебін тапты,
Ебін тапты. Алатын кегін тапты.
Молданың да сорпасы біте қайнап
Баймен бірге жарапың емін тапты.

四

Бұл іске әлденеше жылдар өткен...
Ескірген ел аузында жүрген көптен.
Қан жайлау Майкөл жерін содан былай:
Ру ел «Майкөл тамы» атап кеткен.

Алыстан-ақ көрінед «Майкөл тамы»,
Тамған жер арманда өткен жастың қаны.
Жел соқса, құйын шықса күніреніп
Майкөлдің мұнданғандай биік-жары.

¹ Фибрат «Арабша» — үлгі, өнеге мағнасында.

Жазылған мелшиіп тұр қара тасы,
Сып-сида сыйдырлайды терек басы.
Шеңгелден сұмдықты алған үйсина
Ескіліктің бұ-дағы бір мұрасы.

Сұмдық аз. Озбырлық аз, мұнан әрі...
Бұл сұмдыққа шыдамас адам ары.
Ескі салт, озбырлық салт, қияңқы салт,—
Өткенде ескертеді «Майкөл тамы»...

АРЫС ТАРИХЫНАН

Жабайы атам заманнан
Шежіре айтып береді.
Ең дала жатқан көсіліп,
Пайдасыз, құнсыз жер еді.
Жел тұрса тозаң шаңдатқан
Қиялы асу, бел еді.
Қызығы жоқ, құнарсыз,
Құмайтты сортаң шөл еді.
У-шұы жоқ базарсыз,
Сәулесіз, нұрсыз көл еді.
Бел асып, көлді жағалай
Қатар тізген ел еді.
Ел ішінде шемен боп,
Кернеген бір шер еді.
Сол бір жатқан дүйім ел,
Тырнақтыға жем еді.
Тырнақсыздың, әлсіздің,
Көрген күні көр еді.
Шері не?.. Оның?..
Кімге жем?..
/Кімдер оны жер еді?../
Жеген жебір, жалмауыз,
Хан, батыр, бай, «ер» еді.
Тарихтың бетін ақтарсан.
Осылай хабар береді.
Басты кескен, қан кешкен.
Селебе еді, сел еді.
Тырнақты заңғар, алпамса,
Ханның көзі шел еді.
Құлқынды, обыр жемсауы
Бидің ойы «көр» еді.
Бай бақырып, лаң салып,
Бұ да қоса жеп еді.

Қайғыға батып сандалған
Шерменде болған ел еді.
Тарихтың сөзін тармақтап,
Осылай тізе береді...
Хан қадалған,
 бай басқан,
Би көтерген мерейін;
Хан, «батырдың», бай, бидін,
Қан сасытқан көмейін.
Жырға қосып бір бунақ
Айтып сізге берейін:
Бұлдырлы өткен заманда,
Ақсақ Темір хан бопты.
Қанға құмар Ақсақ хан
Қанды шеңгел, хан бопты.
Талан-тараж, бас кесу,
Асу, өлім заң бопты.
Хандарда да қандардан,
Темірдің алды тар бопты,
Тар заманда тартылып,
Ел тартқаны зар бопты.
Үйіліп өлік, кескен бас,
Кемер-кемер жал бопты.
Өлген жанның моласы
Асу-асу жар бопты.
Күн көгендер,
 құл тұсап,
Салғаны елге лаң бопты
Құмары қан, иманы
Әбзел, жиһаз, мал бопты
Мұны көрген нәкері
Депті: «Міне, сән бопты»—
Сенделмеде сан соғып.
Ел сандалып, дал бопты.
Үйенкі сапты көк семсер

Малшыңғаны қан бопты.
Жан алар, жендет үәзірі,
Өксегені «жан» бопты.
Осылай құрып салтанат
Темірің қанды хан бопты.
«Алақандай жиһанды
Уысыма алам!»— деп.
Жиһанды жайлап гирсіге
Басамын, мен қадам!»,— деп.
«Шыбындай мениң көзіме
Осы тұрған ғалам!»— деп.
«Кек есігін жексен қып,
Кекке де ойран салам!»— деп,
«Маған қарсы махлұқтың
Енді күні қаран!..»— деп.
«Жеті дүние белесін,
Жердей жұтып, шабам!»— деп,
Ақсақ Темір осылай
Хан боп тұрған заманда,
Есірген, есіп, мас болған
«Жиһанды билеп алам!..» деп.
...Бір күні Ақсақ хан Темір
Отыр еді тағында.
Үәзірі, жендет, нәкері,
Жиылған бәрі жаңында.
Керней тартқан, ән салған
Миуалы шарбақ бағында.
Жалаңдаған жендеттер,
«Ал!» десе, бас кескендей
Жылмаңдаған нәкерлер
«Жан» десе қан кешкендей
Қарқылдаған «батырлар»
Қан көкейін тескендей.
Алдында арақ — шараптар,
Ешнәрсеге дес бермей

Көзіне қан көрініп,
Қаннан басқа ескермей.
Асу, талау, бас кесу,
Мұдделерін шешкендей.
Нәкері, уәзір жендеті,
Хан алдында жалпылдан.
Қобылы сапты қек найза,
Белдерінде жарқылдан.
«Алдияр хан!
Тақсыр!»— деп,
Атармандар салпылдан.
Кек тәбеттеп билері
Даурығады бақылдан.
Құрды мәжіліс бір күні
Қан құмарлар қарқылдан.

Отыр еді осылай,
Қасына келді ханымы.
«Өтінішім бар»,— деді.
«Салтанатты құрсаң да
Мен тартамын зар»,— деді.
«Сол зарымнан айтатын
Бір ғұзырым бар»,— деді
«Айбарлы сұлтан, ақ ханым,
Тілімді соңғы ал!»— деді.
«Істемесең атыңа
Темір деген ар»,— деді.
«Тілегімді айтуда
Оқталып ем сан...»— деді.
«Ең бірінші өтініш:
Істе биік там»,— деді.
«Енді екінші өтініш:
Жетпіс мыңдай адамның
Басын үйіп, қатарлап,
Бір биік тау сал!»— деді.

«Соңғы үшінші өтініш:
Арыстың сұын бөге де,
Арық жібер, хан!»— деді.
«Арықты ендең жағалай
Өссін миуа, тал»— деді.
Қаһарлы Темір, хан Темір,
Ханымы айтты шыңдады.
Өтінішін естуге,
Құлдарын қоса жинады.
Тұсаулы құлдар пәрменмен,
Қүйдірді қышты, шыңдады.
Биік тамды тұрғызып,
Кәрнездеді, сырлады.
Тамның бетін нақысталап,
Жез шегемен жымдады.
Еріксіз құл, шеберлер,
Жым арасын сымдады.

Сол биік там салынған,
Ясаудің моласы.
Неше жылдар жиылған
Ғұламасы, жорасы.
Қожа, сопы, дәруіш,
Деген — «діннің мұрасы...»
«Әзірет сұлтан пірім» деп,
«Кел жұмаққа кірің!»— деп,
Таңқы мұртты сопының
Көзден аққан сорасы.
Бастан тауды үюге
Ақсақ Темір жар қылды.
Жар шыққан соң сотқар хан
Бола ма екі жарлығы.
Керней тартып, ат ойнап,
Толарсақтан қан қылды.
Самарқандың жазығын,

Беткейін ала шаң қылды.
«Хан жарлығы екі емес»,—
Деп жендеттер заң қылды.
Жазықтың белдерін
Ат ойнатып, шар қылды...
Керней күйін тартқанда
Күйсіздерді дал қылды.
Жан аларлар құнығып,
Найзаға ілді сан құлды...
Жетпіс мыңдай әп-сәтте,—
Дайындағы. Даң қылды.
Кесілген басты үйдіріп,
Бастан биік тау қылды.
Тауға қарап қарқылдан,
Мейірі қанып хан құлді...

Арыстың сұын бөгеуге
Жатты айдалан сан құлды.
Арықты қазып, тоғандап,
Бас үәзірі қан жендет,
Жалпы жұртқа жар қылды.
«Қалайда, Арыс бөгелсін!»—
Деп жендеттер заң қылды.
Арықты құн-тұн шабуға
Салпылдатты сан күнді.
Толқынды басып бөгеуге,
Жан ұшыра қам қылды.
Арысқа әлі жете алмай,
Неше рет санды санға ұрды.

Арық қазып, тоған сап,
Бөгемек болды Арысты.
Арыстың толқын сұымен
Бұрқана Темір алысты.
Жарлық берді тағы да

Жібермеске намысты.
Бас уәзір қан жендет,
Тікелей тұрып шабысты.
«Бас кесу ғана жанға оңай»,—
Дегендей Арыс қарысты.
Қанды Темір, хан Темір,
Қолданды талай әдісті,
Неше рет күшін жиса да
Арысың болмай қарысты.

Бірінші айтқан өтініш:
Әдемі биік там еді.
Екінші айтқан өтініш:
Бастан үйген тау еді.
Үшіншісін хан Темір
Келтіре алмай орнына,
Қапа болды, «қап» деді...
Толарсақтан қан кешіп,
Өтсе-дағы Темір хан.
Ұзенгімен қанды есіп,
Кетсе-дағы Темір хан.
«Жиһанды жұтып алам!»— деп,
Айтса-дағы Темір хан.
Жортуылда, жорықта,
Шапса-дағы Темір хан;
Арысқа әлі жете алмай
Қайғы шекті осындай.
Жан жарасы ұлғайып,
Төсек тартты обыр хан.
Бас шапса да,
еңбекті
Еңсере алмай жебір хан.
Ақырғы өлер сағатта:
«— Арысқа әлім жетпеді...»—
Деп өтіпті хан Темір.

Арысқа әлі жетпеген,
«Ақсақ Темір көреген».
Қанға қанған, қарқылдал,
Қанды шенгел өреден.
Қан дегенде жауыздар,
Жарқылдады селебен.
Домалантып, бас кесіп,
Ақ сұңғіні жебеген.
Бұл қайғының ел кешті,
Тарих — қария көне — кең.

...Арыстағы еңбекші ел
Басын қосты бір күні.
Мақұлдасты, «хұп!» десты
Қойды қолды бір күні.
Сырылдатып, жерді осып,
Ұңғылай салды бұрғыны.
Мұны көріп жуандар,
Құри қалды ындыны.
«Темірдің де телмірген
Әл келмеске әлек бол,
Көрдің бе?»— деді,—«жындыны».
Еңбекші елім екпінмен,
Арысқа тоғай тұрғызды.
Арығын қазып,
 жар қылып,
Еріксіз көлді бұрғызды.
Арыстың долы толқынын,
Бұрқылдата жүргізді.
Май табанын жалаған
Төбеттерін үргізді.
Асау Арыс арсылдал,
Толқыны тулас ол жатты.
«Темірдің әлі жетпеген»,—
Дегендей, ескі ор жатты.

«Тамшымды таңға бермеймін»,—
Дегендей боп көл жатты.
Орды, тоңды талқандап,
Соқты екпін қол қатты.

Көлді ағызып, толқынды
Тулатып ерлер бөгеген.
Пайдасыз жатқан кесіліп,
Ен дала емен,—
жер емен,—
Жел билеген бір кездे
Асусы жоқ бел емен.
Аңызақтан арылдым,
Ащы сортаң шөл емен.
У-шұыы жоқ, базарсыз,
Сәүлетсіз, нұрсыз көл емен.
«Темірдің әлі жетпеген»,—
Дегендей, ескі ор жатты.
«Тамшымды таңға бермеймін»,—
Дегендей боп көл жатты.
Орды, тоңды талқандап,
Соқты екпін қол қатты.

Көлді ағызып, толқынды
Тулатып ерлер бөгеген.
Пайдасыз жатқан кесіліп,
Ен дала емен,—
жер емен,—
Жел билеген бір кезде
Асусы жоқ бел емен.
Аңызақтан арылдым,
Ащы сортаң шөл емен.
У-шұыы жоқ, базарсыз,
Сәүлетсіз, нұрсыз көл емен.

Азулының сындырдым,
Тырнақтыға жем емен.
Қаламда завод гүілдеп,
Даламды гүлге бөлеген.—
Мешеулік, тағы қалыптан
Құтылып, бүгін елімнің
Көші ілгери жәнелген!

МЕРУЕТ ТАУ

Үйден жеріп,
елден безіп,
Ізdemекке арманын,
Құм бораны жапан кезіп,
Қуып шөлдің қаңбағын.

Күн шыжыған, аңызақта,
Құла түзде қаңғырып.
Әлде қайда, алыс жақтан,
Үн келгендей жаңғырып,

«Табамын!» деп ойға алғанын,
Ел аңсаған өмірін.
«Болады!» деп осы арманын,
Жоғалтпады сенімін.

Бақыт іздең,
арман барлап,
Шықты бір қарт ұзақ жол.
Жиһан кезбек...
жерді шарлап...
Түнереді оң мен сол.

Мінді аяңшыл жемляяны,
Кезді жиһан,
шөлдерді.
Қолына алып ақ таяғын,
Артына азық өңгерді.
Келе жатыр...
келе жатыр...
Көзіне арман елестеп.
Әлде көл ме, әлде тақыр,
Көрінгені елес тек.

Өтті мезгіл, өтті уақыт,
Өтті жаздар, өтті күз.
Қайдан таппақ дәүлет, бақыт,
Қартқа жұмбақ белгісіз.

Көреді қарт бір мезгілде,
Алдында өрт лаулаған,
Есі кетіп, сасып мұлде,
Жүр жолын да барлық аң:

Ақ тышқандар, селеусіндер,
Аю, бері көжектер.
Ыңғыранған талмау үндер,
Желмен бірге безектер...

Жапалақ, құр, сақау — көкек,
Жалт-жұлт етіп о да ұшқан.
Аспанға атып,
Жалын түтеп,
Қалың орман от құшқан.

Жалман жұтқан өрттің тілі,
Терегінді, талыңды.
Жел көтерген от ұшқыны,
Қаусыратты қайыңды.

Бір қайыңға өрмелеген,
Көреді қарт жыланда.
Жылан-дағы әлденеден
Иіріле бұралды.

От жалмаған жалғыз қайың.
Өрт ішінде найқалып.
/Бейне жетім тартқан уайым,
Жапырағы жайқалып.../

Ақсақал қарт жақындағы,
Сол қайыңың жанына.
Құлақ салды, ол тыңдады,
Сүм жыланның зарына:

— Уа, жолаушы!
Қарт ақсақал!
Есірке, ая, мендейді,
Келсе келсін тұра ажал,
Өрттен өлгім келмейді.

Құлағың сал: мұң-зарыма,
Ұмытпаспсын өмірде.
Сұрайтыным, мен жалына,
Қима мені өлімге.

Игі жүрек, қарт ақсақал!
Ая мені, есіркеп.
Келсе келсін тұра ажал,
Бұл бәледен құтқар, тек!..

Көтерілді жел лезде,
Будақ жалын лаулады.
Ақ қайыңды осы кезде,
Қоршады өрт қаулады.

Састы жылан, иірілді.
Жалынды өрттің лебінен.
Ышқынды да жиырылды
Өрт шарпыған жерінен.

Ақ қайыңың шықты жылан
Биік, ұшар басына.
Қоршаған соң жалын-тұман,
Есі қалмай, састы да.

— Ақсақалым!
Тұрсың неге?
Мейрім ет сорлыңа.
Енді есірке, ая мені,
Бер қолыңды сорлыға.

Пейілі кен, иғі қарт деп,
Естіген ем мен талай.
Мейіріңе қолымды арттым,
Ал аяңа арқалай!..

Мың құбылып сиқырға ұстап,
Жылжып жылан бұралды.
Қарттың көңілі кетті босап,
Құтқаруға жыланды.

Желмая да тыпты етпей
Ойға қалған секілді.
«Жылан жауыз» естен кетпей,
Ойға да алған секілді...

Есіркедім, сені аядым»—
Дегендейін ізгі шал.
Алды қолға ақ таяғын,
Асықпаса, уақыт тәр.

Байлады да бір қапшықты,—
Таяғына, жоғары —
Көтерді де; шал да ынтықты.
Құтқармақшы болады.

Жүз бұралып, секірді де,
Қапқа кірді сұр жылан.
Бір ойнақшып, қапқа кіре
Демін алды сұм жылан.

«Лаулаған өрт жалын тұман,
Беріп зақым жанына,
Өлді ме әлде сорлы жылан»—
Деп, аяды, тағы да.

Аузын ашып қапшығының,
Алды қолға жыланды.
Адам қорқар көрсө түрін.
Иіріле,
бұралды.

Дірілдеді қарттың қолы
Қарамастан оған да.
Шұқшия бір осы жолы
Қарады ол жыланға.

Сырт жонынан өрт шалыпты,
Әйтсе-дағы күймеген.
Дем алысы бір қалыпты...
Онша зиян тимеген.

«Шаршады ғой осы байғұс,
Құшағыма алайын.
Жалын-өртте қала ма ес,
Жанын алып қалайын...»—

Деген мейір, аяу кіріп,
Көңіліне тағы да,
«Демін алып, тәні жылып,
Таралсын — деп — қаны да...»

Құшағына алды оны,
Есіркеген ізгі шал.
Өлде бақ па? Өлде соры?
Суық бауыр жылан зәр.

Ойға түсті бір мезгілде:
— Мұным ағат болды ма?
Ежелден-ақ жылан мұлде
Қосылды ма сорлыға?

«Лақтырып жіберем бе,
Ағын суға, тасқынға.
Деуші еді ғой мейірленбе,
Жылан менен қасқырға».

«Мұным бірақ, қате болар,
Оңай емес қан жүктеу.
Өшпес таңба,
өмірге обал,
Өлім күйін, зар жүктеу».

Осыны ойлау мұң-ақ екен,
Қимылдады сүр жылан.
Аз тынығып, алған соң дем,
Тыптырышыды сүм жылан.

Ышқынды да қеудесінен
Мойынына оралды.
Иірілген білем-білем,
Жену қайда жыланды.

— Енді менде сенің еркің,
Тыптыр етпе сорлы шал.
Бәрі өтірік берген сертің.
Саған өлім, келді ажал.

Кісі өлтіріп ата-бабам,
Атақ алған қан ішіп.
Жауыздықтан мен жаралғам,
Ауызданып, зәр ішіп.

Ойым бүлік.

Қанға жерік.

Менде деп біл еркінді.

Көрдім азып, көзім тұнып,
Бұздым айтқан сертімді!

Қысты қатты тамағынан,

Қылғындыра бір буып.

Оралады сұп-сұр жылан,

Бауыры да тым сұық.

— Қоршауында қалың өрттің,

Зар иледің, жыладың.

Мен көрсеткен жақсылықтың,

Сыйы осы ма, жыланым?

— Сөз таласпа, меніменен,

Өз еркімде не қылсам...

Қаныңды ішу, мақсат маған:

Өле бер, шал, буынсаң.

Зәрлі уымды жіберемін,

Шағамын да тамақтан;

Сөз күтпеймін енді сенен,

Есі-дертім:

қан да қан!

— Уа, жыланым! Дұрыс емес,

Бұл да ізгілік жолы ма?

Тыңдасаң бір айтам кеңес,

Сөзден мени торыма.

— Сөз бен кеңес ұзақ сонар,

Тыңдал үақыт өткізбен.

Мен емеспін сөзге құмар,

Мылжыңмен күн өткізген...

— Олай болса, «төрешіге».
Сыннаталық бүл істі! —
«Табалық — деп төреші де»,
Жылан-дағы келісті.

Келе жатыр...
Келе жатыр...
Жапан кезіп, белді өтіп.
Ен — сахара
шөлейт, тақыр,
Сағым көлден келді өтіп.

Кездеседі бір мезгілде,
Екеуі де есекке.
Үкім айтар, берер жүлде,
Салпаң құлақ есек пе?..

— Уа, есегім, көріп едің,
Жақсыны да жаманды.
Басыңнан да өтті сенің,
Жарықпен де қараңғы...

Берші жауап:
жақсылықты,
Қайтарамыз неменен:
Жақсылықты кім ұмытса,
Тура жолда не деген?

— Мен білемін адам деген,
Мейірі жоқ, тәқаппар.
Адам ісін тындырар деп,
Қалды ма еken менде ар.

Жекті бізді,
соқты бізді.

Берді ме адам бір тыным.
Үрды бізді...
тепті бізді.
Жылауменен өтті күн,

Тілемеймін мен адамның
Жақсылықпен өтуін.
Ісі дұрыс бұл жыланның,
Менің берген үкімі!

Ысқырады жылан сонда:
— Бәрекелді, есегім!
Айттың үкім, тура жолға,
Енді өзім де көшемін.

— Енді басқа «төрешіге»,
Сынаталық бұл істі.
«Табалық — деп төреші де»,
Жылан тағы келісті.

Келе жатыр...
Келе жатыр...
Ұзақ сапар
шегіп жол.

Кейде белес, кейде тақыр,
Кейде көлді, кейде шөл,

Боқтық шоқып отыр екен,
Кез болады бір қарға.
Оған көтпен болған мекен
Мыжырайған ескі аула.

— Кәрі қарға, кәріп едің,
Жақсыны да жаманды.
Басыңнан да өтті сенің,
Жарық күн де қараңғы...

Берші жауап: жақсылықты,
Қайтарамыз неменен.
Жақсылықты кім ұмытса,
Тура жолда не деген?

Қысылғанда амал бар ма?!
Қарғаға да жалынды.
Қарқ-қарқ етіп сонда қарға,
Қанаттарын қағынды.

— Талай аппақ балапаным,
Қаза болды адамнан,
Зар илейді күйіп жаным,
Айырылдым да баламнан.

Қуды бізді.
Атты бізді.

Берді ме адам бір тыным.
Қайда үшсақ та тапты бізді,
Су жүрек боп өтті күн...

Тілемес ем мен адамның
Ізгілікпен өтуін.
Сөзі дұрыс бұл жыланның,
Менің айтқан үкімім!

Үісқырды кеп жылан сонда:
— Бәрекелде, қарғажан!
Үкіміңе, тура жолға,
Өзім-дағы таң қалам!

Не қыламын өз еркімде
Қан сорамын, шағамын.
Бас иемін, мен үкімге
Адамнан өш аламын!

— Тағы да бір «төреші»
Сыпатталық бүл істі.
«Ізделік — бір төреші»— деп,
Жылан-дағы келісті.

Келе жатыр...
Келе жатыр...

Желмаямен салдыртып...
«Осыларды бізге шақыр!»—
Дегендей бір жан күтіп...

Жапан дала.
Кұм сахара,
Қаңбақ ұшқан құла тұз.
Тек мұлгіген бар айнала,
Кім кездесер белгісіз.

...Әлде қалай жолда тұрған,
Бір сиырға кездесті.
Желмаялы қарт пен жылан,
Көп кідірмей сөйлесті:

— Көрі сиыр, көріп едің.
Жақсылық пен жаманды.
Мына жылан мені өлтірмек
Мойныма оралды.

Қалғанда өртте, отқа бермей,
Құтқарып ем жыланды.
Сол себептен қалды өлмей;
Мойныма кеп оралды.

Енді; міне, ішем қанды,
Бақайшағың шағам, деп.
Өлтіретін сан адамды,
Откен атам-бабам,— деп.

Көремісің жылан менің
Алқымымнан алып тұр.
Әлде азап.
Әлде өлім.
Қан қармағын салып тұр.

Зеңгі баба әулеті едің,
Талай жылды кешірдің,
Құтеміз біз енді сенің
Әділ, тура кесімің!

Кәрі сиыр бейне қаңқа,
Берді жауап мөніреп.
Ішін сұлық тарта-тарта,
Қоя берді еңіреп:

— Бар өмірім етті менің,
Адамменен аңдысып.
Адам деген — қатал, сенің,
Зардабыңнан қан құсып.

Көз нұрыңдай бұзаушығым,
Қаза тапты адамнан.
Көңілімдегі барлық шыным:
Адам тастан жараган.

Көрдім бейнет, тарттым азап,
Барлық тістен айрылдым.
Адам мені қылды мазақ,
Бойда күштен айрылдым.

Тартты ішін, ақты маңқа,
Жыланды көп еңіреп.
Кәрі сиыр бейне қаңқа,
Үкім етті мөніреп.

Ыңқырады жылан тағы:
— Естідің бе, сорлы шал?
Не іздемексің мұнан әрі,
Мен айтқаным орны бар! —

Деді-дағы қысып қойды,
Тамағынан «досының»,
Болғандайын тағы екі ойлы,
Байқайыншы: «осы кім?»

Таңырқап қарт түрдү-дағы,
Бұл сөзіне сиырдың.
— Қалай кесім шығарады?
Үкім айтар сиыр кім?

Қолды сілтеп риза болмай,
Тағы сапар шегеді.
Ылди, белес, қалың тоғай,
Бәрін де өтіп келеді.

— Енді әділ «төрешіге»,
Сынаталық бұл істі.
«Табалық — бір төреші» деп.
Жылан тағы келісті.

Келе жатыр...
Келе жатыр...
Тағы мұңын шағуға.
Үкімі — оқ. Сөзі — мақұл,
Әділ сыншы табуға!

Бір мезгілде келді бұлар,
Қарт еменнің түбіне.
«Сынаса осы емен сынар» —
Дегендейін үңгіле:

— Алуан жылдар,
сан ғасырлар,
Өстің емен, көк бойлап.
Сенен сұрар, өтініш бар,
Үкім айтшы, көпке ойлап...

Саяңа кеп шалдыққандар,
Көлеңкеңде тыныққан.
Жасың — қария,
тұлғаң — заңғар,
Тебең асқан бұлттан.

Көп жасадың, көпті көрдің,
Өмір сүрдің күнмен тең.
Талай-талай соққан желге,
Басыңды идің құрметпен.

Қарт еменім, көріп едің
Жақсыны да жаманды.
Басыңнан да өтті сенің,
Жарық күн де қараңғы...

Берші жауап: жақсылықты,
Қайтарамыз неменен?
Жақсылықты кім ұмытты?..
Үкім болар не деген?

Көріп тұрсың өзің-дағы,
Беталды жан келе ме?..
Әділ үкім берсең тағы,
Біз ризамыз «төреңе!».

— Әрине, мен көп жасадым.
Көпті көрем әлі де.
Санап көрші балта дағын,
Түскен мениң тәніме.

Құарып та бітті менің,
Жапырағым жайқалған.
Бұл ісіңді өзер сенің,
Дұрыс-ақ деп айта алман!

Адам деген шапты мені.
Балтаменен жаңқалап.
Түбірімнен қақты мені,
Қан талатып, балталап.

Талай жылап,
жаңғырықтым,
Бұтақтарым сыңсыды.
Жаңғырумен аза тұттым,
Жапырақтар ыршыды.

Күнім бар ма көрсөң менің
Жапырағым жайқалған?..
Сұрауыңды бүгін сенің,
Дұрыс-ақ деп айта алман!

Ысқырады сонда жылан:
— Үкім осы ақырғы!
Бармақшысын қайда мұнан? —
Деп, пәрменді шақырды.

— Буындырам, қылғындырам,
Қаныңды ішем, адамзат!
Кетпекшісің қайда мұнан? —
Барлық үкім — мәған жақ!

— Гоқта, жылан, сабырлық қыл!
Ағаш аты: ағаш та.
Бізге берер әділ үкім,
Көрі емендей ағаш па?..

— Бұл қарт емен көпті көңгөн
Үкімі — әділ, сөзі — шын.
Енді кетсек қарт еменнен,
Тағы бір аз өтпек күн.

Қарт пен жылан екеуі де,
Сөз таласа, кірісті...
Таппақ болып «төрешіні»,
Тағы өздері келісті.

Келе жатыр...

Келе жатыр...
Өтті тұндер, өтті күн.
«Ойы — терең.

Сөзі — мақұл»
Енді үкімді айтар кім?

Құм шөлейтті, сахараада,
Кездеседі бір маймыл.
Ойы тайыз, есі шала,
Мақұлық қой жүрдай бұл?

— Да, маймылым, тоқта азырақ.
Қандас едің бізбенен.
Ақылдастып үкім сұрап,
Алмақшы едік сізбенен.

Берші жауап: жақсылыққа
Қайтарамыз неменен.
Жақсылықты кім ұмытса.
Әділ үкім не деген?

— Жақсылықты кім істеді?
— Әрине адам істеген.
— Адам деген білгіш, тегі,
Көндіреді күшпенен.

Неше айлар, нешеме жыл,
Зырылдайды өтіп ол...
Ата — маймыл, ана — маймыл,
Торға түсіп отыр ол.

Торға ұстаған, қақпан құрған,
Бәрі де адам. Сондықтан:
Кездескенде қаққан жылмаң.
Сөзінді де мен үқпан!

Иіріліп сонда жылан,
Ысқырады пәрменмен.
Бойға жиган зәһәрлі удан,
Қуат алып, әлденген.

— Ойы тайыз, есі шала,
Үкім берер маймыл ма?
Көзің салып, анық қара:
Түрі мынау маймылға!

Тағы ізделік үкімшіні,
Сыннаталық екеуміз,
Болар, бәлкім, үкім шыны,
Риза болып кетерміз!

Енді ақырғы — төрешіге»,
Сыннаталық бұл істі.
Уәделессе, сертін бере,
Жылан тағы келісті.

Келе жатыр...
Келе жатыр...
Ми даламен жол асып.
Бейне зенгер құрған шатыр,
Сағым, мұнар ұласып.

«Жетпеймін бе?..
Болмайды әлде?
Ойға алған арманым.
Сүм жыланға болып пәнде,
Зор пәлеге қалғаным!»—

Деп, қария толғанады,
Қайда бақыт?
Қайда ел?
Жауыз жылан долданады,
ыңқырады соқса жел.

Кейде ісініп,
кейде лықсып,
Зәрлі уы бой кернеп.
Кейде буып,
кейде қысып,
Қарт тамағы болды «ермек».

Кейде тоқтап желмая да,
Ойға қалған секілді...
«Жылан жауыз, оны аяма!»
Ойына алған секілді.

Келе жатыр...
Келе жатыр...
ми даламен
жапанда.

Келе жатыр сахарамен.
Қайда?
Таңы атар ма?

Әлде қашып,
әлде қорқып,
Бұлдыраған елестен...

Келе жатқан тұлкі жортып,
Кез болады белестен.

— Тоқта, тұлкі, асықпаңыз!
Бір сұрау бар?.. «төре» бер?
Әділ айту саған қазыр,
Өтініш сол ескертер.

Талай таудың бектерінде,—
Талай өзен жағалап:
Тас қиядан қаздың інді,
Ойнақ салып, аралап...

Жыланменен арамызды,
Шықты талас шешілмес.
Ізгіліктің жолын бұзба.
Үкім бер де, өзің шеш!

Басыңнан да етті сенің
Жарық күн де қараңғы...
Жапан кезіп, көріп едің,
Жақсыны да жаманды.

Берші жауап: жақсылықты
Қайтарамыз неменен?
— Жақсылықты кім ұмытты?..
— Үкім болар не деген?

Жылмаң етті, сонда тұлкі,
Бұлғандата қүйрығын.
Әлде тон ба, әлде күлкі,
(Бермекші ме бүйрығын?..)

— Ең әуелі түсіндіріп,
Барлығын да айтып бер.

Таластарың жөнін біліп,
Кезек келер мен шешер.

Тұғаннан-ақ бір әдетім:
Сірә, білмей кіріспен.
Кетеді аброй, берекетің.
Құрғақ талас, ұрыс пен.

Жасымнан-ақ бұзбадым мен
Әделеттің жолдарын.
Әділетсіз дүние керен,
Көргенім жоқ оңғанын.

Ең әуелі түсіндірші,
Бір ойланып көрейін.
Мен болармын әділ сыншы.
Үкім айтып берейін!

Қарт пен жылан бұл таластың,
Қандай? Қалай болғанын?
Қыйіп, жанып бар ағаштың,
Өрт қаптаған орманның...

Барлығын да айтып болып,
Тұлқі «сыншы» тыңдады.
Кекейіне әбден қонып,
Құйрықты бір бұлғады.

«Рас!..» дегендей желмая да,
Басын изеп, шұлғыды.
Тұлқі ойнақшып сол арада,
Көзін жұмды. Мұлгіді.

— Ғажап екен! —
Деді тұлқі:

Өмірімде мұндай сөз
Естігем жоқ,
сірә тіпті,
Болған да емес, маған кез.

Ғажап екен! — Биік қайың
Бұтағынан секіру...
Өрт кеткенде канат жайып,
Жалынды оттан құтылу..

Естімен ем қапқа кіріп,
Жан сақтаған жыланды.
Естімен ем таяқ беріп,
Есіркеген адамды.

Мен осыған тұрмын сенбей,
Әлі де ойлап көрейін.
Болған істі көзім көрмей,
Қандай үкім берейін?

— Олай болса — деді, жылан:
Қапшықты әкел!
Көрсетем!
Әділдікпен билік құрған,
Үкіміңді мен күтем!

Ыршыды да, бір секіріп,
Жылан тағы толғанды...
Ілезде болмай қапқа кіріп,
/Көрсетпекші болғанды.../

Жатты жылан қап түбіне:
— Үкіміңді бер,— деді;
Шаршап біттік ұзақ жүре,
Ең сенерім, сен,— деді.

Бұдан былай бұл таласты,
Қойсақтағы жән болар.
Және әділ, және расты,
Айтқаның да жән болар!

Енді шал да бұлтаралмас,
Қайда бармақ қаңғырып?
Әшейін бір көңіл қимас,
Жіберер ем сан буып.

Шаршап біттік ұзақ жүре,
Жаңбыр құйып, соқты жел...
Кіналамас шал да мені,
Үкімінді енді бер?

— Е, жыланым!
Қолға түстің.
Үкім деген қайда, әлі.—
Деді- дағы, әккі түлкі,
Қаптың аузын байлады.

Жыланнан да зәре кетті,
Иірілді, тыптырлап...—
Қап байланды. Енді не етпек?
Құлді түлкі құтыңдалап.

Ойнақшыды... Шегі қатты...
Ордаңнады түлкі қу.
/Сағым бөлеп тұр жан-жақты,
Қаңқылдады көлде қу/.

— Қайда барсаң, қайда жүрсөң
Жолың, түлкім, ашылсын.
Дұшпандарың қағып бұрсөң.
Саған келіп, бас ұрсын!

Күн де саған,
Ай да саған,
Бауырындай мұңдассын!
Көл де саған, тау да саған,
Сәлем беріп жол ашсын!

Шыдамады жемля да:
— Енді аяқпен таптайық!
Дегенде, қарт жемляяға:
Әлде болса сақталық!

Өзі-ақ өлер іріп-шіріп,
Қап түбінде тыптырлап,
Ал, кәнекей, кеттік жүріп.
Асығалық,
жол ұзақ!

Тұлқі:
— Тоқта, қарт, азырак,
Сыйлыққа не берер ең?
Мен болмасам ойла, бірақ?
Жылан буып өлер ең?

Жілігіңнен майың шығып,
Сусындар ең қаныңды.
Жатар едің жерді қауып,
Қарға шұқып тәнінді;

Ойлан өзің, қарт, азырак,
Сыйлыққа не бересің?
Мен болмасам, ойла... Бірақ...
Жылан буып өлесің!

Ара тұрдым ажалыңа,
Ойға салып көр өзің.

Еңбек еткен сыйлығыма
Желмаяңды бер өзің.

— Жақсылыққа жақсылықтан,
Аямайтын мен бір қарт,
Тілге көніп, маған нансан,
Айтайын бір,
сертті шарт.

— Бейне «Әулие» сыртқы түсін,
Жақсылықты білмедің.
«Шарт» деп нені айтып тұрсың?
Осы ма бар білгенің?

— Тұлкім!
Ұзақ сапар шегем,
Бақыт алда табармын.
Сол уақытта сыйлығыммен,
Сені қарсы алармын.

Алдымызды — дәулет, ырыс,
Алдымызды — алма,
ерік,
Меруерт тау, алтын, күміс,
Жайқалған нұ, сән көрік.

Онда бақша құлпырады,
Онда құстар салған ән.
Сылдыр қағып балбұлағы,
Онда жарқын атқан таң.

Онда елдің адамы да,
Сұлулықтан жарапған.
Онда әділ ел жаны да,
Бақыт табар барлық жан!

Бектерінен меруерт таудың
Ағады өзен гүрілдей.
Онда жеміс,
піскен балғын,
Жері кілем түріндей.

Онда ағаштың жапырағы,
Сылдыр қағып, күн шалған.
Көңіл жұйткіп шарқ ұрады,
Іздегенім осы арман!

Сапар шегіп осы арманға,
Келе жатқан жолымда.
Кездестім мен сүм жыланға,
Ашылмастай сорыма...

Тұлқім! Өлі сапар шегем,
Бақыт — алда. Табамын.
Сол мезгілде сыйлығыммен,
Сені қарсы аламын!

Осы шақта риза болып,
Сен азырақ аялда.
Жақсылығың ұмытылып,
Мен сертімнен таям ба?..

— Одан-дағы желмаяңды,
Сыйлығыма бер маған.
Не қыламын мен «арманды»,
Айтпай-ақ қой, сен маған.

Керегі жоқ меруерт тау,
Керегі жоқ бұлағың.
Керегі жоқ алмалы бау,
Желмаяңды сұрадым.

Әлі — алда... Ұзак сонар...
«Арманыңды» күтпеймін.
Бос үмітті құрғақ қиял,
Оныңа мен бітпеймін.

Мен де тұрмын қарным ашып,
Күтуге бір шыдаман;
Неге сонша қалдың сасып?
Сыйлығым бер сұраған!..

Ойла, азырақ өзің түсін?
Көп бәледен арылдың.
Бейне «Өзүлие» біткен пішін,
Жақсылықтан жаңылдың?

Әрбір істің өз есебін,
Мұдірмей-ақ табамын.
Қаптың аузын мен шешемін,
Жыланды да аламын.

Керегі жоқ меруерт тау,
Алма, өрік, шынарың.
Керегі жоқ жемісті бау,
Желмаяңды сұрадым!

— Тұлкі,
әрине, қолыңдамыз,
Желмаямды бере алман.
Қимасымды сұрамаңыз,
Бұл сөзіңе көне алман.

Жас күнімнен жолдасымды,
Жеуге саған тастаман.
Мен есалада емес жынды,
Бұл не айтқан масқараң?!

Кірсіз таза жанымды да,
Мен ыластап аттаман.
Ұятымды, арымды да
Аяғыммен таптаман.

Болмас істі сұрамаңыз,
Бұл сөзіңе көне алман.
Не қылсан да қолындаңыз
Желмаямды бере алман!

Әрі серік,
әрі досым,
Желмаямнан айрылман.
Барлық түлкі кетсін босып,
Оған, сірә, қайғырман!

— Олай болса... Енді...
Түлкі
сырт айналып бұлт етіп...
Бір кекесін ашу күлкі,
Екі көзден жылт етіп...

— Алжыған шал, қарт есалан,
Ей, адамның есегі!
Керегі осы деді — саған,
Қаптың аузын шешеді.

Ыршып түсті жылан-дағы
Ықсқырады безілдеп.
— Не іздемексің, бұдан әрі,
Енді өлер кезің! — деп.

Әлденеше үкім шықты,
Біріне де көнбедің.
Енді қолға түстің мықты,
Өз еркіме бер менің!

Жетер енді!..

Қаңғып жүрдік,
Тағы кімді қуамын?
Майың сорып, жұтам қылғып,
Тамағыңдан буамын!

Нажағайдай шаншылады
Сумаңдаған сұр жылан.
Зәһарлы аузын қайшылады
Білеулене сұм жылан.

Зәресі ұшып, қорыққаннан
Тізе шөгіп желмая.
Құтылмаққа енді ажалдан,
Іздегендей жан сая...

Ізгі қарт та есі кетіп,
Жан-жағына қарады.
Өнебойын дірілдетіп,
Буындарын алады.

— Жақсылықтың үлесіне,
Осы ма еді тигені.
Сыбағам ба игі ісіме
Сұм жыланның тілегі!

Көздең бақыт, іздең өмір.
Қиял еттім: меруерт тау.
Көксеп арман, жүйткіп көңіл,
Гүл жайнаған бақша-бай.

Сақал, шашым аппақ қудай,
Осы жолда ағардың;
Өтті күндер, желдей зулай,
Күтіп алдым таң алдын...

Жақын қалды деп ойлап ем,
Сол тауға да жетуге.
Салтанатпен, өз еркіммен
Сауық-сайран етуге.

Қайда қуат?
Қайда қанат?
Ұшайын да кетейін!
Гүл жайнаған қайда алап?
Қайда? Қайда? Жетейін!

Уа, дауыл жел! Жеткіз мені!
Меруерт тау арманым.
Қолдан термей меруерттерін
Қарт жапанда қалғанын!

Уа, ұшқыр жел, заула, заула!
Кемегің бер қартыңа!
Сен айтып бар меруерт тауға,
Жет, тезірек шарқ ұра!

Арманымды, тағдырымды
Тапсырамын ерке жел.
Мен іздеген жарық күнді,
Қайда сол тау?
Қайда ел?

Бота күннен қолымда өскен,
Боздағандай желмаям.
Көкке жетіп күн тілдескен,
Меруерт тау, қайда аяң...

Мені есіркө, ал саяца
«Жерде қалмас жақсылық!»—
Деуші еді ғой ел баяғы,
Кейінгіге тапсырып...

Меруерт таудық шыңына мен,
Қанаттана үшайын.
Меруертін қолмен терем.
Жұпар гүлді құшайын.

Бар арманды, тағдырымды
Тапсырамын.
Заула, жел!
Мен көксеген жарық күнді,
Қайда сол тау?
Қайда ел?

Сол кезде жел көтеріле,
Найзағай да жарқылдал,
Күн көрпесі бұлтын түре,
Ұшты қыран саңқылдал.

Шалықтады, көкті құшты,
Ә дегенше бұл қыран.
Есі кетіп, зәресі ұшты,
Тұлкі менен сұм жылан.

Сорғалап кеп көкten құлап,
Қу түлкіні соққанда:
Дал-дал болып жатты сұлап,
Қатты тиді оқтан да...

Топшысымен соқты тағы,
Иреңдеген жыланды.
Қарт та көріп, деді: —
«Пәлі!»,
Қарсы алғандай қыранды.

— Ізгі қартым! Арманды ерім!
Енді жылан жоғалды.

Жерді құшты, үздім белін,
Сұм тұлкідей құларды!

Ұшалық біз меруерт тауға,
Сен көксеген ежелден.
Алма, өрікті бақша бауға
Онда — ел бар кенелген!

Онда — жеміс пісіп толған,
Онда — гүлдер құлпырған.
Онда — дәulet, бақыт қонған,
Онда — жарқын барлық жан!

«Жақсылықта — жақсылық» деп.
Халық бекер айтпаған.
Не арманың тағы да...
Тек,—

Сонығана айт маған!

Жолда жатқан сүр жыланды
Өлтірмесең жаныштап.
Аямастан бір адамды,
Кез боп қалса, дедің, шақ!

Сиқыр қарға, мықыр есек,
Қарын құлы, құлқыншыл,
Тұла бойы толған өсек,
Маймыл емен бір күншіл.

Оңай олжа, алдау, арбау,
Оның табар несібі.
Елді шарлау, жүртты барлау,
Сұм тұлкінің кесібі,—

Деді-дағы, алғыр қыран,
Ұшуға да қомданды.

Болжағандай бейне шықнан,
Топшысымен толғанды.

Желмаямен қарт екеуін,
Отырғызып қанатқа.
Бір соқтырып көктің желін,
Үшты гүлді алапқа.

Көрінді әне, меруерт тау?
Меруерттер жарқырап.
Гүлі жайнап бақшалы бау,
Балбұлағы сарқырап...

Бейне күміс ағаштары,
Әнші құстар сайраған;
Теңселеді бүйра талы,
Көк шағыла жайнаған.

Төсегендей бейне кілем,
Таудың шағыл бектері.
Төгіледі белдерінен,
Нұр сағымы көктегі.

Елі еркін,
жарқын жүзді,
Махаббаттың жолдасы.
Салты әсем,
тура сөзді
Әделеттің ордасы.

Мұнда —
жайнап бақшалы бау,
Мұнда —
жеміс піседі!
Меруерт тау,

Меруерт тау!
Қарт көксеген осы еді!

Қарт жасарды,
шырайланып,
Меруерттен тергенде...
Жұпар иіс мұрын жарып,
Нұрлы тауға енгенде...

Көкті құшқан шыңың басы,
Жұлдызбенен безелген.
Еңкіш тартқан қарт тұлғасы,
Жас жігіттей түзелген.

Желмая да ойнақ салып,
Ботасы да тайрандап.
Бұлағынан сусынданып,
О да кеткен жайнандалап.

Ізгі қарт та айтып жатты,
Қыранына алғысын.
Болат топшы,
ер сипатты,
Бақыт берген таң құсын!

Бақшадағы әнші құстар,
Мақтау жырын сайрады.
Жетті арманға болған құштар,
Қарттың жүзі жайнады.

Меруерт тау,
Меруерт тау,
Қарт көксеген осы еді.
Мұнда — бақша жемісті бау,
Мұнда гүлдер өседі!

* * *

Ескен желдің,
көшкен елдің,
Тынық түннің жыры бұл.
Өркендеген,
өскен елдің
Жарық күннің сыры бұл!

АЛМАС

Бұл хикая бір ертегі
Көптен бері жүректе еді,
Әңгімені бастайыншы.
Қаламыма хиял жалғап,
Балаларға әдей арнап,
Дәптер жазып тастайыншы.
Тында шырақ, мен айтайыншы.
Бір қызықты гәп айтайын,
Тындал қара әңгімені
Тында азырақ толғанайын,
Ұшқыр қалам қолға алайын
Жыр ескегін бір есейін,
Алқа-қотан отырғанда,
Әдей арнап бүгін таңда,
Сендер менен тілдесейін.
...Әлде Сырда, Алатауда
Өтіп кеткен бір заманда
Болған екен,— дейді,— бір қарт.
Өскен бе әлде тауды жайлап,
Бектерінде салып ойнақ,
Қарттың атын,— дейді,— Мұзарт.
Лашық үйде кедей жарлы,
Тартқан екен қайғы, зарды,
Қасірет тартып, қайғы жеген.
Балапаны, көздің нұры,
Болған екен дәл үш ұлы:
Асан, Хасен, Үсен деген.
Ақыл қонып тұла бойға,
Асан түсті терең ойға:
— «Асырайын атамды,— деп —
Кесіп іздел мал табайын,
Оңалтаяын атам жайын
Бер, атажан, батаңды»— деп,

Әкесінен сұрады ерік
Мақұл көріп, бата беріп,
Асан кетті алыс жолға,
Асты белдер, соқты желдер,
Неше құндер, неше тұндер
Сапар шегіп жүрді жолда.
Әлде неше құндер өтті,
Жүре-жүре Асан жетті,
Қажып, шаршап бір күн таңда,
Қаршығасы қекте ойнаған
Қарағайы қек бойлаған
Қалың жыныс, қара орманға.
Жолбарысы жортып, шапқан,
Арыстаны адам қапқан,
Берілері тау текедей.
Аңдарының сиқы сайқал,
Әлде шақал, әлде сайтан,
Жерді сүзіп жүр кимелей.
Бірі тартып, бірі жұлып,
Ұлғи дүлей жатыр ұлып,
У-шу болып орман іші,
Көздерінен от жалындал,
Кейде қарғып, кейде арындал,
Тым-ақ сұық аңың үтсі.
Қос құлақты бір аңдар жүр,
Асыр салып бұраңдал жүр,
Асан бұрын көрген емес.
Бұл Асанның есіне де
Есі түгіл түсіне де,
Өмірінде енген емес.
Амалы жоқ, шара бар ма?..
Мезгіл өткен панаlarға,
Қорқа-қорқа жүрді Асан.
«Дем алайын азырақ», деп
Бір ағаштың түбіне кеп

Құлақ түріп тұрды Асан.
Қара орманды тітіреткен
Бір мезгілде жалт-жұлт еткен
От көрінді анадайдан.
Қауіп-қатер қорқу күшті,
Отты көрді, ойға түсті:
«Әлде мендей жүрген кісі?
Я, жолаушы оты ма екен?
Тоғай бойын еткен мекен?
Я, орманның құзетісі! —
Деді-дағы, тұрды Асан,
Отқа қарай жүрді Асан,
Тәуекелге беріп өзін.
Бір мезгілде келіп жетті
Қалтыратты, дірілдettі
Тұла бойын қорқу сезім.
Жақындарды үйге таман,
Иттер шықты абалаған,
Ырылдарды бәйтебеттер.
Орман іші шуылдарды,
Әлде нелер зуылдарды,
Иттің даусын көтеріп жел.
Салпы ерін, сұық түсті,
Пішіні тым қорқынышты
Қарсы шықты бір дәу үйдөн.
Қабағынан қар жауып,
Алғандай-ақ бейне қауып,
Тұлғасына қаһар түйген.
Қорықты Асан дірілдеді
Әлде нені күбірледі...
Көргеннен-ақ зәресі ұшып,
Кейде орманда ашуулы ажал,
Кездеседі обыр, дажал,
Деген бір сөз еске түсіп.
Көрді-дағы анадайдан:

«Ия, бала! Келдің қайдан?
Қара орман адаспастан,
Аман өтіп тау мен тастан,
Тұстің бе сен өлде көктен?»
Бейне өлімге дайын Асан,
Айтты сонда жәйін Асан:
— «Жұмыс іздеп шықтым жолға
Зәрем ұшып, құттым қашып,
Жаңым қорқып, асып-сасып,
Бұл араға жеттім зорға.
Қара орманнан сізді таптым,
Мен шын сорлы бір бейбақпын;
Қайырым ет біздей жанға!
Бар күшімді аяmas ем,
Оған-бұған қарамас ем,
Сізден жұмыс табыла ма?»
— «Малайлыққа алайын мен,
Саған жұмыс табайын мен,
Тек күшінді аямайсың.
Мен иемін бұдан былай,
Мен қожамын — саған құдай,
Күндіз, түнге қарамайсың.
Анау тұрған бір топ талдың
Ортасында осы орманның
Бір құдық бар түбі терең.
Құдықта бар қазына асыл,
Қазынасын шығарасын,
Еңбегіңе алтын берем!
Жұмысыңды көзben көріп,
Шелегінді қол мен беріп,
Өзім ғана тұрам санап.
Қызыметінді желге төкпен
Жұз шелекке — бір шелектен
Еңбегіңе берем балап».«
Өзі қажып тұрған Асан

Риза болдың бұған Асан,
Түспек болды шыңырауға.
Тінегі боп оның күткен
Жұз шелекке — бір шелектен
Алтын алмақ, бітті сауда.
Ұзын бауды белге байлан,
Шыңырауға түсті жайлап,
Терең екен құдық түбі,
Ең қазына көлдей шалқып,
Жарқылдайды көзді тартып,
Шағылысып сары алтыны.
Сап-сары алтын құдық іші,
Әлде өңіме?

Әлде түсі?

Қолына Асан шелек алды,
«Берді тәңірім тілекті», деп
Сыбанады білек түріп,
Уыс-уыс алтын салды.
Әлсін-әлсін бауды тартты.
Сыртқа шелек шығып жатты.
Сап-сары алтын құдық маңы.
Айналасы болды алтын,
Жұз шелекке толды алтын,
Бір шелекті алды тағы...
Алды-дағы алтындарды,
Түсірмеді енді бауды,
Қалды Асан шыңырауда.
Алтынды алды кетті алдап,
Сорлы Асан қалды зарлап,
«— Бітті,— деді енді сауда».
Күтті... Күтті...
Түспеді бау,
Алтын үшін алданым-ау»—
Деп ойлады Асан сонда.
Басы айналып, болып мен-зен.

Тұпсіз шыңырау қөрменен тәң,
Құтылмластай қалды сорға
Бір мезгілде тұрды Асан,
Шыңырауда жүрді Асан:
«Не бар екен қарайын, деп
Текке отырып таппан пайда,
Болмас па екен шығуға айла?
Бір ылажын табайын», деп.
Шошынды Асан көрді сонда,
Шыңырауда — оң да, сол да
Ылғи құ bas домалаған.
Ақсиған тіс, сынған сүйек
Көрі жілік, кепкен иек,
Үйіліпті өлген адам.
Шыңырау жолы қорқынышты,
Мұнны көріп зәресі ұшты,
Тұла бойы шымырлады.
Қайда барса, сәлем беріп
Сыйқы кеткен өңшең өлік,
Көз алдында қыбырлады.
Іздегендей әлде нені,
 Тағы да Асан жүрді ілгері,
Екі тарау жолға келді.
Қорқу кіріп тұла бойға,
Екі тарау осы жолға
Ілбіп қана зорға келді.
«Бір тарау жол: өлім жолы,
Екіншісі — аштық жолы»,—
Деп жазылған қара тасқа.
Амалы жоқ қашқанменен,
Не лаж бар сасқанменен,
Болмады енді ойланбасқа.
Ойлады да біраз тұрып
«Аштық жол» мен кетті жүріп,
«Не болса да көрейін, деп,

Болғанымша тірідей жем,
Барғанымша өлімге мен,
Тек аштықтан өлейін», деп.
 Тағы ілгері кетті Асан,
 Бір мезгілде жетті Асан,
 Жалпақ дала, ен жайлауға.
 Әлде кімдер сабылып жүр,
 Топтаған қой бағылып жүр
 Көк жазира кең жайлауда.
 Әлде қойшы, әлде сорлы:
 —«Сен де сорлы, таптай жолды—
 Деді Асанға,— келдің қайдан?
 Енді өмірің бітті деп біл!
 Мысттан кемпір жайлауы бұл,
 Көрсө сені, бітті саудаң.
 Неше жылдай қойшы болып
 Нелер азап, бейнет көріп,
 Жүрміз мысттан қолында біз.
 Сиқыр зұлым, қанды ауыздың,
 Тұстің қолға жалмауыздың,
 Енді өмірден қудерінді үз!»—
 Деп, түрғанда келді мысттан:
 Анадайдан көрді мысттан,
 —«Қайдан жүрсін адам ұлы!
 Жайлауыма аяқ бастың,
 Айт, адамзат! Қайдан қаштың?
 Қойман сені енді тірі»—
 Деп шыңғырып кемпір мысттан,
 Бейне түсі сұр зымыстан,
 Тап береді зәрені алып,
 Құдер үзіп енді жаннан
 Есі кетіп қорыққаннан
 Сорлы Асан қалды талып.
 Құтылуға бар ма шара?
 Лажсыз тұтқын ол бишара,

Бұлқынғанмен амалы жок,
Қалды Асан өлуге аз-ақ,
Қойын бағып, тартып азап
Қалды мысттан малайы бол.
Өтті күндер. Өтті айлар.
Тасты бұлақ терең сайлар,
Асан үйге қайта алмады,
Көргендерін, білгендерін,
Ұзақ жолда жүргендерін
Атасына айта алмады.
Шекті азап, көрді қорлық,
Қылды мазақ тағдыр зорлық,
Қыспағында тар шаңгелдің.
Зарлы өмірден қабақ ашпай
Түсті Асан құтылмастай
Қапасына қайғы шердің.
Болды атасы күнде үмітті,
«Келеді» деп ұлын күтті,
Бірақ, Асан келер емес.
Атасының үміттері,
«Келеді» деп көп күткені —
Тек бір бұлдыр сағым елес.
Бір уақытта Үсен тұрып,
Атасынан тілек қылышп,
Шықпақ болды о да жолға.
— «Ақсақалды мейірімді ата,
Ықыласты беріп бата,—
Деді,— жолды өзін онда!»
Жолға шықты. Үсен кетті
Жүре-жүре келіп жетті
Қалың орман қойнауына.
Бұл да Асанды құты қашып,
Бірде қорқып, бірде сасып,
Түсті жынның ойнағына.
Ақырды дәу келе сала:

—«Келдің қайдан бұл араға?
Жұмысың не, айтшы жылдам?»
—«Тамақ іздел шықтым жолға.
Бұл орманға жеттім зорға,
Сірәда жоқ басқа кінәм».
Түсті торға. Амал бар ма?
Бұл да түсіп шыңырауға
Болды-дағы алтын алмақ.
Бітірген соң жұз шелекті
Сұм қармаққа бұ да тілекті,
Шыңырауда қалды зарлап.
Жүре-жүре Үсен тағы
Қуат кеміп құрыды әлі,
Сұлдёргі жоқ. Құрмелді тіл.
—«Қайдан келдің ай, адамзат?
Қан жайлауым жерді бұлғап,—
Деп ақырын мыстан кемпір —
Талай кетіп, талай келіп...
Талайы өліп — болған өлік.
Тірі қоймай енді сені!
Құл боласын енді маған,
Тапсырамын жұмыс саған,
Қалдың мәңгі мұнда, тегі...»

* * *

Күн артынан күн зымырап,
Түн артынан түн бұлдырап,
Өтті жылдар, қақты бұлаң.
Байғұс қарт та қайғы шекті,
Зар еңіреп, жасын төкті,
Хабар болмай екі ұлынан.
Түсті Хасен бір ниетке,
Ағаларын іздемекке
Сапар шегіп шықпаққа жол.

—«Тартқанымша қайғы-зарды,
Іздейін мен бауырларды
Уа, ата жан, рұхсат бер!»
—«Көзім нұры, ботажаным!
Екі ұлымды жоғалтқаным
Бір басыма жетер менің.
Көзім жетсе келмеуіне,
Келіп сәлем бермеуіне,
Сірә рұхсат етер ме едім?
Тілеме, жан, бата менен!
Айырылып тағы сенен,
Өткізем бе ауыр күнді?
Үміт-қиял ол бір сағым,
Іздегенмен бауырыңды,—
Деді де ата рұхсат бермей,
Бір толғанып, төгіп көлдей—
Көздің жасы жуды бетін.
Құбірледі, жыбырлады,
Өлде нені сыйырлады,
Еске алғандай құдіретін.
—«Өміріме болан серік
Екі ағамды қолдан беріп,
Үйде отыру лайық па?
Табылар ма бәкім көрген
Ең болмаса іздел елден
Бір аралап сұрайықта»
«Бауырымдап» жылаған соң,
Көп қызылып сұраған соң
Таянышы балапаны,
Екі бетін жуып жасы,
Сөгіледі қабырғасы.
Мейірімді-ау ата жаны!
Берді рұхсат тағы да ата,
Ақ ниетті берді бата:
«— Жолың болсын, балапаным!»

Бата алдыда кетті шығып,
Неше күндер жолда жүріп
Іздеді ол ағаларын.
Асты белден, өтті көлден,
Сұрау салды жолдағы елден,
Жөнін білген таппады адам.
Тұйық, меңіреу.
Толған аңға,
Қарағайлы қара орманға
Жетті Хасен кешке таман,
Қалың орман баяғыдай...
Іші толған сайтан-жындай,
У-шу болып жатыр тағы.
Естігенде мазаң кетіп,
Құлағына кетеді өтіп
Дүлей аңдар ақырғаны.
Қампайысып, ырылдасып,
Бірі қыып, бірі қашып,
Шакалдардың секіргені,
Шу асаудай бұлқынғаны.
Арсалаңдап жұлқынғаны,
Ішін тартып өкіргені.
Бәйтөбеттер салды «кәү-кәү»
Шықты үйден баяғы дәу
Шошынарлық тіпті сиықы.
Көрген адам тұршігетін.
Тұршігетін көрсे бетін,
Бейне албасты үйқы-тұйқы.
—«Қайдан жүрсің? Кімсің өзің?
Енді өлетін келді кезің,
Неге келдің орманыма?
Тұлен тұртіп, ажал айдалап
Әкелді ме сені байласап,
Әлде біреу зорлады ма?»
—«Кедей едік, пақыр күйде,

Кәсіп іздең шықтым үйден,
Еңбек етіп, мал табуға.
Мейірімің түссе бізге,
Әдейі іздең келдік сізге,
Болмас па екен жалдануға?
—«Олай болса, табам жұмыс,
Ен-қазына берекелі іс —
Ылғи олжа табатының
Адал жүріп қылсаң еңбек,
Молығасың, артып-теңдеп,
Сап-сары алтын алатының».
Келісті де көнді Хасен
/Не істемек енді Хасен/,
Түсті түпсіз шыңырауға.
Сары алтындар шелектеген
Шығып жатты шелекпенен,
Белгілі ғой бітпек сауда.
Жұз шелекке толғанында,
Жұз бір шелек болғанында,
Бау түспеді енді сырттан.
Талайлардың басын жалмап
Талайларды сорып алдап
Сүркія дәү солай құртқан.
Айналасы қапас зындан,
Екі тарау тас алдынан
Жол шығады көлденендереп,
Торға түскен сорлы бейбақ,
Тұрды қарап, біраз ойлап
Бірінде — аштық
Бірінде — өлмек.
«Аштық азап көргенімше,
Аштан сеніп өлгенімше,
Тура өлімге барайын, деп,
Амал қанша? Көріп түрін,
Сүм ажалдың әзірейлін,

Өзім күтіп алайын, деп:
Өлім келсе аламын, деп,
Тағдырымды алам күліп,»—
Деді дағы, белді байлап,
Қарсы алдында жатқан сайрап
«Өлім жол» мен кетті жүріп
Ойлағандай әлде нені,
Қадам басып жүрсө ілтері,
От көрінді жылтыраған.
Тас үстінде отыр адам,
Жақындан ед отқа таман,
Әлі кеткен қалжыраған
— «Шықпаған жан қалды сұлде.
Мен де отырмын қара үңгірде.
Жүрсің қайдан? Айтшы балам?»
— «Мен бір сорлы күні қаран,
Жылдан асты әлі екі ағам
Хабар-ошар болмай кетті.
Соларды іздеп шықтым үйден.
Бауырлардың күйігінен
Тағдыр шіркін тентіретті.
Жүре-жүре сол себептен.
Қара орманға келіп жеттім.
Бір дәү шықты қарсы алдыннан.
Жалдануға я біреуге
Еңбек етіп мал табуға,
Тұскенім бір шынырау, зындан.
— «Бізде солай алданғанбыз,
Біз де дәүге жалданғанбыз,
Қалдық міне мәңгі зарлап,
Аштықтан да оқай көріп,
Әлде неге бұлдыр сеніп,
Өлім жолын алдық таңдалап.
Мынау тауды тесіп өтсек,
Көлденеңнен кесіп өтсек,

Елімізге жетеміз біз.
Бір күн болмай көрген азап,
Ұмытылып зындан, тозақ
Өлімнен де өтеміз біз.
Таудан өтсек алдымыздан
Жер-жинанға бақыт сыйған
Кездеседі екі батыр,
Алтын таңның дұшпанына —
Дәуге, өлімге, мыстанына
Түсіреді заман ақыр,
Отырмайық текке налып,
Сал күшінді қайраттанып.
Міне, қайла ал қолыңа!
Тауды жарып, тас қопарып,
Алдымызды шаңқан жарық
Шығамыз біз таң жолына».
Қарттың сезін тыңдал сонда
Откір қайла алды қолға
Қуанды ма әлде неге?
Тасты жігер, қызды дене,
Қайратына күш ұласты.
Бір тізелеп шапты кейде,
Шалқасынан жатты кейде,
Қайламенен тауды тесті,
Кейде отырып демін алап.
Кейде қазып, жер қопарып
От ұшқындал тасты кесті.
Құшке медеу болып қайла
Бұлдырлады әлде қайда,
Көзіне үміт елестеді.
Сәулеленген алтын алап,
Шақырғандай күле қарап
Нұрлы дүние елестері.
Тауды тесіп өтті Хасен,
Бір мезгілде жетті Хасен

Кең жазира сахараға.
Айдың көлі шалқып жатқан
Бұлақ аққан. Сылдыр қаққан
Қызыу думан сахарарада.
Көрді Хасен екі тауды.
(Көргөнде енді көңілі ауды),
Сілкініп түр әлде неге
Бірде жылжып, бірде төніп.
Бүйра бұлттар өркештеніп,
Қалықтайды тас төбеде.
Жаңғырығып дабылдаған,
От ұшқындаған жалындаған
Тау сілкініп соққан сайын,
Бетін түзеп тауға таман,
Хасен тағы басты қадам,
«Білейін, деп,— мұның жайын».
Қарсы алдынан, анадайдан
Келді-дағы бір қарт адам,
Деді: «Балам, берірек кел!
Ауыр бейнет жолын кешкен,
Азап шегіп тауды тескен,
Сендей ұлды күтеді ел.
Анау таудың сілкінгенін
Көресің бе? Емес тегін,
Нелер қызық онда жатыр.
Бір-біріне соғып тауды,
Қарсы алуға зұлым жауды
Дайындалған екі батыр.
Бір батырдың аты — Алмас,
Беті қайтпас, күші талмас,
Екіншісі — батыр Арман.
Жалмауыздар жендетінен,
Жауды жойып жер бетінен
Жібермекке, күшін салған
Екі батыр жорық тартып,

Қару тәңдеп, құрал артып
Ұзақ сапар шыққан жолға.
Жетім-жесір, мұндылардың
Шерін шертіп, қайғы зардың,
Еркіндікті бермек қолға,
Обыр, зұлым, мыстандарды,
Қанды шелек қатал дәуді
Көзін ойып, дарға аспақ,
Еркіндіктің, игіліктің,
Басын қосып иғі жүрттый
Жер жиһанға нұрын шашпақ».
— «Шықтым, ата шыңыраудан.
Қараңғы үңгір —
Қапас зындан,
Тарттым азап бейнет сорын.
Асқан бүлдір үмітпенен,
Бітті халім, іздеп келем
Еркіндіктің нұрлы жолын.
Құртпақ болған зұлым жауды.
Көрер ме екен батырларды.
Жолдас қылып алар ма екен?
Соққан дауыл, қар менен мұз,
Жолы тайғақ, шыңырау құз,
Енді таудан қалай өтем?»
— «Асықпа, ұлым. Тағы да олар.
Пәрменімен тауды соғар
Кен дүние жолын ашып.
Екі батыр өзі келер,
Жәйін білер, сәлем берер,
Барлық елмен амандастып.
Соғылды тау, ашылды жол.
Тұлғасынан төгіліп нұр,
Батырлар да келе жатты.
Жыылған көп ортаға алып
Бірде күліп, бір зарланып

Бәрі-дағы мұңын шақты:
Қанды шелек, ажал бауын,
Дәудің үңгір шыңырауын,
Жалмауыздың сұмдықтарын,
Ажалды азап, бейнет сорын,
Өлім менен аштық жолын,
Талай өлік үйілгенін,
Тар зынданда мәңгі зарлап,
Талайлардың басын жалмап,
Қайғы шермен күйінгенін;
Талай тәндер қуарғанын,
Талай өмір суалғанын...
Екі батыр тыңдап сонда,
Жорық бастап шықты жолға
Жиылған көп соңына еріп,
Дабыл қағып,

ұран салып

Ту көтеріп жалпы халық
Батырларға шықты сеніп.
Босатып ап тұтқын елді,
Талқан қылып үңгірлерді!
Шықты халық ұран салып
Ұлғи дүлей асыр салған,
Өңкей жынды қара орманнан
Тазартты ел — батыр халық.
Алабына нұр төгілген
Орманына гүл себілген
Кек бойлаған шаһар салып
Асан, Үсен тағы-тағы,
Азап көрген ер ұлдары
Еркіндікке жетті қолы.
Қуанышы симай тасып,
Ата-анамен құшақтасып
Мауқын басты, болды жолы.
Гүлі жайнап оймен қырдың,

Түн тігіп жаңа өмірдің
Ел масайрап шаттанды бір.
Тыңда, шырақ, бұғін таңда.
Сіздерменен отырғанда,
Аяқталды ертегі жыр.

* * *

Бұл хикая, бұл ертегі
Көптен жүректе еді,
Тартқан сыйым балаларға,
Болдық таныс бұғін сізге,
Дем алайық енді бізде,
Жетер осы бұғін таңға.

ПАТРИС ЛУМУМБА

|

Көрді ол:

Түпсіз теңіз тұлағанын:

Сезді ол:

Ну қамыстың шулағанын.

Үзіліп, мәлдір көзден моншақ атып,

Білді ол: қара гүлдің улағанын.

Естіді ол: обыр жылан ысқырғанын,

Аяулы, адал жандар ышқынғанын.

Қосылып мұнды тамтам зар күйіне

Естіді, сарындаған құстың әнін.

Бірақ, ол зарлы күйге егілмеді;

Бұлығып, көзден жасы төгілмеді.

Тұнерген қара тұнді серпе тастап,

Қайсар ұл, қарсы шапқан ерді ері.

Иіліп елбең қағып, бүгілмеді.

Шаңдатқан шабысынан сүрінбеді.

Құлдықтың қолмен жыртып шымылдығын,

Сатырлап нажағайдай дүрілдеді.

Тұған ұл — қара гүлдің сабағынан,

Тұған ұл — құлдық, азап аралынан.

Бұлқынып, бұғау үзіп, одағайлап,

Көзінің от шашырап жанарынан.

Тұған ұл — Африканың белдеуінде;

Бола ма, қанды азапты көрмеуіне

Шығандап,

ұран салып жаңғыртқанда,

Қарады ел қос қолының сермеуіне.

Африка!
Қара нәсіл жүргі елдің,
Шығар күн, атар таңды тілеп едің.
Тазартпай кілегейді аспанынан,
Еңкейіп, елең етпей жүре ме елім?

Жерінді, ап-жыландар жайлап кетті,
Ерінді шынжыр шаңдып, байласп кетті.
Сусындаң сүр сұліктей қанға бөгіп,
Елінді, басын коспай айдал кетті.

Атаңды күнге қақтап, қансыратты.
Анаңды күй боздатып, зар жыллатты.
Мезгілсіз бебегінді көрге тығып,
Қуартып, гүл төғайын қаусыратты.

Басынан балбыраған бағынды алды,
Ер көңіл азаматты аңдай атып,
Терінде соқырайған шамың қалды.

Құлағың түршігетін сарын қалды...
Тепкілеп, төсегіңен жарыңды алды.
Қамыстың қуысына қуып тығып,
Талдырып жаныңды алды;
сәнінді алды.

Сен бүгін:

ЫҢЫРСЫҒАН АЗАЛЫСЫН,

Сен бүгін:

зар бөлгөн қаралысың.

Сырқырап сай-сүйегің, кейпің кетіп,
Мертіге балдырған жас, жаралысын...

Шерленген, шемен біткен шермендесің,
Көрдің бе, Конгодайын ел кенжесін.

Кәлемге тілің келмей күйбенқедедің,
Қолыңнан қазынаңды бергенде сен,

Улады миссионері Ватиканның,
Барқылдаң, бетің бүркеп атқан таңың
Тұынды қолыңа алып, өзің тікпей
Осынша сорға малтып, неге қалдың?

«юнион миньері», «Форминьері»¹
Салынған қол-аяққа шынжыр еді...
Тұрындар!
Бас аяққа!

Козғалыңдар!
Серпілмей неге отырсың Конго елі!

Азаттық өзі түспес ауызыңа,
Қайсысы тамшы суды тамызуға,—
Ойлайды;
Өз қолыңа ал, билігінді,
Тарының сия бермей қауызына.

Неге біз — зар тартамыз, жай жатамыз.
Неге біз — зарлы күйді сарнатамыз.
Күл етсек қыл шынжырды денедегі,—
Сонда біз, еркін әнді сайратамыз...

Желкелеп жердің жендет, жалдалтарын.
Көреміз: Африканың таңы атқанын.
Сілкініп, кекке шырқап, шарықтаңдар,
Жұлдырмай егде Конго қанаттарын.

Тағдырдың таңды көтпе жазуынан,
Сен сорлы болған жоқсың жазығынан,

Бельгия монополиясы.

Бірлікке басың қосып ұмтылmasаң.
Ажалдың арандайсың азуынан,

Тұрындар!
Бас аяқта!
Толғанындар!
Азамат, батыр жүрек боздағың бар;
Даусынды достар тыңдал, ел сүйсінсін,
Ал, кәне!
Айбынды ту қолға алындар!

||

Толғандай батыр тұлға ыза, кекке,
Патрис отырғанда кабинетте:
Төрге ілді,—
оқ самсаған автоматын
Қандай жау келеді деп жекпе-жекке?

Қырандай тұғырына отыр қонып,
Бұлт жарып, қырағы көз әлем шолып.
Күшіген, қара ниет, қара құстар
Қалбақтап, ел көсемін жүрді торып.

Дауылдың нәсер соғып желі де есті,
Тіркесіп, шудалана бұлты көшті.
Кең толғау, кеңес сұрап, ақыл алып,
Аялап елі сүйді Патристі.

Сабаздың қандай өткір қарағаны,
Ақтарып ақыл кенін саралады.
Сұңқардай шүйілгенде, қанат қағып,
Айбынды үн Конго елін аралады...

Біресе автоматын қолға алады,
Қаһарман, қандай жаудан қорғалады.

Салалы саусағымен қалам үстап,
Жалындаپ, ақын жаны толғанады:
— «О, баурым!

Таң келеді!

Таң келеді!

Таң нұры жүзімізге жан береді.
Африка белдеуіне шүғла ойнап,
Таң келсе, бойымызға әл береді.

Африка!

Күшайте тұс дауылыңды,
Қаға бер, қажымастан дабылыңды,
Өзегім, өз Отаным, туған жерім,
Талқанда, енді тоқтат, тарығуды!

Асылған ажал келіп мойыныңа,
Ұялап юха жылан қойыныңа,
Желігіп, төрт аяғы төбенде ойнап:
Жол берме, енді оларға тойынуға.

Болғаның жетер енді, ғарып Конго,
Сен бүгін:

Азат Конго, алып Конго.

Құрғатсын күннің нұры көз жасыңды,
Отырма енжар тартып, налып Конго.

Қалтырап, озбыр жендет дірілдесін;
Дүшпанға, енді, тізең бүгілмесін.
Жапырып жарқабақтан жайрата соқ,
Толқындар тулап ақсын, гүрілдесін...

Қара ғұл шешек атып, желкілдесін.
Жауыңың құты қашып, селкілдесін.
Түсірме, қолдан туды, жатқа берме.
Өз елің, сен өзіңнің еркіндеңің.

Егерде, маған төнсө ертең ажал,
Дұшпаным өзіне-өзі көрін қазар.
Күңренген Конго елінің шежіресін,
Ұрпақтар алтынменен тізіп жазар.

Африка!

Таң келеді!

Таң келеді!

Таң келсе, Конго еліне жан береді.
Белдеуде шұғыла ойнап, сәүле төгіп,
Сәуледен «Азаттық!» деп,— ән келеді.
Әнекей, таң да атты,

Күн келеді.

Күн бізге шарықтатып ән береді.
Жеріме жайқалған гүл сән береді,
Дененді удан аршып, бал береді!»—
Жігерлен бостандықты жалындарып...
Мұлгімей жасық үнді сарындарып...
Қайырып шалғай шыңдан көңіл құсын,
Қиядан қолға қонсын дабылдарып.

Осы жыр — жалын жүрек құралы ғой,
Осы жыр — Африканың ұраны ғой.
Төңкеріп, аспан астын тулатқандай.
Толқындаپ, түптен тартып, туады ой...

III

Мобуту, бетсіз Чомбе, Хаммаршельдер.
Жаны қас қанат қағып, ұшса кептер,
Зұлымдық қамыттарын мойынға іліп,
Жамыллып қара тұнді күмілжіктер...

Көтерді «ұйымының» туын алып,
Жорғалап, қоңыздайын жыбыр қағып.

Конгоның қыран бүркіт көсеміне,
Барды екен қарақшылар қолың не ғып?

Ашылған аждаһаның аранына,
Патрис бір қымсынып қарады ма,
Жұрегін шам-шырақтай қолына алып,
Тұрды ол, кір жуытпай жалауына.

Қапастың тұншықтырып сасық лебі
Сақылдап, қалжыратты мұзды едені.
Желігіп, жем іздеғен арсыз жендет,
«Қармаққа іліндің...» деп күлімдеді.

Отырды ол — қараңғыда қанаттанып,
Отырды ол — Конго еліне ұран салып:
«Жылама, бауырларым!

берік бол!»— деп;
Еркіндік үмітінің шамын жағып.

О, сабаз? Қапылыста түстің қолға,
Шырмалып, шиеленген темір торға.
Жан жолдас, сүйген жары Опанғаға,
Қысылмай тар қапаста жазды сонда:

«Сүйген жар!
Құшақтадым, қос құлышым,
Шырыным, бал-бебегім, сүйікті ұлым,
Ұрпақтың кек аларын, мен, білемін,
Құлі ұшар мезгіл келер бүгінгінің.

Алысып, айқасыңдар, алдағы үшін,
Азат құс Конго елін шарлауы үшін.
Жарқылдап, өмір шіркін,
екі келмес,
Дүниеге ер туған жоқ сарнау үшін;

Жайқалып жапырағы өзім еккен,
Күн туар, жібек желді көкжиектен.
Айбынды Африканың қақпасында,
Толқындар тулар. Тулар желбіреткен.

Өз елім, өзекті өлім, туған елім!
Ай балқып, бір айығар көгің сенін,
Жылама! Жасынды тый, жабырқама!
Өксіме! Өсінетім осы менің...»

Аяқтап бітірерде осы хатты,
Қара тұн дүлей соғып дауылдатты.
Сұрланып, арам қанын ішке тартып,
Арсылдан, аюан жендет оғын атты...

Өмірдің жаңа ашылған гүлі үзілді.
Сұңқардың саңқылдаған үні үзілді.
Жебір жер жиіркенбестен қанын жұтып,
Жанының жалындаған жыры үзілді.

IV

Қолда ту — жыртылмады. Құламады.
Нұрлы жол — жендеттен жөн сұрамады.
Ұласып ұранға — ұран,
Туға — тулар,
Батыр ел жүнжімеді, жыламады.

Антуан Гизенге кеп, туын алды,
Ант беріп арыменен жуып алды.
Бұрқанып, асау теңіз тебіреніп,
Толқынды толқын озып, қуып алды...

Көнбейді ол — қылмаңдаған тәсіліңе,
Көнбейді ол — жылмаңдаған бәс үніңе.

Қалдырған Лумумбаның өснегі,
Айқын жол — Африканың нәсіліне,
Көрдің бе, терең теңіз тулағанын?
Сездің бе, ну қамыстың шулағанын?
Жазылып денесіне түскен жара,
Арылтар қара гүлдің улағанын.
Төгілмес Африканың көзден жасы.
Шегінбес шыңдал соққан ықыласы.
Лаулатар Лумумбаның отты арманын,
Шығарған өз қолымен «Угурасы»¹
Көнбейді, Конго сениң ауаныңа,
Көнбейді тепкілеген табаныңа.
Арсыздар, алты жұздер, қара беттер
Әзірлеп, беретүғын жауабыңа.
Көреді Конго халқы атқан таңын,
Көреді жалынды кек көкке атқанын.
Ақындар ойын толғап, жырын арнап,
Жазады хикаясын Лумумбаның.
Адамзат есіл ерді ұмытпайды,
Даңқына кірлі-тотты жуытпады.
Мінбеден өзің айтқан жалынды сөз
Басылып қызу шоғын сұытпагды.
АҚШ-тың ұзын сирақ тәбеттері.
(Ей, шіркін, бұ да берген көмек пе еді?..)
Патристің ауыр қаза, азасына,
Тұп-тура болдың сендер себепкери.
Әрине, қаһарман ел жыламайды,
Сендерден жүрер жолын сұрамайды.
Айдынды Африканың аймағында:
Қолда — ту, Туы қолдан құламайды!

¹ «Угурасы» («Азаттық») — Патристің өзі ұйымдастырған газеттің аты.

МАЙМЫЛ ЕРТЕГІСІ

Ертеде Иранның бір қаласында,
Гүл бақша, бау шарбақтың арасында,
Сылдырлап бейне күміс көусар бұлақ.
Бақшаның ағып жатты жағасында.

Қып-қызыл анар біткен ағашында,
Түйіскен сан бақшаның саласында.
Әлпештеп асырады бір маймылды,
Неше жыл маймыл тұрды қожасында.

Қожасы бабын тапты, асырапты,
Ұзамай ана Маймыл бала тапты.
Алышып, ойнап-күліп өсті екеуі
Ешкімнен өздерінше көрмей қаққы.

Баласын маймыл әбден еркелетті,
Көрген жұрт «мейлінше ерке» депті.
Үйретіп баласына тұрлі тәсіл,
Ыңғайлы әр ойынға болыпты епті.

Секіріп, қарғып түсіп, оқшырайып,
Біресе қылмың етіп, қолын жайып,
Ойнақтап, асыр салып, ордаң етіп,
Біресе күлген болып құр жылмиып.

Алышып бірін-бірі тістеп ойнап,
Жарысып, алпарысып салып ойнақ.
Қабағын қатуланып түйген болып
«Ойыннан шыға қалса», — егер де — «оймақ».

Біресе көзін жұмып мұлгіп қана...
Ақырын ептеп басып жылжып қана.
Қожасы алдына әкеп тамақ берсе,
Ішкен бол әлденені қылғып қана.

Алдауды, арбауды да тегіс біліп,
Бір мезгіл мұләйімсіп, сынық құліп.
Асылып, басы тәмен салбырайды,
Қойғандай аяғынан ағашқа іліп.

Лақтырсаң бір нәрсені қағып алып,
Ойын қып жоқ нәрсені қауіп алып,
Дәйексіз бір орында тұрақтамай,
Бақшадан жоқ болады ауық-ауық.

Тиыштық екеуінде болмаушы еді,
Бір-бірін ойнағанда қолдаушы еді.
Егер де біреу келіп тиышын алса,
Баласын ана маймыл қорғаушы еді.

Кей уақыт сүрінетін, жығылатын,
Жүгіріп, сасқалақтап ұрынатын,
Біреуден үркіп қашса,
Я қорықса,
Қойнына анасының тығылатын.

Үйретті алуан ойын ана маймыл,
Жетілді түрлі айлаға бала маймыл,
Қарғытып, сан секіртіп, он орғытып,
Дегендей: «Енді маған қарамай біл...»

Моншаға бір күн қожа болды бармақ,
Апармақ ол, моншаға маймылды алдап,—
Болды да, қос маймылды қыбын тауып,
Ақырын алдап тұрып алды қарман.

Моншаға екеуін де алып келді,
Қожасы шешінді де моншаға енді,
Еркінше ойнақтаған екі маймыл
Ентігіп екі иықтан алды демді.

Күйіп тұр тас едені моншасының,
Маймылдар секіреді алмай тыным.
Шыдамай қызу еден ыстығына,
Сезді олар тағдырдың бітетінін.

Табаның ыстық еден сойып түсті,
Күйдіріп тиғен жерін ойып түсті.
Ыстықтан қара басын қорғау үшін.
Таласып екі маймыл салды күшті.

Жүгірді олай-бұлай сасқалақтап,
Қалуға аман-есен жанын сақтап,
Қояр жер шыбын жанын болмаған соң.
Жылады екеуі де екі жақтап.

Көздері қанталады,
ежірейді,
ұлағы жарқанаттай елірейді.
Күйдіріп, ыстық өтіп, жалын шашып,
Екеуі «бебеу қағып» еңірейді.

Келмеді не қылса да қиуына,
Моншада салқын жер жоқ тығылуға,
Бір мезгіл жетіп келіп ана маймыл
Баласын көтереді иығына.

Секірді иығына салып алып.
Бір жерде тұра алмады дамыл алып,
Кәрі ажал көзіне кеп көрінгендей,
Үршып жүр шыдаи алмай күйіп-жанып.

Онымен ешбір амал қыла алмады.
Күйдіріп өз табанын тұра алмады,
Жалынды ыстық ләбі откеннен соң,
Маймылдар әлі кетіп бүрлиндиды.

Жылаған,

еңіреген жүзі сыйнық,

Жеткенін шын ажалдың енді біліп.

Баласын тастай беріп ана-маймыл

Бақыртып кеудесіне алды мініп.

Шыдамай зар илеген даусына ашы.

Қолымен баласының аузын басты.

От еден, жалындаған монша ыстық.

Өлім мен өмір болып жанталасты.

Қаншама аянышты болғанменен,

Мейірі аналықтан толғанменен,

Баласын табанына басып тұрып,

Күйдірді шыж еткізіп ыстық еден.

Көзіне көрінді өлім көлеңкесі,

Тыптырлап, аласұрды қалмай есі,

Отты еден лебіменен шыжылдатса,

Маймылдың өлмегендеге қалды несі?

Құлақта естен танған үні қалды,

Кім білед бір үйстай құлі қалды.

Жалынның лапылдаған арасында

Маймылдың әлпештеген ұлы қалды.

Күйді де бүктеңіліп бала қалды,

Кім білген баладан бір «шала» қалды.

Жүректің нәзік сезім махаббатын

Жоғалтып, жанталасып ана қалды...

Ертеде Иранның бір қаласында,

Бау-бақша, гүл, жүзімнің арасында,

«Маймылдың ертегісі» есте қалған,

Түйіскен гүл бақшаның жағасында.

* * *

...Ұқсатам мен моншаға зардың елін,
Моншада екі иықтан алған демін.
Маймылдай бұралаңдап, есі шығып,
Қоршаған зар, қайғының тар шеңберін.

Құрт жайлап, құлауға түр тірегі оның.
Жақындалап жойылуға тілегі оның,
Жарқылдап оқ, нажағай көктен түсіп,
Жалындалап өртенуге түбегі оның.

Біріккен ұлы жорық майданында,
Сезді олар «келмейтінін айналымға».
Тұмсығы тасқа тиген Мекіредей,
Түсті олар сен соққандай сандалуға.

Таласып, қампайысып, ырылдасып,
Құтырып, аласұрып, қырылдасып.
Табаның отқа күйген тілмен жалап
Сүқ итше арсаланаңдап, жымыңдасып.

Ербенәдеп, бұлік салып дүрілдесіп,
Еліріп, арсаландап, гүрілдесіп.
Саусағын қанға малып тояттауға
Қонжып қара құстай... дүбірлесіп.

Шатасып, бейнесі жоқ сасқалақтап,
Маймылдай әлсіреген жалын қантап.
Тұнерген қара тұман босағасын
Тұншығып, айналақтап, айнала аттап.

Қаншама аласұрып қашса-дағы
Қолымен жанталасып басса-дағы,
Тулаған долы толқын басылмайды
Қампиып арам тұмсық тасса-дағы.

Фашизм сұры кеткен бәрі маймыл,
Алжыған моншадағы кәрі маймыл.
Табаны ыстық еден сойып түскен
Мысалы дәл бүгінгі халы маймыл.

Фашистер жұн табанын жалап отыр,
Өз елін шеңгел салып қанап отыр.
Бірақ ол моншадағы маймылдайын,
Өмірін сағат сайын санап отыр.

Баласын табанына басып отыр,
Өңі жоқ, адамшылық қашып отыр.
Өлім тұр босағада үңірейіп.
Айла жоқ құтылуға сасып отыр.

Жалақтап, жынын шашып қалмай есі,
Ұрысқа дайындалған ерте-кеші.
Бейнебір қызған монша,
Сасқан маймыл.
Тұрақсыз фашизмнің системасы.

Іранның есте қалған ертегісін.
Фашистің елестетіп ертеңгісін.
Жан-жақтан ұран шығып, жалын қаптап.
Қаусатып, әлсірете алды күшін.

Бірақ ол тұншықтырып баса алмайды,
Жол тауып енді алысқа қаша алмайды.
Коршаған ұлы жорық, биік шыңдан
Асқақтап арман етіп аса алмайды.

Үқсатам фашизмді маймылға мен.
Кер кеткен, бейнесі жоқ маймылға тең.
Үсті жұн, асты шірік, басы тұман,
Алжыған, ақыл таппай қалмаған рең.

ҚОС ҚЫРАН

Жырламаса батырлықты,
Шіркін ақын толғанар ма?!

Қызыл тілден найзаны ұштап,
Жыр дабылын қолға алар ма?!

Ел күтеді ерлік жырын
Шырқа ақын, жырда самға!

Адам деген айбарлы үнді
Тыңдауға ел жалығар ма?

Қаһарман, Зал, Рустем, Дастан
Жырланған-ды мың бір таңға.

Орал тауы бектерінде
Жайнақ қағып тұрды Уфа.
Бейбіт шалқар, шадыманды
Салтанатты құрды Уфа.
Қазыналы алтын Орал
Қырандарын саңқылдатты,
Құз бен шыңы бұлт бүркеніп,
Жұпар желін аңқылдатты.
Тау төсінен жарып шыққан
Кеусар сүйін сылдырлатты.
Бал қурайлар безілдетіп,
Салауаттың¹ күйін тартты.
Ер Салаут мирасқоры —
Ел аңызын тыңдап сонда,
Жіберетін кейде шалқып,
«Ашық зарға» жырлап сонда.
Бал қурайы тартылғанда,
Батырлық күй өрлейтүғын,
Күй тарауы Оралды алып,
Хиял кекке сермейтүғын.

¹ Салаут Юлаев — башқұрт елінің батыры.

Қурайшы қарт күймен самғап,
Әңгімесін тербейтұғын.

— Айтқан екен Салауат ер:
«Елін сүймей батыр болмас;
Жерін сүймей ақын болмас,
Айбалтасын асынбаса,
Батыр елге жақын болмас.
Малынбаса қанға балта,
Ердің даңқы сәтсіз болар.
Ер тұлпары жау көрмесе,
Жабайыдай жалсыз болар.
Кейінгі ұрпақ үйсіз қалар,
Бал қурайы күйсіз қалар.
Басқа түскен жау шоқпары,
Бір ғана емес сансыз болар:
Қорғау үшін елді, Оралды
Кел, башқұрттар, міндік атқа!
Толарсақтан кешелік қан,
Қарсы тұрып, зұлыматқа!»—
Деп, шақырған батыр үнін,
Қурай күйі дүрілдетті,
Мирасқорлар кейін естіп,
Шыңдағанда ер жүректі,
Аялады алтын Орал,
Бір ақ иық тастүлекті...
Зұылдан оқ...

Майдан жері.

Тұн қараңғы.

Орман іші.

Болып жатты тым асығыс
Комсомолдар жиылысы.
Жиылысты ашты-дағы,
Ер Артюхов бастады сөз,
«Алдымызды Чернушкинді,
Жауды жойып, алуға тез

Аттанамыз!

Ал, енді жүр!»—

Дей бергенде,

алды сөзді,

Матросов Александр:

«Қолда мылтық,

кеудеде жан

Тұрғанында аламыз, біз.

Кек сүңгіні кекке бойлай.

Жауға ойран саламыз біз.

Ел үшін мен

өлсем егер,

Арманым жоқ артқа оралар,

«Малынбаса қанға балта

Ердің даңқы

сәнсіз болар»,

Депті өткен қарт бабалар.

«Ал, аттандық қалаға біз,

Жиылыста сертім осы!»—

Деді-дағы құлшынды ер,

Қарт Оралдың қыран құсы.

Боран түтеп,

белуардан қар,

Көз аштырмай түтін басқан.

Кейде ызылдап,

кейде ұлып,

Жаңбырдай оқ араласқан.

Өлім күйін ақыратып,

Аждаһадай аузын ашқан,

Қарсы шапқан қайратты ер,

Не ажалға қадам басқан,

Не жанынан қия кешіп,

Өлім, үміт араласқан.

Матросовтың жанындағы

Жауынгерлер қалды құлап,

Нे жаралы,
не мүгедек,
Не қазалы жатты сұлап,
Автоматтан оқ та борап,
Матросов айбаттанды,
Кейде кекпен күйіп-жанды.
Бір мезгілде ер Артюхов —
Командир де жараланды.
Шыдамады Александр,
— Мен барам! — деп салды ұранды,
Арыстандай айбаттанды,
Қыран құстай қанаттанды.
Оққа қарсы төсін керіп
Матросов қадам басты.
Кек кернеген отты жүрек
Қан майданға араласты.
Оқ нөсерлеп тұрды сонда,
Бір пулемет жүрер жолда.
Бірақ, одан қаймықпады.
Қарт Оралдың жас қыраны,
Жаудың оғы дүркін-дүркін,
Жаңбырдайын жатты тынбай.
Бір мезгілде долданып ер,
Пулеметтің аузын жапты —
Денесімен бүркеді де,
Топшасымен соқты қатты.
Дүлей боран тым асқақтап,
Жел көтере азыннatty...
Арыстанның тұлғасындай
Қасиетті дene жатты.
Жолдастары кегін алып,
Ұлы жеңіс күйін тартты!
Естігенде мұны ана,
Қалайынша қуанбасын,
Бесіктегі бал бөбектер,

Қалайынша үанбасын?
Бұл ғажайып, ерлік дастан,
Қалай күйді шалқытпасын?
Естігенде ел жүрегін
Қалай ғана балқытпасын?
Сүйінеді бұл ерлікке
Ұлы орыстың ұрпақтары,
Сүйінеді өз ұлына,
Мұзарт шыңды Орал тауы.
Сүйінеді бұған қазақ,
Ер Тарғынды есіне ала,
Сүйінеді бұған башқұрт,
Салауатты қүйге сала.
Нелер ақын, нелер қүйші
Адал ұлға арнар сазын.
Батырлықтың бұл үлгісі
Ұрпаққа салт, елге дәстүр.
Ел аузында аңыз болды
Матросов Александр.
Серме құлаш, шырқа ақын,
Тағы да бір басталсын жыр!

||

Ертеде бір жорық болып,
Байғұлақ ер аттаныпты,
Мұздай темір құрсаныпты,
Киініпті ақ сауытты.
Қамал бұза, андағайлап,
Арыстандай долданыпты,
Шаң боратып, қиқу салып,
Сары садақты, толғаныпты.
Ел шетіне жау шауыпты,
Қалың шоғыр сірескен жау
Тудырыпты зор хауіпти.

Ақбоз атын арқыратып,
Бөрен сауыт, сұңғі қолда,
Жерді басып кірген жауға
Аттаныпты батыр сонда;
Тілерсектен наизаға іліп,
Жаудың басын домалатқан,
Қозы жаурын, қорғасын оқ
Білте мылтық зымыратқан
Мезгіл екен күн шылжыған,
Ыстық шілде. Сарша тамыз
Байғұлақтың батырлығы
Ел аузында болған аңыз.
Қос-қосынан үш-төрт наиза,
Жаурынына қадалыпты.
Сезбепті де батыр оны,
Қара қошқыл қан ағыпты.
Сонда наиза қадалғанын
Ескеріпті батыр жолдас,
— Сурып-ақ тастасайшы,
Жауды жеңбей жолым болмас!
Деп, ақырып жауды қуа,
Батар бұзған жау қамалын.
Сезбей наиза қадалғанын,
Елеқ қылмай аққан қанын...
Тағы-тағы бір жорыққа
Аттаныпты Байғұлақ ер,
Бүлкіл қағып жаудың қаны,
Сайдан ағып,— тасыпты сел,
Жердің беті құмдырсқадай
Қалың қолмен қайысқанда,
Жекпе-жек кеп ноян батыр,
Қатарласа сайысқанда,—
Ақбоз аттың үстін сонда
Жауып кетті тағы да қан.
Будақ-будақ шаң көтеріп,

Қызыған екен қанды майдан,
— Да, батырым, ақбоз аттың
Сауырын қан жауып кетті;—
Деп тағы да батыр жолдас,
Байғұлаққа ескертіпті.
Енірекен ел батырын
Тоқтатам деп кім таласар?
Сонда айтыпты Байғұлақ ер
— Ақбоз атқа қан жарасар!
Осы екі аңыз нәсіл қуып,
Елге ерден мирас қалған.
Ақбоз атты Байғұлақ ер
«Түкті жүрек» деп аталған.
«Ақбоз атқа қан жарасар!»
Деген нақыл Байғұлақтан;
Ұрпағына өсиет боп,
«Қан жарасар!» күйін тартқан.

Жері түкті, шебі шүйгін,
Ен Қостанай даласында,
Суы көусар, дәмі шырын,
Жеті көлдің жағасында.
Құлан өтпес жынысынан
Қалың ағаш көкпен талас,
Бір ауыл бар дейді оны
Ертеден-ақ «Қоянды ағаш»
Қара орман, ну, қарағай,
Ақ күмістей қайыңдары,
Қолын былғап шақырғандай,
Қоян жымды бұйра талы.
Аясында Жетікөлдің
Көлбей тартып жатқан ауыл.
Бір қылышын балта кеспес,
Не сұрапыл соқса дауыл.
«Қоянды ағаш» қоныс болған,

Батыр тұлға тұған үлға.
Тартылады аңыз болып,
«Қан жарасар!»

күйі осында:

«Қоянды ағаш» қолтығында
Бір бала өсті асыр салып,
Алғыр тұйғын секілдене,
Арыстандай тұлғаланып.
Мұсін, кербез, ну орманды,
Аралады салып ойнақ.
Көлге жүзді, шомылып ол,
Жетікөлдің бетінде ойнап.
Сұңғақ дене, отты көзді
Ер тұрпатты, келбетті.
Қайсар жүрек, қайыспас үл
Өсті сонда... ержетті.
Жанып тұрған жалынды оттай,
Қорқу білмес әсілі.
Алты ата боп жалғасады
Байғұлақпен нәсілі.
Шуылдады ен қарағай,
Есті желдер сұрапыл...
Қанды жорық басталғанын
Естіді ана, естіді үл.
Таралғыға аяқ салып,
Толғанды да мінді атқа.
Толарсақтан кешіп қанды,
Елдің жауын құмаққа!
Араласты қан жорыққа,
Автоматын қолға алып,
Талай қамал,
бекіністі
Бұзып өтті жас алып.
Жауды көрсе жолбарыстай,
Қарсы шауып ұмтылды.

Тонға симай сұңғақ дene,
Қатулана бұлқынады.
Ленинград үшін болған,
Майдан еді бұл жорық.
Қаныпезер сұмырай жау,
Жүрген еді ел торып...
Бір қырқаға шықты батыр
Алысуға жауменен,
Шоғырланып жатыр екен,
Батырды аңдып жау деген
Көрді-дағы батырды жау,
Оқ құйылды жаңбырдай.
Бекініп-ақ қалған екен,
Аңдысуға алдырмай.
Текті оқты автоматтан
Біздің қайсар батыр да.
Қызды дene, жалын кернеп,
Жауға қалды жақындал.
Әлсін-әлсін бір пулемет,
Өлім қүйін сарнады
Сол пулемет тұрған жерді
Батыр аңдып барлады.
Соқты желдер, азынады,
Дала боран ойнағы...
Гранатты қолына ала
Батыр ұлан ойлады.
Елестеді көзіне оның
Сәнді әсем мектебі.
Бұлбұл сایрап, тамылжыған
Колхозды ауыл көктемі.
Түсті есіне сол мезгілде
Қазақ елі,
ен дала,
Жалыннады отты көзі,
Жолбарыстай толғана,

Қызып дene. Қайнады кек,
Гранатын лақтыра,
Ерлік шамын жүргегіне
Мәңгі өшпестей жақты да,
Тесін тесеп, пулеметтің
Аузын келіп жапты да.
— Тұншықтырдым ажалды мен
Деп, бір иек қақты да;—
Уа, дариға!

Есіл батыр!
Көзін жұмды ел үшін!
Дүркірете қуды жауды,
Жауынгерлер кек үшін!
«Әулиекөл» дейді кейде,
Жеті көлді тұрғын ел.
Алапты алқап, қалың тоғай,
Қарсақ асу, алтын бел.
«Қояндығаш» колхозында,
Батыр аты жатталған.
Батыр ұлан мақтан етер
Сұрай қалсаң қарттардан:
— Ер бейнелі, сұңғақ дene,
Отты көзді, келбетті.
«Қояндығаш» қолтығында
Батыр Сұлтан ержетті...
Атасы оның Баймағамбет,
Байғұлақтың нәсілі,
Алтыншы ата арғы тектен,
Арылмаған асылы.
Сағынады Сұлтан ерді,
«Қояндығаш» ормандары.
Шық бөленіп, сағым құшқан,
Қалың тоғай, қою талы.
Сағынады ер тұлғасын,
Апа-сіңлі, қарындасты.

Сағынады аға-інісі,
Бал ұсынған бауырласы.
Сағынады...

Бірақ, олар,
Сарғаймайды болып шерлі.
Ардақтайды, мақтан ете
Елі үшін туған ерді.
Сағынады...

Бірақ, олар
Күрсінбейді болып күпті
Алыбының әңгімесін,
Дастан етер қызғылықты.
Сағынады...

Бірақ, олар
Ер тұлғасын ақыз етер.
Ел ақызы — жылдар бойлап,
Жас үрпаққа келіп жетер!...

МАЗМУНЫ

Дәуіріне дабылшы болған	5
Трибунадан сөз	9
Жарқайың	12
Есінде ме?	13
Шалкөде суреті	15
Бас көрікті!	17
Бір ауылнайдың баяндамасы	18
Би-агама	21
Шүү, қарагер, жануар	24
Інім едің	26
Өмір тойы	30
Алатаудың бауыры	31
Колхоз күні	32
Кавказ	35
Қазбек	36
Еділ бойлап	37
Қазақ университеті	39
Маяковский келеді	42
Шырқай тұс, шүрқырай тұс алабымнан	44
Ұмытылмайтын тұлға	47
Долорес	48
Жұлдызды Москва	49
Тұған күн	51
Пушкин жасайды	53
Гүл қададым	54
Саяндағы қалашық	56
Иса ағаға	58
Самолеттегі ағатай	59
Жыл құсы	60
Қыс жұлдызы	63
Москва	65
Той тарқар	66
Сенің тұлған	68
Көкшениң күмбезі	70
Таң бұлбұлы	72
Әлі талай үшармын	75
Жауынгер жолдас	78
Ана аттанды	79
«Дала аруы»	80
Қаһарман тұлға — батыр үлға	83
Құрбан қыз	84
«Берши маган жұлдызыңды»	86

Тобыл	88
Келдің бе, достым	91
«Аралайық арқаны»	92
Абайға	93
«Килікпе Кубага»	97
Феликс	99
Жырлап сізді нәсіліңіз	101
Ақын суретіне қарап	103
Жұз жасаған домбыра	105
Жамбылға	110
Ленин өзі сейлеп түр	111
Еділ-Дон	113
Украина	115
Гүлденді Қарақұм	118
Бағанаға сүйенгендер	120
Телегей теңіз дария	123
Қарт жырынан	125
Күріш алқабында	126
Қанаттанды жаңа жыл	128
Қалам сырынан	130
Түркия тунегінде	132
Кекшедегі көк шатыр	136
Үндістанда бір ағаш	138
Соқ өлеңнің асылын	140
Байтоушан биігінен	141
Аласындар ма?	145
Лақтырылған бебек	147
«Қарағашқа хат»	149
№ 46 үй	155
Төккен қан босқа кеткен жоқ	157
«Ел бар сонау алыста»	159
Ленинград	163
Жұлдыз жыры	164
Отан аясында	166
Достық лентасы	168
Сузд суретінен	169
Жонғар қақпасы	174
Шырқалды «Интернационал»	175
Жаңа үйде	177
Алтын аймақ	179
Милиардтан сез	182
Гоби сахарасына	183
Тілшімін	184
Отыз беске толыпсың	185

Астана көктемі	188
«Кашира» нұры	190
Мәншүк мектебінде	192
Жел туралы жыр	194
Ұлы жолда	196
Атбасар	199
Немерем келгенде	202
Революция жүргегі жатыр соғып	204
Алатау әлі жас	205
Медеу	208
Айбынды үндөр ұласты	211
Жұмак деген болады осы	212
Ахал-теке зуласын	214
Өмірімнің өзегі	216
Тыңдаймыз Кремльден ғажап үнді	217
Өмір жырын тыңдаңыз	218
Жыр кітабы жазылар	219
Үрпағымыз — Маркстың	221
Тоқсан тарау тоғысқан	224
Жамбылға	227
Президент Сәтбаев	228
Қарқара-Шалкөде	230
Татар қызы Рашида	234
Тоқай — Қарабалықта	235
Біздің Мұқан	237
Дабыл қақты далада	238
Саған берген сәукелем	240
Санғыл ата сейлейді	241
Чувашия	243
Илтәшләр	245
Личжи	247
Өнегең ортақ	248
Ақ қанат	250
«Ашылды көзім»	251
Еседі көктем желеңдей	254
Ғабдолла Тоқайға	255
«Қылыштан қиғыр, наизадан өткір»	256
Сәлем, саған	258
Ашылды Ташкент қақпасы	260
Москва жырынан	263
Москваға жүремін	265
«Абай» жүзіді Ертісте	267
Ер жасы	269
Жалынды ақын	271

Данышпан ақын	272
Мырзашөлден келемін	274
Жыл құшағы	276
Домбыраңыз сыңғырласын	277
Пернелер	278
Гүлдене бер, көктемім!	279
Немеремді жетелеп	280
Облысым — Алматы	282
Сүйінді елің, сүйінді	285
Мәпелеген партиясы Лениннің	287
Құрдасыма	291
Қазақстан мейманы	293
Қынапқа сал қылышты!	294
Нұр шашырап	296
Фашық жар	298
Сәлем саған!	299
Шынайы, нәзік шеберлер	300
«Жамбыл» гүлі	302
Досыма	304
Балам партбилет аларда	306
Өтейік өрден, белестен	309
Сақталған хаттардан	312
Орман елдің сәулеті	314
Салқын көл	316
Шилі өзен	317
Төгілген күй, толқып ән	318
Тайынша	320
Ар мен аран	322
Толстой теңізінде	325
Ашамыз айдың қақпасын	327
Тың толғауы	328
Ұлы бастама	332
Сәкен келгенде	333
Бурабай жолында	337
Тұысқан өзбек халқына	340
Тәжік туысым	341
Жолдамасы Ильичтің	344
Жаңа ырысым	346
Өркениң әссін, өрендер	347
Күлші, күлші бебегім	349
Қарындасты Күлімжан	350
Маған ұстаз үйретті	352
Туған жер	354
Балалар кегі алынар	356

Африка сілкінді	359
Сентябрь серуені	361

Поэмалар

Майкөл тамы	364
Арыс тарихынан	380
Меруерт тас	390
Алмас	424
Патрис Лумумба	442
Маймыл ертегіci	451
Қос қыран	457

Жаксан Сыздыков

Избранное

на казахском языке

Редактор Шона Смаханулы. Художник Т. Мукатов. Худ редактор А. Смагулов. Техн. редактор С. Лепесова. Корректор К. Абдикаримова.

ИБ 826

Сдано в набор 04.01.78. Подписано к печати 18.07.78. Формат 70Х108/32. Бум. тип. 1, журнально рубленая офсетная печать печ. л. 14,75 усл. п. л. 20,65. Уч.-изд. 17,56. Тираж 6000 экз. Заказ № 171. Цена 2 р. 10 коп.

Издательство «Жазушы» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательства, полиграфии и книжной торговли, 480091, г. Алма-Ата, пр. Коммунистический, 105.

Фабрика книги производственного объединения полиграфических предприятий «Китап» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательства, полиграфии и книжной торговли, 480046, г. Алма-Ата, пр. Гагарина, 93.

Набрано фотонабором